Алайда, жаңылтпаштың ұйқасына ғана баса назар аударып, оның тілмен сөз тіркестері арасындағы сөз ойнату немесе оқырманы мен тез айтушыларын жаңылдыру міндетіне жете назар аудармасақ, онда жаңылтпаш жанрының жанрлық сипатынан алшақтап кетеміз.

Мысалы:

Аралда бал ара бар,  
Аралды бала аралар.  
Аңдыған бала ала алар,  
Аңырған қайтып бал ала алар.

Бұл жаңылтпашта бірыңғай бас әріптері ұқсас «А» дыбысымен басталатын ассонанс сөздерден құралған ерекшелікті айқын байқауға болады. Ал ассонанс дегеніміз өлең жолдарының әрбір жолындағы сөздердің бірыңғай дауысты дыбыстармен қайталанып келуі екендігі белгілі. Бұл шумақтың одан басқа құрылымдық ерекшелігінде «ара бар», «аралар», «алалар» деген ұйқастардан тұратын тақпақтық

ерекшелікке ие түрлік сипат бар екендігі белгілі. Ал оның құрылымына талдау жасай келе біз ассонастық ерекшелікке ие жаңылтпаш деген қорытындыға келдік. Өйткені «жаңылтпаш қазақ балалар өлең ойындарының ішінде салмақты орын алатын тәрбиелік мәні жоғары, көркемдік кестесі де күрделі жанрлық түрлердің бірі» (Ісләмжанұлы, 1995:116).

Қазақ дүниетанымында ежелден бар, алайда күні бүгінге дейін теориялық тұрғыдан жүйеленбей келген, ойды ойға жеткізу тәсілі болған тақпақтау тәсілінің төркіні ырғақ екендігі белгілі. Ырғақ грек тілінде шамалас, мөлшерлес, сайма-сай деген мағынаны берсе керек. Табиғат дүниесінің өлшемді ырғақсыз болмайтындығын екінің бірі біледі. Адам баласының әрбір басқан қадамынан тартып жүрек соғысына дейін, тіпті мезгілімен келіп, мерзімімен кетіп тұратын жаз бен қыс, көктем мен күз, күннің шығуы мен батуы, толқынның жағаға соғуы мен қайтуы барлығы да түгелдей ырғақ құбылысының ыңғайына бағынышты болып келеді. Міне, дәл осы құбылыстар секілді әдеби жанрдың атасы болған өлең мен тақпақтар да түр ерекшелігі жағынан ырғаққа негізделіп, өзінің өмір сүру мүмкіндігін әйгілеп көрсетеді. Сондықтан біз ырғақ ұғымын болмыс пен қиялдың, қимыл мен құбылыстардың және әуен мен әуездің белгілі бір табиғи заңдылық негізінде қайталануы деп түсінеміз. Жаңылтпаш табиғатында ұйқас пен ырғақ егіздесіп келіп, бір тұтас эстетикалық әсер береді.

**Қорытынды.** Өлеңді өлең етіп қалыптастыратын ырғақ пен ұйқастың үйлесімділігі көркем шығармаға қойылатын басты шарт болып табылады. Ұйқас өлеңнің сыртқы түріне ғана емес, ішкі сыры мен қырына да тікелей қатысы бар ойды көркемдеп жеткізу амалы болғандықтан, ол өлеңнің сыртқы суреткерлік келбеті үшін ғана емес, ішкі ой-қиял ирімі үшін де ауадай қажет.

Поэзиядағы ұйқас туралы Серік Негимовтің: «Әрине, поэзияда ой образдылықтан ұйқасты бөліп алып қарауға болмайтыны белгілі. Өйткені ойсыз тек сыңғырлаған ұйқас поэзия болмайды. Ал белгілі бір ойды бейнелі түрде жеткізуге ұйқастың атқаратын міндеті өте күшті», (Негимов,1991: 10) – деген пікірі бұл ойымызды нақтылай түскендей. Сондықтан оны тар мағынасында өлеңдегі ырғақты көркемдейтін құрал, ал кең мағынасында ойды бейнелеп жеткізу тәсілі ретінде қарастырған жөн. Өйткені біз ырғақ пен көркем образды тіл суреті негізінде қалыптасатын ақ өлеңді өлең деп мойындайтын болсақ, онда ұйқас баяндау, пайымдау, түсіндіру, суреттеу, лирика секілді ойды бейнелеу тәсілдерінің бірі ғана болып қалады. Қара сөз өнеріне тән эссе жанрында баяндау мен пайымдау сынды бейнелеу тәсілдері ойды қалай жеткізіп беруге тырысса, ұйқас та өлең мен тақпақ та дәл сондай қызмет атқарады.

Ахмет Байтұрсынұлының пайымдауынша «сөзді жалаң түрінде айтқанда, күш көбінесе зейін жағына салынып, пайым терең, мағына күшті, пікір дәлелді болып айтылған сөз адамның ақылына қонуы көбірек көзделеді. Сөзді көркем түрінде айтқанда, күш көбінесе қиял мен қиыс (түйіс) жағына салынып, сүгіреті толық, меңзеуі мерген, қисыны қызық болып, сөз әсерінің күшімен көңілге ұнауы көбірек көзделеді» (Байтұрсынов, 2003: 87). Сондықтан сөзді жалаң түрінде, тек ұйқасты сөздер тізбегіне ғана сүйеніп ойды білдіру көбінесе тақпаққа ғана тән қасиет болады. Ал жаңылтпаштардағы ұйқас, ең алдымен, тіл ұстарту мақсатындағы үндес сөздер



мен сөз тіркестер болып келсе, одан қала берді тәрбиелік маңызы бар, эстетикалық құндылыққа баулитын сазды сарын болып көзге түседі.

Қорыта айытқанда, жаңылтпаш жанры есте жоқ ескі замандарда пайда болып, кейіннен бала тәрбиесіне тән ойын-сауықтық және педагогикалық мәні бар қызықты жанр болып қалыптасты. Ал қазіргі таңда авторлық шығармашылыққа да өзек болып келе жатқан жанрлық түр болып отыр. «Жаңылтпаштардың өлең құрылысы тым шағын, қарапайым болып келеді. Онда өлеңдік үйлесім, әсем ұйқастардан гөрі дыбыс ойнату, тіл оралымына ауыр сөздерді термелеу басым болып келеді» (Қасқабасов, 2017: 274) деген қағиданы назарда ұстай отырып, жаңылтпаштардың еркін ұйқасып келіп, жүйелі қисын негізіндегі мәтіннен қисынсыздық тудырып, күлкі шақыратын, тыңдарманға эстетикалық ләззат сыйлайтын ерекшелігіне баса мән берген жөн. Сонда ғана жаңылтпаш жанрының жаны болып келетін айтылуы бір-біріне жақын, ұйқасқа бейім сөздер мен сөз тіркестердің тақпақ құрылымындағы ұйқастардан өзгеше екендігін айқын аңғара аламыз.

Түйіндеп айтқанда, ұйқас жаңылтпаш жанрының көркемдік құрылымында аса маңызды рөл атқарады. Ондағы ұйқас басқа шағын жанрлардан өзінше ерекшеленеді. Мұндай дыбыстық үйлесімдер, сөздердің мағыналық қарама-қарсылығына негізделіп, өлеңнің өзінше тартымдылығын туғызады. Сондықтан да жаңылтпаштағы ұйқас ерекшеліктері арнайы зерттеуді қажет етеді. Біз бұл мақалада соның кейбір қырларын сөз еттік.

*Даутұлы Т.<sup>1</sup>, Матыжанов К.С.<sup>2</sup>*

*Института литературы и искусства имени М.О.Ауэзова,*

*КазГУ имени Аль-Фараби*

*Алматы, Казахстан*

*e-mail: dautuly 2019@gmail.com, kmatyghanov@gmail.com*

*ORCID: 0000-0002-9532-0909, 0000-0002-7016-0304*

### **Роль рифм в структуре скороговорок**

**Аннотация.** В статье рассматривается важность художественного мышления в воспитании детей с учетом того, что один из малых жанров казахского фольклора скороговорка, помимо собственной воспитательной роли, такой как развитие речи ребенка, учит ребенка эстетическому художественному мышлению. Кроме того, относительно различаются черты традиционных скороговорок и авторские скороговорки, содержание, структура, художественная четкость стихотворения со скороговорками. Во многих случаях особое внимание уделяется воспитательному аспекту скороговорок и говорится, что он пренебрегает наиболее важными аспектами, которые развивают у ребенка способность к художественному мышлению.

В статье иллюстрируются примеры и подробности о различных взглядах и мнения исследователей литературы о рифме. Обилие слов в казахском языке, одно из ценных наследий наших предков, восхвалявших произношение и рифму каждого слова, особенности и свойства рифмы в скороговорке. Это способ передачи идеи, которая напрямую связана не только с внешним видом стихотворения, но и с его внутренними секретами и аспектами, а также со способом художественного выражения языка и мысли. Это показывает потребность стихотворения не только во внешнем художественном образе, но и во внутреннем воображении.

В заключительной части статьи приводятся такие примеры как, слова и словосочетания в скороговорке, которые составлены из твердых и мягких звуков легко рифмируются, иногда звучат забавно и заставляют детей смеяться. Такое явление в скороговорке доставляют детям и взрослым

эстетическое удовольствие. Это наглядно показывает что в жанре скороговорок слова и словосочетания близкие по звучанию, склонные к рифмам отличаются от рифм в структуре стихотворения.

**Ключевые слова:** жанр, язык, скороговорка, стих, игра, рифм, ритм, слова, воспитание, развивать, ребенок.

**Dautuly T.<sup>1</sup>, Matyghanov K.S.<sup>2</sup>**

*Institute of Literature and Art named after M.O. Auezov,*

*Kazakh National University named after Al-Farabi*

*Almaty, Kazakhstan*

*e-mail: dautuly 2019@gmail.com, kmatyghanov@gmail.com*

*ORCID: 0000-0002-9532-0909, 0000-0002-7016-0304*

### **The role of rhymes in the structure of tongue twisters**

**Abstract.** The article examines the importance of artistic thinking in the upbringing of children, taking into account the fact that one of the small genres of Kazakh folklore, the tongue twister, in addition to its own educational role, such as the development of a child's speech, teaches a child aesthetic artistic thinking. In addition, the features of traditional tongue twisters and author's tongue twisters, the content, structure, artistic clarity of the tongue twisters poem are relatively different. In many cases, special attention is paid to the educational aspect of tongue twisters and it is said that it neglects the most important aspects that develop the child's ability to think artistically.

The article illustrates examples and details of the various views and opinions of researchers in the literature on rhyme. The abundance of words in the Kazakh language, one of the valuable heritage of our ancestors, who praised the pronunciation and rhyme of each word, the features and properties of rhyme in tongue twisters. This is a way of conveying an idea that is directly related not only to the appearance of the poem, but also to its inner secrets and aspects, as well as to the way of artistic expression of language and thought. This shows the need for a poem not only for an external artistic image, but also for an internal imagination.

In the final part of the article, examples are given such as words and phrases in tongue twisters, which are composed of hard and soft sounds, rhyming easily, sometimes sounding funny and making children laugh. Such a phenomenon in a tongue twister gives children and adults aesthetic pleasure. This clearly shows that in the genre of tongue twisters, words and phrases that are close in sound, prone to rhymes, differ from rhymes in the structure of the poem.

**Keywords:** Genre, language development, poem, rhyme, words, tongue twister, game, child.

#### **Информация об авторах:**

*Даутулы Тұрсынбай, научный сотрудник Института литературы и искусства имени М.О. Ауэзова, докторант КазГУ имени Аль-Фараби. e-mail: dautuly 2019@gmail.com, ORCID: 0000-0002-9532-0909*

*Матыжанов Кенжехан Сләмжанұлы., Генеральный директор института литературы и искусства им. М.О. Ауэзова, доктор филологических наук, член корреспондент НАН РК. e-mail: kmatyghanov@gmail.com, ORCID: 0000-0002-7016-0304, Scopus ID:57216628445*

#### **Әдебиеттер:**

Ахметов З. Қазақ өлеңінің құрылысы. – Алматы: Ғылым, 1964. – Б.409. (қазақ)

Әдебиеттану. Терминдер сөздігі. – Алматы: Ана тілі, 1998. – Б.384. (қазақ)

Байсүгірова Ү. Кәсіптік қазақ тілі: оқу құралы / 2-басылымы, стереотип. – Астана: Фолиант, 2018. – Б.232. (қазақ)

Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. Зерттеу мен өлеңдер. – Алматы: Атамұра, 2003. – Б. 208. (қазақ)

Дала фольклорының антологиясы: Он томдық. – Т. 10: Ғибратты фольклор. Шағын жанрлар. – Алматы: Brand Book, 2020. – Б.472. (қазақ)

Жахан Д. Рәсімдік ойындардың тарихи даму сипаты. // Керуен, № 73(4). – 2021. Б – 4-13. <https://doi.org/10.5387/2078-8134.2021>. (қазақ)

Ислямбекова А., Матыжанов К. (2022). Қазақ балалар ойын фольклорын зерттеудегі көкейкесті мәселелер // Фольклор/ Әдебиет. №28, 57-82 б. (түрік).



- Қасқабасов С.А. Аймұхамбет Ж.Ә. Қазақ фольклоры. – Астана: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2017. – Б.300. (қазақ)
- Матыжанов К. Рухани уыз. Көпшілік оқырман қауымға арналған. – Алматы: Ана тілі, 1995. – Б.144. (қазақ)
- Негимов С. Ақын-жыраулар поэзиясының бейнелілігі. – Алматы, 1991. – Б. 213. (қазақ)

#### Литература:

- Антология степного фольклора: Десять томов. – Т. 10: Поучительный фольклор. – Алматы: Brand Book, 2020. – С.472. (каз)
- Ахметов З. Казахское стихосложение. А. 1964. – С.409. (каз)
- Байсугурова Ю. Рядовые. Профессиональный казахский язык: учебник / 2-е изд., Стереотип. – Астана: «Фолиант», 2018. – С.232. (каз)
- Байтурсинов А. Литературный справочник. Исследования и стихи. – Алматы: Атамұра, 2003. – С.208. (каз)
- Жахан Д. Характеристика исторического развития ритуальных игр. / Керуен, № 73(4). – 2021. – 4-13 с. <https://doi.org/10.5387/2078-8134.2021> (каз)
- Ислямбекова А., Матыжанов К. (2022). Актуальные вопросы фольклористики казахских детских игр // Фольклор. Эдебиет. № 28. – С. 75-82 (түрк).
- Қасқабасов С. А. Аймұхамбет Ж.А. Казахский фольклор. – Астана: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2017. – С.300. (каз)
- Литературоведение. Словарь терминов. – Алматы: Родной язык, 1998. – С. 384. (каз)
- Матыжанов К. Духовный союз. Для широкой публики. – Алматы: Ана тілі, 1995. – С. 144. (каз)
- Негимов С. Образность языка поэта жырау. – Алматы: Наука. 1991. – С.213. (каз)

#### References:

- Akhmetov Z. (1964) Qazaq oleninin qurılısı [Kazakh versification]. – Almaty. – P.409. (in Russian)
- Baysugurova Y. (2018) Kasıptık qazaq tılı [Ordinary. Professional Kazakh language: textbook] / 2nd ed., Stereotype. – Astana: Foliant. – P. 232. (in Kaz)
- Baytursynov A. (2003) Adebiet tanytqysh [Literary reference book. Research and poetry]. – Almaty: Atamura. – P.208. (in kazakh)
- Compiled and prepared for publication (2020) Anthology of steppe folklore: Ten volumes. – T. 10: Instructive folklore. Small genre. – Almaty: Brand Book. – P.472. (in Kaz)
- Islyambekova A., Matijanov K. (2022) Current Issues of Kazakh Children's Games Folklore Studies // folklore/ Edebiyat. No 28, 75-82 (in Turk)
- Kaskabasov S. A. Aimukhambet Zh.A. (2017) Qazaq folklorı [Kazakh folklore. Textbook for universities] /. – Astana: ENU named after L.N. Gumilyov. – P.300. (in Kazakh)
- Literary criticism. Glossary of terms (1998) (Compiled by: Akhmetov Z., Shanbaev T.) – Almaty: Native language. – P.384. (in Kazakh)
- Matyghanov K. (1995) Ruhani uiz [Spiritual union. For the general public]. – Almaty: Ana tili. – P.144. (In Kazakh)
- Negimov S. (1991) Aqyn-jyraular poeziasynyn beinelılıgı [The imagery of the language of the poet zhyrau]. Almaty: science. – P.213. (in Kazakh)
- Zhahan D. (2021) Characteristics of the historical development of ritual games. / Keruen, № 73(4). – P.4-13. <https://doi.org/10.5387/2078-8134.2021.4-13> (in Kazakh)

**Мәдібаева Қ.Қ.**

*М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты,*

*Алматы, Қазақстан*

*E-mail: kapi-51@mail.ru*

*ORCID: 0000-0002-2396-1467*

## **АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ӘДЕБИЕТТАНУ ТЕРМИНДЕРІН ҚАЛЫПТАУ ҰСТАНЫМЫ**

**Аңдатпа.** Мақалада қазақ әдебиеттану терминдерінің қалыптасып, даму кезеңдеріндегі ғылыми-теориялық негізделу ұстанымдары Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» еңбегінің тарихи мәнінде сараланады.

Мақалада Ахмет Байтұрсынұлының «Қазақ» газетінде жарияланған «Қазақтың бас ақыны» мақаласында алғаш қолданысқа түсіп, кейінде кең айналымған енген термин мәнді ұғымдарға арнайы мән беріледі. Ақындық, өлеңшілік, Абай қолданған айтушы, тыңдаушы сөздерінің осы мақалада термин сөз ұғымында алынғандығы, бұл атаулардың қазақ әдебиетінің тарихын зерттеуде авторлық ауызша әдебиет мәселесінде терминдік қатарда жүрген, қазіргі әдебиеттанудағы айтушы, тыңдаушы категорияларының айрықшалығын көрсетудегі оңтайлы атаулар енгендігіне ден қойылады.

«Әдебиет танытқыш» еңбегіндегі термин сөздер XX ғасырдағы қазақ баспасөзі мен әдеби-сын еңбектердегі термин сөз мәніндегі ұғым атауларының жасалу, даму негіздерін айқындау өзектілігінде елеулі орын алғандығы салыстыра жүргізілген саралаулар арқылы негізделген.

Автор қазақ әдебиетінің тарихын зерттеу өзектілігінде XX ғасырдың бастапқы ширегінде мерзімді басылымдарда өнімді танымдық өріс түзген әдеби сын, әдеби зерттеу еңбектердегі терминдік ұғым атауларының қолданыс бағыты; кезеңдік таңбасы; таза көркемдік теориялық мән-маңызын тарихи тұтастықта тану, игеру міндетінде; көкейтесті әдебиеттану мәселелерін кешенді тұтастықта саралаудың оңтайлы тәсілдері бағытында Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» еңбегіндегі әдеби терминологияға арнайы тоқталған.

Ахмет Байтұрсынұлының саяси идеологиялық қысымда жаппай дерлік шет тіл терминдерімен «жасакталып» жатқан әдебиеттану ғылымының теориялық таным түзуде ұлттық ментальдік, бірегей төлтума сипаттар айрықшалығын ана тілде қисындалған терминдік атаулар арқылы таныту, ұғыну ұстанымдарында жанр типологиясы; әдебиет тарихы дәуірлері; дара шығармашылық қолтаңба; әдеби ағым-бағыттардың тарихи негіздемесінде дәйектеу міндетіндегі маңызы аса зор «Әдебиет танытқыш» еңбегін жазудағы озық өнегесі нақтылы пәндік мәнде сараланады.

**Кілт сөздер:** термин, әдебиет тарихы, көркемдік таным, ауыз әдебиеті, діндар дәуір, пайымдама, әуезе, арнау, айтыс, сауықтама.

**Кіріспе.** «Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ халқының XX ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалысы жетекшілерінің бірі, мемлекет қайраткері, ақын, публицист, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым, ұлттық жазудың реформаторы, ағартушы... Байтұрсынов әліпбиі қазақ тілінің табиғатына бейімделген араб жазуы негізінде жасалды» (Малдыбай, 2011: 322).

Ахмет Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқыш» (1926) еңбегінің әдебиет тарихын теориялық негіздеу ұстанымдарында қолданыста болған терминдік қабаттың қазіргі әдебиеттанудағы мән-маңызы, теориялық ұғымдардың қалыптасу, орнығу тарихындағы ықпалды орны бағытында әдебиет терминдерін зерттеу міндеттеріндегі өзектілік сақталып отыр.

Термин жасау Ахмет Байтұрсынұлының ағартушылық бағыттағы тарихи еңбегінің негізгі бір арнасы болды.

«Орынборға келгеннен кейін, біріншіден, қазақ тілін фонетикалық, морфологиялық және синтаксистік тұрғыдан зерттеумен; екіншіден, қазақ алфавитін (шрифтін емес), орфографиясын жеңілдету және реттеу үшін реформа жасаумен; үшіншіден, қазақ жазба тілін лексикалық шұбарлықтан, басқа тілдердің синтаксистік ықпалынан тазартумен, ақыры, ең соңында, төртіншіден, проза (іс-қағаз, публицистика, ғылыми жазба тіл) тілін кітаби тіл арнасынан стилистикалық өңдеу, қазақ сөздерінен термин жасау арқылы халықтың жанды тілінің арнасына көшіру істерімен айналыса бастадым. Бұлар өзім жасаған оқулықтар және өзім редакциялаған қазақ газеті арқылы іске асты» (Байтұрсынов, 1991:11).

Әдебиеттану терминдерін қалыптастырудағы әдіснамасы; жеке термин сөз жасаудағы төл авторлығы бағытында Ахмет Байтұрсынұлының ХХ ғасыр басындағы әдебиет тарихын зерттеу, көркемдік таным өзектілігінде жарық көрген еңбектерді кәдеге жарату; қалыптасқан көркемдік таным жүйесін қаперде ұстау фактілеріне зер салу қажеттілігі бар.

«Ғалым әдебиеттің барлық жанрларына, көркемдік құралдарына қатысты еуропалық, орыс әдебиеттануындағы ұғым, термин, категорияларға шып-шырғасын шығармай, түгелдей қазақша балама табады. Баспасөзде, кітаптарда, оқулықтарда, радио-теледидарда қазір кең де еркін қолданылатын *сөз дұрыстығы, тіл тазалығы, тіл анықтығы, тіл дәлдігі, көрнектілігі, оның тараулары, көрнектеу, меңзеу, теңеу, ауыстыру, бейнелеу, алмастыру, кейіптеу, әсірелеу, арнау (сұрай арнау, жарлай арнау, зарлай арнау), қайталақтау, шендестіру, дамыту, үдету, түйдектеу, бүкпелеу, кекесіндеу* сияқты ұғымдарды тұңғыш рет енгізіп, осы сөздерді термин дәрежесіне көтерген, дәл анықтап берген Ахмет Байтұрсынов екенін айту – тарихи әділет» (Байтұрсынов, 1991:13).

**Материалдар мен әдістері.** Мақаланың тақырыбын ашу мақсатында отандық және шетел ғалымдарының ғылыми-теориялық еңбектері негізінде сараптама жасалды. Байтұрсынов А. «Ақ жол» (1991), Досмұхамедұлы Х. «Аламан» (1991), Әуезов М. «Әдебиет тарихы» (1991), Жұмалиев Қ. «Әдебиет теориясы» (1968), Ахметов З. «Өлең сөздің теориясы» (1982), Қаздолов З. «Сөз өнері» (1982), Мұқанов С. «ХХ ғасырдағы қазақ әдебиеті» (2000), Қамзабекұлы Д., Омарұлы Б., Шәріп А. «Ұлттық әдебиет және дәстүрлі ментальдік» (2013), «Әдебиеттану. Терминдер сөздігі» (1997) сынды зерттеулер мен шетелдік әдебиеттану ғылымындағы әдеби терминдер мәселесі қарастырылып, қамтылған Радлов В.В. «Алтын сандық» (1993), Веселовский А.К. «Историческая поэтика» (1990) сынды еңбектері пайдаланылды.

Әдебиеттану терминдерінің қалыптасу, даму негіздерінде Ахмет Байтұрсынұлының осы саладағы ғылыми-теориялық ұстанымдарын жан-жақты зерделеу барысында салыстырмалы, салғастырмалы, салыстырмалы-тарихи, типологиялық зерттеу әдістері негізге алынды.

**Зерттеу нәтижесі.** Зерттеу нәтижесінде қазақ әдебиеттану ғылымында терминдік қабатты қалыптастырудағы Ахмет Байтұрсынұлының «Қазақтың бас ақыны»,

«Әдебиет танытқыш» зерттеу еңбектері мен «Қазақ» газетіндегі әдебиет мәселелеріне арнап жазылған мақала-очерктері мен әдебиеттану терминдерінің ХХ ғасырдың бастапқы кезеңіндегі қалыптасу өрісі мен әлемдік әдебиеттанудағы теориялық-методологиялық тұғырлары айқындалған зерттеу еңбектер негізге алынды.

Зерттеу жұмысының нәтижесін әдебиеттану терминдері бойынша ғылыми жұмыстар жазуда; орта, жоғары мектепте әдебиет пәнін оқытуда пайдалануға болады.

**Талдау.** Ахмет Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқыш» еңбегінде әдебиет тарихын дәуірлеу мәселесінде әдеби мұрадағы дін негіздері, әдеби дамудағы діни-ағартушылық бағыт туралы тарихи-теориялық тұрғыдан айқындама жасап, ілгеріде Шоқан Уәлиханов, Радлов В.В., т.б. шығыстанушылық бағытта жинастырылған материалдарда қозғалған түбегейлі танымдық мәселені толымды ғылыми айналымға шығарды.

Ахмет Байтұрсынұлы діндар дәуірдегі әдебиетті *хикаят, хисса, мінажат, насихат, мақтау, даттау* түрлерінде қамтып қарастырудың қазақ әдебиеті тарихын зерттеуде кемінде 70 жылға кенжелеп барып сараланған өзектілігінде зерттеуге тартқан еді (Қыдыр, 2018).

Т. Қыдырдың «Дешті қыпшақ даласындағы ислами әдебиет (X-XV)» еңбегінде толымды сараланған ислам діні мазмұнындағы әдебиет жанрлары ұзақ жылдар бойы кезінде Ахмет Байтұрсынұлы саралаған әдебиет үлгілері мәнінде қазақ әдебиеттану ғылымында саяси салқынқабақ кезеңдерде бер жағынан ғана қозғалып, терең зерделенуіне тыйым салынғаны әдеби дамудың басым бағыты – діни негіздерді тарихи-теориялық талқыдан шетқақпайлап отырды.

Ахмет Байтұрсынұлы шығарма сөзде, әдеби ұғым атауларын таңбалауда шет сөздерден ойысқан сөздердің қолданыс аясының кеңею фактілеріне алаңдаушылық білдіріп отырады.

«Біз сияқты мәдениет жемісіне жаңа аузы тиген жұрт, өз тілінде жоқ деп, мәдени жұрттардың тіліндегі даяр сөздерді алғыштап, ана тілі мен жат тілдің сөздерін араластыра-араластыра ақырында ана тілінің қайда кеткенін білмей, айрылып қалуы ықтимал. Сондықтан мәдени жұрттардың тіліндегі әдебиеттерін, ғылыми кітаптарын қазақ тіліне аударғанда пән сөздерінің даярлығына қызықпай, ана тілімізден қарастырып сөз табуымыз керек» (Байтұрсынов, 1991:351).

Осы бағытта әдебиет терминдерін ана тілінде, әдеби мұраның төлтума айрықшалықтарында қалыптаудың ғылыми негізді жолдарын орнықтырған Ахмет Байтұрсынұлы «синоним сөзді» «әуендес сөз» деп қолданғанындай ондаған терминдік атау сөздерді айналымға қосты. Бұл атауларды жинақтап жеке терминдік сөздік қатарын түзуге болар еді.

Бұл сөздікті әліпбилік ретте де, терминдік мәні, жанрлық айырым белгілеріне қарай да түзуге болады.

Теориялық танымда ана тілдің мүмкіндігінде етене, төлтума терминдер сөздігін түзуде Ахмет Байтұрсынұлы еңбектеріндегі терминдік қабатты ХХ ғасырдың бастапқы кезеңіндегі, 30-40 жылдарына шейінгі І. Жансүгірұлының, С. Сейфуллиннің, Мұхтар Әуезовтің, С. Мұқановтың, т.б. одан бергі уақыттағы белгілі әдебиет теоретиктері

Е. Ысмайыловтың, Қажым Жұмалиевтің, З. Қабдоловтың, З. Ахметовтың, т.б. отандық зерттеушілердің ана тілде қалыптаған төлтума терминдерімен толықтыруға болады.

Терминдік ұғым атауларын қазақ тілінде оңтайлы қолданысқа қосып отырудың тәжірибесі «Айқап», «Қазақ», «Абай», «Шолпан», «Таң», т.б. мерзімді газеттер мен журналдардың көркем әдебиет мәселелеріне тиесілі материалдары негізінде молыға түсті.

Қазақ әдебиеті жайы көтерілген хабар, мақала, баяндама, зерттеу очерктерде көркемдік танымның теориялық негізделуін қысқа да нұсқа ұғымдарда қисындаған ана тіліндегі термин сөздерді үздіксіз айналымға түсіріп отырды.

Бұл терминдер әдеби мұраны игерудің біртіндеп жүзеге асу тарихының дерегі мәнінде де маңызды.

Бұл басылымдарда қолданыста болған термин сөздерді жүйелеп, әдебиеттану тарихындағы іргелі еңбектердегі терминдерді арнайы зерттеу қажеттілігі бар.

Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» ХХ ғасырдың бастапқы ширегінде қызу талқыға түсіп отырған қазақ әдебиетінің тарихын зерттеу, жаңа дәуірдің көркемдік ұстанымдарын айқындау міндетіндегі қадау-қадау өзекті мәселе көтерілген әдеби-сын, зерттеу мақалалардағы әдеби терминологиямен өзектес, сабақтас жазылды. Сол кезеңде қазіргі терминдік қатар, қабаттан түсіп қалған ондаған ұтымды ұғым атаулары болған.

Райымжан Мәрсеков әдеби кеште жасаған қазақ әдебиеті туралы баяндамасында «жазба», «кітапша», «үлгі», «ескі сөз», т.б. ондаған термин мәнді атауларды қолданады. Осы баяндамада өлең өлшеміне қатысты «қалау» дейтін термин сөз айтылған.

«Абай бұрын қазақта жоқ өлеңдерді (*қалаулар*) білгізді, неше түрлі мақаммен таныстырды, сөздерін, ойларын жұртқа мирас қылып қалдырды.

Абай марқұмнан бері қарай қазақ әдебиетінің үшінші дәуірі басталды» (Радлов, 1993:18).

«*Қалаулар*» «құрылымға» балама сөз мәнінде алынған деп ойлаймыз. Р. Мәрсековте троптар қызметі *сөз ажарлау* деп келген. Бұл кейінде «айшықтау» деп орныққан термин. «Әдеби тіл» термині «Айқап» журналында басылым көрген «Тіл-әдебиет» атты мақалада қолданылған. Бұрын-соңды бұл ұғым айналымда болған-болмағандығы тұрғысында басқа нендей деректер бар екендігі де қарастырылуы керек.

«Қазақ тілін ескі хәм бай тіл деп мақтағаны, әдеби тіл емес деп жамандағаны қалай? Мұның бастан-аяқ әдебиет деп қақсағаны не нәрсе? – деп сұраушылар да болар. Бәнә Ғалия мен оқушылардың ашуларына, сұрауларына орын қалмас үшін келешекте әдеби тіл хәм әдебиет не нәрсе екенін оқушыларға ұқтырамын» (Қазақ газеті, 28).

Термин сөздер типологиясында; төлтумалық сипат мәнінде Мұхтар Әуезов зерттеулерінде қолданысқа түскен төлавторлықтағы термин сөздер қазақ әдебиеттану терминдік қабатында өзіндік елеулі мәнімен таңбаланған.

М. Әуезовтің «Шолпан» журналында жарық көрген «Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі» атты мақаласы «тарихи әдеби сын» деп көрсетіледі. Бұл да – терминдік ұғым атауы. Мақалада ондаған термин сөз қолданысқа алынған.

*Бет (бағыт – Қ.М.), ескі әдебиет, ауызша әдебиет, жазба әдебиет, классикалық шығарма, тип, мінез, бүтін адам, өлеңші, ащы мысқыл, мысал, батырлар өлеңі, ұлтшыл, дінишіл, тақпақ, жыр, зарлы сарын, суретті әдебиет, қисса, айтыс, эпистолярлық роман, қазақ әдебиетінің көшпелі дәуірі, зар заман, ұлтшылдық, реализм сарыны, ағым, әдіс, әңгіме, пьеса, ғылыми әдебиет, сыршылдық (романтизм) дәуірі, әдебиет жұрнақтары, күлдіргі тип, өмір айнасы, т.б.*

І. Жансүгірұлының баспасөзде жарияланған мақалаларында қолданыста болған термин сөздердің қазақ әдебиеттану терминдер сөздігінің қалыптасып, дамуында елеулі ықпалы бар.

«Абай кітабы» («Тілші» газеті, 1923, 8-мамыр) мақаласында қазақ өмірінде енді орнығып жатқан баспа өндірісінің өзіндік қызметіне орай қолданылған термин сөздер де кездеседі.

*Баспа, кітап дұрыстаушы, корректор, жаңылыс кестесі, т.б.* әдеби мұраны тасқа басып шығару өндірісіне қатысты терминдік мәнге ие сөздер болатын.

Нәзір Төреқұлов Сәкен Сейфуллиннің «Асау тұлпар» жинағына қатысты жазылған мақаласында («Темірқазық» журналы, 1923 жыл, №1) *сыншы, оқушы, трагедия, интернационалист, порнография, тәржіме, т.б.* термин сөздерді қосып отырады.

Қарымта пікірін Сәбит Мұқанов *партиялық сын, қазақ совет әдебиеті, төңкеріс тақырыбы, пролетариат революциясы, баспа маркасы, т.б.* термин мәнді атаулармен «қаруландырып» жазады.

XX ғасыр басындағы әдеби сында кейінде қазақ әдебиеттану ғылымының теориялық таным тұғырының қалыптасуына өзіндік ықпалы болған ондаған термин сөз айналымға түсіп отырды.

*Әдебиет тарихы, әлеумет тұрмысы, ағым, еңбекшіл тап, бостандық, демагог, антисемит, ритм, гармония, драма, дәуір, әдебиеттің нұсқасы, классицизм, жоғарғы стиль, модернизм, символизм, натурализм...*

Қауырт өзгерістер өтіп жатқан, саяси науқаншылдық бел алған кезеңде жарық көрген «Әдебиет танытқыштағы» терминдік ұғым атаулары мақсатты түрде қатар түзгендігі анық.

А. Байтұрсынұлы әр термин сөздің ұлт әдебиетінің ұлттық бірегей болмыс-бітіміндегі танымдық негіздеріне жалпыадамзаттық көркемдік танымның түбегейлі құрамдас бөлімдері мәнінде зер салды.

Ментальдік айрықшалықтарды батыс жұртының ғұмыр ғұрпынан түзілген жекелеген теориялық тоқтамдардың қалыбына түсірудің қисынсыздығын дер кезінде ескерткенімен, кеңестік жүйе өз дегенімен, қазақ әдебиетінің айрықшалықтарына ұлт зиялылары соншалықты шырылдап ара түскеніне қарамастан, «көркемдіктің» ортақ қазанында қайнатуға пейіл танытып, айтқанына жетіп те отырды.

Қыдыып төбеден төнген саясаттың қалауымен қалыптасқан социалистік реализм терминологиясы қыспағында да әдебиеттанушы ғалымдар қазақ әдебиеті тарихындағы айрықшалықтарды шебер қиюластырып, айтылуы тиіс, ашылуы керек



құбылыстарға келгенде бой тасаламай, тарихи-теориялық негіздемелерінде ұлттық спецификаға ден қоюдан бас тартпады.

Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» еңбегіндегі терминдік қабаттың теориялық негіздерін қазіргі жаһандану дәуірінде айқындала түсіп отырған әдеби терминологиядағы ментальдік даралық мәнінде арнайы зерттеу өзектілігі бар.

«Күні бүгінге шейін қазақтың әдебиеттану ғылымында дәстүрлі ментальдік пен оның көркемдік бейнелерінің ара қатынасы туралы мәселе арнайы зерттеу нысаны болған емес. Сондықтан аталмыш проблеманы парықтау этнопоэтика саласында жаңаша теориялық көзқарастарды жасауға, сондай-ақ іргелес гуманитарлық ғылымдарды байытуға мол мүмкіндіктер ашады.

Қазақ философиясы мен мәдениеттануының бастаулары негізінен дала көшпелілерінің ауызша халық шығармашылығы мен әр кезеңдегі ұлт әдебиетінде жатқандықтан, жалпы рухани дамудың ішкі байланысы мен табиғи өзара сіңісуі кешенді пәнаралық талдауды қажет етеді. Атап айтқанда, XIX-XX ғасырлардағы қазақ ұлт-азаттық қозғалысының поэзиясын сан алуан және ортақ заңдылықтары бар дүниежүзілік отаршылдыққа қарсы әдебиет аясында зерттеу де бүгінге шейін ғылыми талқылаудан тыс қалып келеді. Әр халықтың рухани тәжірибесі жалпыадамзаттық мәдениетті сақтау үшін керек. Ұлттық көркем әдебиет – этникалық жадты, дүниетанымдық архетиптерді, ментальді ерекшеліктерді жарыққа шығарудың әмбебап саласы. Осындай идеялық-шығармашылық қатпарларды талдау қазіргі қазақ әдебиеттануының теориялық негізін жаңалауда, сонымен қатар қоғамның зияткерлік тұғырларын жаңғыртуда және ұлттың өзін-өзі байыптауда зор көкжиектер ашады және орасан іргелі әрі қолданбалы маңызға ие болады. Бұл бағыттағы зерттеулер рухани байланыстарды, мәдениеттер сұхбатын ілгерілетуге де тиімді» (Жансүгірұлы, 2006:4).

Аталған зерттеудің тарихи кезеңдер кеңістігіндегі қазақ әдебиетінің түпқайнар негіздері мен даму, түрлену үрдістерін ғылыми тұрғыдан айқындаудағы талдау, пайымдау түрлерін архаикалық, нормативті, индивидуалдық негізде өрістету міндеттерінде күн тәртібіне шығарған кешенді танымдық мәселелерінде қазақ әдебиеттану терминдерін қалыптастыруда ұлттық негізге айрықша ден қойған Ахмет Байтұрсынұлының әдебиет терминдерінің тарихи-танымдық, көркемдік-теориялық тұғырлары елеулі мәнге ие.

Ахмет Байтұрсынұлының ұдайы «суреттеу» терминін емес, қайсыбір тұста тұрақты түрде «сымбаттау» терминін қолдануында нендей сыр бар?

Тілдің тілін білген зерттеуші «суреттеуді» табиғатқа, «сымбаттауды» адамға қатысты алып, жанды-жансызға тән айырым белгісін айқындаған.

1) Абайдың әйелді сымбаттауы; 2) Абайдың күзгі күнді суреттеуі; 3) Мағжанның толқынды кескіндеуі; 4) Абайдың ән мен күйді сөзбен сипаттап танытуы.

«Әдебиет танытқышта» айқындаудың жай түрі және көркемдік мақсатпен жасалатын түрі болатындығын ұғындырудай жатық, тайға таңба басқандай нақтылыққа ден қойылған. Сары Мұқан, қара Мұқан, болыс Мұқан – айқындаудың жай түрі.

Қызыл тіл, алтайы түлкі, ақ сұңқар – көркейту мақсаты басым түрі. Әдетте көркемдік құбылыстарын саралауда бұл «болар, болмас» көрінгенімен түбегейлі айырмаға мән беріле бермейді.

Теңеу де екі түрлі: әншейін теңеу, әдейі теңеу.

**Әншейін теңеу** әдетті теңеу болады (дәстүрлі- Қ.М.).

**Әдейі теңеу** – поэтикалық тілдегі дара авторлық теңеулер.

Ахмет Байтұрсынұлы ауыстыру (алмастыру) түрлерін де бұлтарпайтын дәлелдермен нақтылайды.

**Бейнелеу** мен **бернелеу**.

Ұқсас күй қысқа ғана қайырылып көрсетілсе – **бейнелеу**.

Ұлғайтып, бүтін бір мысалға айналдырып айту – **бернелеу**.

«Троптар» деуге бейіл беріп тұратын қазіргі кезең терминологиясы Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышында» сөз құбылту амалдарының төлтума атауларына ығысып жол берсе, ұтылмайтын тұстар аз емес.

«Әдебиет танытқышта» әдеби жанрлар айқындамасын қисындаудағы жатық оңтайлылық, нақтылық, құнды құнар қазақы болмысқа іштартып тұрады.

Қазақ әдебиеті тарихындағы мейлінше өнімді шығармашылық өріс түзген Арнау өлең жанрына Ахмет Байтұрсынұлы айрықша белгілерінде, бұрын-соңғыда айтылмаған тосын тұстарында анықтама береді. Зарлай арнау. Жарлай арнау. Сұрай арнау.

Өлең құрылымындағы **таңдамалы орын** мен **талғамалы орын** деген нендей орындар?

«Бунақтың таңдамалы орны тармақ аясында болады. *Талғамалы орны* тармақтың басы мен ортасында болады» (Байтұрсынов, 1991: 387).

«Әдебиет танытқыштың» әрбір терминдік ұғым атауын жеріне жеткізе ұғындыру ыждаһаты құрмет сезімін оятады. Ғылыми зерттеу жұмыс талаптарын, тіпті қазіргі диссертациялық еңбектің ғылыми аппаратын әдіснамалық тұрғыдан жүйелеу демеске болмайды.

Пайымдаманың төрт бөлігі: 1) бастамасы, 2) ұсынбасы, 3) баяндамасы, 4) қорытпасы.

«Бастамасында әңгіме болатын нәрсе туралы басқалар тарапынан айтылған пікірлер барлығын иә жоқтығын айтады. Оны айтпай бастауға да жазушы ықтиярлы. Сондықтан бастаманы қалай бастау жазушының ықтиярында десек те болады.

Ұсынбасында әңгіме болатын пікірмен таныстырады.

Баяндамасында алынған нәрсе баяндалады: оның турасында айтылған пікірлерге дәлелдер, сипаттар келтіріледі.

Қорытындысында айтылған пікірлердің иә маңызы қайта айтылады, иә пікірлерден шыққан нәтиже айтылады. Пікірді мәністеу, дәлелдеу, сипаттау баяндамасында болатындықтан, баяндама пайымдаманың нағыз дендем бөлімі болады. Сипаттау бес түрлі болады: 1) мәністеп, дәлелдеп сипаттау бар. 2) Керек пікірді, яки нәрсені басқа соған ұқсас нәрселермен салыстырып сипаттау бар. 3) Керек пікірді қостайтын, қуаттайтын мысалдар келтіріп сипаттау бар. 4) Белгілі адамдардың айтқан иә жазған бәтуаларын келтіріп сипаттау бар. 5) Қаралатын



пікірге қарсы пікірдің нашарлығын, яки қателігін көрсетіп сипаттау бар» (Байтұрсынов, 1991: 402).

Ахмет Байтұрсынұлы «пән» сөзін «ғылым» ұғымының синонимі мәнінде қолданды.

**Қорытынды.** Қазіргі әдебиеттануда, Ахмет Байтұрсынұлы мұрасын зерттеп, зерделеуде ұлттың ментальдік тұғырларында тарихи-теориялық, тәжірибелік маңыздылығында «Әдебиет танытқыштың» жанр типологиясы; әдеби дәуірлер; тұлғалық даралық сипаттар; әдеби мұраның тілдік қабаты мәнінде түзілген ғылыми мазмұнын тұтас танымға тарту бағытындағы мақсатты зерттеулер өзектілігі әлі де күн тәртібінде қалып отыр.

Ахмет Байтұрсынұлының әдеби-теориялық таным, талғам кеңістігін әлем әдебиеттануындағы айтулы тұлғалар біліктілігімен сабақтастыра зерделеу қажеттілігінде де жалғасын табуы тиіс жұмыстар бар.

*Мақала ПЦФ ИРН OR 11465467 «Әдебиеттану және өнертану саласындағы қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында жаңа гуманитарлық білімді қалыптастыру және инновациялық зерттеулер жүргізу: әлемдік тәжірибе және отандық практика» жобасы (2021/2022) аясында дайындалды.*

**Мадихбаева К.К.**

*Институт Литературы и искусства имени М.О.Ауэзова*

*Алматы, Казахстан*

*E-mail: kapi-51@mail.ru*

*ORCID: 0000-0002-2396-1467*

### **Принцип Ахмета Байтұрсынова образования литературных терминов**

**Аннотация.** В статье рассматривается роль и значение научного труда Ахмета Байтұрсынова «Әдебиет танытқыш» («Теория словестности») в формировании историко-теоретических основ и развития казахской литературоведческой терминологии.

В статье «Қазақтың бас ақыны» опубликованной в газете «Қазақ» были применены несколько словесных оборотов как слова акындық, өлеңшілік, айтушы, тыңдаушы терминологического значения.

Терминология в работе Ахмета Байтұрсынулы «Теория словестности» («Әдебиет танытқыш») основана на том, что термины в казахской прессе и литературно-критических произведениях XX века занимают значительное место в актуальности создания и определения основ развития терминологических понятий.

В актуальности авторского исследования истории казахской литературы первой четверти XX века, литературоведения, создавшего продуктивное поле знаний в периодической печати, направления использования терминологических понятий в литературоведческих исследованиях; символ периода; в задаче познания и освоения чисто художественно-теоретического значения в исторической целостности; В направлении оптимальных способов разграничения проблем смежного литературоведения в комплексном целом особое внимание уделяется литературоведческой терминологии в работе Ахмета Байтұрсынулы «Теория словестности» («Әдебиет танытқыш»).

Труды основателя национальной литературоведческой научной терминологии Ахмета Байтұрсынулы отмечаются четким изложением поэтических особенностей казахской устной и письменной литературы; глубоко научным историческим подходом определения типологии жанров, эпохальных художественных направлений; интернациональные тенденции литературной терминологии определенной эпохи; на концептуальные устои Ахмета Байтұрсынулы по изучению специфики истории казахской литературы в ракурсе методов социалистического реализма.

**Ключевые слова:** термин, история литературы, художественное знание, устная литература, религиозная эпоха, видение, мелодия, посвящение, айтыс, сауықтама.

**Madibayeva K.K.**

*M.O.Auezov Institute of Literature and Art,*

*Almaty, Kazakhstan*

*E-mail: kapi-51@mail.ru*

*ORCID: 0000-0002-2396-1467*

### **Akhmet Baitursynov's principle of formation of literary terms**

**Abstract.** The article discusses the role and significance of the scientific work of Akhmet Baitursynov «Adebiyat tanytkysh» («Theory of Literature») in the formation of historical and theoretical foundations and the development of Kazakh literary terminology.

In the article «Kazaktyn bas akyny» published in the newspaper «Kazakh» several verbal turns were used as the words *akyndyk*, *olenshilik*, *aytushy*, *tyndaushy* of terminological meaning.

The terminology in the work of Akhmet Baitursynuly «Theory of Literature» («Adebiyat tanytkysh») is based on the fact that the terms in the Kazakh press and literary-critical works of the twentieth century occupy a significant place in the relevance of creating and defining the foundations for the development of terminological concepts.

In the relevance of the author's study of the history of Kazakh literature in the first quarter of the 20th century, literary criticism, which created a productive field of knowledge in the periodical press, the direction of the use of terminological concepts in literary studies; period symbol; in the task of cognition and development of purely artistic and theoretical significance in historical integrity; In the direction of optimal ways to distinguish between the problems of related literary criticism in a complex whole, special attention is paid to literary terminology in the work of Akhmet Baitursynuly «Theory of Literature» («Adebiyat Tanytkysh»).

The works of the founder of the national literary scientific terminology, Akhmet Baitursynuly, are marked by a clear presentation of the poetic features of the Kazakh oral and written literature; a deeply scientific historical approach to determining the typology of genres, epoch-making artistic trends; international trends in literary terminology of a certain era; on the conceptual foundations of Akhmet Baitursynuly to study the specifics of the history of Kazakh literature from the perspective of the methods of socialist realism.

**Keywords:** term, history of literature, artistic knowledge, oral literature, religious era, vision, melody, dedication, *aitys*, *sauyktama*.

#### **Информация об авторе:**

**Мадібәева Қанипаш Қайсановна**, д.фил.н., профессор, Ведущий научный сотрудник института литературы и искусства им. М.О. Әуэзова, Алматы, Қазақстан, E-mail: kapi-51@mail.ru ORCID: 0000-0002-2396-1467

#### **Әдебиеттер:**

Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. – Алматы: Мектеп, 1982. – 180 б. (қазақ).

Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 240 б. (қазақ).

Байтұрсынов А. Ақ жол. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б. ISBN 5-610-00700-3. (қазақ).

Жақыпбекова М., Қожекеева Б., Таңжарықова А., Абілмажинова А., Мәдібаева Қ., Muslim attitudes in Kudaiberdiuli's epos [Құдайбердіұлы дастанындағы мұсылмандық көзқарастар]. Muslim attitudes in Kudaiberdiuli's epos. Man in India, 2017, 97(21), 425–433 Б. (ағыл.) [https://www.researchgate.net/publication/321704106\\_Muslim\\_attitudes\\_in\\_Kudaiberdiuli's\\_epos](https://www.researchgate.net/publication/321704106_Muslim_attitudes_in_Kudaiberdiuli's_epos)

Жансүгірұлы І. Шығармалар жинағы: Көп томдық. Т.7. – Алматы: Қазығұрт, 2006. – 328 б. ISBN 9965-22-190-1. (қазақ).

Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. – Алматы: Мектеп, 1968. – 243 б. (қазақ).

Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Мектеп, 1982. – 368 б. (қазақ).

Қазақ газеті. 1913-1918 жж. (қазақ).

Қамзабекұлы Д., Омарұлы Б., Шәріп А. Ұлттық әдебиет және дәстүрлі ментальдік. Монография. – Алматы: ARNA-B, 2013. – 192 б. ISBN 978-601-7221-65-2 (қазақ).

Қыдыр Т.Е. Дешті қыпшақ даласындағы ислами әдебиет (X-XV) (ислам, иман және ихсан мәселелерінің жырлану ерекшеліктері): монография. – Астана: Рухани құндылықтарды қолдау қоры корпоративтік қоры, 2018. – 200 б. ISBN 978-9965-9896-9-8. (қазақ).

Малдыбай А.Д. Ахмет Байтұрсыновтың әліпби реформасы. ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы, №4 (134). 2011. 322-325 Б. (қазақ). <https://philart.kaznu.kz/index.php/1-FIL/article/view/1363/1316>

Мұқанов С. XX ғасырдағы қазақ әдебиеті. – Алматы: Қазығұрт, 2000. – 455 б. (қазақ).

Радлов В.В. Алтын сандық. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 255 б. ISBN 5-630-00193-0. (қазақ).

Сейфуллин С. Шығармалары, 6-том. – Алматы: Қазақкөркемәдеббас, 1964. – 280 б. (қазақ).

Уәлиханов Ш. Таңдамалы. – Алматы: Ғылым, 1985. – 504 б. (қазақ).

XX ғасыр басындағы қазақ әдеби сыны. Оқу-әдістемелік хрестоматиялық жинақ / Құраст.: Қ. Мәдібаева. – Алматы: TechSmith, 2019. – 360 б. (қазақ).

Ысмайылов Е. Әдебиет теориясының мәселелері. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 288 б. ISBN 9965-29-700-2 (қазақ).

Ісмақова А. Алаш әдебиеттануы. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2017. – 480 б. ISBN 978-601-80664-0-5 (қазақ).

### Литература:

Ауэзов М. История литературы. – Алматы: Ана тілі, 1991. - 240 с. (каз.).

Ахметов З. Теория стиха. – Алматы: Мектеп, 1982. – 180 с. (каз.).

Байтұрсынов А. Белый путь. - Алматы: Жалын, 1991. - 464 с. ISBN 5-610-00700-3. (каз.).

Валиханов Ш. Избранное. - Алматы: Ғылым, 1985. - 504 с. (каз.).

Жақыпбекова М., Кожекеева Б., Танжарықова А., Абилмажинова А., Мадидбаева К., Muslim attitudes in Kudaiberdiuli's epos [Мусульманские настроения в эпосе Кудайбердиули] Man in India, 2017, 97(21), 425–433 С.(англ.) [https://www.researchgate.net/publication/321704106\\_Muslim\\_attitudes\\_in\\_Kudaiberdiuli's\\_epos](https://www.researchgate.net/publication/321704106_Muslim_attitudes_in_Kudaiberdiuli's_epos)

Жансугурович И. Собрание сочинений: Многотомник. Том 7. – Алматы: Қазығұрт, 2006. – 328 с. ISBN 9965-22-190-1. (каз.).

Жумалиев К. Теория литературы. – Алматы: Мектеп, 1968. – 243 с. (каз.).

Кабдолов З. Искусство слова. – Алматы: Мектеп, 1982. – 368 с. (каз.).

Исмаилов Э. Проблемы теории литературы. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 288 с. ISBN 9965-29-700-2 (каз.).

Исмакова А. Алашское литературоведение. – Алматы: Казахская энциклопедия, 2017. – 480 с. ISBN 978-601-80664-0-5 (казахский).

Казахская газета. 1913-1918 гг. (каз.).

Казахское литературоведение начала XX века. Учебно-методическое чтение / Составитель: К. Мадидбаева. – Алматы: TechSmith, 2019. – 360 с. (каз.).

Камзабекович Д., Омарович Б., Шарип А. Национальная литература и традиционный менталитет. Монография. – Алматы: АРНА-В, 2013. – 192 с. ISBN 978-601-7221-65-2 (казахский).

Қыдыр Т.Е. Исламская литература Дешты-Кыпчакской степи (X-XV) (особенности пения об исламе, вере и ихсане): монография. – Астана: Рухани құндылықтарды қолдау қоры корпоративтік қоры, 2018. – 200 с. ISBN 978-9965-9896-9-8. (каз.).

Малдыбай А.Д. Алфавитная реформа Ахмета Байтұрсынова. ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы, №4 (134). 2011. 322-325 Б. (каз.). <https://philart.kaznu.kz/index.php/1-FIL/article/view/1363/1316>

Мұқанов С. Казахская литература XX века. - Алматы: Қазығұрт, 2000. - 455 с. (каз.).

Радлов В.В. Золотой сундук. - Алматы: Ана тили, 1993. - 255 с. ISBN 5-630-00193-0. (каз.).

Сейфуллин С. Сочинения, том 6. - Алматы: Қазақкөркемәдеббас, 1964. - 280 с. (каз.).

### References:

Akhmetov Z. (1982) Ölen sözünin teorijasy [Theory of verse]. – Almaty: Mektep , - 180 p. (in kaz.).

Auevov M. (1991) Adebiet tarihy [History of Literature]. – Almaty: Ana tili, - 240 p. (in kaz.).

- Baitursynov A. (1991) Ak jol [White road]. – Almaty: Zhalyn, - 464 p. ISBN 5-610-00700-3. (in kaz.).
- Ismakova A. (2017) Alash adebiettanuy [Alash literary criticism]. - Almaty: Kazak jenciklopedijasy., - 480 p. ISBN 978-601-80664-0-5 (in kaz.).
- Ismailov E. (2011) Adebiet teorijasynyn maseleleri [Problems of the theory of literature]. - Almaty: Kazak Universiteti, - 288 p. ISBN 9965-29-700-2 (in kaz.).
- Jakypbekova, M., Kozhekeeva, B., Tanzharikova, A., Abilmazhinova, A., Madibayeva, K. (2017) Muslim attitudes in Kudaiberdiuli's epos. Man in India, 97(21), p. 425–433. [https://www.researchgate.net/publication/321704106\\_Muslim\\_attitudes\\_in\\_Kudaiberdiuli's\\_epos](https://www.researchgate.net/publication/321704106_Muslim_attitudes_in_Kudaiberdiuli's_epos)
- Kabdolov Z. (1982) Söz öneri [Art of the word]. - Almaty: Mektep, - 368 p. (in Eng.).
- Kamzabekovich D., Omarovich B., Sharip A. (2013) Ultyk adebiet zhane dastyrli mental'dik. [National literature and traditional mentality]. Monograph. - Almaty: ARNA-B, - 192 p. ISBN 978-601-7221-65-2 (in kaz.).
- Kazakh newspaper. 1913-1918 (in kaz.).
- (2019) XX gasyr basyndagy kazak adebi syny [Kazakh literary criticism of the early twentieth century]. Educational and methodical reading / Compiled by: K. Madibaeva. - Almaty: Tech Smith, - 360 p. (in kaz.).
- Kydyr T.E. (2018) Deshti kypshak dalasyndagy islami adebiet (X-XV) (islam, iman zhane ihsan maselelerinin zhyrlanu erekshelikleri [Islamic literature of the Deshty-Kypchak steppe (X-XV) (features of singing about Islam, faith and ihsan)]; monograph. - Astana: Ruhani kundylyktardy koldau kory korporativtik kory, - 200 p. ISBN 978-9965-9896-9-8. (in kaz.).
- Maldybai A.D. (2011) Ahmet Baitursynovtyn alipbi reformasy [Akhmet Baitursynov's alphabet reform] KazYU Habarshysy. Filologiya seriyasy, №4 (134). P.322-325. (kaz.). <https://philart.kaznu.kz/index.php/1-FIL/article/view/1363/1316> (in kaz.).
- Mukanov S. (2000) XX gasyrdagy kazak adebieti [Kazakh literature of the XX century]. - Almaty: Kazygurt, - 455 p. (in kaz.).
- Radlov V.V. (1993) Altyn sandyk [Golden chest]. - Almaty: Ana tili, - 255 p. ISBN 5-630-00193-0. (in kaz.).
- Seifullin S. (1964) Shygarmalary [Works] volume 6. - Almaty: Kazakhkorkemadepbas, - 280 p. (in kaz.).
- Valikhanov Sh. (1985) Tandamaly [Selected]. - Almaty: Gylym, - 504 p. (in kaz.).
- Zhansugurovich I. (2006) Shygarmalar zhinagy: Köp tomdyk [Collected Works: Multivolume]. Volume 7. - Almaty: Kazygurt, - 328 p. ISBN 9965-22-190-1. (in kaz.).
- Zhumaliev K. (1968) Adebiet teorijasy [Literary theory]. - Almaty: Mektep, - 243 p. (in kaz.).

**Кажытай Б.К. \*<sup>1</sup>, Оразбек М.С.<sup>2</sup>**

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
Астана, Қазақстан.*

*E-mail: k\_azhytay@mail.ru, makpal\_zere@mail.ru  
ORCID: 0000-0002-2635-702X, 0000-0002-0703-3142*

## ОКСЮМОРОН – ПОЭТИКАЛЫҚ КАТЕГОРИЯ

**Аңдатпа.** Бұл мақалада оксюморонның өзіндік поэтика құбылысы ретіндегі ерекшелігін түсіндіріп, лингвист, психолог, әдебиеттанушы, философ ғалымдардың еңбектерін негізге ала отырып, оксюморонның мәні анықталды. Оксюморонның поэтикалық ерекшелігін анықтауды ең алдымен, оның табиғаты туралы көзқарастарды жүйелеуден бастау керек. Осыған байланысты материалды жүйелеудің формалды-логикалық әдісін қолдана отырып, ғылыми-әдістемелік әдебиеттерде, анықтамалық материалдары бар негізгі сөздіктер мен энциклопедияларда оксюморонға берілген анықтамаларды қарастырдық. Бұл анықтамалар, әдетте, авторлар мен оқу-әдістемелік құралдар және ғылыми-зерттеу әдебиеттерінің зерттеулеріне негізделетін ортақ көзқарас ретінде қызмет етеді.

Жүйелеудің бұл принципін пайдалана отырып біз, біріншіден, оксюморон идеясын поэтикалық категория ретінде қалыптастырудың негізгі сәттерін бақыладық, екіншіден, зерттеушілер үшін өзекті болып табылатын оксюморонды талдаудың семантикалық, стильдік, құрылымдық-логикалық, көркемдік және поэтикалық аспектілерін анықтадық, үшіншіден, оксюморонға қатысты ұғымдар шеңберін, осы салыстырулардың принциптері мен заңдылықтарын анықтап, оның мәнін нақтыладық.

**Кілт сөздер:** оксюморон, қарама-қайшылық, диада, поэтикалық оксюморон, стилистикалық тәсіл

**Кіріспе.** Қазақ әдебиетінде тереңірек зерттеуді талап ететін теориялық категориялар баршылық. Бұл жағдайда ең алдымен зерттеу нысанына алынған мәселе туралы бұрынғы қалыптасқан, дәстүрлі түсінікті бұрмаламай анықтау маңызды. Әдебиеттану ғылымындағы мұндай мәселенің бірі – көркем шығарма мазмұнындағы оксюморонның поэтикалық қызметінің жаңа қырларын айқындау.

Қарама-қарсы мәндегі, қайшылықты ұғымдардың мағынасын зерттеуге деген қызығушылық ғылымдардың атасы философия ілімінде өте ежелгі заманда бастау алды. Сондай-ақ күрделі категориялар қатарынан орын алған болатын. Содан бері қарай ғылымның психология, логика, лингвистика сияқты салаларында өзіндік сипатқа ие болды.

«Қарама-қарсылық» және «қайшылық» ұғымдарының мән-мағынасын ашуда философияда Аристотель, Гегель, И. Кант, В.И. Горбач зерттеулерінен, логикада Д.П. Горский, А.Д. Гетманова, психолінгвистикада Қ. Жарықбаев, Ф.Н. Гонобалин, С.Н. Кахиани, А.А. Брудный, Э.И. Родичева, В.А. Маслованың зерттеу еңбектеріндегі негізгі тұжырымдарды басшылыққа алуға болады. Философиялық тұрғыда қарама-қайшылық бірін-бірі жоққа шығару қасиеттерін иеленсе, осы қайшылықтың екі шегі қарама-қарсы құбылыстар болып табылады деп түсіндіріліп жүр.

Қазақ әдебиеттануында, көркем-эстетикалық салада оксюморонды пайдалану ирония, антоним, эпитет, антитеза, парадокс, энантиосемия тәрізді құбылыстарды жандандыруға алып келеді. Бұл құбылыстардың барлығы қазақ әдебиетіндегі

дәстүрлі құбылыстар болса, оксюморон әлі де терең зерттеуді талап ететін жаңа құбылыстар қатарына жатады. Ал оның қазақ әдебиеттануында кенже қалып келе жатқаны зерттеу жұмысының өзектілігіне жетелейді. Дәстүрлі анықтамалармен шектеліп келген поэтикалық категорияның табиғатын ашу, шетелдік зерттеулер негізінде анықтамасын кеңейту, қазіргі қазақ әдебиетінде пайдаланылу ауқымын саралау жұмыстың жаңалығына әкелді.

**Зерттеу материалдары мен әдістері.** Зерттеу материалы ретінде шетелдік және қазақстандық ғалымдардың теориялық еңбектері басшылыққа алынады. Тақырыпты зерттеу барысында оксюморон мағынасындағы сөздер мен сөйлемдердің мәтіндегі мәнін анықтау, оксюморон категориясының мағынасын талдау негізгі мақсатымыз болғандықтан герменевтикалық әдісті қолдандық. Қазақ ақындарының өлеңдерін орыс ақыны А.С. Пушкин шығармаларымен салыстырмалы ғылыми зерттеу мақсатында компаративистік талдау әдісі қолданылды.

**Талқылау.** Ең алдымен оксюморон ұғымы туралы жан-жақты зерделеп, оның мәнін айқындап алуымыз керек. Қарама-қарсы мәндегі қос сөзден (*өлі-тірі*), сөйлемнен («О дүниенің қонағы») немесе сөз тіркесінен (зор үнсіздік) құралып бір мағына беретін ұғым-түсінікті оксюморон деп атаймыз.

Әдебиеттану терминдері мен ұғымдарының энциклопедиясында: «ОКСЮМОРОН, оксиморон (греч. *οχυμορον*) – стилистическая фигура, состоящая в сочетании несочетаемого по смыслу; противоречивое единство, разновидность парадокса. Оксюморон считают также разновидностью антитезы, однако антитеза есть противопоставление понятий и явлений, их принципиальное разграничение, т.е. ее функция фактически противоположна функции оксюморона» (Терминдер мен ұғымдардың әдеби энциклопедиясы, 2001: 690-691) деген анықтама берген. Демек, оксюморон мағынасы сәйкес келмейтін тіркестерден құралған стилистикалық фигура, қарама-қайшы ұғымдардың бірлігі, парадокстің түрі. Сонымен қатар оксюморонды антитезаның бір түрі деп те санайды. Бірақ антитеза бір-біріне мүлде қарама-қарсы ұғымдар көрінісі. Ал оксюморон қарама-қарсылықтың бірігіп бір стилистикалық фигураға айналуы. Көріп тұрғанымыздай элем әдебиетінде М. Сервантес, У. Уитмен, орыс әдебиетінде М.Ю. Лермонтов, А.С. Пушкин, А. Ахматова, В.А. Жуковский, Б.Л. Пастернак сияқты белгілі ақын-жазушылар өмірдің құпия тылысымын, адамның нәзік жан дүниесін ерекше түйсікпен сезіне бейнелеу шеберлігін оксюморон арқылы әйгілей алды.

Қазақ әдебиетінде зерттеуші А.Е. Жүсіпов «Қазіргі қазақ тіліндегі қарама-қарсылықтың коннекторлары» деп аталатын еңбегінде: «Оның бірінші бөлігі грек тілінен аударғанда «оксю» – «өткір» деген мағынаны, ал «морон» – «ақымақтық» деген мағынаны білдіреді» (Жүсіпов, 2011: 15) де, «аңғырт тапқырлық» оксюмороны пайда болады деген пікір білдірген. Бұл жерде оксюморонның негізгі ерекшелігі екі сөздің тіркесуі нәтижесінде екі ұғым да ішінара мағынасын жоғалтып, жаңа мағына қалыптасуында.

Оксюморонға семантикалық және құрылымдық тұрғыдан берілген әртүрлі анықтамаларды салыстырмалы түрде қарастырдық, мысалы, И.Б. Бурдонов өз еңбегінде: «сөздердің бірбіріне ыңғайласуы», «әр түрлі сөздер арасында жаңа туыстықтың тууы» деген анықтамаларды Ю. Тыняновтың «Проблема стихотворного языка» еңбегінде кездестіреміз. Ғалым Б. Эйбенхаумның ойынша оксюморон де-



геніміз сөздер арасындағы «корреспонденция». В. Григорьев оксюморонды «мағына жақындығы», «бір лексема мағынасының басқа бір лексемада көрінуі» (Жүсіпов, 2004: 27) деп оксюморон туралы зерттеген ғалымдардың еңбектерін саралайды. Барлық анықтамалардың ішінен Ю. Левин, Д. Сегал, Р. Тимменчик, В. Топоров, Т. Цивьян сияқты бірнеше ғалымның мақұлдауымен оксюморон – лексемалардың «синонгтенуі», «лексемалардың өзара мағыналық қасиеттерімен алмасуы» (Левин, Сегал, Тименчик, Топоров, Цивьян, 1974: 49) анықтамасы басқаларымен салыстырғанда әлдеқайда көп пайдаланылады деп есептейміз.

Бұл құбылыстың анықтамасы, зерттелуі, қызметі тәрізді күрделі тақырыптарға өтпес бұрын ғалымдар оның атауы қалай жазылады және қалай айтылады деген сұрақтарға тоқталуы қажет. Оксюморон немесе оксиморон. Біздің зерттеуіміз бойынша екі түріне де рұқсат берілген. Соған қарамастан бір ғалымдар бірінші түрін тандаса, өзгелері екінші түріне тоқталады. Ғалымдар арасында осындай даулардың туындау себебі грек әрпінің «*ύ*» (ипсилон) қалай оқылуына байланысты. Қазіргі терминологияда грек тілінен шыққан жазылудың екі түрі де қолданылады:

1. «жаңа жүйе» – грек сөздерінің латын тіліне ауысуына сай және ежелгі гректік айтылымды бейнелейді;

2. «ескі жүйе» – грек сөздерінің славяндық шіркеу тіліне ауысуына сай және жаңа гректік айтылымды бейнелейді.

Жаңа жүйеде ипсилон *и/ю/в* түрінде оқылса, ескі жүйеде тек *и/в* түрінде ғана оқылады. Сол себепті ресми түрде «оксюморон» тек жаңа жүйеге сай келетін болса, «оксиморон» – екі жүйеге де сай. Екі түрдің ғаламторда қолданылу жиілігіне үңілсек оксюморонға – 93 700 сілтеме (80%), ал оксиморонға – 22 700 сілтеме (20%). Сол себепті біз де өз ғылыми жұмысымызда оксюморон тіркесін пайдаланғанымыз жөн деген қорытындыға келдік.

Үлкен энциклопедиялық сөздікте: «Жасампаздықты, дамуды білдіретін Хари яки Вишну және жойымпаздықты танытатын Хара, яки Шива тұтастығының символдық мәніне үңілер болсақ, «Бір тірі заттың екі маңызды құрамдас бөлігін құрайтын бір-біріне қарама-қарсылықтардың қосылысы ретіндегі Хари-Хара өмірдің өзі екен: Олар біздің әрқайсымыздың бойымызда бар. Алайда, оның көрінуін селт етпестен көтеруге, шыдауға кім қабілетті? Қайшылық тірілткен саңылаусыз бетперде қарама-қарсы күштердің – бір мезгілде, жойылу мен дамудың шетін, ішкі ширығуын мазда-тып отырады... Хари-Хара – бұл болмыс символы, күллі тіршілік иелерінің ішінде болатын тірі диада» (Норман, 2005: 94). Бұл Үнді халқы туралы мысал болса, осыған ұқсас дүние қазақ әдебиетінде де бар. Қазақ ауыз әдебиетінде бұрыннан келе жатқан «Аяз би» ертегісінен де қарама-қарсылықтың ерекше түрін байқауымызға болады. Уәзірлердің «Адамның жаманы» деп ертіп келген адамы, қырық уәзірден асып түседі. Ханды ақылдылығымен таңқалдырған Жаман оның уәзіріне айналады.

Диада сөзінің мәнін түсіндіре кетсек, грек тілінде екілік, екі жақтылық деген ұғымды береді (Философиялық энциклопедиялық сөздік, 1983: 19). Диада – адам өмірінің шетке ысырылмайтын шындығы. Бүкіл ғұмыр екі жақтылыққа, соның негізінде туындайтын күреске, қозғалыс пен дамуға негізделеді.

Мифологиялық диаданың мәдени санадағы, көркемдік кеңістіктегі көрінісі түрлі поэтикалық тәсілдер мен тілдік-стильдік ұғымдардың қалыптасуынан танылады.

Лирикалық поэзияда адамның жан дүниесін қозғайтын кереғар сезімдер тартысы, ойлар қақтығысы қоршаған орта мен жан әлеміндегі қайшылықтар бір құбылыс, біртұтас бейнелеудің бойына сыйдырылып, бір ойдың тетігіне айналу түрінде көрінді. Қарама-қайшы түсініктердің тіркесуін, яки бір поэтикалық бірлікте үйлесуін сипаттайтын «оксюморон» әуелгі ұғымда «әсіре мағынасыздық» түріндегі антикалық стилистика термині ретінде таныс болса, енді оны қарама-қайшы ойлар мен сезімдер тартысын тұтастыра, үйлестіре берген поэтикалық тәсіл түрінде танығанымыз жөн.

«Оксюморонды стилистикалық тәсіл ретінде әдебиет классиктері де пайдаланды, қазіргі қаламгерлер де пайдалануда. Оксюморон көркем сөздің эмоциялық әсерлілігін арттырып, қарама-қайшылықтың бірлігін әйгілейді» (Аймұхамбет, Кішкенбаева, 2014: 2). Осы тұжырымға сүйенер болсақ, оксюморонның туындауына, стилистикалық тәсіл ретінде көркемдік кеңістіктен орын алуына диаданың негіз болғанын бағамдау қиын емес.

Оксюморонның поэтикадағы ерекшелігі туралы жазған орыс ғалымы Э.Г. Шестакова оксюморонды лингвистикалық тұрғыда қарастыру оны тіл жұтандығы мен қарабайырлыққа алып келеді деп санайды (Шестакова, 2009: 62). Қазақ прозасы мен поэзиясында оксюморонның шебер қолданылу ерекшелігіне көз жеткізгендіктен, әдеби шығармалардан зерттеу өте маңызды деген шешімге келдік. Оксюморонның троптық мәнін толық түсіну үшін оны тарихи-мәдени, әдеби дамумен тұрақты байланыста талдау қажет. Бұл байланыс троптың жалпылама астары арқылы жүзеге асады.

Оксюморонға әдебиеттану сөздігінде берілген анықтамаға тоқталар болсақ: «Оксюморон немесе оксиморон (грек. *Охуμορον* – сөзбе-сөз мағынасын аңғартатын тапқырлық), бірін-бірі теріске шығаратын қайшы ұғымдардан, мағынасы жағынан қарама-қарсы сөздерден құралып, соншалықты соны, тапқырлық, көркемдік әсер, образды ұғым тудыратын біртұтас сөз тізбегі, стильдік тәсіл. Мысалы: тірі өлік, шал жігіт, алпыстағы бозбала, дәрменсіз алып, жақсы өлім, т.б.» (Әдебиеттану. Терминдер сөздігі, 2006: 135). Сөздікте оксюморонның мағыналық ерекшелігіне, жасалу тәсіліне жете мән берген.

Қазақ әдебиеттануында ғалым А. Айғабылұлы тілімен айтатын болсақ: «Кейде сөз шеберлері қарама-қарсы ұғымдарды қатар синтаксистік тіркеске түсіріп, оксюморон жасау үшін де антонимдерді қолданады. Бұл әдіс көркем әдебиетте айтайын деген ойды көрнекілікпен салыстырып, нақтылап аша түсуге көмек береді» (Айғабылұлы, 2007: 27) дей келе мынандай мысалдар келтіреді:

Алматының үстінде ұшып жүрген аққулар,  
Қанаттарыңда сендердің сағыныш бар, **тәтті у бар.**  
(Т. Молдағалиев)

«Тәтті» сөзінің философиялық мағынасы – өмірдің рахаты, бақыты. Яғни осы өмірдегі қуаныштың символдық жалпылама атауы. Ал осы өлеңде кездесетін «тәтті у» оксюмороны ой тереңдігін танытуда үлкен рөл атқарып тұрғанын байқаймыз.

Ел ұмытпас ерінің дұрыс ісін,  
Бір буынның бірегей ірісісің.  
Бақытсызбын – **тірідей өлгендер** көп,  
Бақыттысың – **өлгеннің тірісісің.**  
(Қ. Мырзалиев)



«Тірі – өлі» антонимінің тіркесуі негізінде туындаған оксюморон бірсыпыра бейнелі ойға арқау болды. Алтын Орда дәуірінің ақыны Құтып «Қалың жұрт екіге бөлінеді: ұқпаған – өлік, түсінген – тірі» (Али-заде, 2007: 83) деген. Тірі өлік оксюморонының поэзияда тұрақты түрде қолданылуының өзі бұл ұғымның адам баласы үшін маңыздылығын көрсетеді.

Ақын Г.Салықбай «Пенелопа екеуміз» (Салықбай, 2012:192) өлеңінде лирикалық кейіпкердің арман- мұратын келесі жолдармен бейнелейді:

Біреулерге **өліден де өліміз**,

Біреулерге **тіріден де тіріміз**, -

Қ. Мырзалиевтегі «тірідей өлі», «өлгеннің тірісі» оксюмороны Г. Салықбайда «өліден де өлі», «тіріден де тірі» болып өзара ұқсас оксюморондар тізбегін құрайды. Сол арқылы лирикалық кейіпкердің хал-ахуалын, сезім халін аңғартады.

Өмір сүріп жүрміз бе не әлі біз?!

Жетпей жатып өзімізге әліміз.

Тірілердің тепкісінде жүретін,

«Тірі өлікпіз», айтыңдаршы, бәріміз!

Біз өлікпіз. Құдайымыз – тірілер,

(Тірілер де тап бір күні тілінер)

Ал, әзірше тілін тапқан тірінің,

«Тірі өліктен» тіршілікке ілінер (Ақан, 2015: 1), – деп жырлаған Марғұлан Ақан атты жас ақынның «Тірі өлік және тірілер...» атты өлеңінде мәселе «тірі өлік» оксюморонынан өрбіп, бүгінгі адамзаттық, ұлттық өзекті мәселе көтеріледі. Өмірден теперіш көрсе де, тірілерге, яғни билікке қарсы келе алмайтын жанның өліктен кем емес екенін көрсете алды, ал Г. Салықбай бұл ойды «өліден де өліміз» деген сөзбен жеткізіп берді. Бұл жерде оксюморон құбылысының айтылар ойды айшықтап жеткізудегі дәстүрлі жалғасын танымыз. Үш буын ақындарының өлеңдеріндегі бір бейнелеу осылайша тұтас бір жүйені құрап көркемдік кеңістікте адам болмысының табиғатын, қат-қабат сырын ашып беруге қызмет етеді.

Көркем мәтін деңгейінде тірі өліктің оксюморондық көрінісі ешқандай күмән тудырмайды, оның үстіне ол барлық ғылыми және оқу әдебиеттерінде дерлік оксюморонның классикалық үлгісі болып табылады. А.С. Пушкиннің өлеңін қарастырып көрейік:

И день настал. Встаёт с одра

Мазепа, сей страдалец хилый,

Сей **труп живой**, ещё вчера

Стонавший слабо над могилой (Пушкин, 1985-1986: 88)

Бұл жерде тірі өлік – өтіріктің, келеке мен мазақтың ирониялық көрінісі. Тірі өлік тіркесі әлсіз, ыңыранған адам сөздерімен қатар келіп, Мазепа атты кейіпкердің өмірін сипаттап тұр. Бұл жағдайда тірі өлік эмоционалды боялған өрнекке айналады. Сондықтан өлеңдегі тірі өліктің көрінісі оксюморондық мағынаны жүзеге асыру мүмкіндігін жоғалтып, толығымен иронияға айналады.

А.С. Пушкиннің Наполеонға арналған «Герой» өлеңінде де тірі өлік образын кездестіреміз:

Одров я вижу длинный строй,  
Лежит на каждом **труп живой**,  
Клеймённый мощною чумою,  
Царицею болезней... он [Наполеон],  
Не бранной смертью окружён,  
Нахмурясь ходит меж одрами  
И хладно руку жмёт чуме  
И в погибающем уме  
Рождает бодрость... (Пушкин, 1985-1986: 88)

Алдыңғы мысалға қарағанда мұнда оксюморондық мағына бар, себебі бұл жағдайда тірі өлік тіркесі арқылы өмір мен өлімнің арасында жатқан адамның көрінісі суреттеледі. Ал өмір мен өлім қатар болса, азапты жанның санасында арманның, торығу мен үміттің теңдігі туады.

Қазақ тілінің стилистикасы оқулығында: «Оксюморон мағынасы қарама-қарсы сөздер өзара тіркесіп, бір ұғымды білдіреді» деген анықтама беріліп, мынадай мысалдар келтірілген, тірі өлік (тірі аруақ), тірі жетім, жаман жақсы көру, уәдеден шығу (уәдесінде тұрды деген мағынасында айтылады), жіпсіз байлану, пышақсыз бауыздау, сондай-ақ, қайырсыз пайдадан қайырлы залал, тікеннен гүл, заһардан бал, қарға баласын аппағым дер, кірпі баласын жұмсағым дер, мен – тұмаған балаға кіндік шеше, қашпаған қашар сиырдың уызына, өгіз бұзаулағанда, ешкінің құйрығы көкке, түйенің құйрығы жерге жеткенде дегендердің әзіл-ойын аралас келетін сөйлеу тілі фразеологизмдерінің оксюморонға ұқсастығы байқалады (Балақаев, Жанпейісов, Томанов, Манасбаев, 2005: 110). Бұл ретте оксюморонның жаңа концепция жасаудан тұратын бейнелі сөйлеу әдістемесі екендігіне баса назар аударылады. Автор оксюморонды лингвистикалық және стилистикалық аспектіде қарастырады.

Энциклопедия, анықтағыш, қысқаша анықтама беретін әдебиеттерден бөлек алғанда қазақ тілінде оксюморон термині бірнеше адамдардың ғана еңбектерінде кездеседі. А.Е. Жүсіпов «Оксюморон – амбивалентті бағалауыштықтың көрінісі» (Жүсіпов, 2007: 83) атты мақаласында оксюморонды эпитетке жақын тәсіл деп береді. Эпитет сияқты оксюморон автордың нәрсеге немесе құбылысқа деген субъективті көзқарасын жеткізу үшін қолданылады (Турсунова, 1974: 110-112). Осындай ұқсастықты басшылыққа алған кей зерттеушілер оксюморонды эпитеттің бір түрі ретінде қарастырады. Сонымен қатар ғалым өз диссертациясында оксюморонды қарама-қарсылықтың коннекторы ретінде көрсетіп, оның түрлеріне, жасалу жолдарына тоқталады. Ал Ж.Қ.Әділбекова және Н.А.Ырсымбетовалар «Антонимдердің көркем мәтіндегі көріктеушілік қызметі» атты мақаласында оксюморонды шендестірудің бір түрі ретінде қарастырады (Әділбекова, Ырсымбетова, 2001: 60). Оксюморон шығарма құрылымында көркем сөздің эмоциялық мәнін күшейтіп, қарама-қарсылықтың тұтастығын танытады. Сол арқылы оқиға желісінің ширығуы, шиеленісуі көрсетіліп, кейіпкердің болмысы ашылады.

Орыс тіл білімінің ғалымдары оксюморонды мағыналық жағынан сипаттау барысында XIX-XX ғасырда жазылған 50-ден астам автордың поэтикалық шығармаларына, жазбаларына, хаттарына сүйенген. Зерттеушілердің ойынша оксюморон қызметі көбіне лирикалық поэзиядан көрінеді.

Аристотельдің бейнелеу парадоксының шегінен шығып, барокко суретшілері, керісінше, өнердің толық өзгертуші күшін ашу үшін өз субъектілерінің төмендігін, тіпті қорқыныштылығын әдейі пайдаланғысы келді (Чикет, 2021: 618). Барокко эстетикасы тұрғысынан қарайтын болсақ, мұнда «әдемі ұсқынсыздық» бірде парадокс, бірде оксюморон болады.

1821 жылы Н. Остолопов құрастырған «Ежелгі және жаңа поэзия сөздігі» кітабында: «Егер бірнеше метафора қатар келсе, онда олардың құрамында орайласпайтын ойлардың болмауын қарастыру қажет. Ондай жағдайда от пен су бірге бола алмайтыны сияқты метафора да әділетсіз болады...» деп жазады (Остолопов, 1821: 112). Көріп отырғанымыздай, XIX ғасырдың басында оксюморон жеке поэтикалық құбылыс ретінде ерекшеленбейді және нақты анықтамасы жоқ, негізгі троп түрлерінің бірі метафораның мысалы ретінде ғана қарастырылған. Яғни оксюморонның троптық табиғатын анықтаған Н. Остолопов деп айтуға негіз бар. Сонымен қатар ол оксюморонның негізгі ерекшелігі туралы: «оксюморон ойлардың әділетсіз, бұрыс қосындысы – бұзушылық болып есептеледі, ойға қонымсыз болуына байланысты оның шығармашылық туындылар құрамында кездесуге хақы жоқ», – деп оксюморонның көркем шығарма мазмұнында кездесуіне қарсылық білдіреді. Дегенмен де біз Н.Остолоповтың соңғы ойымен келіспейміз. Оксюморон құбылысы қаншалықты бұрыс қосынды болғанмен, ол көркем туындының ажарын, таным тереңдігін, автордың суреттеп отырған оқиғаға, кейіпкерге қатысты ой-пікірін айқындайды, сондықтан біз оксюморонның көркем шығармадағы рөлін жоққа шығара алмаймыз.

XIX ғасырдың В. Дальдің «Ұлы орыс тілінің сөздігі» (1880-1882), «Үлкен энциклопедия», С.Н. Южаков редакциясымен басылып шыққан «Әртүрлі білім салалары бойынша қол жетімді мәліметтер сөздігі» (1896), Ф.А. Брокгауз, И.А. Ефронның «Энциклопедиялық сөздік» (1897), «Гранат орыс библиографиялық институтының энциклопедиялық сөздігі» (1910-1920) сияқты белгілі сөздіктерінің құрамында оксюморон туралы мақалалар жоқ.

Брусенская Л.А., Гаврилова Г.Ф., Малычева Н.В. атты ғалымдардың авторлығымен жазылған “Учебный словарь лингвистических терминов” сөздігінде оксюморон құбылысы былай сипатталады: “Оксюморон – семантическая фигура слова, состоящая в приписывании понятию несовместимого с этим понятием признака, в сочетании противоположных по смыслу понятий, которое представляется абсурдным, но на деле вскрывает противоречивую природу объекта описания: *живой труп, молодые старички, спешит медленно*. Эта фигура создается на основе антонимии” (Брусенская, Гаврилова, Малычева, 2005: 23).

Дәстүрлі түрде оксюморонды бір біріне қарама-қарсы лексикалық бірліктерден тұратын стилистикалық фигура ретінде қарастыратын О.С. Ахманованың лингвистикалық терминдер сөздігіне сай, «оксюморон» (греч. *οξυμορον* – остроумно-глупое) – екі антонимдік түсініктің қосындысынан тұрады. Мысалы: «тәтті ауру». Бұл жерде, әрине, себеп-салдар логикасы негізінде өзара әрекеттесетін оксюморон анықтамасының таза лингвистикалық категорияларына баса назар аударылады.

Л.И. Тимофеева мен С.В. Тураеваның «Әдебиеттану терминдер сөздігінде» оксюморон көркемдегіш троп ретінде қарастырылады – «мағынасы жағынан қарама-қарсы

сөздердің, түсініктердің қосылуы нәтижесінде пайда болатын жаңа мағыналық сапа». З.В. Кравченко «Наблюдение над оксюморонами в русском языке» атты мақаласында жалпы оксюморондардың мағынасына тоқталады (Курегян, 2007: 6). Автордың ойынша, оксюморон адамның сыртқы келбетін, сезімін, көңіл-күйін білдіре алады. Мұнда оксюморонның көркем шығармадағы кейіпкер психологиясына қатыстылығын анық байқаймыз. Себебі, бұл мақалада оксюморон көркемдік троп түрінде қарастырылып, бейнелеу мен эстетикада күшті екені айқындалады. Көркемдік мәнерлік пен бейнелілікке баса назар аударылады, соның арқасында көркем шығарманың мағынасы байиды.

**Зерттеудің құндылығы.** Зерттеудің барысында қол жеткен нәтижелер мен тұжырымдарды әдебиеттану, әдебиет теориясы бойынша арнайы курстарда, семинарларда теориялық және практикалық материал ретінде пайдалануға болады. Зерттеуде талдау жасалған деректерді әр түрлі түсіндірме және тақырыптық сөздіктер құрастыруда қосымша материал ретінде қолдануға болады.

**Қорытынды.** Оксюморон көркем шығармадағы автор мен кейіпкер арақатынасын танытуға және автор позициясын айқындауда маңызды рөл атқарады. Сондай-ақ суреткердің ұшқыр қиялы мен нәзік сезім-түйсігін бейнелеп көрсету құралы екенін айқындадық. Поэтика категориясы ретінде оксюморонның қазақ және орыс тілдеріндегі ерекшелігін қарастыра отырып, олардың қызметі ортақ екенін байқадық. Ақындардың өз өлеңдерінде «тірі өлік» оксюморонын қалай пайдаланғанын көрсете отырып, оның кейіпкер психологиясын, ақынның сезімін жеткізудегі қызметін анықтадық. Осылайша, оксюморон – бұл шындықты сипаттау мен құрудың нормативтік жағымен тығыз байланысты құбылыс. Бұл байланыс шындықтың эстетикалық және эмоционалды-психологиялық көзқарасындағы өзгерістің көрсеткіші ретінде қызмет етеді.

**Кажытай Б.К.<sup>1</sup>, Оразбек М.С.<sup>2</sup>**

*Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева,  
Астана, Казахстан.*

*E-mail: k\_azhytay@mail.ru, makpal\_zere@mail.ru  
ORCID: 0000-0002-2635-702X, 0000-0002-0703-3142*

### **Оксюморон – поэтическая категория**

**Аннотация.** В данной статье раскрывается специфика оксюморона как феномена поэтики, а также определяется сущность оксюморона на основе работ лингвистов, психологов, литературоведов и философов. Определение поэтических особенностей оксюморона следует начинать, прежде всего, с систематизации взглядов на его природу. В связи с этим, используя формально-логический метод систематизации материала, мы рассмотрели определения, данные оксюморону в научно-методической литературе, базовых словарях и энциклопедиях со справочными материалами. Эти определения обычно служат общим подходом, основанным на исследованиях авторов учебных пособий и исследовательской литературы.

Такой принцип систематизации позволяет, во-первых, проконтролировать основные моменты формирования представления об оксюмороне как поэтической категории, во-вторых, выявить актуальные для исследователей семантические, стилистические, структурно-логические, художественно-поэтические аспекты анализа оксюморона, выявляет принципы и закономерности сравнения и уточняет его сущность.

**Ключевые слова:** оксюморон, противоречие, диада, поэтический оксюморон, стилистический прием.

**Kazhytay B.K.<sup>1</sup>, Orazbek M.S.<sup>2</sup>**

*L.N. Gumilyov Eurasian National University*

*Astana, Kazakhstan*

*E-mail: k\_azhytay@mail.ru, makpal\_zere@mail.ru*

*ORCID: 0000-0002-2635-702X, 0000-0002-0703-3142*

### **Oxymoron – poetic category**

**Abstract.** This article reveals the specifics of the oxymoron as a phenomenon of poetics and defines the essence of the oxymoron based on the works of linguists, psychologists, literary critics and philosophers. The definition of the poetic features of the oxymoron should begin, first of all, with the systematization of views on its nature. In this regard, using the formal-logical method of systematization of the material, we examined the definitions given to the oxymoron in the scientific and methodological literature, basic dictionaries and encyclopedias with reference materials. These definitions usually serve as a general approach based on the research of the authors of textbooks and research literature.

This principle of systematization allows, firstly, to control the main points of the formation of the idea of the oxymoron as a poetic category, and secondly, to identify semantic, stylistic, structural-logical, artistic-poetic aspects of the analysis of the oxymoron that are relevant to researchers, identifies the principles and patterns of comparison and clarifies its essence.

**Keywords:** oxymoron, contradiction, dyad, poetic oxymoron, stylistic device.

#### **Информация об авторах:**

**Кажытай Балнур Кызырбековна**, докторант Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, *k\_azhytay@mail.ru*, ORCID 0000-0002-2635-702X

**Оразбек Мактагул Социалкызы**, доктор филологических наук, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, *makpal\_zere@mail.ru*, т.8-7051810177, id Scopus 56184747600, ORCID 0000-0002-0703-3142

#### **Әдебиеттер:**

Айғабылұлы А. Қазақ тілі лексикологиясы. – Алматы: Зият Пресс, 2007. – 66 б. (қаз).

Аймұхамбет Ж., Кішкенбаева Ж. Мифологиялық және поэтикалық «диада» //3. Ахметовтің ғылыми зерттеулері және қазіргі әдебиеттанудың теориялық мәселелері. Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Астана: Л.Н.Гумилев ағындағы ЕҰУ баспасы, 2013. – 110-115 б. (қаз).

Ақан М. «Тірі өлік» және тірілер... 2015, 1 б. [https://vk.com/wall282460137\\_20](https://vk.com/wall282460137_20) (қаз).

Али-заде А.А. Құтып // Ислам энциклопедиялық сөздігі. – М.: Аңсар, 2007. – 243 б. (орыс).

Әдебиеттану. Терминдер сөздігі. Үшінші басылуы. Семей-Новосибирск: Талер-Пресс, 2006. – 398 б. (қаз).

Әділбекова Ж.Қ., Ырсымбетова Н.А. Антонимдердің көркем мәтіндегі көріктеушілік қызметі // Қазақстанның ғылыми әлемі. №2 (36), 2001. – 22-24 б. (қаз).

Балақаев М., Жанпейісов Е., Томанов М., Манасбаев Б. Қазақ тілінің стилистикасы. Оқулық, 3-басылым. – Алматы: Дәуір, 2005. – 256 б. (қаз).

Брусенская Л.А., Гаврилова Г.Ф., Малычева Н.В. Лингвистикалық терминдердің оқу сөздігі. – Ростов-на-Дону: Феникс, 2005. – 134 б. (орыс).

Жүсіпов А.Е. Амбивалентті-бағалауыштық тіркестер // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы, №4 (103) 2007. – 84-88 б. (қаз).

Жүсіпов А.Е. Қазіргі қазақ тіліндегі қарама-қарсылықтың коннекторлары. ҚДА., – Астана: ЕҰУ баспасы, 2004. – 33 б. (қаз).

Жүсіпов А.Е. Тұрақты тіркестердің қайшылық туындатудағы лексикалық, грамматикалық прагматикалық көрінісі // ҚазҰУ хабаршысы. – Филология сериясы, №1 (131) 2011. – 33-36 б. (қаз).

Курегян Г.Г. Оксюморонның лингвопрагматикалық статусы (орыс тілі материалы бойынша). – Пятигорск, 2007. – 14 б. (орыс).

Левин Ю.И., Сегал Д.М., Тименчик Р.Д., Топоров В.Н., Цивян Т.В. Орыс семантикалық мәдени парадигмасы // Орыс әдебиеті (Гаага). 1974. № 7-8. – 49–51 б. (орыс).



- Норман Д. Мифологиядағы символизм. Кітапта: Әлемдік мәдениеттану ой-санасы. Он томдық. 2-том. Мифология. Құрылымы мен рәміздері. – А.: Жазушы, 2005. – 568 б. (орыс).
- Остолопов Н. Ежелгі және жаңа поэзия сөздігі: 3 бөлімді /– Санкт-Петербург, 1821. – 73 б. (орыс).
- Пушкин А.С. Шығармалар жинағы: 3 том. – М.: Көркем әдебиет, 1985–1986. – 528 б. (орыс).
- Салықбай Г. Кешіріндер келгенімді өмірге. – Алматы: «Қазығұрт», 2012. – 192 б. (қаз).
- Терминдер мен ұғымдардың әдеби энциклопедиясы/ Ред. А.Н. Николокина. РФА қоғамдық ғылымдар бойынша ғылыми ақпарат институты. – М.: НПК «Интелвак», 2001. – 1600 б. (орыс).
- Турсунова Л. XX ғасырдағы ағылшын көркем әдебиеті тіліндегі эпитеттің құрылымдық түрлері мен стильдік қызметі. Москва, 1974. – 198 б. (орыс).
- Философиялық энциклопедиялық сөздік. – М.: Совет энциклопедиясы. Бас ред.: Ильичёв Л.Ф., Федосеев П.Н., Ковалёв С.М., Панов В.Г. 1983. – 109 б. (орыс).
- Чикет О. Италияндық Қайта өрлеу өнеріндегі Сұлулық пен деформация: Антитеза, Парадокс, оксюморон және карама-қайшылықтардың сәйкес келуі // Өнер теориясы мен тарихының өзекті мәселелері: Мақалалар жинағы. Т. 11. Ред. А.В. Захарова, С.В. Мальцева, Е.Ю. Станюкович-Денисова. - Санкт-Петербург: Санкт-Петербург университеті. Баспасөз, 2021, – 618-625 б. ISSN 2312-2129. <http://dx.doi.org/10.18688/aa2111-06-49> (ағылш).
- Шестакова Э.Г. Оксюморон поэтика категориясы ретінде – Донецк: НОРД-ПРЕСС, 2009. – 209 б. (орыс).

### Литература:

- Адилбекова Ж.К., Ырсымбетова Н.А. Функция антонимов в художественном тексте // Научный мир Казахстана. №2 (36), 2001. – 22- 24 с. (каз).
- Айгабылулы А. Лексикология казахского языка. – Алматы: Зият Пресс, 2007. – 66 с. (каз).
- Аймухамбет Ж., Кишкенбаева Ж. Мифопоэтическая «диада» // 3. Ахметов и теоретические проблемы современного литературоведения. Материалы международной научно-теоретической конференции. - Астана: Изд-во ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2013. –110-115 с. (каз).
- Ақан М. «Живой мертвец» и живые... 2015. – 1 с. [https://vk.com/wall282460137\\_20](https://vk.com/wall282460137_20) (каз).
- Али-заде А.А. Кутб // Исламский энциклопедический словарь. – М.: Ансар, 2007. – 243 с. (рус).
- Балакаев М., Жанпеисов Е., Томанов М., Манасбаев Б. Стилистика казахского языка. Учебник, 3-е издание – Алматы: Дауир, 2005. – 256 с. (каз).
- Брусенская Л.А., Гаврилова Г.Ф., Малычева Н.В. Учебный словарь лингвистических терминов. – Ростов-на-Дону: Феникс, 2005. – 134 с. (рус).
- Жусипов А.Е. Амбивалентные-оценочные фразы // Вестник КазНУ. Филологическая серия, №4 (103) 2007. – 84-88 с. (каз).
- Жусипов А.Е. Коннекторы противоречий в современном казахском языке. КДА., - Астана: Изд-во ЕНУ, 2004. – 33 с. (каз).
- Жусипов А.Е. Лексическое, грамматическое и прагматическое выражение устойчивых выражений при образовании противоречий // Вестник КазНУ. - Филологическая серия, №1 (131) 2011. – 33-36 с. (каз).
- Куреган Г.Г. Лингвопрагматический статус оксюморона (на материале русского языка). АКД. – Пятигорск, 2007. – 14 с. (рус).
- Левин Ю.И., Сегал Д.М., Тименчик Р.Д., Топоров В.Н., Цивьян Т.В. Русская семантическая культурная парадигма // Русская литература (Гаага). 1974. № 7-8. – 49–51 с. (рус).
- Литературная энциклопедия терминов и понятий / Под ред. А.Н.Николокина. Институт научной информации по общественным наукам РАН. – М.: НПК «Интелвак», 2001. –1600 с. (рус).
- Литературоведение. Словарь терминов. Третье издание. Семей – Новосибирск: Талер-Пресс, 2006. – 398 с. (каз).
- Норман Д. Символизм в мифологии. В кн.: Мышление мировой культуры. Десять томов. Том 2 Мифология. Структура и символы. – А.: Жазушы, 2005. – 568 с. (рус).
- Остолопов Н. Словарь древней и новой поэзии: в 3-х частях /– Санкт-Петербург, 1821. –73 с. (рус).
- Пушкин А.С. Собрание сочинений: в 3-х т. – М.: Худ. лит., 1985 – 1986. – 528 с. (рус).
- Салықбай Г. Простите за то, что родилась. – Алматы: «Қазығұрт», 2012. – 192 с. (каз).
- Турсунова Л. Структурные типы и стилистические функции эпитета в языке английской художественной литературы XX века. Москва, 1974. – 198 с. (рус).

Философский энциклопедический словарь. – М.: Советская энциклопедия. Гл. редакция: Ильичёв Л. Ф., Федосеев П. Н., Ковалёв С. М., Панов В. Г. 1983. – 109 с. (рус).

Чикет О. Красота и уродство в искусстве итальянского Возрождения: антитеза, парадокс, оксюморон и совпадение противоположностей. Актуальные проблемы теории и истории искусства: Сборник статей. Т. 11. Под ред. А. В. Захаровой, С. В. Мальцевой, Е. Ю. Станюкович-Денисовой. – Санкт-Петербург: Санкт-Петербургский университет. Пресса, 2021. – 618-625 с. ISSN 2312-2129. <http://dx.doi.org/10.18688/aa2111-06-49> (англ).

Шестакова Э.Г. Оксюморон как категория поэтики. – Донецк: НОРД-ИРЕСС, 2009. – 209 с. (рус).

### References:

Adilbekova Zh. K., Yrsymbetova N.A. (2001) The function of antonyms in a literary text // Scientific world of Kazakhstan. №2 (36). – 22-24 p. (in Kaz).

Aigabyluly A. (2007) Lexicology of the Kazakh language. - Almaty: Ziyat Press. – 66 p. (in Kaz).

Aimukhambet Zh., Kishkenbayeva Zh. (2013) Mythopoetic “dyad” // Z. Akhmetov and theoretical problems of modern literary criticism. The material of the international scientific and theoretical conference. - Astana: Publishing House of L.N. Gumilev ENU. – 110-115 p. (in Kaz).

Akan M. (2015) “The Living Dead” and the living... – 1 p. [https://vk.com/wall282460137\\_20](https://vk.com/wall282460137_20) (in Kaz).

Ali-zade A.A. (2007) Qutb // Islamic Encyclopedic dictionary. – М.: Ansar. – 243 p. (in Rus).

Balakaev M., Zhanpeisov E., Tomanov M., Manasbayev B. (2005) Stylistics of the Kazakh language. Textbook, 3rd edition Almaty: Daur. – 256 p. (in Kaz).

Brusenskaya L.A., Gavrilova G.F., Malycheva N.V. (2005) Educational Dictionary of Linguistic Terms. – Rostov-on-Don: Phoenix. – 134 p. (in Rus).

Chiquet O. (2021) Beauty and Ugliness in Italian Renaissance Art: Antithesis, Paradox, Oxymoron and Coincidence of Opposites. Actual Problems of Theory and History of Art: Collection of articles. Vol. 11. Eds A. V. Zakharova, S. V. Maltseva, E. Iu. Staniukovich-Denisova. — St. Petersburg: St. Petersburg Univ. Press. – 618–625 p. ISSN 2312-2129. <http://dx.doi.org/10.18688/aa2111-06-49> (in Eng.).

Kuregyan G.G. (2007) Linguopragmatic status of the oxymoron (based on the material of the Russian language). AKD. - Pyatigorsk. – 14 p. (in Rus).

Levin Yu.I., Segal D.M., Timenchik R.D., Toporov V.N., Tsivyan T.V. (1974) Russian semantic cultural paradigm // Russian Literature (Hague). № 7-8. – 49–51 p. (in Rus).

Literary Encyclopedia of terms and concepts (2001) Edited by A.N.Nikolyukin. Institute of Scientific Information on Social Sciences of the Russian Academy of Sciences. – М.: NPK “Intelvak”. – 1600 p. (in Rus).

Literary studies. Dictionary of terms. Third edition. (2006) Semey-Novosibirsk: Thaler-Press. – 398 p. (in Kaz).

Norman D. (2005) Symbolism in mythology. In: Thinking of World Culture. Ten volumes. Volume 2 Mythology. Structure and symbols. - A.: Zhazushy. – 568 p. (in Rus).

Ostolopov N. (1821) Dictionary of Ancient and New Poetry: in 3 parts /- St. Petersburg. – 73 p. (in Rus).

Philosophical encyclopedic dictionary. (1983) Moscow: Soviet Encyclopedia. Editorial board: Ilyichev L. F., Fedoseev P. N., Kovalev S. M., Panov V. G. – 109 p. (in Rus).

Pushkin A.S. (1985 - 1986) Collected works: in 3 volumes - М.: Hood. lit. – 528 p. (in Rus).

Salykbai G. (2012) Sorry for being born. – Almaty: “Kazygurt”. – 192 p. (in Kaz).

Shestakova E.G. (2009) Oxymoron as a category of poetics. – Donetsk: NORD-PRESS. – 209 p. (in Rus).

Tursunova L. (1974) Structural types and stylistic functions of the epithet in the language of English fiction of the twentieth century. Moscow. –198 p. (in Rus).

Zhusipov A.E. (2007) Ambivalent-evaluative phrases // Bulletin of the Treasury. Philological Series, No.4 (103). – 84-88 p. (in Kaz).

Zhusipov A.E. (2004) Connectors of contradictions in the modern Kazakh language. KDA., - Astana: ENU Publishing House. – 33 p. (in Kaz).

Zhusipov A.E. (2011) Lexical, grammatical and pragmatic expression of stable expressions in the formation of contradictions // Bulletin of KazNU. - Philological series, No. 1 (131). – 33-36 p. (in Kaz).



**Әуесбаева П.Т.**

*М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты*

*Алматы, Қазақстан*

*E-mail: ksaryarka@inbox.ru*

*ORCID ID: 0000-0002-7716-9715*

## **АУЫЗША ӘНГІМЕЛЕРДІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ-ИДЕЯЛЫҚ ЖӘНЕ ПОЭТИКАЛЫҚ СИПАТЫ**

**Аңдатпа.** Мақалада қазақ фольклорындағы ауызша әңгімелердің тақырыптық-мазмұндық жағынан жан-жақты талданып, прозалық фольклордың өзге түрлерінен ажыратылатын жанрлық сипатына тән сюжет пен композициялық құрылымының ерекшелігін таныту көзделді. Ауызша әңгіменің поэтикалық болмысындағы түрлі амал-тәсілдер сан алуан. Солардың қатарында мақал-мәтел, афоризмдер, теңеу, эпитет, метафора, қайталау, риторикалық сұрақтар, лирикалық шегініс, күлкі элементтері (юмор, сатира, ирония, сарказм, сондай-ақ диалог, төл сөз, диалектілік сөз қолданыстары, баяндау, уақыт пен кеңістік) мәселелеріне қатысты ғылыми тұжырымдар жасалды.

Ауызша әңгімелерді жазып алу мен оның басылым түрлеріндегі ерекшеліктерін ескере отырып, белгілі бір оқиғаның айтылу, таралу барысындағы басымдық иеленетін фольклорлық заңдылықтарға баса мән берілді. Бір әңгімешінің өзінен бірнеше қайтара жазып алу барысындағы байқалатын мысалы, композицияда, стильде өзгерістердің болуы, жекелеген детальдардың түсіп қалуы немесе жаңа эпизодтардың қосылуы сияқты жағдайлар ауызша әңгіменің фольклорлық сипатын айқындайтын белгі ретінде айқындалады. Ауызша фольклорлық әңгімелердің өмірбаяндық (автобиографиялық), тарихи және новеллалық түрлерінің жанрлық шарттылығы мен осы жанрлық түрлердің өзара сабақтастықтығын ғылыми негізде қарастыра отырып, әрбір жанрлық түрді құрайтын басты заңдылықтарына көңіл бөлінді. Қазақ халқының тыныс тіршілігіндегі әңгімешілдік дәстүр мен ондағы халықтың таным-түсінігі, салт-дәстүрі және ғасырлар бойғы қалыптасқан тұрмысы мен өмір сүру тәсіліне үлкен өзгеріс әкелген тарихи кезеңдер оқиғаларын бейнелейтін ауызша әңгімелер талдау нысанына алғаш рет ілігіп отыр. Бұл әңгімелер тақырыптық-идеялық, поэтикалық тұрғыдан талданып, сюжеттік негізі мен композициялық құрылымдық бөлшектерінің қызметі жіті талданды.

**Түйін сөздер:** фольклор, ауызша әңгіме, меморат, әңгімеші, тыңдаушы, сюжет, фабула, оқиға, тарих

**Кіріспе.** Қазақ фольклорындағы ауызша әңгіме жанрының негізі ерте замандардан бастау алады. Көшпелі өркениеттің өзіндік ерекшелігінің бірі саналатын ауызша айтылған әңгімедегі таным мен тарихтың, салт пен дәстүрдің, сондай-ақ түрлі кезеңдер оқиғаларының сұлбасы сақталған бұл жанр ертегіге жатпайтын прозалық фольклордың ерекше бір түрі болып табылады.

Ауызша әңгімеде әңгімеші ең алдымен өз жадына сүйенеді, басқа әңгімешіден естіген әңгімелерін саналы, бейсаналы түрде ойда іріктеу арқылы болған оқиға жайында ауызша әңгімелейді. Бұрынғы естіген әңгімесін сол күйінде сақтай ма, әлде кеңейтіп түрлендіре ме, қандай маңызды тұсын бөліп көрсету керектігі әңгімешіге тікелей байланысты. Мәселен, өмірбаяндық әңгімелерде баяндаудың кіріспесі үш түрлі болуы мүмкін. Басында ауызша әңгіме оқиғаға қатысушы, я оқиғаны көзімен көрген адамның атынан баяндалады. Мұндай әңгімелер әңгімешінің өз басынан кешірген әсерлеріне құрылғандықтан, өте шынайы әрі көркем, әсерлі болып келеді. Оларда

баяндау бірінші жақтан баяндалады. Сондай-ақ ауызша әңгімелер орындаушының репертуарына басқа адамдардың айтуы арқылы да енеді. Мұндай жағдайда жеке, дара субъектілік сипаттар көмескіленіп, автобиографиялық сипаты жоғалады және әңгіме басқа әңгімешінің атына телініп, айтып отырған адам жеткізуші ролінде танылады. Мұндай жағдайда мәтін әңгімешіге жақын адамның атынан, үшінші жақтан беріледі. Ал баяндаудың үшінші типінде баяндау нақты адам туралы немесе оқиға туралы автордың тұлғасын танытпай-ақ баяндалады. Кез келген ауызша әңгімені айтушы тек әңгіме айтып қана қоймайды, онда айтылып отырған мәселеге деген өзінің қарым-қатынасын білдіреді және бейнеленетін оқиғаға өзіндік ой-сезімін де қатар өре отырып, өз тұсындағы көптің көңіл-күйін де сипаттайды. Ал әңгімешінің өзінің өмірі туралы айтылатын өмірбаяндық ауызша әңгімелерде орындаушы өзінің биографиясын баяндап қана қоймайды, өмір жолынан тыңдаушылардың назарын аударатын ерекше сәттерін таңдап алып, бірінші жақтан баяндап, жеке басына, айналасына қатысты оқиғаларды еске түсіру арқылы да көптің тілегін, арман-аңсарын жеткізуші болып табылады.

Көптеген автобиографиялық ауызша әңгімелердің мазмұны өткен мен бүгінді қарама-қарсы салыстыруларға арналған. Әңгіменің бұл түрінде орындаушы өзі туралы айта отырып, белгілі бір қоғамда орын алған, өзі белсенді қатысқан, я куәгері болған оқиғаны еске түсіреді, Мысалы, Ұлы Отан соғысы мен азамат соғысының естеліктері үлкендердің жадында осылай сақталған. Мұндай әңгімелер сол кезең оқиғаларына қатысушылардың жады арқылы жеткен бағалы құндылық болып табылады. Әрине ондағы шындық қиял, көркемдеудің арақатынасы жөнінде әңгіме бөлек.

Ал тарихи ауызша әңгімелердегі баяндаудың өзгешелігі: әңгімеде бейнеленетін оқиғалардың тарихи мәні ғана емес, оның айтушының тағдырына қаншалықты әсер еткені басты назарға алынады. Әңгімеші өз өмірінің өткеніне орала отырып, белгілі бір оқиғаға қатыстылығын баяндау барысында өзі туып өскен, я болмаса сапар шеккен өлкенің тарихын танып білуге байланысты маңызды мағлұмат береді.

Әңгіме айтушының ұстанымы кейде оның оқиға кейіпкеріне берілетін бағасы да болуы мүмкін. Әңгімешінің ауызша әңгіменің прототипіне қарым-қатынасы кейіпкердің жағымды-жағымсыз бейнесінде көрініс табуы мүмкін. Ауызша әңгіме дәстүрінің бүгінгі күнделікті өмірде ауқымы тарылғанымен, көпшілік жиналған жердегі көкірегі шежірелі әңгімеші, шежіреші адамдардың көпті үйіріп әкететін әңгіме айта білу өнерінің желісі үзілмеген деуге болады. Бұл – арнайы қарастыруды қажет ететін мәселе.

Ауызша әңгіменің баяндауында әңгімеші үлкен роль атқарады. Әңгімеші алдындағы көріп отырған тыңдаушыларға қарата сөйлегенде өзін қалай қабылдағанын жақтырған-жақтырмағанын бірден сезінеді. Сондықтан дәстүрлі әңгімешілер әдетте өзі жақсы білетін тақырыпты ғана қозғап, әңгімелеген. Өйткені фольклорлық әңгіменің синкреттілік сипаты басым, онда айтушының тіл шеберлігі ғана емес, тыңдаушының қызығушылығы, жас ерекшелігі де маңызды. Ал ауызша әңгіменің көркемдік деңгейін көтеретін ситуацияға қарай әңгіме барысын өзгерте аларлық суырыпсалмалық қасиет әңгімешіге де тән.

**Зерттеу материалдары мен әдістері.** Қазақтың ауызша әңгімелері қаншалықты мол болғанымен, оның жазып алу, қағазға түсіру, зерттелуіне қатысты өзекті мәселелер жеткілікті. Өртүрлі тарихи кезеңдердегі ауызша әңгімелер ауызекі таралу арқылы алғашқы айтылымынан сан түрлі өзгеріске түсіп бізге жеткен. Ауызша әңгіме мәтіндерін басқа фольклорлық жанрлардан айқындайтын ғылыми принциптері нақтыланбағандықтан, әрі фольклормен қатар кей тұста жазба әдебиетінің де элементтерін бойына жинақтаған ерекше жанр болғандықтан да мәтіндік жарияланымдар әр қилы. Кей жағдайда прозалық фольклор жанрларына қатысты жинақтар қатарында қарастырылғанымен жанрлық жікке бөлініп, арнайы жарық көрмеген. Алғаш рет жүзтомдық «Бабалар сөзі» сериясының 96-98 томдарында ауызша әңгімелерді жанрлық тұрғыдан топтастыруға талпыныс жасалды.

Ауызша әңгіменің бірқатар өзекті мәселелері жайында М. Әуезов, А. Байтұрсынұлы, А. Сейдімбеков Е. Тұрсынов, Б. Байтанаев, Б. Ыбырайымов т.б. ғалымдар еңбектерінде ғылыми ой-тұжырымдар көрініс тапқан.

Қазақтың ертегіден тыс жанрларының ішінде ауызша әңгіменің жанрлық жігі жайында алғаш ғылыми түрде негіздеген академик С. Қасқабасов (Қасқабасов, 1984: 9-11) оның басқа прозалық фольклор үлгілерінен басты айырмашылықтарын айқындаған.

Ауызша әңгіме жанрының түрлі ғылым салаларымен қатысты ерекшелігін ескере отырып, оның өткені мен бүгінін салмақтайтын тарихи салыстырмалы әдіс, сипаттау, жинақтау, талдау әдістері пайдаланылды.

Орыс және басқа ТМД халықтар фольклорындағы ауызша әңгіме жанрының зерттелу барысына мән беріліп, ғылыми мәнді тұстары негізге алынды. Атап айтқанда, М.М. Бахтин (Бахтин, 1984: 428-473), В.Я. Пропп (Пропп, 1976: 165), Э.В. Померанцева (Померанцева, 1985: 170), Л.В. Домановский (Домановский, 1964: 194-239), Н.Д. Комовская (Комовская, 1966: 54-71), Э.Ю. Иванова (Иванова, 2002: 81-87), Т.М. Акимова (Акимова, 1980: 119-134), А.А. Алиханова, (Алиханова, 1983:119-134), М.П. Чередникова (Чередникова, 1992: 90-109) т.б. зерттеулеріндегі ғылыми ой-пікірлер қарастырылды.

**Нәтижесі.** Қазақстан тәуелсіз мемлекет болып, мүмкіндіктер туғаннан кейін қазақ халқының тарихын зерделеу жөнінде жаңа көзқарастар туып қана қойған жоқ, сонымен қатар ұзақ жылдар бойы тоталитарлық жүйеге орай тек саяси және таптық тұрғыда талдау жасалып, теріс бағаланып келген әдебиет тарихының көптеген мәселелері, соның ішінде халық мұрасының жан-жақты зерттеліп, әділ бағалануына қолайлы жағдайлар туғызды.

Зерттеу жұмысының нәтижесінде 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске байланысты туған әңгімелерде әдебиетімізге сан алуан поэтикалық ерекшеліктер әкелген жаңа үлгідегі туындылар қосылумен қатар фольклорлық үлгілердің негізге алынғандары алғаш рет сараланып талданды. Әңгімелерден көтерілістің жай-күйі, сол дәуірдегі ел тұрмысы мен халық қаһармандарының ерлігі анықталды. Көтеріліс күшпен басылған кездегі халықтың басындағы қайғы-қасіреті, әңгімедегі оқиғалар текстологиялық әдіс-тәсілдер негізінде зерттеліп, ғылыми талдау әдістері қолданылды. Әңгімелердің композициясынан тыс қорытынды түйін ретінде айтылатын тұстары әңгімешіні де,

тыңдаушыны да жаңа бір мағынаға бастайтыны анықталды. Ол айтылған әңгіменің гибраттық мағынасы екені дәлелденді.

Мақаладағы тұжырымдар қазіргі буынның қазақ халқы рухани мұраларының тарихын кең ауқымда оқып-тануына жол ашады және гуманитарлық ғылымның барлық саласындағы ғалымдар, студенттер, магистранттар, докторанттар т.б. мамандардың іргелі зерттеулеріне ғылыми нысана, дереккөздер ретінде пайдаланады деп ойлаймыз.

**Талдау.** Қазақ халқының талай зобалаңды басынан кешкен қиыншылығы мен қасіреті көп тарихи оқиғалары ел жадында сақталып, атадан балаға мұра болып, ауыздан-ауызға тарап, бергі заманға дейін жетті (Omarbekov, Egamberdiyev, 2018: 60-72). Қазақ өміріндегі өзгерістердің ішінде өткен ғасырдың басындағы қазақ даласындағы кен орындарының ашылуы мен ондағы жұмысшылардың жай-күйі, ауыр тағдыры мен көңіл-күйі жөнінде сақталған халық әңгімелерінен көп сыр аңғаруға болады. XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап Қазақстанда өндіріс орындары ашылып, жұмысшылар тобы құрыла бастады. Алайда, көшпелі тұрмыс кешкен халықтың отаршылдық құрсауындағы өндіріске орналасып, тіршілікке қажетін табуы да оңай болмаған.

Жұмысшы тақырыбындағы әңгімелерде ерте қалыптасқан басты тақырыптың бірі – жұмысшының ауыр тұрмысы мен еңбек мәселесі. Онда азапты ауыр еңбек жайы сөз болады. Бұл бұрынғы халық тілінде кездеспеген «тар забой», «тар үңгір», шанаға жегілгендердің иығын тілген «қамыс иықша» сияқты заман тынысын танытатын жаңа ұғым мен оны танытатын сөздер арқылы да беріледі.

Бұл тақырыптағы ауызша әңгімелердің композициялық құрылымы да әр қилы. Мысалы: «Есте қалған екі оқиға» атты әңгімеде әңгімеші қазақ даласындағы кен орындарының ашылуына байланысты халық тұрмысына енген өзгерістер мен қатар ауыр тұрмыс, жоқшылық, кедейшілік жағдайларын өз өмірінің деректері арқылы өрбітеді. Әңгімешінің есінде қалған алғашқы әңгімесінің бастамасы бірден өз әкесінің тапқаны отбасын асырауға жетпеген ауыр жұмысшылық өмір, отбасындағы жеті баланың жағдайын баяндаудан басталады. Жеке өзінің тағдыры арқылы сол тұстағы үлкен отбасыларының басына түскен ауыртпалықтар жайлы, жұмысшылар мен қожайындар арасындағы текетірестің кейбір жайттарының жадында қалған оқиғаларын да жаңғыртып отырады. Яғни, әңгіме құрылымында баяндаушы бүгінмен өткенді сабақтастыра отырып, балалық, жастық шағындағы жайттарға кері шегініс жасау жолымен тыңдаушысын өткен өмір суреттеріне жетелейді. Әңгіме композициясындағы мұндай алғашқы бейнелеулер әңгіменің эпидиологы іспетті қызмет атқарады. Себебі, алдағы баяндайтын оқиғаларға тыңдаушысының назарын аудару мақсатындағы әңгімешінің «Адам жас уақыттағысын ұмытпайтын көрінеді ғой. Күні бүгінге дейін көз алдымда көрініс беріп, есімнен кетпейтін екі оқиға бар, оның бірі мынау» (Бабалар сөзі, т.96, 2013: 34) – деп, әрі қарай оқиға барысын баяндауға көшуі бірқатар әңгіме құрылымына тән, композицияның маңызды бөлшегі, құрылымы болып табылады. Әңгімеші нақтылы тарихи кезеңдегі (1905 жылдың күзі, қаңтар айының бас кезі) Успенскі шахтасындағы қазақ, орыс жұмысшыларының бірігіп, қожайындарына қарсылық ретінде жұмысқа шықпай

қалу оқиғасын көзімен көрген адам ретінде суреттейді. Оның балалық шағының елесіне қайта оралып, жадын жаңғыртуы арқылы әңгіме композициясындағы уақыт бүгінгі тыңдаушыны өткен тарихтың оқиғаларымен қауыштырады. Жас баланың санасында қалған деректі суреттер: рудник конторының алдына қызыл тудың ілінуі, бүкіл жұмысшылардың қожайын дүкенін басып алып, балалардың да тәттіге бір тоюы, бірақ осы қақтығыстан кейінгі жағдайдың ушығып, әкесінің жұмыссыз қалып, бастамашылардың қудалануы, ақыр аяғында өзінің де 15 жасынан жұмысқа жегілуі баяндалады.

Бұл тақырыптағы әңгімелерде жанрға тән қалыптасқан тұрақты композицияның барлық заңдылықтары емес, кейбір элементтері ғана көрініс табады. Көпшілік әңгімелерге басқа көркем прозалық фольклордағыдай қалыптасқан басталу мен қорытындылау тән емес. Бірақ кейбір әңгімелерде сирек болса да бастама болады. Мысалы: кейде әңгімеші өз тұрғыластарына, я болмаса жастарға өзі куә болған белгілі бір оқиғаны әңгімелегенде, сол оқиға өткен жердің қазіргі орнын нұсқау, меңзеу сипатындағы кіріспе сөзбен бастайды. Бұл нақтылы бір мекен, кеңістік, зат, я болмаса белгі болуы мүмкін.

Мысалы: «Қазіргі Қарағандының Ескі қаласындағы Костенко атындағы бақшаның күншығысында, 70-80 метрдей жерде, қос қабат поликлиника үйі бар. Сол үйдің артында, сол поликлиниканың бөлімшесі рентген кабинетіне айналған аласа үй тұр. Сол үй – осы Қарағандының ескі қожаларының бірі, ағылшын байы – Хорбателъ дейтіннің үйі. 12 бөлмелі үйде әйелі, өзі және қызы – үш-ақ адам тұратын еді...». Міне, бұл – алдағы айтылатын ауызша әңгімеде баяндалатын оқиға алаңы болған жер. Ең алдымен, әңгімеші тыңдаушысын айтатын әңгімесінің шындыққа қатысын, өзіне және өзінің тыңдаушыларына ол оқиғаның белгілі дәрежеде қатысын (ең болмағанда мекендік, кеңістік мағынасындағы) бекітіп алып барып, әңгімесін бастайды. Бұл – әңгіме композициясындағы ерекше бөліктерінің бірі. Әрине оның негізгі баяндалатын оқиға мағынасына қатысы жанама түрде, ол әңгіме экспозициясының қызметін атқарады.

Әңгімеде кеңістікпен қатар уақыт мәселесі де маңызды роль иемденеді. Өткен мен бүгін аралығындағы уақыт өлшемі араласып жатады. Ал әңгімеші осы уақыт аралығының бітімгері іспетті, олардың өзара үйлесімі, әңгіме желісінің тартымдылығы соның шеберлігіне байланысты, әйтпесе ол айтып отырған әңгімесіне тыңдаушысын еліктіре алмайды. Әңгімедегі уақыт та, кеңістік те сығымдалып, өте тығыз сипатта көрініс табады. Уақыт мөлшері де бір адамның ғұмырына тән ауқымда шектеледі. Әрине, оның жадындағы әкесінің, я болмаса әкесінің әкесінен естіген әңгімелерін жаңғырту жағдайларын жоққа шығаруға болмайды. Алайда оның өзі жаңа уақыт ауқымындағы естелік ретінде алынып, оқиғаның болған уақыты мен оның ел арасына кең тарап, әңгімешінің есінде сақталып, айтылып отырған кезіне дейінгі аралықтың шегі айқын байқалып тұрады. Ауызекі әңгімелерде кейде оқиға бірден басталып, уақыты мен орны да қатар көрсетіледі. Бұл – ауызша әңгімелердің көбіне тән өзіндік қасиет. Мысалы, уақыт жыл, ай, күн мөлшері, я болмаса әңгімешінің өзінің, я болмаса кейіпкердің жас мөлшерін шамалауға байланысты.



«Менің 16-17 жастағы кезім. 1901 жылдың күзі. Әкем марқұм шақырып алды да ...» немесе «1913 жылдан 1916 жылға дейін Қарағандыны ағылшын капиталистері пайдаланып тұрған кезде, жер астында шанашы болып істедім...». Әңгіменің негізгі мазмұны бірінші, я болмаса үшінші жақтағы еркін баяндау түрінде беріледі. Баяндаудың басқа көркемдік амалдармен (мысалы диалог, төл сөз, монолог) қатар өрілуі әңгіме композициясының ерекшелігі. Себебі, әңгіме оқу үшін емес, тыңдау үшін көпшілік жиналған ортада, я болмаса ат үстінде жол-жөнекей, жол үстінде айтылудан туған. Осылайша қандай жағдайда туғандығына байланысты әңгіменің поэтикасы да соған қарай бейімделеді. Әңгімешінің әңгімесінің ішіндегі монолог элементтері т.б. амалдар туралы әңгіме басқа. Себебі, сөзін ұйып тыңдап, әр қимылын бағып отырған халықты қаратып қойып, әңгімешінің өзімен-өзі толғанып отыратын мүмкіндігі шектеулі. Әрине пауза, кідіріс, жылау, күлу, түрлі бейвербалдық әрекеттер жасау әңгімешінің шеберлік қасиетін көрсететін қосымша әрі аса қажет қасиеттер.

Әрине ауызша әңгімелерде адамның сезімін (қайғы-қасіреті, қуанышы, күші-қайраты жайлы айтқанда күшейтіп, әсірелеу орын алуы мүмкін) суреттеу, бейнелеу белсенділік ала бастайды. Мұның өзі ауызша әңгімелердің жанрлық болмысындағы өзіне тән ерекшеліктерінің бірі болып табылады.

Әңгімешінің дарындылығына қарай, ауызша әңгімелердің құрылымында фольклордың басқа жанрлары мысалы, өлең, мақал-мәтел, нақыл сөз, тіпті жұмбақ т.б. жанрлар орын алып, ол да әңгімешінің өз кейіпкерін, я болмаса баяндалып отырған оқиғаны қоюландырып, әсерлілігін арттыру үшін пайдаланылады. Яғни әңгіме өзегіндегі басқа жанрлар әңгімеге әр беріп, көркейте түсіп, тыңдаушыны қызықтыра түседі. Мұны әңгіменің синкреттілік қасиетіне жатқызамыз. Әрі әңгімешінің халық қазынасын терең меңгерген қабілетін байқатса, екіншіден, халықтың дәстүрлі мәдениеттен әлі іргесі ажырамай тұрған кезеңдегі әңгіменің жанрлық кемелденген кезеңінен хабардар етеді. Мәселен, әңгіменің кіріспесінің өзі кеңейтілген сипатта қызмет атқаратын әңгімелер бар. «Менің 16-17 жастағы кезім. 1901 жылдың күзі» – дейтін нақтылы, тарихи мәліметтерден соң барып, оқиғаға бастама айтылады. «Әкем марқұм шақырып алды да: – Шырағым, Жақан, жасың болса 16-17-ге келіп қалды. Үйден күн көріс қаражатымызды көріп отырсың, тапқанымыз тамағымызға жетпейді. Жұрт мынау іргеміздегі Екібасқа ағылып барып жатыр. Онда жұмыс істеп, ақша тауып жатқан көрінеді. Балалармен шешен ауылда отыра тұрсын. Екеуміз Екібасқа барып, жұмыс істеп, ақша табайық, – деді. – Жарайды, әке! – дедім мен». Онан ары қарайғы жұмысшылардың жағдайын суреттейтін тұстағы әңгімешінің ауызекі сөйлеу тіліне тән қарапайым сөз оралымдары халық арасында кең таралған өлеңмен алмасады. Бұл тұста әңгімеші баяндауды қысқартудың әдісі ретінде өлеңді пайдаланып, әңгіменің әсерлілігін арттыра түседі. Себебі халықтық лирикада белгілі бір қоғамның әлеуметтік сыр-сипаты танылып, сол дәуірде өмір кешкен адамдардың көңіл-күйі, сыры аңғарылады да, өлеңді айтушы өзі өмір сүріп отырған дәуірінің әлеуметтік жайын, саяси идеологиялық мақсат-мұратын өз атынан сырлы әуен-сазымен жеткізеді, яғни өз көзқарасы, ішкі көңіл-күйін, сырын білдіреді. Сөйтіп, ол заманына, өз дәуірінің идеологиясына үн қосады. Соның жырын жырлайды. Халық

лирикасы бүкіл халықтың эстетикалық құралы болғандықтан, дарынды әңгімешілер оны шеберлікпен пайдаланған.

«Кешкілікте от басында айнала отырысқандар ауыр күрсіне отырып, қайғылы әнге салатын еді. Соның нәбір жері ғана есімде қалыпты:

*«Келдік біз Ерейменнің даласынан  
Қашқанда көп ағайынның жаласынан.  
Қамалдық Екібасқа барша халық  
Ағылған Ертіс, Баян саласынан.  
Жазылар күн болар ма біз сорлыға  
Денеге салған өмір жарасынан».*

Осы талданып отырған әңгіме композициясының ерекшелігі кеңейтілген кіріспеге ғана емес, әңгіме түйініндегі айтушының эмоциялық әсерінен де байқалады. «О, шіркін дүние десейші! Нені көрмедік, нені естімедік. Жиналған халықты жұмысқа бүгін аламыз, ертең аламыз деп, күзгі суық түскенше қамамасы бар емес пе! Ақырында жұмысқа қалтасында пұлы бар адамдар ғана алынды. Қалғандары қар түсе, бет-бетімен шұбырып кетті. Сондайды да көргеміз».

Мұндай халықтың мұң-мұқтажын білдіретін әңгімелер кеңестік дәуірде толық жарық көрді деп айта алмаймыз. Өйткені тек жарқын өмірді, салтанатты тұрмысты ғана суреттеу басты міндет етіп қойылғандықтан, мұң мазмұндас шығармалар «ескі тарих», «керітартпалық» көріністер ретінде ғана қарастырылып, ондағы әңгіменің негізгі табиғаты ашылмады. Ауызша әңгіме – оңашада ұзақ-ойланып толғанудың жемісі емес, көп алдындағы, белгілі бір ситуациялық жағдайға сәйкес туатын импровизациялық сипаты басым жанр. Онда белгілі бір дәуірдің ізі, оқиғаның мезгілі әңгімешінің жады арқылы ғана бізге беріледі. Осыған байланысты әңгімедегі дәуір сипаты анықталады. Яғни, фольклорлық сана бойынша дәуірдің, тарихтың өзі емес, оның адам санасына түскен сәулесі бейнеледі. Ауызша әңгіменің фольклорлық жанрға тән айқын белгісінің бірі – осы.

«Ағылшын капиталистерінің айуандығы» атты әңгіменің тілі аса көркем. Әңгімешінің халықтық тілдің қайнарынан қанып ішкен, ойын образды түрде жеткізе алатын қабілеті көрінеді. Өрине бұл тыңдарманға да қатысты. Себебі ауызекі сөйлеу стилінде айтылған әңгімедегі әрбір сөйлемде тарихи оқиға мен оның зардабын берудегі сөз саптаулар, бейнелі тіркестер әңгімені қызықты, әсерлі ете түскен. «Ол кезде мен буыным бекіп, бұғанам қатпаған жас едім. Тар заман мені де мейірімсіз улы тырнағына ілді». Яғни, әңгімеші – ағылшын капиталистерінің жұмысшыларды қалай қанағандығының тірі куәсі. Ең әуелі өзі жайлы мағлұмат берген әңгімеші жалпы жұрттың басындағы қасіретті өз бойынан өткізіп, басынан кешірген адам ретінде шебер жеткізеді. Әсіресе әңгімедегі жұмыстың, тұрмыстың ауыр сипатын бейнелейтін оқиға үзіктерінен қазақ жұмысшыларының басынан кешірген ауыр қасіреттің салмағы сезіледі. Демек, бұл тұста ауызша әңгіменің танымдық, тарихилық сипаты айқын көрінеді.

Шетелдік отаршылдардың қазақ даласындағы озбырлығын бейнелеуде де халық тілінің бүкіл байлығы, тұспал мен бейнелі, астарлы ауыстырудың ғажайып үлгісін тануға болады. Ауызша әңгіме поэтикасының ерекшелігі – оқиғаны тек құрғақ баян-



дап қана қоймай, өзі көрген білгенін, сезінгенін тыңдаушының да жүрегіне жеткізуді мақсат етеді. Мәселен, төмендегі баяндау мысалдары арқылы әңгіменің тыңдаушыға әсері артып, оқиға болған кезеңдер ауыртпалығын тыңдаушы өз басынан өткергендей күйге түседі.

«Ағылшындар жұмысшылардың еңбегін сүліктей сорды. 12 сағат титықтап еңбек еткенде ішсек асқа, кисек киімге жарамайтын едік». Яғни аталмыш тақырыптағы әңгіме барысында белгілі бір оқиғаны баяндауда әңгімешінің берік жады ғана емес, басынан өткен жайтты тәтпіштей суреттеуі арқылы әңгімеленіп отырған кезеңнің қасіретін шебер жеткізу қабілеті дараланады.

Фольклорлық ауызша әңгімелер де заман өзгерісін тап басып танып, халықтың ішкі шер-мұңын шығарудың, адамдық, азаматтық қарсылығының құралына айналған. Қазақ халқының басынан кешірген аса ауыр тарихи оқиғалардың бірі – 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі туған кезеңнің тақырыбы да ауызша әңгімелерде алуан түрлі сипатта көрініс тапқан (Оразов Р., 2016: 85-100).

Композициялық құрылымы көлемді әңгімелер осы 1916 жылғы оқиғаға қатысты тарихи әңгімелерге тән. Мәселен «Сұлтанбекұлы Әубәкірдің 16-шы жылғы басынан кешкен оқиғалары» (Бабалар сөзі, т.96, 2013: 99-107) деп аталатын әңгіме бірден ел ішінде туған дүрбелең салдарын баяндайтын диалогпен басталады. Әңгімеші әуелі оқиға басталысымен, елдің ішіндегі басты кісілердің: Саурықұлы Ұзақ, Мәмбетұлы Жәмеңке, Естібайұлы Нұке, Шорманұлы Қазыбек және басқалардың қамауға алынғандығынан хабардар етеді. Тарихи әңгімелердің өзіне тән жанрлық белгісі тарихи оқиға мен тарихи қайраткерлерге, кейіпкерлерге ерекше мән бере әңгімелейтіндіктен, нақтылы тарихи есімдерді санамалап өту негізгі көркемдік әдіс болып табылады. Бұл әңгімеде баяндау негізгі әдіс болып табылады. Әңгімеде алдымен елдің бетке ұстарларына көрсетілген қысым мен зорлық баяндала отырып, оқиғаның қазақ халқына тигізген зардабын шебер жеткізе білген.

Әңгімеші оқиғаға өзі тікелей қатысушы, осы аталған кейіпкерлермен қоян-қолтық араласып, қамалу мен қақтығыстарды, түрме азабын қатар көрген адам ретінде баяндайтындықтан, әңгіменің шынайлығы күмән тудырмайды. Әңгімеші 16 жылдың зобалаңын суреттейтін тұста да, онан кейінгі өмір суреттері мен өз басынан өткерген жайттарды келтіргенде де қарапайым халықтық тіл өрнектерін шебер пайдаланады. Әңгіме ішіндегі баяндаумен қатар өріліп жатқан диалог, одағай сөз, қаратпа сөз, қыстырма сөз, сыбыс сөз үлгілері оқиға мен оның зардабын берудің тәсілдері ретінде әңгіме өзегіне шебер қиюластырылған. Егер әңгіме бірсыдырғы баяндалып әлдебір оқиға, я болмаса кейіпкер жайлы ұзақ-сонар әңгімеленсе, тыңдаушыны жалықтырған болар еді. Сондықтан баяндап отырған адам әңгімені жандандырып, тыңдаушымен пікірлесіп, назарын аудара, қарата отыру әдісі арқылы тыңдаушыны да әңгімеге ортақтастырады. Тағлымдық-тәрбиелік, тіпті танымдық та маңызы зор ауызша әңгімелердегі реалды өмір шындығы басымы. Әңгімеші оқиғаны баяндағанда бірізділікті сақтап отырмайды. Еркін баяндау әдісінде, алдымен кейіпкерінің ерлігін баяндап алып, сосын барып, ол өзі жайындағы мәліметтерді береді. Яғни, бұл әңгіменің жанрлық сипаты екі жақты: тарихи әрі автобиографиялық.

Әңгімеші нақтылы уақытты, жыл мезгілін (Ел жайлауға шыққан, июль айының аяқ кезі), өзінің Ахметжан Махамбетәліұлы деген болыстың үйінде жалға жүргенін, әкесінің бір саудагерге жалданып, Тәшкенге мал айдап кеткенін, өзінің жетімдік, жоқшылық тағдырын қысқаша баяндап өтеді. Бұл әңгіменің құрылымындағы оқиғаның кілті, яғни тарихи оқиға сипаты әйелдердің ауызынан шыққан сыбыс әңгіме арқылы берілуі болса, бұл әдіс арқылы осы тақырыптағы бірқатар әңгімелердің композициясы кеңіп отырған, ол әрі халықтың көңіл-күйін берудің әдісі ретінде жұмсалған.

Орыс фольклортану ғылымында, сыбыс, дақпырттың өзін жеке жанрлық түр ретінде қарастырған ғалымдар пікірі белгілі (Дубин, 2001: 117). Ал С.А. Қасқабасов қазақтың прозалық фольклорында мұны жанрлық түр емес, жанр поэтикасындағы қосымша көркемдік бөлшек ретінде қарастырады (Қасқабасов, 1984: 57).

Мәселен, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісіне байланысты ауызша әңгімелердің поэтикасындағы сыбыс пен дақпырттың сипатына назар аударайық: «Көтеріле атқа мінген ел лек-лек болып кетіп жатқанын көреміз. «Аты жоқтар байдың жылқысын талап мінсін!» деген сөзді де естігенбіз»; «Майданға барып, қаласының үстінде соғысып жатыр деп естиміз»; Бір күннен кейін: «Сарат қаласын шауып алыпты, сегіз орысты тұтқынға алып, Құнанбай, Шыныбектер үйіне әкетті» деп естідік». «Үшінші күні «қаладан салдат шығыпты» дегенді естідік». Сол күні кешке жақын ел үркуге бет қойды. «Қырылған адамнан Мақаншыда аяқ басып жүретін емес» деген хабар келген кезде, жан кеудеден шығардай алқынып, үлкен-кішінің үрейі кетті»; «бесір мен болыстар шет пұшпақтап спескі жазып жүр» дегенді жұрт күңкіл қылатын», «Қырғыз бүлінді» деп хабар қылды, «Жастарды алуға қаладан орыс шығады екен» деген қауесет жайылды», «Салдат алмайтын болып, манапес шығыпты» деп сүйінші сұраушылар да көбейді, ел үрейлене бастады. «Бір күні, март туған кез «Патша тағынан түсті, жұрттың бәріне теңдік-бостандық туды, билік ел қолында болатын болды» деген сыбыс-хабар дүңк ете түсті. «Некалай патша тағынан түсті, қазақ сықылданған езілген елге теңдік берілді» деген сыбысқа жұрт нанбады. Сонда да көп ұзамады, бұл лақап расқа айналды» (Бабалар сөзі, т.96, 2013: 115-117). Яғни, ауызша әңгімедегі сыбыс пен дақпырт әңгімелер композициялық бөлшек қана емес, танымдық, тарихи, ақпараттық, мағлұматтық қызметтер атқарып, әңгімені неғұрлым ықшам әрі терең жеткізу үшін жұмсалған.

**Қорытынды.** Жинақтай келгенде айтарымыз, ауызша әңгіменің тақырыбы әралуан. Онда халық басынан кешірген өмір кезеңдерінің ізі сақталған. Ал оның композициялық құрылымындағы баяндаумен қатар маңызды компоненті – диалог болып табылады. Тіпті кейбір әңгімелер диалогпен де басталуы мүмкін немесе оқиғаның шарықтау шегі мен драмалы шиеленісуі де диалогпен берілуі мүмкін. Кей жағдайда бірнеше адамның диалогына құрылған әңгімелердегі бір кейіпкердің сөзі әңгіменің түйіні де болып жатады. Ал кейде әңгіменің аяқталуы ретінде әңгімешінің өзінің қорытындылауы немесе өз пікірі берілуі мүмкін. Бірқатар әңгімелердің композициясы түгелдей дерлік тек диалогқа құрылады. Мұнда айтушының бір-екі ауыз түсіндірме кіріспесінен соң әңгімеге қатысушы екі немесе бірнеше адамның диалогы беріліп, сол әңгіменің шешімін айтатын да сол қатысушылардың бірі болып

табылады. Ел ішінде кең жайылған оқиғаларды беруде әңгімеші көбіне ел ішіндегі адамдардың диалогын ұтымды пайдалану арқылы әңгіменің тартымдылығын арттыра түседі, яғни оқиға тұсындағы халықтың көңіл-күйін беруде диалогтың баяндаумен қатар өріле отырып берілуі маңызды рөл атқарған. Сондай-ақ қалың топтың наразылығы мен ой-арманын аңғартудағы жарыспалы диалог үлгілерінің, әсіресе осы тақырыптағы әңгімелерде молынан қолданылуы өз алдына поэтикалық тәсіл ерекшелігі.

Тұрмыстық және тарихи әңгімелерде шындық сипат басым болады, онда әңгіме желісі сюжетке негіз болған оқиғадан айтарлықтай ауытқымайды, сол себепті қиял (вымысел) өте сирек кездеседі.

Автобиографиялық әңгімелердің жанр жасайтын басты көркемдік құралдарының қатарында адамның тууы мен өліміне негіз болған өмір кезеңдерін атап көрсететін лексикалық единицалармен ерекшеленеді.

Сондай-ақ «өмір», «жұмыс» концептері өмірбаяндық ауызша әңгімелерді тудырудың құралына айналып («Біздің солдаттық өмір» немесе «жалшылық өмір», «малшылық өмір» т.б.), адам өміріндегі маңызды факторлар ретінде суреттеледі.

Жоғарыда атап көрсеткеніміздей, тарихи тұлғаларға қатысты әңгімелерде әңгіме айтушы көбіне олардың өзі куә болған ерекше бір қасиетіне, адамгершілік болмысына тыңдарманның көңілін аударуды мақсат етеді.

Кейбір әңгімелерде өзінің туған жылын, тұратын жерін сондай-ақ көшіп-қонған мекенін, оқиғалардың өткен жерін толық көрсетіп береді. Өмірбаяндық әңгімелерде уақытты білдіру үшін зат есімдер ғана емес, мағыналық жағынан, темпераментті күші жағынан сан есімдер де, сондай-ақ әртүрлі сипаттайтын оралымдар да қызмет атқарады. Яғни өмірінде өткен маңызды оқиғаларды өмірінің өлшемі етіп алады.

Ауызша әңгіменің мәтінін құрастыруда композиция елеулі роль атқарады. Баяндаудың басы мен аяғының болуы заңдылық. Әңгіме оқиғаның логикасына құрылып, оның бүкіл өнбойын ашып көрсетеді. Ауызша әңгімелерге де өзге прозалық фольклорға тән көркемдік құралдар тән (теңеу, эпитет, метафора, қайталау, риторикалық сұрақтар, лирикалық шегініс, күлкі элементтері /юмор, сатира, ирония, сарказм/, сондай-ақ диалог, төл сөз көп кездеседі). Әңгімеші өз әңгімесін қысқа, ұғынықты түрде жеткізуге тырысып, сол арқылы тыңдаушыны қызықтырып, шынайы өмірдің оқиғасына сендіруді көздейді. Ауызша әңгіме оқиға суымай тұрып пайда болатындықтан, толық қалыптаспай, айтылу барысы арқылы байып, толысады. Бұл жағдайдағы шығарманың тілі жанды әрі образды, көркем болып келеді.

Ауызша әңгіме құрылымындағы өзге жанрлардың поэтикалық қызметіне келсек, ол жанрлар (өлең шумақтары, ән, мақал, мәтел т.б.) ауызша әңгімеден тыс жерде бөліп алғанда мағынасынан айырылады. Себебі, олар әңгімеленетін оқиғаны баяндаудың көркемдік болмысын құрайтын қосалқы қызмет атқарады.

*Мақала ҚР БҒМ Ғылым комитетінің AP08855872 гранттық жобасы аясында дайындалды.*

**Ауесбаева П. Т.**

*Институт литературы и искусства им. М.О.Ауэзова*

*Алматы, Казахстан*

*E-mail: ksaryarka@inbox.ru*

*ORCID ID: 0000-0002-7716-9715*

### **Идейно-тематический и поэтический характер устных рассказов**

**Аннотация.** В статье проводится комплексный тематико-смысловой анализ устных рассказов в казахском фольклоре, раскрывающий особенности сюжетно-композиционной структуры жанра, отличающие его от других видов фольклора. Существуют различные подходы к поэтическому характеру устных рассказов. Рассмотрены пословицы, афоризмы, сравнения, эпитеты, метафоры, повторы, риторические вопросы, лирические отступления, элементы юмора (юмор, сатира, ирония, сарказм), а также диалог, прямая речь, употребление диалектных слов, повествование, время и пространство, сделаны по ним научные выводы.

Учитывая особенности записи устных рассказов и видов их публикаций, уделено особое внимание фольклорным закономерностям, преобладающим в повествовании и распространении того или иного события. Такие обстоятельства, как изменение композиции, стиля, утрата отдельных деталей или добавление новых эпизодов, наблюдаемые в процессе перезаписи одного и того же рассказа, выявлены как признак фольклорного характера устного рассказа. Определив на научной основе жанровое разделение фольклорных рассказов на автобиографические, исторические и новеллистические, взаимосвязанность этих видов, обращено внимание на основные закономерности в каждом виде фольклорных рассказов. Впервые проанализированы устные рассказы о событиях в разные исторические периоды, которые на протяжении веков оказывали большое влияние на мировоззрение, обычаи, традиции, образ жизни казахского народа. Эти рассказы анализируются с тематико-идеологической, поэтической точек зрения, тщательно рассмотрены функции сюжетной основы и композиционно-структурные детали.

**Ключевые слова:** фольклор, устный рассказ, воспоминания, рассказчик, слушатель, сюжет, случай, история.

**Auyesbayeva P.T.**

*M.O.Auezov Institute of Literature and Art*

*Almaty, Kazakhstan*

*E-mail: ksaryarka@inbox.ru*

*ORCID ID: 0000-0002-7716-9715*

### **Thematic-ideological and poetic character of oral narratives**

**Abstract.** The article provides a comprehensive thematic and semantic analysis of oral stories in Kazakh folklore, revealing the features of the plot-compositional structure of the genre that distinguish it from other types of folklore. There are various approaches to the poetic nature of oral speech: proverbs, aphorisms, equations, epithets, metaphors, repetitions, rhetorical questions, lyrical digressions, elements of humor (humor, satire, irony, sarcasm), as well as dialogue, scientific conclusions have been drawn on issues source word, dialectal usage, narration, dialogue time and space.

Taking into account the peculiarities of recorded oral stories and their types of publication, the emphasis was on folklore patterns that prevail in the narration and distribution of an event. Circumstances such as a change in composition, style, the loss of individual details or the addition of new episodes, observed in the process of rewriting the same story, are defined as a sign of the folklore nature of the oral story. The genre conditionality of autobiographical, historical and short stories of oral folk art and the interconnectedness of these genres on a scientific basis, attention is drawn to the dominant patterns of each genre. For the first time in the history of Kazakh people, the form of analysis of oral traditions, depicting the traditions of conversation and the events of historical periods, made great changes in the knowledge, customs and traditions of the people and their way of life.

**Key words:** folklore, oral story, memories, narrator, listener, plot, incident, history.

**Сведения об авторе:**

*Ауезбаева Пакизат Тенизбаевна, ведущий научный сотрудник Института литературы и искусства имени М.О. Ауэзова, кандидат филологических наук, доцент. ksaryarka@inbox.ru, Scopus ID 57195972966, ORCID ID: 0000-0002-7716-9715.*

**Әдебиеттер:**

Акимова Т.М. П.П. Бажов ертегілерінің жанрлық табиғаты // РКФСР(РСФСР) халықтарының фольклоры: ЖОО арасындағы ғылыми жинақ. – Уфа: БМУ, 1980. – 164 б. (орысша)

Алиханова А.А. Мекеги ауылының фольклорындағы азамат соғысы тақырыбына арналған ауызша әңгімелер // Дағыстан халықтарының қазіргі фольклоры: мақалалар жинағы / СССР ҒА Дағ. фил. Тарих, тіл және әдебиет ин-ты. – Махачкала, 1983. – 180 б. (орысша)

Бабалар сөзі. Жүзтомдық. – Астана: Фолиант, Т.96: Ауызекі әңгімелер. – 440 б.

Бахтин М.М. Сөйлеу жанрларының мәселесі // Бахтин М.М. Әдеби сын мақалалары. – М., 1986. – 543 б. (орысша)

Домановский Л.В. Ауызша әңгімелер // Ұлы Отан соғысының орыс фольклоры. – М.-Л., 1964. – 478 б. (орысша)

Дубин Б.В. Сөз - жазу - әдебиет: Қазіргі мәдениет әлеуметтануының очерктері. – М.: НЛО, 2001. – 210 б. (орысша)

Иванова Э.Ю. Мари ауызша әңгімелеріндегі шындықтың көрінісі // «Ресей мен әлемдік қауымдастық тұрақтылықтың жаңа нысандарын іздеуде» VI Вавилов оқулары. Бүкілресейлік пәнаралық ғылыми конференция материалдарының жинағы / профессор В.П. Шалаевтың жалпы редакторлығымен. 2 бөлім. – Йошкар-Ола, 2002. 1-б. – 280 б. (орысша)

Қасқабасов С.А. Қазақтың халық прозасы. – Алматы, 1984. – 272 б.

Комовская Н.Д. Ұлы Отан соғысының халық әңгімесі // Қазіргі орыс фольклоры: мақалалар жинағы / Жауапты ред. Э.В. Померанцева. – М., 1966. – 262 б. (орысша)

Omarbekov T., Egamberdiyev M.(2018) The Kazakh Khanate in the period of Yesim Khan in folklore resources (1598-1645) (Есім хан тұсындағы Қазақ қағанаты фольклорлық ресурстар негізінде (1598-1645)) // Milli Folklor. №119. -2018. -60-72 б. <https://www.scopus.com/record/display.uri?eid=2s2.085062228889&origin=resultslist&sort=plf-f>

Оразов Р. Жетісу 1916 жыл: мұрағат құжаттарында // Отан тарихы. – 2016. - № 1. ЭОЖ 94(574) 083.76:930.25

Померанцева Э.В. Орыстың ауызша прозасы. – М.: Просвещение, 1985. – 272 б. (орысша)

Пропп В.Я. Фольклор және шындық. – М.: Ғылым, 1976. – 326 б. (орысша)

Чердников М. П. Ұлы Отан соғысы туралы естеліктердегі баяндау құрылымының типологиясы // Ертегі және ертегілік емес проза: ЖОО арасындағы ғылыми еңбектердің жинағы. – М.: МПМУ, 1992. – 95 б. (орысша)

**Литература:**

Акимова Т.М. Жанровая природа сказов П.П. Бажова // Фольклор народов РСФСР: Межвуз. науч. сб. – Уфа: БГУ, 1980. – 164 с.

Алиханова А.А. Устные рассказы на тему гражданской войны в фольклоре с. Мекеги // Современный фольклор народов Дагестана: Сб. статей / Даг. фил. АН СССР. Ин-т истории, яз. и лит. – Махачкала, 1983. – 180 с.

Бахтин М.М. Проблема речевых жанров // Бахтин М.М. Литературно-критические статьи. – М., 1986. – 543 с.

Домановский Л.В. Устные рассказы // Русский фольклор Великой Отечественной войны. – М.-Л., 1964. – 478 с.

Дубин Б.В. Слово - письмо - литература: Очерки по социологии современной культуры. – М.: НЛО, 2001. – 210 с.

Иванова Э.Ю. Отражение действительности в марииских устных рассказах // VI Вавиловские чтения «Россия и мировое сообщество в поисках новых форм стабильности». Сб. материалов Всероссийской междисциплинарной научной конференции / Под общ. ред проф В.П.Шалаева В 2-х ч. – Йошкар-Ола, 2002. Ч 1. – 280 с.

Каскабасов С.А. Казахская народная проза. – Алматы, 1984. – 272 с. (каз.)

Комовская Н.Д. Народный рассказ Великой Отечественной войны // Современный русский фольклор: Сб. статей / Отв. ред. Э.В. Померанцева. – М., 1966. – 262 с.

Omarbekov T., Egamberdiyev M.(2018) The Kazakh Khanate in the period of Yesim Khan in folklore resources (1598-1645) (Есім хан тұсындағы Қазақ қағанаты фольклорлық ресурстар негізінде (1598-1645)) // Milli Folklor. №119. -2018. -60-72 б. (In English) <https://www.scopus.com/record/display.uri?eid=2s2.085062228889&origin=resultslist&sort=plf-f>

Оразов Р. Семиреңье 1916 год: в архивных документах // Отан тарихы. – 2016. - № 1 (каз.) **ӘОЖ 94(574) 083.76:930.25** (каз.)

Померанцева Э. В. Русская устная проза. – М.: Просвещение, 1985. – 272 с.

Пропп В. Я. Фольклор и действительность. – М.: Наука, 1976. – 326 с.

Слова предков. Стотомник. – Астана: Фолиант, Т.96: Устные рассказы. – 440 с. (каз.)

Чередникова М. П. Типология повествовательной структуры в меморатах о Великой Отечественной войне // Сказка и несказочная проза: межвузовский сборник научных трудов. – М.: МПГУ, 1992. – 95 с.

#### References:

Akimova T.M. (1980) Genre nature of the fairy tale P.P. Bazhov / T.M Akimova // Folklore of the peoples of the RSFSR: Mezhvuz. sci. collection – Ufa: BSU. – 164 p. (In Russian)

Alikhanov, A.A. Oral (1983) stories on the topic of the civil war in the folklore of S. Mekegi / A.A. Alikhanov // Modern folklore of the peoples of Dagestan: Collection of articles / Dag. phil. USSR Academy OF Sciences. In-t history, yaz. and lit. - Makhachkala. – 180 p. (In Russian)

Bakhtin M.M. (1986) Soileu janrlarynyn maselesi [Problems of speech genres] // Bakhtin M.M. Literary-critical articles. – M. – 543 p. (In Russian)

Cherednikova M. P. (1992) Tipologiya povestvovatel'noy struktury v vospominaniyakh o Velikoy Otechestvennoy voyne // Skazka i nekhudozhestvennaya literatura: Mezhvuzovskiy sbornik nauchnykh trudov.– M.: MPG.U. – 95 p. (In Russian)

Domanovsky L.V. (1964) Auyzsha angimeler [Oral stories] // Russian folklore of the Great Patriotic War. – M.-L. – 478 p. (In Russian)

Dubin B.V. (2001) Soz – jazu – adebiet [Slovo – bukva – literature]: Oчерki sotsiologii sovremennoy kul'tury. - M.: NLO. – 210 p. (In Russian)

Ivanova E.Yu. (2002) Reflection of deeds in Mari oral texts // Sixth Vavilovsky Vavito readings “Russia and the world community in search of new forms of stability” 2-x. – Yoshkar-Ola. Part 1. – 280 p. (In Russian)

Kaskabasov S.A. (1984) Qazaqtyn halyq prozasy [Kazakh folk prose]. – Алматы. – 272 p. (In Kazakh)

Komovskaya, N.D. (1966) Folk tale of the Great Patriotic War // Modern Russian folklore: Sat. article / response ed. E.V. Pomerantseva. – M. – 262 p. (In Russian)

Omarbekov T., Egamberdiyev M.(2018) The Kazakh Khanate in the period of Yesim Khan in folklore resources (1598-1645) // Milli Folklor. №119. – 60-72 p. (In English) <https://www.scopus.com/record/display.uri?eid=2s2.085062228889&origin=resultslist&sort=plf-f>

Orazov R. Semirechye (2016) 1916 year: in archival documents // Otan tarihy. – № 1 (In Kazakh) **ӘОЖ 94(574) 083.76:930.25**

Pomerantseva E.V. (1985) Orystyn auyzsha prozasy [Russian folk prose]. – M: Prosveshenie. – 272 p. (In Russian)

Propp V. Ya. (1976) Folklor jane shyndyq [Folklore and reality]. – М.: Наука, – 326 p. (In Russian)

The words of the ancestors. One hundred volumes. – Астана: Folio, Vol.96: Oral Stories. – 440 p. (In Kazakh)



**Нұрдаулетова Б.И.<sup>1</sup>, Нұржан А.С.<sup>2</sup>**

*Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инженеринг университеті,*

*Ақтау, Қазақстан*

*e-mail: nurdauletova@mail.ru, aygece@mail.ru*

*ORCID ID: 0000-0002-6911-6509, 0000-0002-7897-8477*

## **ЖЕРЛЕУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ СУРЕТТЕРДІҢ САКРАЛДЫ СЕМАНТИКАСЫ (МАҢҒЫСТАУ АЙМАҒЫ МЫСАЛЫНДА)**

**Аңдатпа.** Құлпытастардағы жазбалардың сыры өте тереңде жатыр. Ғалымдар эпитафияның отаны Ежелгі Греция деп санайды. Терминнің өзі гректің *ἐπιτάφιος* (epitaphios) – «қабір үстіндегі» деген сөзінен шыққан.

Құлпытастарға марқұм туралы жазбалар қалдырып отыру – ежелгі Шумер, Вавилон, Парсы, Египет мәдениетінде де бар үрдіс.

Біздің мақаламыздың ерекшелігі сол, бұнда құлпытастар мен сағана, кереге там, кесене қабырғаларындағы суреттер де эпитафияға жатқызылып, киелі мәтін ретінде талданады.

Мәтінге тән тақырып, ақпарат беру, хабар алмасу, тілдік және тілден тыс байланыс, таным, эмоция, экспрессия, тіпті адресат факторы да суреттердің сакралды болмысымен анықталады. Жерлеу орындарындағы суреттер туралы тарихи-этнографиялық, археологиялық зерттеулер бар, дегенмен қабірусті суреттерді жүйелі мәтін ретінде қарастырып, әдеби-тілдік, танымдық аяда зерттеудің де қажеттілігі сөзсіз. Себебі қабірустіндегі суреттер ерте замандардағы адамдардың мифологиялық таным-түсінігін, кейінгі замандағы қоғамдық ортаның тұрмыс-тіршілігін, өмір мен өлім туралы философиялық, діни көзқарастарын бейнелейтін тұтас мәтін деуге болады.

Мақалада қазіргі әдебиеттану, мәтінтану ғылымында эпитафияға берілген анықтамаларға, эпитафияның жанрлық сипаты мен мәтіндік ерекшелігі туралы көзқарастарға талдау жасалынады.

Ерте дүниедегі қабірусті жазбалары мен сурет-бейнелері және кейінгі дәуірлердегі жерлеу орындарындағы суреттер (петроглифтер) салыстырылады, түркі халықтарына тән таным-түсінік, оның қазақ халқының салт-дәстүрінде сақталған іздері қабірусті суреттері арқылы түсіндіріледі. Қабірусті суреттері тұтас мәтін ретінде адресат факторымен байланысты қаралады.

**Кілт сөздер:** жерлеу орындарындағы, қабірусті, петроглифтер, адресат факторы, мәтін, эпитафия, мәтіннің семантикалық кеңістігі.

**Кіріспе.** Ежелгі Мысыр перғауындарын жерлеген пирамидалардың ішкі қабырғасына қашалып жазылған «Пирамида мәтіндері», Орта патшалық кезіндегі саркофагтарға жазылған «Саркофаг мәтіндері», Жаңа патшалық кезеңінен Ежелгі Мысыр тарихына дейінгі жерлеу мәтіндерін қамтитын «Өлілер кітабы» – жазба мәдениеттің алғашқы баспалдағы болып табылады. Олай болса, адамзаттың жазуға деген сұранысы о дүние мен бұл дүниені байланыстыруға арналған қабір басындағы мәтіндерді туғызды.

Түркілердің Білге қаған, Тоныкөк, Естеміс қаған тәрізді айтулы тұлғаларының құлпытастарында қашап қалдырған жазбалары эпитафия жанрының ең шырқау биігін танытса керек.

Эпитафия XVI ғасырдан бастап Францияда әдеби жанр ретінде қалыптасып, дами бастаса, қабірусті жазбаларға әуестенушілік Ресейге XVII ғасырда келіп жетті.



Қабірүсті жазбалардың көлемі, мазмұны, мақсаты әр кезеңдерде өзгеріп, дамып, қайта құлдырап отырғаны байқалады. Алғашқы кезеңдердегі эпитафиялар марқұмның тіріде жасаған қызметі, атақ-абыройы туралы жырлар, жақындарының қайғысын білдіретін мұнды өлеңдер түрінде болды. Қабір басына келген, өтіп бара жатқан жолашыларға арнау, өсиет сөздер, діни аяттар бірде қысқа, бірде ұзақ өлең не қарасөз мәтіндермен берілді.

Европада эпитафияның әдеби үрдіске айналғаны соншалықты, танымал адамдардың қабірүсті жазбаларын өздері дайындап кеткен жайлары да кездеседі. Эпитафиялар тек мұнды, қайғылы мәтінмен емес, кейде әзіл, әжуа түрінде де берілді. Ал түркі халықтарында құлпытастарды пиктографиялық сурет-сызбалармен, рулық таңбалармен, эпитафиялармен безендіру Шумерлерден, Күлтегін, Тоныкөк заманынан келе жатқан дәстүрлі мәдениет, оның сан ғасырлық тарихы бар. Қазақ эпитафияларындағы Құран аяттары, сүрелер, хадистер, марқұмның тегін көрсету, тірілерге өсиет қалдыру - Орта Азия мұсылмандарына тән дәстүр. Бұндай эпитафияларда дүнияуи сөз жазылмайды (мысалы, батыстық эпитафиялардағы сияқты), тек киелі сөздер ғана беріледі. Біз зерттеген Маңғыстау эпитафиялары да сол дәстүрдің бір көрінісі.

Эпитафияның сипаты, шығу тегі, жанры, тіпті эпитафияға жататын мәтін түрлері деген мәселеде зерттеушілердің пікірі жан-жақты. Эпитафияны әдеби жанр ретінде немесе әдеби мәтіннен мүлде бөлек қабір басындағы хабарлама ретінде қарастыратын, эпитафиялық мәтіндерді дискурстық сипатта, сакралды әлем мен күнаһар дүниенің арасын байланыстырушы адресат факторы ретінде талдайтын зерттеулер бар.

Зерттеуші Ложкова қабірүсті жазбаларының кейде қайтыс болған адамның (жерленген марқұмның) атынан өтіп бара жатқан жолаушыға арнап айтылатынын жазады. Эпитафиялардың мұндай түрлерінің стильдік құрылымы барынша күрделі, себебі, мәтіндегі ойдың иесі формалды түрле – өлген адам. Бірақ мәтінді құрастырған оның өзі емес, оның жақындары, достары т.б. болуы мүмкін. Соған сәйкес марқұмның ішкі ойы, сезімі, уайым-қайғысы оқырманға шынайы түрде емес, марқұмның кейпіне енген «мәтін авторының» атынан айтылады. Нәтижесінде екі бейне, екі түрлі сана иесінің біртұтасуы шығады, бірі арқылы екіншісі көрініс табады. Эпитафияның тағы бір күрделі құрылымына марқұмның тірі кезінде өз моласына өзі дайындап кеткен жазбаларын жатқызуға болады. Бұл жерде субъект біреу, бірақ сезімдік күй екі түрлі: бір жағынан сөйлеп отырған тірі адам, екінші жағынан ол ертеңгі өлік, басқа әлемге аттанушы. Ол тірі бола тұрып, өзінің өлген күйіндегі қайғылы халді сезінуі, соны мәтінге түсіруі тиіс (Ложкова, 2018: 58-62).

Эпитафияның құрылымын күрделендіре түсетін келесі бір субъект – қабір жанынан өтіп бара жатқан бейтаныс жолаушы, ғылыми тілмен айтқанда, қабылданатын сананың тасымалдаушысы. Оның мәтінге қатысты әсері (реакциясы) формальды түрде берілмейді, бірақ мәтіннің бүкіл мазмұны осы субъектінің (жолаушының) эмоциональды әсеріне бағытталады. Сол арқылы қабірдегі жазбаны оқушы мен іс жүзіндегі әдеби шығарманың оқырманын салыстыруға болады. Олар бір-біріне ба-рабар емес, дегенмен оларды жақындататын бір нәрсе бар, екі оқырман да мәтінді қабылдау арқылы өзі да байқамастан, шартты түрде мәтіннің адресатына айналады,

қабірусті мәтінінің әсерлілігін өзінің қайғылы көңіл-күйімен байыта түседі. Осындай күрделі құрылым арқылы әдеби эпитафиялардың ауқымы кеңиді.

**Материалдар мен әдістер.** Зерттеудің деректік көзі ретінде авторлардың 2018 және 2020 жылдардағы далалық экспедиция материалдары, экспедиция мүшелерінің есептерінде көрсетілген ғылыми талдаулары пайдаланылды. Маңғыстау жерлеу орындарындағы құлпытастарда, сандықтастарда, кесене қабырғаларында бейнеленген сакралды суреттерді далалық экспедиция нәтижелері бойынша зерттеу үшін ауызша және жазбаша деректерді қатар қолдану әдісі, сонымен қатар, тарихи-этнографиялық, тілдік-этимологиялық талдау, салыстыру, интерпретация әдістері қолданылды.

**Зерттеу нәтижесі.** Э.Б. Арутюнян эпитафия мәтіндерінің барлық уақытта сыртқы өмірге және оқуға арналмағандығын айтады, мәселен, Батыс Норвегиядан табылған V және VII ғасырларға жататын жазуы бар плиталар қабірге мәтіндері төмен қаратылып көмілген. Автор сол арқылы ежелгі эпитафиялардың жерлеу рәсіміне киелілік сипат беретінін айта келіп: «Таким образом, текст на могильной плите, табуированный для прочтения, усиливал сакральный характер ритуала и олицетворял собой границу между сакральным и профанным мирами» (Арутюнян 2008: 143), – дейді. Осы сияқты жасырын мәтіндер қазіргідей өсиет түрінде емес, кейде қарғыс түрінде де болған. Э.Б. Арутюнян, сондай-ақ, осындай жасырын мәтіндердің магиялық қызметі болғандығын, қабірді ашып, марқұмды мазалаған адамды қарғау немесе бақытсыздыққа ұшыраудан сақтандырған жалыныш мазмұнды мәтіндердің де болатынын жазады. Осы мақаласында зерттеуші Э.Б. Арутюнян қабірусті жазбалары мен эпитафия бір-бірімен барабар емес дейді. Зерттеушінің пікіріне сүйенсек, құлпытастардағы марқұмның аты-жөні, туған, өлген жылдары, түркі халықтарына тән рулық таңбалар, тіпті құлпытасты қойған адам, моланы (там, кесене т.б.) салған, безендірген ұстаның, шебердің аты-жөні де эпитафияға жатпайды.

Егер эпитафияның мақсаты – тірілерге өлілер туралы өсиет қалдыру болса, онда қабір не құлпытастың әрбір компоненті осы мәтіндік құрылымды жасауға қатысады деп түсінеміз. Ол вербалды немесе бейвербалды компоненттер болуы мүмкін.

Осыдан келіп, эпитафияның мазмұны, құрылымы неден тұрады деген сұрақтар да туындайды. Осы орайда Ложкованың пікіріне ерекше назар аударғымыз келеді: «Безендірулер – қабірусті ескерткіштерінің құрамдас бөлігі, онан тыс бола алмайды. Осы ерекшелігіне қарай қабірдің безендірілуін де қабірусті жазбаларына, эпитафияға жатқызуға бола ма? Түрлі талдаулар жүргізе келіп, қабірусті құлпытастарды тұтасымен эпитафияға жатады деген қорытынды шығаруға болады». (Ложкова, 2018: 58). Егер біз қабір басындағы жазуларды ғана емес, құлпытастардың формасын (зооморфты (ат, қой, арқар), антропоморфты (адам, сәлде, шалма, тәж т.б) немесе сәндеп-безендірілуін (құлпытастарға салынған суреттер, сызбалар, таңбалар) де марқұм туралы қандай да бір мағлұмат беретін киелі мәтін ретінде қабылдасақ, онда, әрине, бұларды да эпитафияның түрлері ретінде қарастыруға болады.

**Талқылануы.** Маңғыстау мен Үстірт аймағы жерлеу орындарынан XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың басында белгілі бола бастаған, ғылымда «петроглиф» деп аталатын суретті бейнелер туралы С. Әжіғалидің «Генезис традицион-

ной погребально-культовой архитектуры Западного Казахстана» және З. Самашев пен Ж. Жетібаевтың «Қазақ петроглифтері» еңбектерінде тарихи, археологиялық, этнологиялық, этнографиялық, өнертанымдық тұрғыдан жан-жақты талдау жасалған. Қазақ петроглифтерінің зерттелуі, типологиялық жіктелуі, генезисі, семантикасы т.б. осы аталған еңбектерде баяндалғандықтан, тоқталып жатпаймыз. Біздің мақаламызда мақала авторлары ұйымдастырған далалық экспедициялардың материалдары негізінде жерлеу орындарынан анықталған сюжетті суреттер (бейнелер) қабірүсті мәтіннің (эпитафияның) бір түрі ретінде мәтінтану теориясы негізінде қарастырылады.

Жоғарыда аталған еңбектердегі типологиялық талдау қорытындысына және зерттеу материалдарымызға сүйеніп, Маңғыстау жерлеу орындарындағы суреттерді төмендегідей тақырыптарға бөлдік: 1. Адамдардың бейнесі (өте сирек); 2. Жан-жануар (түйе, жылқы, арқар, таутеке, арлан бөрі, жолбарыс, арыстан); 3. Қару-жарак (найза, садақ, жебе, қорамсақ, қанжар, пышақ, айбалта, шиті мылтық), ат әбзелдері; 4. Шаруашылық, кәсіппен байланысты бұйымдар (қайшы, тарақ, қысқаш, балта, малға таңба басатын құрал т.б.); 5. Киім (аяқ киім, бас киім), әшекей түрлері (әйелдердің сырғасы, өңіржиегі, ер адамның белбеу-кісесі), ыдыс-аяқ (самаурын, шай-аяқ, аққұман, маңғыстауша, дүмше (бұндай суреттер ХІХ ғасырдың аяғы, ХХ ғасырдың басындағы кереге, күмбезтамдарға салынған, орыс мәдениетінің ықпалын көрсетеді); 6. Культтік бейнелер («ашық алақан», құран салатын қоржын).

Ж.К. Таниева қазақтың рулық таңбаларын зерттеуге арналған еңбегінде зерттеушілердің Қазақстанның шығыс бөлігінен табылған жартастарда, тас стеллада, ерте орта ғасыр ыдыстарында бейнеленген тау ешкілерін таңба тәрізді белгілерге жатқызатынын, себебі мүйіздің, бастың, дененің схемалық түрде жасалған фигуралары басқа жерлеу орындарындағы стеллаларға салынған таңбаларға қатты ұқсайтынын жазады (Таниева, 2007: 119). Расымен де, жерлеу орындарындағы (қабірүсті құлпытас, сандықтастардағы, кереге там, күмбез там қабырғаларындағы) суреттер бір кездерде жазудың орнына жүрген, мағыналық таңбалар болуы әбден мүмкін. Мысалы, С.Ажигали таңбатануда «хан таңбасы» аталатын таңбаны бір қазыққа (бағанға) байланған қос аттың (құрбандыққа арналған) культтік бейнесіне ұқсатады (Ажигали, 1994: 149-150). Ғалымның ғылыми пайымдаулары бойынша, атты құрбандыққа шалу немесе оны қайтыс болған иесімен бірге көму – энеолит кезеңіндегі адамдардың мифологиялық танымында бар. Ол еуразияны мекендеген көшпелілердегі жылқыны күн тәңірімен, о дүниемен, ат байлайтын бағанды «әлемдік дүние ағашымен» байланыстаратын жылқы культіне негізделген. Мола басындағы ат байлайтын баған бейесі Қазақстанның кейбір өңірлерінде ХІХ ғасырдың аяғына дейін сақталған. Олар қазақтың киіз үйінің жанына орнатылатын ат байлайтын бағанның баламасы екені сөзсіз. Оған мысал ретінде Үстірттегі Бекет Ата және Абат-Байтақ қорымдарынан табылған баған тәрізді ағаш құлпытастарды айтуға болады. *Құлпытас – құрбандыққа арналған аттарды байлайтын баған – дүние ағашы* ертедегі адамдардың мифологиялық танымындағы құрбандық бағаны – өмір ағашы идеясының кейінгі стеллалардағы эволюциясына куә болады дейді (Ажигали, 1994: 123-143).

Адам баласы тарихындағы алғашқы жазу – сурет түрінде дүниеге келіп, кейін таңбаға айналғандығы туралы пікір дау тудырмаса керек. Адамзат тарихы

таңбаланған ең алғашқы дерек Франциядағы Перигё қаласына жақын орналасқан Ласко үңгірі қабырғаларындағы «Аңшылық» атты сурет екен. Ғалымдар бұл таңба-сурет біздің ғасырымыздан қырық екі мың жыл бұрынғы адамзат санасының өркендеуін танытатынын айтады. Олай болса, жартастардағы, қабір басындағы суреттерді адамзаттың таным-түсінігінен, өмір-тұрмысынан хабар беретін тілсіз мәтіндер ретінде қарастыруға әбден болады.

3. Самашев пен Ж. Жетібаевтың төмендегі пікірі біздің осы ойымызды бекіте түседі: «Сонау жоғарғы палеолит дәуірінде пайда болып, қазіргі заманға келіп кеткен жартастағы суреттер мен жазу-сызулар – бір жағынан, оларды салған адам баласының рухани жан-дүниесін көрсететін «ашық аспан астындағы галерея» болса, ал екінші жағынан, өткен дәуірлер мен қоғамдар тарихы үшін теңдессіз дерек көздерінің бірі болып табылады» (Самашев, Жетібаев, 2005: 3).

Маңғыстау жерлеу орындарында жекеленген тұлғаларға салынған кесене қабырғаларында, құлпытастарда, сандықтастарда *жылқы, түйе, арқар, таутеке, арыстан, жолбарыс*, егер жерленген ер адам болса, бес қару түрлері немесе марқұмның кәсібіне байланысты *қайшы, тарақ, етік* т.б., діни тұлғалар болса, *ашық алақан, құран салатын қоржын* т.б. ойып, қашап, бедерлеп салынған (9-10-11-12-13-14-15-16-17-суреттер).



9-сурет. Тұмар тағылған ат. Шекем Мейіз (XIX ғ.) Маңғыстау обл



10-сурет. Кесене қабырғасына салынған жылқылар  
Қарауылкүмбет (XIV ғ.) Маңғыстау облысы.



11-сурет. Қатепті нар Шекем Мейіз (XIX ғ.) Маңғыстау облысы)



12-сурет. Мойнында белгісі бар қос өркешті түйе Шекем Мейіз (XIX ғ.), Маңғыстау облысы






13-сурет. Айға атылған арлан бөрі Күйеу там (XVI-XVII ғғ), Маңғыстау обл.



14-сурет. Арқарлар және ашық алақан бейнесі Күйеу там (XVI-XVII ғғ), Маңғыстау обл.



15-сурет. Құлпытастағы суреттер Белтұран (XI-XV ғғ), Маңғыстау обл.



17-сурет. Құлпытасқа бедерленген Құран салатын қоржын

Егер біз тастағы суреттерді көркем туынды ретінде қарастырсақ, әрбір көркем шығарма (туынды) дүниені тану мен ұйымдастырудың индивидуалды-авторлық концепциясын танытады. Автордың (сол арқылы адамзаттың) дүние туралы ұғымы, білімі көркем шығарма арқылы белгілі бір танымдық жүйе түрінде адресатқа беріледі. Сонда көркем мәтінде дүниені концептуализациялау, бір жағынан, дүние бейнесін құрудың (дүние моделін жасаудың) әмбебап заңдылықтарына бағынса, екінші жағынан, жеке-дара, тіпті қайталанбайтын қиялдағы идеялардың табиғатын танытуға ат салысады. Дүниенің концептуалдық бейнесінің (суретінің) екі жағы – индивидуалды және әмбебап сипаты бір-бірімен барлық уақытта сәйкесе бермеуі, тіпті мүлде сәйкеспеуі мүмкін Сондықтан көркем мәтінге концептуалды талдау жасау: біріншіден, мәтіндегі кілт сөздерді табу, екіншіден, мәтіннің семантикалық кеңістігіндегі базалық концептілерді анықтау, үшіншіден, базалық концептілер арқылы танылған концептуалдық кеңістікті сипаттау түрінде жүргізілуі тиіс (Гальперин, 1981:133).

Антропологиялық және когнитивтік лингвистиканың аясында мәтін семантикасы туралы мәселе күрделеніп, кеңейе түсті. Мәтіннің мағыналық құрылымын зерттеудің түрліше қырлары пайда болды. Соның ішінде қазіргі кезде көптеген зерттеушілердің назарын аударып отырған *мәтіннің семантикалық кеңістігі* мәселесі деуге болады. Кеңістік категориясында мәтін таңбалық және мағыналық бірліктерде танылады. Бұндай кеңістікті виртуалды және актуалды деп екіге жіктейді. Виртуалды семантикалық кеңістікте мәтіннің бастапқы пайда болуындағы автордың алғашқы ойы (замысль) көрінсе, актуалды семантикалық кеңістік дегеніміз – мәтіннің тыңдаушы арқылы қабылдануы. Басқаша айтқанда, алғашқысы мәтіннің басталу кеңістігі болса, екіншісі мәтіннің аяқталу кеңістігі деп түсінеміз (Бабенко, Казарин, 2003: 50)

Маңғыстау петроглифтеріндегі мәтіннің семантикалық кеңістігі олардың астарындағы халықтық таныммен байланысты. Ол таным кейінгі ұрпақтың санасында

көмескілене бастаған дүние-жаратылыс туралы білімді қайта жаңғыртуға көмектеседі. Егер біз адамзат, оның жаратылуы, ғалам мен адам қарым-қатынасы туралы ежелгі танымды миф деп қарастыратын болсақ, осындай танымның өнерде танбалануы метамәтін арқылы кейінгі ұрпаққа символданып жетуі мүмкін (Аймұхамбет, Жұмағазина, Дәлелбекқызы, Айтуғанова, Сейпутанова, 2021: 200). Мысалы, әлемдік өмір ағашының бәйтерек, құрбандық бағаны арқылы берілуі, әлемнің жоғарғы, ортаңғы, төменгі қабаты туралы ұғымның төрт түлік бейнесіне сыйдырылуы т.б. Мәтіннің кумулятивтік қызметі ғасырлар бойы адамзат қалыптастырған білім мен мәдениетті сақтап жеткізуінде болып отыр. Олай болса, құлпытас беттеріндегі суреттер – тілсіз (бейвербалды) мәтіндер, қазіргі адамдар біле бермейтін тұңғияқ білім мен ақпараттың жеткізушісі, байырғы мифтерді жаңа мазмұнда жеткізуші метамәтіндер деп бағалаймыз.

Көне түркілік жартас суреттерінде (Алтай, Саян, Сібір, Моңғолия, Оңтүстік Қазақстан) міндетті түрде таутеке, арқарларға басымдық берілсе, Маңғыстау мен Үстірттегі қабір басындағы суреттердің басым көпшілігі жылқыларға арналады. Бұл аталған петроглифтердің жасы XVIII-XIX ғасырларды, яғни Маңғыстаудың адай кезеңін қамтитынын көрсетеді. Көшпенді жауынгер тайпа ретінде адайлардың дәстүрлі сурет өнерінде жылқы аса маңызды рөл атқаратыны сөзсіз.

Маңғыстау құлпытастарында бейнеленген жылқылар алдымен, әскери рухпен байланысты. Ат – жауынгер халықтың негізгі күші, қаруы, соғыс майданында аттан түсу, жығылу – жеңілудің белгісі. Адамдарды атымен бірге жерлеу үрдісі сақтарда, сарматтарда, түркілерде болғандығын археологиялық зерттеулер дәлелдейді (Археологические памятники Казахстана, 1978: 62). Ерте замандардағы батырларды атымен бірге жерлеу рәсімінің жұрнағы мұсылман дінінің тыйымдарына байланысты, кейінгі кезеңдерде құлпытасқа не кесене қабырғасына аттардың суретін салумен жалғасын тапқан. Құлпытастардағы аттар біреу немесе бірнешеу болуы мүмкін, ол бір орында тұрған немесе қимыл үстіндегі, тұл ат немесе салт мінілген ат түрінде кездеседі. Түгел кейіпмен шебер салынған суреттер де, жабайы сызбалар да, өлшемге сыймайтын аяқтары ұзын, денелері үлкен мифологиялық сипаттағы жылқылар да бар (18-19-суреттер). Қабір басындағы жылқылардың дені тұрқы үлкен, жалсыз, құйрығы сыпырғыдай ғана, басы кішкентай боп келеді. Маңғыстау петроглифтерін зерттеген З.Самашев пен Ж.Жетібаевтің еңбегінде Маңғыстау мен Үстірттегі жерлеу орындарында жылқы бейнелеріне сәйгүлік (адай жылқысы) және қазанат тәрізді қазақтың асыл тұқымды жылқылары алынғандығы айтылады (Самашев, Жетібаев, 2005: 20-21).

Авторлар дұрыс көрсеткендей, қабір басында бейнеленген жылқылар негізінен – айғырлар. 2018 және 2020 жылдардағы далалық экспедиция барысында бие (ұрғашы жылқы) бейнеленген санаулы құлпытастарды кездестірдік. Соның бірі – Қарауылкүмбет қойылымындағы күмбезтам (20-сурет) қабырғасына салынған «бие сауу» деп атауға болатын сюжетті сурет. Суретте биенің шоқтығына ұзын құрық сүйеліп, саууға дайындалған, биенің артқы аяқтарының арасы алшак, саудыруға бейімделген бие екені байқалады. Жалпы, үйретілген биенің басын байламай, құрық сүйеп қойып сауу – Маңғыстау өңірінде бар үрдіс. Құрық – жылқыны бағындыратын

бірден-бір киелі құрал. Оның да ар жағы өмір ағашымен байланысты. Үй артында жылқы байлайтын бағанды қазақтар *мама ағаш* дейді. *Мама ағашы, мама бие* атауларындағы *мама* сөзі Ұмай Ана ұғымымен байланысты. Бұл да жылқының Тәңірлік, аспандық, ана дүниелік сипатын танытады. Өмір ағашы ислам дініндегі сидрат аль-мунтаха – пейіште өсетін ғажайып ағаш туралы түсінікпен астасады. Архаикалық мәдениетке тән дүниенің мифтік бейнесі кейінгі дәуірлерге мәдениеттің бір деңгейі немесе үлгісі ретінде жетті. Оның мысалы ретінде қазақ эпостарындағы мифтік персонаждарды айтуға болады (Нұрдәулетова, Режепович, Жанат, Нұржанова, 2020: 763).



18-сурет. Ат үстінде үзенгіге тұрып, ат шылбырын ұстаған адам Жұбанияз Ата (XVIII ғ.), Маңғыстау облысы



19-сурет. Атка мініп, аң аулау Кентті Баба (X-XV ғғ.), Маңғыстау обл.



20-сурет. Бие сауу. Қарағашты әулие. (XV-XVIII ғғ.) Маңғыстау обл.

Құлпытастардағы жылқылардың дені ерттелмеген, үстінде иесі жоқ тұл немесе тағы жылқыларды елестетеді. Бұндай суреттердің семантикалық кеңістігі нені меңзейді? Үстінде иесі жоқ тұл ат – өлім концептісіндегі негізгі фреймдердің бірі. Иесі өлген атты жал-құйрығын кесіп, тұлдау қазақ салтында XIX ғасырдың екінші жартысына дейін сақталғандығы туралы М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясы арқылы жақсы таныспыз. Аттың ерттелмеуі – оның адамзат құрығына түспеген тағылығын, еркіндігін көрсетеді. Сондай-ақ, мифтанушы С.Қондыбай «ерт, ерттеу» сөзінің түпкі этимологиясын «рет, тәртіп, жөн-жосық» сөздерімен байланыстыра келіп: «Жабайы, асау ат – хаос, тәртіпсіз ғалам. Оны қолға үйрету немесе ерттеу – хаосты жойып, тәртіп пен космос орнату болмақ» (Қондыбай, 2008: 344), – деп жазады. Сонда қабір басына салынған жылқы бейнесі хаос, яғни өлілер дүниесін мензесе керек.

Маңғыстау жерлеу орындарында бейнеленген жылқылардың көпшілігінің мойнында тұмар немесе қоңырау бар. Түйе, арқар, таутеке, басқа да жан-жануарлардың мойнына тағылмаған тұмардың жылқыға ғана тағылуының астарында не жатыр?

Аттың мойнына тұмар не қоңырау тағу – аттың құрбандыққа арналғандығының белгісі. Ол туралы С.Әжіғалидың «Генезис...» еңбегінде жан-жақты баяндалған. Ғалымның пайымдауы бойынша, ертеде сақтар (скифтер) құрбандыққа шалатын атты байлайтын бағанға қоңырау іліп қойған. Сақ қорғандарынан табылған ат-әбзелдері мен аттың қаңқасының жанындағы қоңыраулар – осының дәлелі (Ажигали, 2001: 175). Сондай-ақ, жылқы сияқты киелі жануарға көз тимесін деп, мойнына тұмар байлап қоятын да ырым болған (Самашев, Жетібаев, 2005: 21-22). Ат пен тұмардың киелі байланысы Айрақты тауындағы сурет-композицияда жақсы көрініс тапқан (Медоев, 1979: 75-76 кестелер). Халықтық таным бойынша, жылқы –



байлықтың, сән-салтанаттың символы. Ал еркек жылқылар (айғыр) көбею, өсіп-өнуді білдіреді. Сол арқылы қазақтың қайтыс болған адам туралы «арты қайырлы болсын» деген тілегінің астары байқалады. Яғни құлпытасты безендіруші тұлға марқұмның артындағы ұрпақтарына сән-салтанат, байлық, көбею тілейді.

Түркі халықтарынан башқұрттарда, хакас, тувада, Каспий бойын жайлаған қазақтарда (Маңғыстау) мифологиялық теңіз жылқысы – суындар туралы аңыз кең жайылған. Бірақ, бір қызығы, Маңғыстау мен Үстірттегі «өлілер шығанағында» сақталған петроглифтерде қанатты жылқылар көрінбейді.

Маңғыстау петроглифтеріндегі келесі тақырып – түйе малымен байланысты. Ғалымдар ерте дәуірлердегі петроглифтерде түйелердің басты орында болғанын айтады. Әсіресе, екі өркешті (айыр) түйелердің культтық бейнесі көптеген сценаларда басқа жануарлардың ұсақ бейнелерінің ортасында ерекше үлкен тұрпатта берілуімен айшықталады. Оңтүстік Қазақстандағы Арпа Өзен жартасынан анықталған культтік сценада екі метрлік алып түйеге екі қолдарын көкке көтеріп, табынып тұрған адамдар бейнеленген. Ежелгі сақтар мен сарматтардан қалған өнер қолданбалы туындыларында жабайы түйелердің (қаптағайлардың) таңқаларлық бейнесін кездестіреміз, соның бірі – айыр түйелердің (бактрияндардың) жыртқыш аңдармен, кейде өзара шайқасын бейнелейтін сценалар. Түйелер қола және темір дәуіріндегі петроглифтерде сценалардың басты персонаждары болса, кейінгі кезендерде түйе бейнесінің қатардағы көп суреттердің біріне айналғаны байқалады, яғни түйелердің культтық мәні әлсірейді (Кадырбаев, Марияшев, 1977: 178-179). Маңғыстау құлпытастарындағы түйелер әр түрлі, олардың негізгілері екі өркешті айыр түйе немесе бура, бір өркешті нар мая немесе нар (еркек түйе) және қатепті нар. Түйелердің сағалығында – бұйдасы, мойнында белгісі бар (21, 22-суреттер).



21-сурет. Жалғыз өркешті нар мен еркек бота және имур, салор тайпаларының таңбалары Күйеу там (XVI-XVII ғғ.) Маңғыстау обл.



22-сурет. Қос өркешті айыр түйе. Жарылғас Ата (XIX ғ.) Маңғыстау обл.

Қазақ дүниетанымында түйенің мифологиялық бейнесі о дүниемен байланысты. С. Қондыбай: «Мифологиялық түйе – екіұдай сипатты мақұлық. Ол жақсы да, жаман да сипатты сақтайды. Бірінші – төменгі дүние, арғы дүние персонификациясы... Екінші – түйе арғы, бастапқы дүние, кейінірек төменгі дүниенің тұлғасы ретінде білім мен танымға ие (мысалы, Ойсылқара). Сондай-ақ, осы сипатқа ие батырдың, бақсының, би-абыздың, сәуегей дауашының мініс малы болып суреттеледі» (Қондыбай, 2008: 326), – деп жазады. Түйенің мифологиялық бейнесі бізге Заратуштраның, Мұхамбет пайғамбардың көлігі ретінде, Асанқайғының, Қорқыт Атаның, Манас батырдың желмаялары, Қара Бура әулиенің киесі болған қара бура т.б. арқылы жақсы таныс. Сондай-ақ, көне заманнан келе жатқан ғұрып бойынша қайтыс болған адамды жерлеу орнына

түйеге артып апару салты бар. «Қабір басына барғанда түйенің екі құлағын таңып тастау керек. Себебі қабір азабын тартып жатқан өлілердің шыңғырған дауыстарын түйе ести алады екен. Ол дауыстардың сұмдық үрейлі болатыны соншалықты, естіген түйе шыдамай, жынданып, құтырып кетуі мүмкін» деген әңгімелерді де үлкендерден естіп өстік. Сонда түйе арғы дүниенің де даусын естуге қабілетті ерекше жаратылыс, киелі жануар. Бұдан шығатын қорытынды, өлілерге арналған жазба-таңбаларда төрт түлік малдан түйе мен жылқы малының айшықталуы ежелгі заманнан сақталып келген протүркілік танымның жұрнағы болуы керек. Жылқы мен түйенің киелілік сипаты, дүниенің жаратылуы мен жоғарғы және төменгі дүниені байланыстырушы медиаторлық образын қабір басындағы сурет-сызбалар, тілсіз эпитафиялар арқылы белгісіз шебер мәңгілікке бәдіздеп қалдырған.

Қабір басында бейнеленген арқарлар мен арлан бөрі ненің нышаны? Тағы да мифтанушы С.Қондыбайдың ғылыми пайымдауына сүйенеміз: «Қасқыр – аспан аңы. Айтылып кеткен қасқыр тотемі осы аспандық образға байланысты. Олардың барлығында да қасқыр «аспандық», яғни көк бөрі, бұл көк түс емес, көк аспандық деген сөз» (Қондыбай, 2008:328).

Қасқыр немесе бөрі құлпытастарда көп кездеспейді. Тек бір ғана жерден, Маңғыстау облысының Қаракия ауданының территориясында орналасқан Күйеу там мазарының қабырғасынан айға атылған арлан бөрінің суретін кездестірдік. Зерттеушілер (археологтар, тарихшылар) Күйеу там кесенесін XVI-XVII ғасырларға жатқызады. Аңыз бойынша Шопан Ата, оның жалғыз қызы, болашақ күйеу баласы жау қолынан мерт болған. Күйеу там Шопан Атаның күйеу баласына арналып тұрғызылған. Күйеу тамның қабырғасында әйел адамның сыңар сырғасы әлде өңіржиегінің суреті салынған. Бұл марқұмның қосыла алмай қалған жарын меңзейтін нышан деп ойлаймыз. Күйеу тамнан 3 шақырым қашықтықта Шопан Ата жерасты мешіті бар. Атаның өзі және қызы осы жайға жерленген. Шопан Атаның өмір сүрген кезеңін зерттеушілер шамамен X ғасыр деп көрсетеді. Күйеу тамның салынған кезеңі де сол шамада болуы керек. Бұл кезеңде Маңғыстауға түрлі оғыз, қыпшақ тайпалары келіп-кетіп жүрген. Күйеу там қабырғаларында оғыздың қынық, имур, салор, жәуміт тайпаларының таңбалары бедерленген (Нұрдәулетова, 2021: 100-102). Олай болса, айға атылған арлан образының семантикалық астарын осы тайпаларға қатысты танымнан іздеу қажет (23-24-25-суреттер).


Маңғыстау петроглифтеріндегі аңдар бейнесінде жылқы мен түйеден кейінгі орында арқарлардың (таутеке сирек кездеседі) суреті тұр. Арқарды қасиетті аң ретінде кие тұтудың іздері Маңғыстауда әлі де сақталған. Бекет Ата жерасты мешітінің айналасындағы арқарларды «Атаның арқарлары» деп, оларды аулауға, қандай да бір қиянат жасауға тыйым салынған.



23-сурет. Айғырдың суреті және әйелдердің әшекейі



24-сурет Арлан бөрі, айғыр және жәуміт, қынық, салор тайпаларының таңбалары Күйеу там (XVI-XVII ғғ.)



25-сурет. Арқарлар. Масат Ата (X ғ.). Маңғыстау обл.

Маңғыстау жерлеу орындарында бұқаның суреті кездеспейді. А.Медоев мұз дәуірінің аяқ шеніне қарай мүйізтұмсық алғашқы бизон мен алғашқы сыйыр тұқымдас түрлердің құрып бітуіне байланысты олардың жартаста бейнелеу дәстүрі Сарыарқада тоқтап қалады да жаңа тас ғасырының аяқ кезінде Сарыарқаның жартаст беті өнерінде бұқа бейнесі қайта көрініс беретінін жазады (Медоев, 1979: 169). Зерттеушілер М.К.Кадырбаев пен А.Н. Марияшев археологиялық қазба деректеріне сүйеніп, түрлердің қаңқалары неолит, қола дәуірі ескерткіштерінен табылған, ал Қазақстанда жартаст бетінде бұқалардың (бизондардың) бейнелене бастауы шамамен б.э.д. II мың жылдықтардың арғы жағында болуы керек, Н.К.Верещагин мен Н.Н.Мельникованың деректері бойынша, Алтайды түрлер XVIII ғасырдың ортасына дейін мекендеген деген пікір айтады (Кадырбаев, Марияшев, 1977: 171-172). Франциядағы Ласко үңгірінен табылған Ежелгі палеолит дәуірі адамдары салған «Аңшылық» деп аталатын суреттерде адамдардың алып бизондарды аулау сәті бейнеленген.



26-сурет. Ласко үңгірінен табылған сурет «Аңшылық»(Wikipedia)



27-сурет. Аң аулау. Стамбул университетінің археологиялық музейі



28-сурет. Аң аулау. Жарылғас Ата (XVIII ғ.)

Арыслантепе (Ефрат өзенінен оңтүстік батысқа қарай 12 км қашықтыққа созылып жатқан Малатъя жазығы, қазақша – Арыстан төбе) археологиялық қазбадан адамдардың бизон әлде алып қабан аулаған суреті табылған (Стамбул археологиялық мұражайы). Осыған ұқсас «алып аң аулау» сценасын экспедиция барысында ХҮІІІ ғасырда салынған Жарылғас Ата кесенесінен таптық. Бұл Маңғыстау жерлеу орындарындағы «атқа мініп аң аулау», «бие сауу», «ботасын емізген інген» сияқты сюжетті суреттерді жаңа тақырыппен байыта түсетіні сөзсіз. Бірақ бизон, қабан сияқты алып аңдарды аулау сценасы Маңғыстау жерлеу орындарында аса көп емес. Маңғыстау жерлеу орындарында (құлпытастарда, сандықтастарда, кереге там, кесене қабырғаларында) адам бейнесі көп кездеспейді, негізінен ат үстіндегі салт ат-

тыларды көреміз, олардың да бейнесі анық сурет емес, сызбалар (төрт бұрыш, үш бұрыш, дөңгелек), сызықтар түрінде болып келеді. Дегенмен соғыс, аңшылық, жекпе-жек айқас, жарыс түріндегі сценалардың ортасында жүрген түрлі қимыл үстіндегі адамдарды байқауға болады.

Экспедиция мүшелерінің ерекше назарын аударған бір құлпытас туралы айтып өткіміз келеді (29-сурет). Сейсем Ата пантеонында үлкен сандықтастың (саркофаг) бас жағына трапеция формасында орнатылған құлпытастың дәл ортасында әйел адамның бейнесі бедерленген. Шашын төбесіне түйген, бет жүзі жоқ (жел, жаңбыр әсерінен өшіп кетуі де мүмкін), екі қолын бүйіріне таяу ұстаған, етегі трапеция, жіңішке белінде белбеуі бар, аяқтары түп-түзу, қысқа. Айналасында үлкен қайшы, тарақ және шаш түйреуіш бедерленген. Құлпытастың төменгі жағында, сандықтастың бетінде адай таңбасы – жебе ойып салынған. Сандықтастың қақпағын мүк басып, қарайған. Марқұмның аты-жөні туралы дерек жазылмаған. Суреттерге қарап мынадай болжам айтуға болады: бұл жерде жерленген – әйел адам, ол өмірде тігіншілікпен айналысқан шебер немесе шаштараз болуы мүмкін. Ана дүниеде де кәсібін жалғастырады деген сеніммен қабіріне оның тірідегі құралдары бейнеленген. Қазақта тағы да мынадай наным бар: өмірде қолөнермен айналысқан (тоқыма, кілем, алаша тоқитын, киім тігетін, киіз үйдің құрал-жабдықтарын жасайтын шебер) әйел адам қайтыс боларда қолымен жасаған дүниелерін, құралдарын қимай, біразға дейін жаны шыға алмай қиналатын көрінеді, сол кезде жанына әкеліп, инесін, алаша, кілем тоқитын құралдарын сындырып, жіптерін қиса, адамның жаны жеп-жеңіл шығып кетеді. Мына құлпытастағы суреттерде осы нанымның іздері де болуы мүмкін.



29-сурет. Сандықтас үстіне қойылған құлпытастағы әйел бейнесі.  
Сейсем Ата пантеоны, Маңғыстау.

**Қорытынды.** Маңғыстау жерлеу орындарындағы суреттер осы аймақты мекендеген ежелгі сақ, ғұн тайпаларының, оғыздар мен қыпшақтардың, ноғайлылардың, кейінгі адайлардың дүние танымын жинақтаған ерекше өнер жиынтығы деуге болады. Маңғыстау петроглифтері туралы А. Медоевтың: «Бұл адайлардың еуразиялық шаманизм мен Түркістан, Хорасан шайқылары әкелген суфизм тұжырымдамасының тоғысуынан туған дүниетанымның нәтижесі еді» (Медоев, 1979: 171), – деген бағасының астарында үлкен мән бар. Қабірусті суреттері арқылы берілген тілсіз мәтіндер тек өмір мен өлім, ана дүние мен осы дүние, фәни мен бақи арақатынасын ғана бейнелеп қоймайды, сонымен бірге адамзаттың мамыражай өмірі, тұрмыс-тіршілігі, кәсібі, дүниеге көзқарасы да қоса беріледі. Соған қарағанда, өлілерге арналған тас қабірлер адамзаттың мәңгілік тарихы жазылатын тас кітаптары сияқты,

сол заманның (Маңғыстауда ХІХ ғасырдың аяғы ХХ ғасырдың басында там салатын, оның қабырғаларын әсем өрнектермен, түрлі сурет-сызбалармен, құлпытастарды жазулармен безендіретін арнайы ұсталар, шеберлер болған) қас шеберлерінің ой-талғамымен, білім-парасатымен кейінгіге аманатталған киелі мәтіні деуге болады. Осы мақалада Маңғыстау жерлеу орындарындағы қабірусті суреттері бейвербалды мәтіндер – эпитафияның бір түрі ретінде қарастырылды. Археология, этнография, таңбатану ғылымдарының зерттеу нысаны болып келген петроглифтерге филологиялық (мәтінтаным, этнолингвистика) аяда зерттеу жүргізуге алғаш рет талпыныс жасалды.

*Мақала ҚР БҒМ грантымен қаржыландырылатын «AP08856996 Маңғыстау аймағындағы сакралды мәтіндердің концептуалды кеңістігі (жырдулық мәтіндер, эпитафиялық жазба мәтіндері, петроглифтер)» ғылыми жобасы аясында жазылды.*

**Нурдаулетова Б.И.<sup>1</sup>, Нуржан А.С.<sup>2</sup>**

*Каспийский университет технологии и инжиниринга им Ш.Есенова,  
Ақтау, Казахстан*

*e-mail: nurdauletova@mail.ru, aygece@mail.ru*

*ORCID ID: 0000-0002-6911-6509, 0000-0002-7897-8477*

### **Сакральная семантика изображений в захоронениях (на примере Мангистауской области)**

**Аннотация.** Тайна надгробных надписей находится очень глубоко. Ученые считают, что родиной эпитафий считается древняя Греция. Сам термин происходит от греческого ἐπιτάφιος (epitaphios) – что означает «надгробный». Оставлять надписи об умерших на надгробиях обычай встречающийся в культурах древнего Шумера, Вавилона, Персии, и Египта.

Особенность нашей статьи в том, что изображения на стенах надгробий, гробниц, и мавзолеев, также рассматриваются как эпитафии и анализируются как священный текст.

Тема присущая тексту, передача информации, коммуникация, языковая и неязыковая коммуникация, познание, эмоция, экспрессия и даже фактор адресата определяются сакральной природой изображений. Имеются историко-этнографические, археологические исследования изображений в захоронениях, однако необходимо изучать надгробные изображения как систематический текст и изучать их в литературном, лингвистическом и когнитивном контексте. Потому что изображения на надгробиях – это целый текст, отражающий мифологические знания древних людей, жизнь общества в более поздние времена, философские и религиозные взгляды на жизнь и смерть.

В статье анализируются определения эпитафии в современном литературоведении, текстологии, взгляды на жанровую природу и текстологические особенности эпитафий.

Сопоставляются надгробные надписи и изображения раннего мира и изображения (петроглифы) более поздних погребений, понятия и познания присущие тюркским народам, их следы, сохранившиеся в традициях казахского народа, объясняются изображениями на надгробиях. Изображения на надгробиях рассматриваются как цельный текст, связанный с фактором адресата.

**Ключевые слова:** места захоронения, надгробия, петроглифы, фактор адресата, текст, эпитафия, семантическое пространство текста.



*Nurdauletova B.I., Nurzhan A.S<sup>2</sup>*

*Caspian University of Technology and Engineering named after Esenov,  
Aktau, Kazakhstan*

*e-mail: nurdauletova@mail.ru, aygece@mail.ru*

*ORCID ID: 0000-0002-6911-6509, 0000-0002-7897-8477*

### **Sacred semantics of images in burial places (on the example of Mangystau region)**

**Abstract.** The mystery of epitaphs lies very deep. Scientists believe that ancient Greece is considered to be the birthplace of epitaphs. The term itself comes from Ancient Greek ἐπιτάφιος (epitaphios) - which means «at, over» and «tomb». The custom of leaving inscriptions about the dead on tombstones is found in the cultures of ancient Sumer, Babylon, Persia, and Egypt.

The peculiarity of our article is that the images on the walls of gravestones, tombstones, and mausoleums are also considered as epitaphs and analyzed as a sacred text.

The theme inherent in the text, the transfer of information, communication, linguistic and non-linguistic communication, cognition, emotion, expression and even the addressee factor are determined by the sacred nature of images. There are historical, ethnographical, archaeological studies of images in burials, however, it is necessary to study burial images as a systematic text and study them in a literary, linguistic and cognitive context. Because the images on tombstones are a whole text that reflects the mythological knowledge of ancient people, the life of society in later times, philosophical and religious views on life and death.

The definitions of epitaphs in modern literary criticism, textual criticism, views on the nature of genre and textual features of epitaphs are analyzed in the article.

Grave inscriptions and images of the early world and images (petroglyphs) of later burials are compared, the concepts and knowledge inherent in the Turkic people, their traces, preserved in the traditions of the Kazakh people, are explained by the images on the tombstones. Images on tombstones are considered as a whole text associated with the factor of the addressee.

**Keywords:** burial places, tombstones, petroglyphs, addressee factor, text, epitaph, semantic space of the text.

#### **Информация об авторах:**

*Нурдаулетова Бибайша Ильясқызы, доктор филологических наук, профессор. Каспийский университет технологии и инжиниринга им Ш.Есенова. г.Ақтау, Мангистауская обл., Республика Казахстан.  
E-mail: nurdauletova@mail.ru., ORCID ID: 0000-0002-6911-6509*

*Нуржан Айсара Светкалиевна, магистр востоковедения, специалист по турецкому языку, Каспийский университет технологий и инжиниринга им. Ш.Есенова. электронная почта: aygece@mail.ru, ORCID ID: 0000-0002-7897-8477*

#### **Әдебиеттер:**

Ажигали С. Батыс Қазақстанның дәстүрлі жерлеу-культтік сәулет өнерінің генезісі. Алматы: Ғылым, 1994. – 260 б. (Орыс)

Арутюнян Э. Б. Эпитафия мәтіндеріндегі полиадресаттың генезісі туралы // А.И.Герцен ат. Ресей мемлекеттік педагогикалық университетінің Хабарламасы.. СПб., 2008. № 85. Б. 142-149. (Орыс.)

Қазақстанның археологиялық ескерткіштері, Алматы: Ғылым, 1978. – 162 б. (Орыс.)

Аймұхамбет, З.А., Жұмағазина, А., Дәлелбекқызы, А., Айтуғанова, С.Ш., Сейпуганова, А.Қ. Метамәтін құрылымындағы

мифтік символизм // *Astra Salvensist*, 2021, 2021, стр. 199–210 ISSN-E: 2393-4727 ~ ISSN-L: 2344-1887 (Ағылш.)

Бабенко Л.Г., Казарин Ю.В. Көркем мәтінге лингвистикалық талдау жасау. Мәскеу: Флинта-наука, 2003. - 495 б. (Орыс.)

Гальперин И.Р. Мәтін лингвистикалық зерттеу объектісі ретінде. Мәскеу: Наука, 1981. - 134 б. (Орыс.)



- Қаракузова Ж.К., Хасанов М.Ш. Қазақ мәдениетінің ғарышы. Алматы: Наука, 1993. - 132 б. (Орыс.)
- Қондыбай С. Қазақ мифологиясына кіріспе. Алматы: Арыс, 2008. – 376 б. (Қаз.)
- Ложкова А.В. Әдеби эпитафия: жанрлық ерекшелік мәселесі. Орал филологиясы хабаршысы № 4. - 2018. - Б 56-64 (Орыс.)
- Медоев А.Г. Жартастарға салынған суреттер. Сары Арқа, Маңғышлақ. Бірінші бөлім. Алматы: Жалын, 1979. - 174 б. (Орыс.)
- Нұрдаулетова Б.И. Тарғыл тастағы таңбалардың сакралды мәні. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы № 4 (184). – 2021. – 91-107 бб. <https://doi.org/10.26577/EJPh.2021.v184.i4.ph9> (Қаз.)
- Нұрдаулетова, Б.И., Режепович, Б.С., Жанат, С., Нұржанова, А.С Мәулімнияз-Едиге поэмасындағы мифопоэтизмдер // Orscion (Венесуэла) V 36.2020. ISSN 1012–1587, Scopus, CiteScore 0,06, Том 36. Арнайы № 26. Б. 751–765. (Ағылш.).
- Самашев З., Жетібаев Ж. Қазақ петроглифтері. Алматы: Иль-Тех-Кітап, 2005. – 134 б. (Қаз.)
- Таниева Ж.К. Қазақ қоғамының рулық ұйым құрылымындағы таңба белгілерінің орны. Хабаршысы ПМУ. № 4. 2007. 113-125 бб. (Орыс.)
- Тілеубердиев Б. «Жылқы, түйе» атауларының қазақ ономастикалық кеңістігінен алатын орны. Ізденіс. №1. 2006. – 154-158 бб. (Қаз.)

### Литература:

- Ажигали С. Генезис традиционной погребально-культурной архитектуры Западного Казахстана. Алматы: Ғылым, 1994. – 260 б. (рус.)
- Арутюнян Э. Б. О генезисе полиадресованности в текстах эпитафий // Из-вестия Российского государственного педагогического университета им. А. И. Герцена. СПб., 2008. № 85. С. 142-149. (рус.)
- Археологические памятники Казахстана, Алматы: Наука, 1978: 62 (рус.)
- Аймухамбет З.А., Жумагазина А., Далелбекқызы А., Айтуганова С.Ш., Сейпуганова А.К. Мифический символизм в структуре метатекста // Astra Salvensis, 2021, стр. 199–210 ISSN-E: 2393-4727 ~ ISSN-L: 2344-1887 (рус.)
- Бабенко Л.Г., Казарин Ю.В. Лингвистический анализ художественного текста. Москва: Флинта-наука, 2003. -495 с. (рус.)
- Гальперин И.Р. Текст как объект лингвистического исследования. Москва: Наука, 1981. – 134 с. (рус.)
- Кадырбаев М.К., Марияшев А.Н. Наскальные изображения хрепта Каратау. Алматы: Наука, 1977. – 192 (рус.)
- Қаракузова Ж. К., Хасанов М. Ш** Космос казахской культуры. Алматы: Наука, 1993. – 132 с. (рус.)
- Қондыбай С. Введение в казахской мифологии. Алматы: Арыс, 2008. – 376 с. (каз.)
- Ложкова А.В.. Литературная эпитафия: проблема жанровой специфики. Уральский филологический вестник № 4. – 2018. – С 56-64 (рус.)
- Медоев А.Г. Графюры на скалах. Сары Арқа, Маңғышлақ. Часть первая. Алма-Ата: Жалын, 1979. – 174 б. (рус.)
- Нурдаулетова Б.И. Сакральные значения тамговых знаков на цветных камнях. Вестник КазНУ им әл-Фараби № 4 (184). – 2021. – С. 91-107. <https://doi.org/10.26577/EJPh.2021.v184.i4.ph9> (каз.)
- Нурдаулетова Б.И., Режепович Б.С., Жанат С., Нуржанова А.С. Мифопоэтизмы в поэме Маулимнияз-Едиге // Orscion (Венесуэла) V 36.2020. ISSN 1012–1587, Scopus, CiteScore 0,06, Том 36. Спец № 26. Б. 751–765. (англ.)
- Самашев З., Жетібаев Ж. Казахские петроглифы. Алматы: Иль-Тех-Кітап, 2005. – 134 с. (каз.)
- Таниева Ж.К. Роль тамговых знаков в структуре родовой организации казахского общества. Вестник ПМУ №4. 2007. С. 113-125 (рус.)
- Тілеубердиев Б. Место имен «конь, верблюд» в казахском ономастическом пространстве. Поиск. №1. 2006. – С. 154-158. (каз.)

References:

- Azhigali S. (1994). *Genesis tradicionnoy pogrebal'no-kul'tovoy arhitektury Zapadnogo Kazahstana* [Genesis of the traditional funerary-cult architecture of Western Kazakhstan]. Almaty: Gylm, - 260 p. (in Russ).
- Arutyunyan E. B. (2008). O genezise poliadresovannosti v tekstah jepitafij [About the genesis of polyaddressing in the texts of epitaphs] Rossijskogo gosudarstvennogo pedagogicheskogo universiteta im. A. I. Gercena [Proceedings of the Russian State Pedagogical University]. A. I. Herzen. SPb., 2008. No. 85. P. 142-149. (in Russ).
- Arheologicheskie pamjatniki Kazahstana [Archaeological monuments of Kazakhstan], Almaty: Nauka, 1978. – 190 p. (in Rus).
- Aimukhambet, Z.A., Zhumagazina, A., Dalelbekkyzy, A., Aituganova, S.Sh., Seiputanova, A.K. (2021) *Mythical symbolism in structure of meta-text // Astra Salvensisthis link is disabled, 2021, стр. 199–210* ISSN-E: 2393-4727 ~ ISSN-L: 2344-1887 . (in Eng.)
- Babenco L.G., Kazarin Yu.V. (2003) *Lingvisticheskij analiz hudozhestvennogo teksta* [Linguistic analysis of a literary text]. Moscow: Flinta-nauka, -495 p. (in Russ).
- Galperin I.R. (1981) *Tekst kak ob#ekt lingvisticheskogo issledovaniya* [Text as an object of linguistic research] Moscow: Nauka, - 134 p. (in Russ).
- Kadyrbaev M.K., Mariyashev A.N. (1977) *Naskal'nye izobrazheniya hrepta Karatau* [Rock carvings of the Karatau ridge] Almaty: Nauka, 1977. – 192 p. (in Russ).
- Karakuzova Zh.K., Khasanov M.Sh. (1993) *Kosmos kazahskoj kul'tury* [Cosmos of Kazakh culture] Almaty: Nauka, - 132 p. (in Russ).
- Kondybay S. (2008) *Khazaq mifologijasyna kirispe* [Introduction to Kazakh mythology] Almaty: Arys, 2008. - 376 p. (in Kaz.)
- Lozhkova A.V. (2018). *Literaturnaja jepitafija: problema zhanrovoy specifiky* [Literary epitaph: the problem of genre specificity] *Ural'skij filologicheskij vestnik* [Ural Philological Bulletin] No. 4. – P. 56-64. (in Russ).
- Medoev A.G. (1979). *Grafjiry na skalah. Sary Arka, Mangyshlak*. [Engravings on the rocks. Sary Arka, Mangyshlak]. *Chast' pervaja* [Part one] Alma-Ata: Zhalyn, - 174 p. (in Russ).
- Nurdauletova B.I. (2021). *Taryl tastaŕy tañbalardyñ sakraldy мәni* [Sacred meanings of tamga signs on colored stones]. *Әl-Farabi atyndary KazUU Habarshysy* [Bulletin of KazNU named after el-Farabi] No. 4 (184). - P. 91-107. <https://doi.org/10.26577/EJPh.2021.v184.i4.ph9> (in Kaz.)
- Nurdauletova, B.I., Rezhepovich, B.S., Zhanat, S., Nurzhanova, A.S (2020) *Mythopoeticisms in the epic poem maulimniyaz-edige Opcion (Venezuela)* V. 36. ISSN 1012–1587, Scopus, CiteScore 0,06. Volume, 36. (Special Edition 26), P 751–765. (in Eng.)
- Samashev Z., Zhetibaev Zh. (2005) *Қазақ петроглифтері. [Kazakh petroglyphs]* Almaty: II-Teh-Kitap, - 134 p. (in Kaz.)
- Tanieva Zh.K. (2007). *Rol' tamgovyh znakov v strukture rodovoj organizacii kazahskogo obshhestva*. [The role of tamga signs in the structure of the tribal organization of the Kazakh society] *Vestnik PMU* [Bulletin of Pavlodar State University]. No. 4. P. 113-125. (in Russ.)
- Tileuberdiev B. (2006) «Zhylyk, tÿje» ataularynuñ қазақ onomastikalық кеңістігінен alatyn orny [Place of the names “horse, camel” in the Kazakh onomastic space] *Izdenis. №1. – 154-158 bb.* (in Kaz.)

**Бейсенұлы Ж.<sup>1</sup>, Шаймерденова К.Қ.<sup>2</sup>, Мамаева Г.Б.<sup>3</sup>.**

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті*

*Нұр-Сұлтан, Қазақстан*

*E-mail: zhakupbeisenuly@gmail.com, kulash.sh07@gmail.com, gulnar.mamaeva@mail.ru*

*ORCID: 0000-0003-4999-2090, 0000-0002-6583-9726, 0000-0003-3405-6718*

## **МАҒЖАН МЕН ЧОЛПАН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ОРТАҚ САРЫНДАР**

**Аңдатпа.** Түркі халықтарының өзара интеграцияға ұмтылу тенденциялары рухани саламызда зор өзгерістердің белең алуына мұрындық болуда. Қазіргі заманның осындай жаңа, соны лебі есіп тұрған жағдайда қазақ әдебиетінің басқа әдебиеттермен байланыстарының ішінде көрші әрі туыс өзбек әдебиетімен байланысының орны ерекше екені айқын. Бір тамырдан бастау алатын қазақ және өзбек әдеби байланыстары туралы арнайы зерттеуді қолға алу қажет. Қазақ және өзбек халықтарының ортақ әдеби мұраларын салыстырмалы түрде қарастыруда, ұқсас сөз өнерінің генезисі мен типологиясын зерттеуде әлі де бажайлап қарастыратын мәселелер аз емес.

Бұл тақырыптың өзектілігі – ұлттық әдебиеттің тарихы үшін үлкен маңызы бар Орта Азияның аймақтық әдеби байланыстарының әлі күнге дейін эпизодтық сипатта көрініп келе жатқандығынан да байқалады. Зерттеуде өзбек классикалық әдебиетінің әсерімен жазылған қазақ әдебиетіндегі туындылардың, қазақ жәдитшілдігінің ықпалымен ортақ тақырыптары туған өзбек әдебиетіндегі шығармалардың салыстырмалы түрдегі және өзіндік ерекшелігі туралы мәселелер, екі әдебиет арасында жасалған өзара көркем аударма, акын-жазушылардың арасындағы достық қарым-қатынастар қарастырылады. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басы қазақ және өзбек әдеби байланысының кемелденген кезеңі болды. Мақалада қазақ және өзбек әдеби байланысының мысалы ретінде Мағжан мен Чолпан шығармашылығындағы ортақ сарындар қарастырылады.

**Кілт сөздер:** қазақ әдебиеті, өзбек әдебиеті, әдеби байланыс, отаршылдыққа қарсы әдебиет, түркішілдік.

**Кіріспе.** Түрікшілдік түрлі кезеңде әртүрлі жағдайға қатысты түрліше танылды, мұнан оның әрқырылығы байқалды. Түрікшілдіктің саяси, мәдени және әдеби қырлары бар. Сондықтан бұл құбылысты тек біржақты қарастыру оның болмысын толық ашып бере алмайды. Түрікшілдік түркілер тарих сахнасында пайда болғалы бар және заманға сай жаңарып жалғасып келеді. «Түрікшілдік», «тұраншылдық», «түркі бірлігі», «Тұтас Түркістан» идеялары – бір-біріне қайшы келмейтін мақсат-мүдделер. Түрікшілдік – түркі тілдес халықтың рухын көтеріп, қайратын жанып, бірлікке шақыратын ағым. Қазақ және өзбек әдеби байланысында түрікшілдігімен ерекшеленетін Мағжан мен Чолпанның шығармашылығындағы ортақ сарындар арнайы зерттеуді қажет етеді.

Қазақ және өзбек әдебиетінде салыстырмалы зерттеулер XX ғасырдың ортасынан бастап қарастырылып келеді. Көрнекті жазушылар мен ғалымдар Садриддин Айни мен Мұхтар Әуезов осы елдердегі салыстырмалы саланың негізін қалады. Әдеби байланыстар мен аударма саласы бойынша Ш.Қ. Сәтбаеваның, М.Х. Маданованың, Б. Мамыраевтың, Ә. Тарақтың, Қ. Алпысбаевтың, Ә. Сатыбалдиевтің, С. Талжановтың,

Қ. Нұрмахановтың, Г.Қ. Қазыбектің зерттеулерін атауға болады. Туыс халықтардың өзара байланысы Б. Ысқақовтың, А. Мусиновтың, Т. Сұлтановтың, Р. Бердібайдың, Д. Қамзабекұлы, С. Тойшыбаева, О. Жолдыбай, С. Сүтжанов, А.А. Жалмырзалардың зерттеулеріне арқау болды.

Қазақ және өзбек халықтарының түрікшілдік сарынымен ерекшеленетін ақындарының әдеби байланыстарының өзара ықпалдастығы зерттеліп, олардың арасындағы әдеби байланыстардың тарихи даму принциптеріне сәйкес орын алғаны айқындалды. Қазақ және өзбек әдеби байланысының мысалы ретінде Мағжан мен Чолпан шығармашылығындағы ортақ сарындардың тарихи негіздерін және олардың даму ерекшеліктері анықталды. Екі туыс әдебиет арасындағы өзара ықпалдастық нәтижелерін, жаңа сарындағы, жаңа деңгейдегі даму ерекшеліктерін бұған дейінгі зерттеулермен тығыз байланыста қарастыру – негізгі міндеттердің бірі.

**Материалдар мен әдістер.** Мақалада қазіргі әдебиеттану ғылымында қалыптасқан негізгі принциптер мен ғылыми әдіс-тәсілдер пайдаланылды, тарихи-салыстырмалы, мәдени-тарихи, әлеуметтік, мәтіндік талдау, салыстыру, баяндау, жинақтау және типологиялық әдістер қолданылды.

**Зерттеу нәтижесі.** ХХ ғасыр басында Патшалық Ресей Түркістанды толық отарына айналдырды. Ресей империясының бодандығы елді рухани, саяси, экономикалық тәуелсіздігінен айыру үшін отаршылдықтың түрлі әдіс-тәсілдерін қолданды. Түркістан халқы осындай аласапыран кезде бірігу қажеттілігін ұқты. Азаттыққа ұмтылған қазақ және өзбек зиялыларын түрікшілдік тақырыбы біріктірді. Қазақ және өзбек әдебиетінің ортақ тақырыптары мен ұқсас әдеби бағыттары азатшыл немесе отаршылдыққа қарсы кезеңде айқын көрінді. Әсіресе, «Тұтас Түркістан» идеясы тағдырлас екі ұлттың сөз өнерінде отаршылдыққа қарсы шығармалардың тууына ықпал етті. Осылайша түркі халықтары әдебиетінің тарихында әдеби байланыстардың әсерінен Түркістан әдебиеті деген әдеби-рухани кеңістік пайда болды. Әдебиеттегі түрікшілдік ағымы түркі тілдес ақын-жазушыларды біріктіріп, олардың жаһаттастығын қалыптастырды. Түркі әлемінің қоғамтану және гуманитарлық ғылым саласы мамандарының басты міндетінің бірі – әлемнің барлық түркі тілдес халықтарының тарихын, мәдениеті мен әдебиетін зерттеу. Олардың тарихи-мәдени өзара байланыстарын және қазіргі кезеңдегі өзара ықпалдастығын ашу өте маңызды. Қазақстанның туыс түркі елдерімен тарихи-мәдени байланыстарын зерттеу – Қазақстанның қоғамдық-гуманитарлық ғылымының өзекті мәселелерінің бірі. «Еріксіз ер түрікті еске аларсың, Көкке асқан Хантәңіріге қарай-қарай» деген жолдармен түркінің бейнесін жасаған Мағжан ақынның түрікшілдік ағымындағы орны бөлек. Мағжан ақын түркінің тарихи тұлғаларын мақтаныш етіп, олардың жауынгерлігін, даналығын жырлап, сол арқылы түркі дүниесі бірлігін көрсетуге тырысты. Мұндай талпыныстар түркі халықтары әдебиетінде «идеал түркі» әдеби бейнесін қалыптастырды. Түрікшілдік ағымындағы ақын-жазушылардың түркіге адамилықтың жоғары сипаттарын телуі қазақ және өзбек әдебиетінде «түркі» атты бас кейіпкердің пайда болуына ықпал етті. Сондықтан да қазақ және өзбек ақын-жазушылары әрбір азаматты осы идеал кейіпкерге қарап бой түзеуге шақырды. Бұл бірекі ақынның ғана шығармаларымен шектелген жоқ. Түрікшілдік жаһаттастығындағы

ақын-жазушылардың шығармаларына тарихи тұлғаларды арқау етуі ортақ әдеби үрдіске айналды.

«Әрбір әдеби туынды тарихи-әлеуметтік жағдайға сай туып, сол кездің шындығымен танылады. Сондықтан отарланған ұлт әдебиетінде «азаттыққа ұмтылу» басты тақырыпқа айналады. Осындай күрделі әдеби-тарихи үдеріс түрікшілдік ағымын тудырды. Түрікшілдік – түркі халықтарын бірлікке, өзара байланыстарын нығайтуға үндейтін қоғамдық-саяси ағым болып қалыптасты (Қазақстан. Ұлттық энциклопедия, 1998: 8).

**Талқылануы.** Тағдырлас қазақ және өзбек әдебиетіндегі түрікшілдік ағымы түркі идеалын насихаттау арқылы дамыды. Бұл ағымның нақты мысалы ретінде қазақтың Мағжан ақыны мен өзбектің Чолпан шайырының ғұмыры және шығармашылығын салыстыра қарастырамыз. Мағжан Жұмабаев пен Чолпан деген атпен танымал болған Абдұлхамид Сүлейманидің өмір сүрген кезеңдері, ойлары, сезімдері, әдеби тақырыптары, жалпы ғұмыр-тарихы мен тағдыры ұқсас болып келеді. Екеуі де алдымен ана тілінде оқыды. Араб және парсы тілдері арқылы дәстүрлі ислам мәдениеті мен әдебиетін меңгерген Мағжан мен Чолпан тәлім жолының кейінгі кезеңдерінде орыс-түзем мектептерінде оқып, орыс тілін үйренді және осылайша орыс және батыс әдебиеттерімен жақын танысты. Екеуі де жәдитшілдердің тәрбиесін көріп жетілді. Деректер Чолпанның А. Авлони ашқан жәдиттік мектепте тәлім алғанын растайды (Чулпон, 1991: 6). Олар классикалық әдебиеттен сусындап, жәдитшіл және батыстық авторларды оқыды. М. Әуезов (1929) Мағжанның жаңашылдығы мен жазу қабілетіне қатысты: «Қазақ жазушыларынан, әрине, Абайды сүйемін. Менің бала күнімнен ішкен асым, алған нәрімнің барлығы да Абайда... Бұдан соң Мағжанды сүйемін. Еуропалығын, жарқырағын, әшекейін сүйемін... сондықтан бүгінгі күннің бар жазушыларының ішінен келешекке бой ұрып, артқы күнге анық қалуға жарайтын сөз – Мағжанның сөзі. Одан басқамыздан бәріміздікі күмәнді, өте сенімсіз деп білемін» – деп, ақынның заманынан асып туғанын айтып, поэзиясының тек алға бастайтындығын жоғары бағалады (Әуезов, 1989).

Қазақ жұртына Чолпан есімі жақсы таныс емес. «Чолпан», «Қаландар», «Мырзақаландар», «Андижандық» псевдонимдерімен белгілі болған А. Сүлейманидің әдебиетте қолданған есімі – Чолпан (Шолпан). Чолпанның әкесі Сүлейменкүл Молда Мухаммад Юнусұлы «Расво» лақап атымен өлең-ғазалдар жазған. Сүлейменкүл молда баласы Абдұлхамидтің Фирдауси, Хафиз, Сағди, О. Хаям, Ж. Руми, Ә. Науаи, Т. Фикрет, Н. Кемел, Ғ. Тоқай сияқты сөз өнерінің саңлақтары мұраларынан нәр алып өсуіне әсер етті. Ол әкесінің арқасында Ташкент, Самарқан, Қазан, Баку, Ыстамбұл т.б. қалаларда шығатын газет-журналдарды да үзбей оқып отырған. Анадолыдан Әндіжанға арнайы жіберілген Мақсуд пен Муниф Әфендилер Чолпанға дәріс берді. Чолпан осы ұстаздарының көмегімен «Түрік Юрду», «Сервети Фунун» журналдарынан түркиялық ақын-жазушылардан Намық Кемал, Халиде Енгин, Йакуп Қадри және Рыза Тевфиктерді оқыды. Оның әдеби арнада әбден толысқан шағында жазған «Марқұм Тевфик Фикрет», «Рыза Тевфик бей» аты мақалаларынан түрік әдебиетіне қаншалықты жақын болғандығын көреміз. Сонымен қатар Чолпан аталған түрік ұстаздарынан түрік тілін меңгерген болса керек. Мұны ақынның «Өзбек қызы» секіл-

ді бірқатар өлеңдерін түрік тілінде жазғандығы растайды. Жастайынан жаңашыл көзқарастағы И. Гаспыралы, М. Бехбуди, А. Авлоний, Х. Ниязи, әсіресе, А. Фитрат шығармаларын оқып, олардың қоғамдық-саяси көзқарастарынан әсер алды.

Чолпан өзбек әдебиетіне бай да мазмұнды мұра қалдырды. Ол әдебиет есігін алғаш проза жанрымен ашқан болса да ең алдымен ақын ретінде танылды. Чолпанның әдебиеттегі қадамы 1913-1914 жылдары Әндіжанның әлеуметтік және мәдени өмірі туралы хабарлар жазудан басталды. 1914 жылы Ташкентке келгенде Мунаввар Қори Абдурашидхоновпен және Убайдулла Хожаевпен таныстығы Чолпанның ұлттық ояну қозғалысының өкілі ретінде қалыптасуының маңызды факторы болды. Чолпанның алғашқыда «Садои Туркистон» газетінде «Түркістандық бауырларымызға» өлеңі, «Надандық құрбандары», «Доктор Мухаммадёр» атты әңгімелері және «Әдебиет деген не?» атты ғылыми (1914) мақаласы жарияланып, аты таныла бастады.

Түркістан халқының экономикалық, әлеуметтік және мәдени артта қалуының себебін Ресейдің отарлық саясаты деп білген басқа да зиялылар қатарында Чолпан өз еңбектерімен халықтың мәдениеті мен білім деңгейін көтеру жолында аянбай еңбек етті. 1917 жылғы Ақпан төңкерісі түркістандық интеллигенцияның дүниетанымын өзгертті. Алғашқы өлеңдерінде 1917 жылдағы төңкеріс жалауын желбіретпек болған Чолпан кейін большевиктердің даурықпа ұранына алданғанын түсінді, өзбек жұртының «қираған елге» айналғанын көрді. Өзбектің бүкіл байлығының Ресейге кетіп жатқаны, халықтың кедейшілікке салынған жай-күйі ақынды ашындырды. Бұхара көтерілісіне арнаған «Халық» атты өлеңінде:

Барлық күшті халықтан алайық,

Құшақ жайып халық ішіне барайық,

– деп, халық жүгін бірге көтеруге бел буды. Чолпан да заманының зиялылары қатарында тәуелсіздік үшін күрестің насихат кезеңінен іс-қимыл кезеңіне өткенін түсінді. Чолпан Түркістан Автономиялық үкіметін құруға белсене қатысып, сол автономия әнұранына айналған «Ozod turk bayrami» (Еркін түркі мерекесі) өлеңін жазды. Осы кезеңде Түркістандағы көп ұлтты интеллигенцияның арасында «Тұтас Түркістан» идеясының таралуына байланысты Чолпан да Зәки Уәлидимен бірге Орынборға барып, Башқұртстан автономиялық үкіметін құруға қатысты. Олардың пікірінше, Түркістан мен Еділдегі түркі халықтары өздерінің автономды үкіметтерін құрған кезде ғана бұл үкіметтерді большевиктер мойындайтын еді.

Чолпанның «Кеше мен күндіз» (Кеча ва кундуз) атты романы заманының өзекті мәселесі болған әйел тағдырына арналған. Ол надандықтың құрбанына айналған өзбек әйелдерінің беттеріндегі қара бүркеніштің ашыла бастағанына қуанды. Осы мәселені өзек еткен «Кеше» және «Күндіз» деп аталатын екі кітаптан тұратын бұл романының бірінші бөлімі 1936 жылы аяқталып, ал екінші бөлімі аяқсыз қалды.

Романның басты кейіпкері – Раззақ сопының қызы Зебиниса есімді ару. Оның бақытсыздығы да сондай сопының отбасында дүниеге келуімен басталады. Романдағы уақыт көктемде басталып, қыстың орта белінде аяқталады. Бұл Зебинисаның жас өмірінің көктемдей бүршік жарып, қыстай ызғарға айналатынының символдық параллелизмі болатын. Жас жігіт Өлмасжонға деген балаң сезімі оянған он бес жастағы Зебиниса әкесіндей Ақбарлы деген кісіге үшінші әйел болып ұзатылады, көп ұзамай



жесір қалады. Күйеуін өлтірді деген жаламен түрмеге түседі, жеті жылға итжеккенге айдалады, ата-анасынан да айырылады. Әкесінің асығыс шешіміне қарсы шыға алмағаны үшін белгілі дәрежеде бұл трагедияға Зебинисаның өзі де кінәлі. Кім болса да өз бақыты үшін күресе білуі керек. Автор: «Өз бақыты, ар-намысы, адамдығы үшін күресе білу – адамдықтың белгісі» – дейді. Чолпан Зебиниса бейнесі арқылы ойын ашық аңғартады.

Чолпанның өлеңдерінде М. Жұмабаевпен ұқсас тұстары көрінсе, прозасында замандастары Ж. Аймауытов, М. Әуезовтермен ортақтық байқалады. «Кеше мен күндіз» романын Ж. Аймауытовтың атақты «Ақбілек» романымен салыстыруға болады.

Чолпанның бай әдеби мұрасы поэзия, проза, драма, публицистика және әдеби сын, аударма салаларын қамтиды. Ақын шығармашылығының мазмұндық сипаты көбіне отаршылдық тағдырындағы халықтың ауыр жағдайын суреттеуден көрінеді. Тіпті лирикалық өлеңдерінде де осындай тұстар байқалады. Мысалы, оның «Жапырақ» өлеңіндегі мына жолдар А. Байтұрсынұлының «Қазақ қалпы» өлеңімен үндеседі:

Қалтылдаған – шырақтан да әлсізсің

Жел қаттырақ келіп соқса, өшерсің.

Чолпан «Кісен» өлеңіндегі лирикалық кейіпкерінің кеудесіндегі кісен ізінің өшпегенін, бірақ құлдықтан құтылуға деген үмітінің күштілігін суреттейді. Ақын 1919 жылы жазған «Гөзал» (Сұлу) өлеңінде лирикалық кейіпкерінің бар болмысын баурап алған сұлудың көркін Ай, Күн, Жұлдыз, таң самалымен салыстырып, келесідей суреттейді:

Мен не үшін, оны сүйдім мен.

Ол үшін өртендім, жандым, күйдім мен,

Басымды, жанымды өртке бердім мен,

Мен сүйіп, мен сүйіп, кімді сүйдім мен?

Лирикалық кейіпкер жанын азаптаған ғашығынан безіп кете алмайды, керісінше әлемдегі әдемі атаулының бәрімен салыстырып, бәрінен де сұлу екенін жырлайды:

Мен сүйген сүйіктім – соншалық гөззәл,

Айдан да көркем ол, күннен де гөззәл...

Ақынның «Гөзәл» өлеңін Мағжан Жұмабаевтың «Сүй, жан сәулем, тағы да сүй, тағы да» атты лирикасымен салыстыруға болады:

Сүй, жан сәулем, тағы да сүй, тағы да,

Жылы, тәтті у тарады қаныма.

Бұл ләззаттың бір минутын бермеймін,

Патша тағы, бүкіл дүние малына...

Өзбек ақынының қазақ ақындарымен сабақтас тұстарын қарастыратын болсақ, Мағжан мен Чолпанның өмірлік ұстанымдары, идеялары, білімдері, сезімдері, бағыттары және лирикалық-поэтикалық эстетикасы бір-біріне өте жақын екенін көреміз. Мағжан Абаймен бірге қазақ поэзиясының негізін салса, ал Чолпан – өзбектің жаңа поэзиясының негізін қалаушы. Поэзиядан басқа көп қырлы шығармашылығындағы жетістіктерімен де сабақтасады. Олар көркем аудармамен де айналысты. Мағжан И. Гете, Г. Гейне, Әбу Фирас, А.В. Кольцов, М.Ю. Лермон-

тов, А.А. Фет, И.И. Дмитриев, И.П. Мятлов, А.А. Блок өлеңдерін, А.М. Горький, В.В. Иванов, Д.Н. Мамин-Сибиряк, т.б. әңгімелерін қазақ тіліне аударса, Чолпан У. Шекспир, А.С. Пушкин, Н.В. Гоголь, И.С. Тургенев, И.Я. Франко, Л. Андреев, А.П. Чехов, А.М. Горький сияқты орыс және басқа да халық әдебиеттерінің классикалық шығармаларын өзбекшеге тәржімалады. М. Мұсаоғлы бауырлас түркі әдебиетіндегі аударма мәселесі туралы: «Батыс өркениетінің әсерімен XIX ғасырдың аяғына қарай ауызша және халықтық әдебиетке негізделген, әрі поэзиялық, әрі прозалық жаңа түркі халықтарының әдебиеті XX ғасырда барлық жанрлар мен әдеби формаларда орын алды (роман, повесть, пьеса, өлең түрлері және т.б.). Түркі жазба тілдерінен әлемнің әртүрлі тілдеріне аударылды. Өкінішке орай, XX ғасырдың 90-жылдарына дейін туыс халықтар әдебиетінің аудармасы түркі жазба тілдерімен емес, шет тілдері (орыс, ағылшын, француз т.б.) арқылы аударылды. Ал бауырлас түркі әдебиетіндегі өзара аударылу жұмыстары XX ғасырдың 90-шы жылдары қарқын алды» – деп түйіндейді (Musaoglu, 2003:18).

Екі ақын да білім беру жүйесі мен мектептерге үлкен мән берген. Мағжан 1922 жылы Орынборда арнайы «Педагогика» оқулығын жазса, Чолпан жастар мен әйелдерді білім алуға, қоғамдық өмірге араласуға үндейтін көптеген өлеңдер мен мақалалар жазды.

Мағжан мен Чолпан – ұлты мақтаныш ететін дарынды ақындар. Ақындық шеберлігі бойынша Чолпан Яхия Кемал Бейятлымен, Шекспирмен салыстырылды, Мағжан қазақтың Пушкині деп бағаланды. Шекспир ағылшын театр әдебиетінің, Яхия Кемал жаңа түрік поэзиясының, ал Пушкин орыс әдеби тілінің негізін қалаушы. Сондықтан да Мағжан мен Чолпан тек қазақ пен өзбек үшін ғана емес, бүкіл түркі әдебиеті үшін де ұлы тұлғалар қатарынан орын алды. Қалай болғанда да, олардың түрікшіл және жәдитшіл болмыстары осы теңестірудің маңызын ашады. Танымал қазақ зиялысы Хасен Оралтай Мағжаның бұл қызметін былай түсіндіреді: «Мағжан өлеңдерін, әлбетте қазақ тілінде жазды. Бірақ ол өз шығармаларында бүкіл түркі нәсіліне ортақ мәселелерді тілге тиек етті. Мағжан толық мағынасындағы түрікшіл ақын. Сондықтан Мағжан Жұмабаевты тек Түркістанға ғана қатысты мәселелер ғана емес, бүкіл түркі елінің қайғы-қасіреті толғандырды» (Оралтай, 1965: 22). Ал Б. Дәрімбет «Мағжан түрікшілдігі сол замандағы бүкіл Еуразия түрік халқындағы белең алған жаңа саяси ағымның көркемдік бейнесі еді» – дейді (Дәрімбет, 1999: 14). Р.К. Юсупов түркі және парсы тілдес халықтардың әдебиетін салыстырмалы зерттеу маңызды, саяси және экономикалық бір аймақта қатар өмір сүріп келе жатқан бұл халықтардың әдебиетінде айырмашылықтарға қарағанда ұқсастықтар көп дей келе: «Следует отметить, что идейно-тематическая направленность произведений, созданных поэтами разных периодов, при разных общественно-политических системах, нравственно-этических ситуациях состоит из дидактического, любовного, нравственного, социального, философского содержания, хотя каждая из них гораздо шире приписываемой ей идеи» – деп пайымдайды (Юсупов, 2021: 55).

Өмір сүрген уақыты мен шарттары, идеялар әлемі, білім жолдары мен қызмет салалары, дүниетанымдары ұқсас екі ақын ұлттық рухқа құрылған тарихи туындылар, сыршыл лирикалық және өткір әлеуметтік өлеңдер жазды. Олар тілді,

әдебиетті, ұлттық мәдениет пен тарихты, бостандықты, тәуелсіздікті, әйелдер мен адам құқықтарын кеңінен жырлап, эпикалық, лирикалық сезімталдықпен әлеуметтік қайғы-қасіретті қамтыды. Мағжан мен Чолпанға ортақ тақырыптарды келесідей топтастыруға болады:

1. Отан мен ұлт түсінігі;
2. Бостандық пен тәуелсіздік идеялары;
3. «Надандықпен күрес» және білім алудың маңыздылығы;
4. Тарихи және мифологиялық кейіпкерлерді аңсау.

Отан мен ұлт түсінігі туралы тарқатсақ, екі ақын өлеңдерінде отаны – Түркістан, ал ұлты – тарихта ортақ тамыры бар түрік болып сипатталады. Екі шайыр да Түркістанды ұлы Отаным деп санайды және оның ауыр жағдайына қайғырады.

Қазақ және өзбек әдебиетіндегі түрікшілдік ағымының басқа ақын-жазушылары арасында Мағжан «Түркістан», ал Чолпан «Гүзәл Түркістан» атты өлеңдерімен ерекшеленеді. Мысалы, Мағжан:

Түркістан – екі дүние есігі ғой,  
Түркістан – ер түріктің бесігі ғой .  
Тамаша Түркістандай жерде туған  
Түріктің Тәңірі берген несібі ғой.

Ертеде Түркістанды Тұран дескен,  
Тұранда ер түрігім туып-өскен.  
Тұранның тағдыры бар толқымалы,  
Басынан көп тамаша күндер кешкен

– деп, Отанын бала көңіл махаббат сезімімен жырлады (Жұмабай, 2003: 188). Мағжанның пайымында, Түркістан – екі әлемнің шегі, яғни Тұран. Адамзат тарихында Тұран сияқты жер жоқ, түркі сияқты халық жоқ. Мағжан ақынның осы өлеңінде Афрасияб, Шыңғыс хан, Үкітай, Жошы, Төле, Тарағай, Ақсақ Темір, Ұлықбек, Ибн Сина, Фараби т.б. тарихи кейіпкерлер жырланып, Алаш пен Тұран ұғымдары біріктірілген.

Ал өзбек шайыры Чолпан Мағжанның бұл өлеңіне жауап ретінде Түркістан мен Тұранды ұлттық рухтың тірегі етіп, отаршылдыққа қарсы күресте жұдырықтай жұмылуға үндеді:

Азаттық – байрағымыз,  
Әділдік – жолдасымыз,  
Түркістан – шәніміз,  
Тұрандық тегіміз,  
Отан біздің жанымыз,  
Құрбан болсын жанымыз!

Қазақ пен өзбектің қос ақыны «Түркістан» мен «Тұран» деген асыл сөздерді естігенде, түрік халқының әрбір азаматы еңсесін көтеріп, мақтанышқа толы тарихын есіне алып, бір тамырдан жапырақ жайған бауырларын сағынатынын жырлады. Түркістан мен Тұран – тең ұғымдағы тел ана немесе екі атпен аталған Отан еді.

Өзбек ақыны Түркістанның сол кездегі отаршылдық қамытын киген күйін бауыры езіліп жырлады:

Гўзал Туркистон, сенга не бўлди?

Сахар вақтида гулларинг сўлди.

Чаманлар барбод, қушлар ҳам фарёд,

Ҳаммаси маҳзун. Бўлмас ми дил шод?

Билмам не учун қушлар учмас боқчаларингда? (Чулпон, 1991: 232).

Ақын: «үмітіміздің сөнбес шырағы – бірлігіміз, бірігейік, Түркістан, қозғал, халқым, жетер осыншама жәбірленгенің» – деп түйіндейді. Әділетсіздікке деген қарсылық әдебиетте отаршылдыққа қарсы кезеңін тудырып, қоғамда ұлт-азаттық көтеріліске ұласты. Азаттық қозғалыстарда ақындардың жігерлендіру, намыс қайрау өлеңдері батырлардың рухын көтерді.

Мағжан «Қарындасқа», «Сүйемін», «Орал тауы», «Алыстағы бауырыма», «Жер жүзінде», «Қазақ тілі», «Тез барам!», «Түркістан», «Орал», «Ақсақ Темір сөзі» т.б., Ал Чолпан «Buzulgan O'lkaga», «Agriganda», «Kuz», «Yurt Yo'li», «Yangin», «Ey Go'zal Fargana» және т.б. өлеңдерінде Отан және Түркістан, ұлт және алаш тақырыптарын жырлады.

Мағжанның «Алыстағы бауырыма» өлеңі мен Чолпанның «Туфон» өлеңі Анадолы түріктерінің азаттық күресіне арналып жазылған еді. Екі ақын да Түркияға Түркістан мен Тұранның бір бөлігі ретінде қарады. Осы өлеңдер жазылған кезде Түркия түріктері өте қиын күндерді бастан кешірді. Анадолы оккупацияланды, азаттық үшін жойқын күрес жүріп жатты. Түркияның ауыр жағдайы екі ақын өлеңінен де көрінді. Қазақтың Мағжаны:

Қамаған қалың жаудың ортасында

Көл қылып көздің жасын төккен бауырым.

Алдында ауыр қайғы жатқан бауырым,

Өмірі жапа шеккен жаттан бауырым.

Түксиген жүрегі тас жауыз жандар,

Тірідей терің тонап жатқан бауырым.

– деп, ағайынның ауыр күйіне күйзелісін білдірсе, өзбектің Чолпаны:

Bilamas kim siz yoksullar so'ng chaqda

Shunday yoman dushmanlarning golida

Mengu esir, mengu tutkun bo'lishni

İstamasdan qolga yorag' aldingiz...

Ot içida shuning uchun o'lishni

Ortiq ko'rib jonni qonga, o'qqa, o'tka soldingiz

Faqat bu kun totli bir o'ch oldingiz...

Аудармасы:

Кім білмейді жоқтық күйін кештің соң шақта

Сондай зұлым жаулардың хәлінен (кесірінен)

Бітпес бұғау, мәңгі тұтқан болуды

Қабыл етпей қолға қару алдыңыз ...

Ат үстінде сондықтан да өлуді

Артық көріп жанды отқа, оққа салдыңыз

Бірақ бұл күн тәтті кекті алдыңыз ...

– деп, соғыстың жан төзгісіз азаптарын кешіп жатқан бауыр халыққа жанашырлық жырын арнады. Түркістанның қос ақыны Мағжан мен Чолпанның аталған өлеңдері үлкен мәнге ие. Олар түрік туысқанын өмір мен өлім соғысында қайраттандырып, тілеуқорлық танытады. Екі ақын да өлеңдерінің соңын үлкен үмітпен аяқтап, атар таңның жақын екенін жазды. Мысалы, Чолпан:

Ey istiqlol, ey Saqarya, ey İno'nu erlari

Yur, mazlumlar tufonining o'ch olguvchi sellari (Чолпон, 1991: 328-330).

Аудармасы: «Әй, Инөнү, әй, Сакария, әй, батыр ерлері, ұлттық теңдік алынғанға дейін тоқтама, тек алға!» – деп жазды.

Түрікшілдер мен жәдитшілдер бостандық пен тәуелсіздік идеясына көп мән берген, Мағжан мен Чолпан поэзиясында бостандық пен тәуелсіздік идеялары да үндесіп жатады. Өйткені ұлт интеллигенциясы Түркістанның артта қалу себебі мен құлдыққа түскен тағдырын надандықтан деп білді. Мағжан мен Чолпанның поэзиясында бостандық пен тәуелсіздік идеяларын өзек еткен көптеген өлеңдер кездеседі. Мағжанның 1929 – 1935 жылдар аралығында алты жыл түрмеде отырғаны белгілі. Сол себепті оның бостандық туралы өлеңдерін өзіне де, халқына да тиесілі деп қарастырамыз. Чолпан да, Мағжан да өлеңдерінде тәмсілдеуді, кейіптеуді қолданды. Мысалы, Мағжанның «Жауға түскен жанға, «Оқ жетпестің қиясында», «Алыстағы бауырыма», «Тілегім», «Өткен күн», «Сағындым», «Жел», «... ға», «Тұранның бір бағында», «Тұтқын», «Анама», «Айда атыңды, Сәрсембай», «М.Д. абақтыдан шыққанда», «Жауынгердің жыры», «Мен кім?», «Бостандық» т.б. өлеңдерінде бұл тақырып асқан шеберлікпен жырланды. «Тілегім» өлеңінде:

Көрмейін рахат, жанайын,

Жалын болсын маңайым.

Күйейін, азап шегейін,

Ащы, ыстық жас төгейін.

Көрмейін ерік, тұтқын боп,

Абақтыда жұтып от,

Өтсін өмірім зарменен

– деп, кейін келесідей жалғастырады:

Іште толған қалың дерт,

Жүректегі жалынды от

Зарлатар мені сол уақыт.

Елестеген ерікті,

Ұшқыр жанға серікті

Жырлармын мен жан атып.

Мағжан ақын аталмыш өлеңінің соңында: «жансам мен жанайын өз өлеңіммен, қалайда жұртымды оятам, ендеше несіне жасымды төгем» – деп қорытындылайды. Ал өзбек шайыры Чолпан «Кунгил» атты өлеңінде еркіндікке деген құштарлықты былай жырлады:

Ko'ngil sen munchalar nega  
Kishanlar birla do'stlashding?  
Ne faryoding, ne doding bor  
Nechun muncha sustlashding?..

Аудармасы:

Көңіл, сен мұнша неге  
Кісендермен достастың?  
...Сөгіс ділді ауыртпас,  
Надандық мәңгі кетпей ме?  
Кісендер паршаланбай ма?  
Қылыштар енді сынбай ма?  
Осы сұрақтарға жауап іздеген ақын өлеңін үмітпен түйіндейді:  
Tiriksan, o'lmagansan  
Sen da odam, sen da insonsan  
Kishan keyma, bo'yin egma  
Ki sen ham hur tu'gulgansan (Чулпон, 1991: 444).

Аудармасы:

Тірісің, өлмегенсің  
Сен де адам, пендесің.  
Кісенді шеш, көтер басты  
Азат болып туылғансың !

Түркістанның қос ұлы шайырының еркіндікке ұмтылған өмірлері қаншалықты ұқсас болса, поэзиясындағы көтерген тақырыптары да соншалықты үндесіп жатады.

«Надандықпен күрес» және білім алудың маңыздылығы туралы қадау-қадау ойларды Мағжаннан да, Чолпаннан да оқи аламыз. Олар білім беру мәселесіне де көп мән берді. Қиындықтың көпшілігі құлдық пен надандықтан деп білді. Сондықтан да түркістандық зиялылардың табандылығымен «усул-и-Жадид» мектептері ашылды. Мағжан мен Чолпан да бұл мәселеге көп көңіл бөлді. Бұл Мағжанның «Педагогика» оқулығын жазуынан да көрінеді. Сондай-ақ ақынның «Оқу-білім – ер жаны, Жараспас ерге құр жаны» деген жолдарының қанатты сөзге айналғаны да ойымызды растайды. Мағжан ақын «Күз» өлеңінде надандықты сынап, келесідей жырлады:

Білімнен ат-тонымен қашқан қазақ  
Сайлауға таласуға қандай ұста.  
Баласын оқытумен жоқ жұмысы,  
Ел бұзу, малын шашу – барлық ісі...  
...Басқа жұрт балалары оқу қуған,  
Біліммен өз жұртының бетін жуған...  
...Қор болдық, өнер қумай, қайран елім!  
Күш кетіп, талай жаннан көрдік керім...

Ақынның пайымынша, құлдықтың, бақытсыздық пен қараңғылықтың себебі білімсіздікте жатыр.

Чолпанның тұңғыш әңгімесі «Қурбони жахолоат» (Надандық құрбаны) деп аталды. Әңгіме Ешмұрат есімді оқымысты жігіттің қайғылы тағдырына құрылған. Оның



**Materials and methods.** The research materials are complex interdisciplinary research in the field of literature, oriental studies, Turkic studies, Kipchak studies, Mamluk studies, manuscripts in the Mamluk-Kipchak language from the collection of rare foreign writings, medieval literary artifacts, scientific works and translations. In writing this article, the following methods are used to classify written monuments in the Mamluk-Kipchak language in terms of genre and language, and to specify, describe and identify the features of literary monuments: bibliographic, source studies, palaeographic, codicological, historical-comparative, compilation, systematization, classification, synthesis, analysis, generalization, description and translation. The study prioritizes the principles of source studies, identifies the correspondence of the manuscript with the original, and pays attention to the specifics of the writing of their various copies.

**The results of the study.** Written monuments in the Turkic-Kipchak language have been studied from the middle of the twentieth century. Many linguists such as M.T. Houstma, A. Zayonchkovskiy, Sh. Telegdi, R. Ermers focused on the language of monuments written in the territory of Egypt and the Golden Horde in the 13-15th centuries. They have found written monuments in the Mamluk-Kipchak language in the world archives, published and translated them into Western languages and studied their linguistic features. The works of Turkish scholars such as B. Atalay, M. Özietgin, R. Toparly, X. Yanyk, M.E. Agar, Zh. Demirci also include monuments in the Mamluk-Kipchak language. The researchers such as E.N. Najib, E.I. Phazylov, M. Ziyaeva, A. Yunusov, G.R. Gainutdinova, A. Kuryshzhanov, M.N. Majenova, T. Arynov, A.Z. Rustemov, B. Sagyndykov, S. Duisenov, E. Esbosynov, T. Kydyr, K. Sadykbekov, K. Kydyrbayev, A. Mustafayeva describe written monuments in the Mamluk-Kipchak language and identify the lexical fund of monuments.

A. Najib's work «Culture and Turkic literature of Mamluk Egypt in the 15th century» (Najib, 1979: 103) deals with the medieval history of the Turkic languages, the language of literary works written during the Mamluk rule, grammatical works in the Turkic-Kipchak language and Arabic-Kipchak dictionaries. The formation, development, literary representation and dimensions of Turkic-Kipchak literature during the Mamluk period in Egypt and Syria in the 13-15th centuries were studied in the B. Sagyndykov's work «Comparative vocabulary of Turkic written monuments of the 14th century (based on the materials of the *Muhabatname* of Khorezmi, *Khusrau ua Shyrin* of Qutb and *Gulistan bit-turki* of Saif Sarai)» (Sagyndykov, 2009: 129), A. Kerimuly's «Word-forming suffixes in the language of Old Turkic monuments (15th century)» (Kerimuly, 2005: 242), A. Ibatov's «Morpho-

logical structure of the word (based on the language of monuments written in the Golden Horde and Egypt in the 14th century)» (Ibatov, 1983: 146), M. Sabyr's «Continuity of the lexicon of the Middle Turkic language and the lexicon of the Kazakh language» / on the basis of a written monument of 14th century" (Sabyr, 2004: 315), A. Alibekuly's monograph «Turkic-Kipchak literature during the Mamluk period» (Alibekuly, 2008: 176).

Historical Turkic-Kipchak inscriptions appeared on the vast territory of the Eurasian continent, for example, in Egypt and Syria, in the Deshty-Kipchak steppe. It is known that this heritage was written for different purposes, in different genres, with different written characters. A famous turkologist A.K. Kuryshzhanov linguistically classifies the written heritage of the Middle Turkic period (10-15 centuries) as follows in his works:

- monuments in the ancient Turkic language of the Karakhanid era;
- monuments of the ancient Turkic language in Central Asia and the Volga region; monuments in the ancient Turkic language;
- monuments in the Chagatai language (Kuryshzhanov, 1970: 19).

Monuments written in the Cuman, Central Asian, Golden Horde and Mamluk-Kipchak languages belong to the monuments written in the ancient Kipchak language. M. Kashgar's dictionary «Divani lugat at-turk»; European works on jugs; information from Russian chroniclers about the Polovtsians; the research of the Mamluk-Kipchak language (grammar works, Kipchak-Arabic dictionaries, reference books, etc.); Armenian documents, treatises and dictionaries; works of art in the Kipchak language belong to the monuments written in the Kipchak language. The turkologist A. Kuryshzhanov divides the written Kipchak language heritage into verbal and literary. The monuments of the first group, written in the general literary language, include Ahmed Yugineki's work «The Gift of Truth», Abelgazy's works «Ogyznama», «Kissas al-Anbiya», «Kusyrau-Shyryn», «Gulistan bit-turki», «Shahnama», «Muhabbatname», «Nahjul-faradis», «Dede Korkyt», «Siraju-l-kulub», «Migrajname», «Jumjuma», «Miftahul-adil», «Tafsir» and others. Khoja Ahmed Yasawi's work «Divani Khikmeti», Suleimen Bakyrhani's work «Khikmeti», literary, religious and military works written in the Mamluk-Kipchak language in Egypt during the Mamluk period, but grammatical treatises on teaching the Kipchak language and Arabic-Kipchak dictionaries, etc belong to monuments in the language of local residents and monuments in the Kipchak dialect.

H. Kun, who studied the language of written monuments that appeared in Egypt and Syria during the Mamluk era in the 11th-16th centuries, divides these manuscripts into three main linguistic groups:

- a) Artifacts written in pure Kipchak;
- b) Exhibits written in the Oguz (Turkmen) language;
- c) Artifacts written in a mixed language. Although the monuments written during the Mamluks' reign between the 11th and 16th centuries are linguistically diverse, most Turkic scholars came to the conclusion that the majority of these artifacts were written in the Kipchak language, but they were under the influence of the Oghuz language (Toparli, 1992).

Researchers give different names for languages, regarding the languages used in written monuments during the Mamluks' reign (13-16th centuries). For example, the Eastern Turkic language (Brokelman), the Oguz-Kipchak, the Uighur-Kipchak language (A.N. Samoilovich), the Karluk-Khorezm literary language, the Golden Horde literary language (N.A. Bas-

kakov), the Kipchak language (A. Battal-Taymas, A. Inan), the Kipchak-Oguz literary language in Egypt (E. N. Nadjip), the Mamluk-Kipchak language (J. Ekman, R. Toparly), the Khorezm script, the Khorezm-Golden Horde script, the classical Central Asian script (A. Inan), the Chagatai language (F. Kopuruli), the Khorezm-Turkic language (A. N. Samoylovich) and others (Fazylov, 1971, p.78). The turkologist A. Najib, who studied the written monuments that appeared in Egypt during the Mamluk period, proposed several terms such as «Mamluk-Egyptians», «Mamluk-Kipchaks», «Kipchaks», «Golden Horde-Egyptians», «Kipchak-Oguz written language», he has chosen the term «Mamluk-Kipchak language» himself. In Turkey, the term «Memlûk-Kipçak Türkçesi» («Mamluk-Kipchak language») was formed in Turkology in relation to all monuments written during the Mamluk rule. Such researchers as B. Batyrshaully, T. Kydyr, K. Sadykbekov, A. Mustafayeva used the same term in Kazakhstan (Mustafayeva, 2021: 23). In the proposed study, the concepts of the Mamluk-Kipchak and Turkic-Kipchak languages were used equally in the prosed article.

It was defined that the Mamluk-Kipchak language, widely used in Egypt, which played an important role in the development history of the Turkic writing during the Mamluk period, was the closest language to the Kazakh language among modern Turkic-speaking peoples. Therefore, inscriptions in the Mamluk-Kipchak language are considered to be as a part of the culture, language and literature of the Kazakh people, despite the fact that the monuments appeared in Africa, on a distant continent (Zhubatova, 2019).

**Discussion.** During the 13-15th centuries grammatical treatises about basics of the Kipchak language, Arabic-Kipchak dictionaries, works on literature, culture, etiquette and martial arts, religious and didactic works were drawn up for teaching the Turkic-Kipchak language in the Mamluk state of Egypt, some of them were translated from oriental languages into Kipchak. Written monuments that appeared in the Mamluk-Kipchak language are an invaluable source in the study of history, political, social, literary, cultural, linguistic features and religious beliefs of modern Turkic peoples, especially those belonging to the Kipchak group. Therefore, when considering the beliefs and religious principles of the Turkic peoples in Central Asia, the history of their spiritual development as a whole, it is necessary to study comprehensively the written monuments in the Mamluk-Kipchak language as a form of the source study. According to the content and purpose of writing, written monuments in the Kipchak language in Egypt in the 13-15th centuries, can be grouped as follows: dictionaries and grammatical compositions; religious and didactic works; military-tactical works; literary works (Aubakirova, 2016: 136).

The first group of works includes textbooks for teaching the Kipchak language during the Mamluks' reign. The first part of such works is devoted to explaining phonetic and grammatical features of the Kipchak language; the second part contains Arabic-Kipchak dictionaries.

It is known from the history that well-known scholars and writers from Anatolia, the Golden Horde and the Khorezm region emigrated to Egypt during the Mamluk government, works listed in this study are close to the modern Turkic language. Therefore, many researchers approve that the Mamluk state had highly developed literary and scientific centers (Sadykbekov, 2016: 412). Only a part of the cultural and literary works that appeared in the Mamluk-Kipchak language at that time had survived to this day. Literary

works in the Mamluk-Kipchak language, which are currently in scientific circulation, include the following works: «**Kitab Gulystan bit-turky**» («**كتاب گلستان بالتركي**» – The original of the manuscript «Gulystan in the Turkic language», Saif Sarayi, 1391) is stored in the Leiden Library in the Netherlands under number 1553; A turkic translation of Abul-Kasim Firdousi Tusi's «**Shahnama**» done by Sharif Ami was completed in Egypt and presented as a gift to the last sultan of the Mamluk dynasty, al-Malik al-Ashraf, Abu Nasir Kansuh al-Gauri (1500-1517); A collection of poems by the Sultan of Egypt, Kansukh al-Ghauri, titled «**Divani Kansukh al-Ghauri**» («**ديوان قانصوه الغوري**» – Divani Kansukh al-Ghuri) - Turkish poems by Kansukh al-Ghauri) is kept in Ali Emry Arabi section of the National Library under number 4639, Istanbul, Turkey).

Saif Sarai, Berke Fakih, Kutub, Maulana Kazi Muhsin, Maulana Ishaq, Maulana Imad, Khorezmi, Abdulmajid, Togli Hasan Hodja, Hasanoglu and Husseinoglu are the representatives of the Kipchak literature in Egypt, general for the Turkic peoples. (Alibekuly, 2008: 52). Monuments in the Kipchak language, written in various genres during the Mamluks' reign are a valuable source of information about the life, customs, beliefs, worldview, language, literature and culture of the peoples of that time. Therefore, a comprehensive study of the above-mentioned monuments can give information not only about the Mamluks in the Egyptian society, but also about Deshty Kipchak people, who had been in close contact with them. The Turkish translation of the Persian poet Abul-Qasim Firdousi Tusi's poem «Shahnama» done by Sharifa Amidy was completed in Egypt and presented to the last sultan of the Mamluk dynasty al-Maliki al-Ashraf Abu Abu Nasir Kansukh al-Guri (1500-1517). Berke Fakikh, who copied Golden Horde poet Kutub's poem «Khusrau ua Shyrin», completed his work in 1382 in Egypt. He also translated an unknown author's work «Irshadul-muluk uas-salatin» («**ارشاد الملك و السلاطين**») from Arabic into the Turkic-Kipchak.

«**Irshadul-muluk uas-salatin**» («**ارشاد الملك و السلاطين**» – Instructions to kings and sultans», 1387) – one of the most valuable written works about conditions of Shariat, Abu Hanifa's school of Thinkers, translated from Arabic into Turkic-Kipchak. Although some details about the author of the manuscript were not found, the analysis of the original text showed that the work was written with the famous Mr. Ali's support, the ruler of Alexandria (Egypt). The manuscript states that the work was completed in 1387 (20 AH in 789 AH). The only Istanbul version of the work known in modern Turkic studies was written by Berke Faqih, who copied Golden Horde poet Kutub's poem «Khusrau ua Shyrin».

The original of the religious manuscript «Irshadul-muluk uas-salatin» is stored in the Hagiasophia section of the Suleymaniye Library (Istanbul, Turkey) under number 1016. The manuscript consists of 498 pages (996 pages). Abu Hanifa's sharia conditions were widely discussed in this work and it was presented as a gift to kings and sultans. Various issues related to the Islamic Sharia practice, as well as issues related to the Muslims' obligatory practice, ways of reciting verses from the Koran and hadiths of the Prophet, as well as views and excerpts from common decisions of religious scholars such as Abu Hanifa, imam Malik and imam Shafy are provided in the monument. The manuscript consists of the introduction and sections divided into several chapters.

Researchers such as A. Zayanchkovskiy, P. Toparly, R. Islamov, O. Zhalal, T. Kydyr, K. Sadykbekov in their works wrote about the importance of the manuscript «Irshadul-muluk» in the field of Turkic studies and studied the linguistic features of the monument.

Turkish scientist R. Toparly in his work «Irshadul-müluk ves-selatin» pointed out the linguistic features of the monument and provided a Turkish transcription and index dictionary of the original text (Toparlı, 1992). However, his transcription of the manuscript is based on the modern Turkish language and this monument has not yet been studied in the Kazakh language and requires a comprehensive study. In the book «Pearls of traditional Islam. A collection of excerpts from religious works and monuments written in the Middle Ages (10-16th centuries)» there is an excerpt from the free translation of the monument “Irshadul Muluk” in the Kazakh language (Qydyr, 2016).

**Conclusion.** Medieval literary artifacts, appeared in the Turkic-Kipchak language during the Mamluks’ rule are common cultural heritages of all Turkic people. A careful study of these monuments reveals peoples’ spiritual worldview who had lived in that society, because any nation’s language reflects the cultural aspects of this country. Language is not only a means of communication, but also a multi-generational heritage, reflecting not only the culture, the habit and being of one or another people, but also transmitting it from generation to generation. Therefore, in order to determine the place of the Kipchak culture and Kipchak language in medieval Egypt and Syria, it is possible to use Mamluk-Kipchak literary monuments, which are the common heritage of all Turkic peoples.

*The article was carried out with the grant financial support of the Science Committee of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan within the framework of the research project NoAP09058201 «Theolinguistic space in the monument «Irshadul-muluk uas-salatin» (14 century)».*

**Аубакирова Қ.Қ.<sup>1\*</sup>, Камиева Г.А.<sup>2</sup>, Мустафаева А.А.<sup>3</sup>**

<sup>1,2</sup> Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан

<sup>3</sup> әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

E-mail: <sup>1\*</sup> a\_kunduz87k@mail.ru, <sup>2</sup> kamisheva\_gulnur@mail.ru <sup>3</sup> rummana@mail.ru,

<sup>1</sup> Orcid: 0000-0002-9555-3753, <sup>2</sup> Orcid: 0000-0002-0764-9238, <sup>3</sup> Orcid: 0000-0001-6878-4946

### **Мәмлүктер кезіндегі әдеби ескерткіштер және «Иршәдул-мүлүк уәс-салатин» ескерткіші (XIII-XV ғ.)**

**Аңдатпа.** Берілген мақалада мәмлүк-қыпшақ тілінде жазылған ескерткіштердің зерттелу деңгейіне шолу жасалып, ортағасырлық қолжазбаларды зерттеуде кездесетін кейбір мәселелер сөз болады. Қыпшақ тіліндегі жазба ескерткіштердің ғылымда қалыптасқан жіктеу үлгілері көрсетіліп, мазмұндық жағынан топтастырылып беріледі. Сонымен қатар мәмлүктер билігі кезінде түркі-қыпшақ тілінде дүниеге келген әдеби жәдігерлердің тіліне қатысты нақты мәліметтер келтіріледі. Мәмлүктер кезіндегі әдеби ескерткіштер мен «Иршәдул-мүлүк уәс-салатин» қолжазбасына жан-жақты талдау жасалады.

Бүгінгі жаһандану заманында ұмытыла бастаған мыңдаған жылдық тарихы бар бабалар мұрасын қайтадан жаңғырту негізінде қазіргі отандық ғылымда ұлтымыздың тарихы, мәдениеті, наным-сенімі, діни ұстанымдары туралы ортағасырлық қолжазбаларды тауып, елге әкеліп, кешенді түрде зерттеу арқылы ұлтымыздың өткен тарихын қайта қарау қажеттілігі туындап отыр. Түркі тілдес халықтардың бәріне ортақ жазба ескерткіштердің арасында XIII-XV ғасырларда дүниеге келген мәмлүк-қыпшақ тіліндегі қолжазбалардың, әсіресе әдеби сарында жазылған еңбектердің алатын орны ерекше. Бұл мәмлүк-қыпшақ тілінде жазылған ескерткіштер тек Мысыр қоғамына қатысты емес, жалпы түркі халықтарының тарихын, мәдениетін, тілін, наным-сенімін, діни ұстанымын зерттеуде құнды дереккөз болып табылады. Мәмлүк-қыпшақ тіліндегі жазба ескерткіштерге қатысты зерттеулердің басым бөлігінде қолжазбалар туралы жалпылама мәліметтер келтіріліп, дереккөз ретінде қолжазбалардың түпнұсқасы емес, көбіне Түркия мен Еуропа елдерінде жарық көрген қолжазбалардың көшірмелері немесе аудармалары негізге алынған. Мұндай зерттеулерде түпнұсқа мәтінінің өзгеріске ұшырауы, кейбір қыпшақ сөздерінің дұрыс оқылмауы, мағыналары мен транскрипцияларында бірізділіктің бол-



мауы, жазылған уақыты, жері мен авторы туралы толық мәліметтердің берілмеуі, ескерткіштердің көбіне құрылымдық-грамматикалық қырынан ғана зерттелуі сияқты мәселелер байқалады. Сондықтан мәмлүк-қыпшақ тіліндегі ескерткіштердің түпнұсқасын жинақтап, жаңа ғылыми парадигма аясында кешенді түрде зерттеу қажеттілігі артып отыр.

**Түйін сөздер:** мәмлүктер, түркі-қыпшақ тілі, араб тілі, ортағасырлық қолжазбалар, әдеби жәдігерлер, «Иршәдул-мулук» ескерткіші.

**Аубакирова К.К.<sup>1\*</sup>, Камиева Г.А.<sup>2</sup>, Мустафаева А.А.<sup>3</sup>**

<sup>1,2</sup> Кызылординский университет имени Коркыт Ата, Кызылорда, Казахстан

<sup>3</sup> Казахский национальный университет имени аль-Фараби, г. Алматы

E-mail: <sup>1\*</sup> a\_kunduz87k@mail.ru, <sup>2</sup> kamisheva\_gulnur@mail.ru <sup>3</sup> rummana@mail.ru,

<sup>1</sup> Orcid: 0000-0002-9555-3753, <sup>2</sup> Orcid: 0000-0002-0764-9238, <sup>3</sup> Orcid: 0000-0001-6878-4946

### Литературные памятники мамлюкского периода и письменный памятник «Иршадүль-мулук уас-салатин» (XIII-XV вв.)

**Аннотация.** В настоящей статье рассматривается степень изученности памятников на мамлюкско-кипчакском языке, а также обсуждаются некоторые вопросы изучения средневековых рукописей. В работе представлены примеры научной классификации письменных памятников на кипчакском языке, которые далее сгруппированы по содержанию. Также приводятся сведения о литературных шедеврах и их языке, выполненных в период правления мамлюков на тюрко-кипчакском языке. В исследовании проводится комплексный анализ литературных памятников мамлюков и рукописи «Иршадүль-мулук уас-салатин». На основе возрождения наследия наших предков с тысячелетней историей, забытого в условиях современной глобализации, возникает потребность в переосмыслении прошлой истории нашего народа путем поиска, приобретения и всестороннего изучения средневековых рукописей по истории, культуре и религиозным верованиям. Среди письменных памятников, общих для всех тюркоязычных народов, особое место занимают мамлюкско-кипчакские рукописи XIII-XV веков, в частности литературные произведения. Эти памятники, выполненные на мамлюкско-кипчакском языке, представляют ценность не только для египетского общества, но и для изучения истории, культуры, языка и религиозных верований тюркских народов в целом. Большинство исследований, посвященных мамлюкско-кипчакским памятникам предоставляют общие сведения о рукописях, основанных на копиях или их переводах, опубликованных в Турции и Европе, нежели первоисточниках. Результатом чего становятся изменения в исходном тексте, неправильное прочтение некоторых кипчакских слов, несоответствие значений и транскрипций, неполные сведения о времени, месте и авторе, где большинство памятников изучается только со структурно-грамматической точки зрения. Поэтому возрастает потребность в поиске и сборе памятников на мамлюкско-кипчакском языке в виде первоисточников и их всестороннем изучении уже в новой научной парадигме.

**Ключевые слова:** мамлюки, тюрко-кипчакский язык, арабский язык, средневековые рукописи, литературные памятники, памятник «Иршадүль-мулук».

#### Сведение об авторах:

**Аубакирова Кундузай Кыдырбаевна**, PhD, ассоциированный проф. кафедры Иностранных языков и перевода, Кызылординский университет им. Коркыт Ата, Кызылорда, Казахстан, a\_kunduz87k@mail.ru, Orcid ID 0000-0002-9555-3753

**Камиева Гулнур Аббасовна**, к.п.н., ассоциированный проф. кафедры иностранных языков и перевода Кызылординского университета имени Коркыт Ата, Кызылорда, Казахстан, kamisheva\_gulnur@mail.ru, Orcid ID 0000-0002-0764-9238

**Мустафаева Анар Абдикадиевна**, PhD, доцент кафедры Ближнего Востока и Южной Азии, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан, rummana@mail.ru Orcid ID 0000-0001-6878-4946

#### References:

Alibekuly A (2008) Turkic-Kipchak literature of the Mamluk period (development, literary representatives, verse size) [Mamlukter biligi kezindegi turki-qypshaq Adebieti (damuy, Adebii okilderi, olen olshemi)]. Almaty, Arda. ISBN 978-601-230-007-9 (in Kaz.)



Aubakirova K, Jubatova B, Zhiyekbayeva A, Zhumazhanova F., Mustafayeva A. (2016) Turkic-arabic cultural and linguistic relations, Analele University din Craiova, Istorie. – Romania, 2016. – No1(29). – P.133-143. [http://www.istoriecroaiova.ro/wp-content/uploads/2016/05/2016\\_1\\_ANALE.pdf](http://www.istoriecroaiova.ro/wp-content/uploads/2016/05/2016_1_ANALE.pdf) (in Eng.)

Fazylov E (1971) Old Uzbek language. Khorezm monuments of the 14th century [Starouzbekskiy yazyk. Horezmiyskie pamyatniki 14 v.] Tashkent. (in Russ.)

Ibatov A (1983) Morphological structure of the word (based on the language of monuments written in the Golden Horde and Egypt in the 14th century) [Sozdin morfologiiilyq qurylymy (XIV g. Altyn Orda men Egipette jazylgan eskertkisherin tili negizinde)]. Almaty: Gylym. ISBN: 978-3-540-70777-6 (in Kaz.)

Kerimuly A (2005) Word-forming suffixes in the language of Old Turkic monuments (15th century) [Eski turki eskertkisherin tilindegi soz jasaityn jurnaqtar (XV g)]. Turkistan: Turan. ISBN 978-601-238-088-0 (in Kaz.)

Mustafayeva AA, Aubakirova KK. (2021) The language situation and status of the turkic language in the egyptian Mamluk state and Golden Horde, Journal of Oriental Studies, KazNU, 2:17-25. <https://doi.org/10.26577/JOS.2021.v97.i2.02> (in Kaz.)

Najip EN (2004) Culture and Turkish-language literature of Mamluk Egypt of the 15th century: study, transcription, textological notes [Kultura i turkoiazychnaia literatura mamlukskogo Egipta 15 veka: issledovanie, transkripsia, tekstologicheskie primechania]. Turkestan, Turan. ISBN 9965-697-53-1 (in Russ.)

Qydyr T (2016) Pearls of traditional Islam. A collection of excerpts from religious works and works written in the Middle Ages (10-16th centuries) [Dasturli Islam zhauharlary. Orta gasyrlarda (10-11 gg.) zhazylygan dini ebekter men shygarmalardan uzindiler zhinagy]. Astana. <https://pps.kaznu.kz/ru/Main/FileShow/2/59548/1/0/2016/> (in Kaz.)

Quryshzhanov A (1970) Research on the vocabulary of the old Kipchak written monument of the 13th century «Turkic-Arabic dictionary» [Issledovanie po leksike starokypchakskogo pismennogo pamyatnika 13 v. «Turksko-arabskogo slovaryu»]. Almaty. ISBN 978-601-238-088-0 (in Russ.)

Sabyr M (2004) Continuity of the lexicon of the Middle Turkic language and the lexicon of the Kazakh language/on the basis of a written monument of 14th century [Orta turki tili leksikasy men qazaq tili leksikasynyn sabaqtastygy / XIV g. jazba eskertkishinin negizinde ]. Almaty, Qazaq universiteti. ISBN 9965-12-591-0 (in Kaz.)

Sadyqbekov QA (2016) The Monument “Kitab Muqaddima Abu Lays as-Samarkandi” and its language [Kitab Muqaddima Abu Lais as-Samarqandi eskertkishi zhane onyn tili]. Almaty, Tanbaly. ISBN 978-601-7537-11-1 (in Kaz.)

Sagyndyqov B (2009) Comparative vocabulary of Turkic written monuments of the 14th century (based on the materials of the Mahabbatname of Khorezmi, Khusrau ua Shyrin of Qutb and Gulistan bit-turki of Saif Sarai [XIV gasyrlardagy turki jazba eskertkisherinin salystyrmaly leksikasy (Horezmin Mahabbatnamasynyn, Qutbtyn Husrau men Shyrinyn jane Saif Saraidin Gulistan bit-turkiin materialdary boiynsha)]. Almaty. ISBN 978-601-7537-11-1 (in Kaz.)

Toparly R (1992). Irshadul-muluk ves-selatin. Ankara. ISBN 975-16-0360-9 (in Turkish.)

Zhubatova BN, Aubakirova QQ (2019) Turkic-Arab cultural and linguistic relations during the Mamluk rule in Egypt [Mysyrdagy mamlukter biligi tusyndagy turki-arab madeni-tildik bailanystary]. Almaty, Qazaq universiteti. ISBN 978-601-04-4186-6 (in Kaz.)

### Әдебиеттер:

Аубакирова Қ, Жұбатова Б., Жиекбаева А, Мутафаева А. Түркі-араб мәдени және тілдік байланыстары // Аналеле университеті хабаршысы. – Румыния, 2016. – №1 (29). – Б.133-143. [http://www.istoriecroaiova.ro/wp-content/uploads/2016/05/2016\\_1\\_ANALE.pdf](http://www.istoriecroaiova.ro/wp-content/uploads/2016/05/2016_1_ANALE.pdf) (ағылшын тілі)

Әлібекұлы А. Мәмлүктер билігі кезіндегі түркі-қыпшақ әдебиеті (дамуы, әдеби өкілдері, өлең өлшемі). – Алматы: Арда, 2008. – 176 б. ISBN 978-601-230-007-9 (қазақ тілінде)

Жұбатова Б.Н., Аубакирова Қ.К. Мысырдағы мәмлүктер билігі тұсындағы түркі-араб мәдени-тілдік байланыстары. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 235 б. ISBN 978-601-04-4186-6 (қазақ тілінде)

Ибатов А. Сөздің морфологиялық құрылымы (XIV ғ. Алтын Орда мен Египетте жазылған ескерткіштердің тілі негізінде). – Алматы: Ғылым, 1983. – 146 б. ISBN: 978-3-540-70777-6 (қазақ тілінде)

Керімұлы Ә. Ескі түркі ескерткіштері тіліндегі сөз жасайтын жұрнақтар (XV ғ.). – Түркістан: Тұран, 2005. – 242 б. ISBN 978-601-238-088-0 (қазақ тілінде)

Құрышжанов Ә. XIII ғ. Ескіқыпшақ тіліндегі жазба ескерткіш «Түркі-араб сөздігінің» лексикасы бойынша зерттеу. – Алматы, 1970. – 234 с. ISBN 978-601-238-088-0 (орыс тілінде)

Қыдыр Т. Дәстүрлі Ислам жауһарлары. Орта ғасырларда (X–XVI ғғ.) жазылған діни еңбектер мен шығармалардан үзінділер жинағы. – Астана, 2016. – 392 б. <https://pps.kaznu.kz/ru/Main/FileShow2/59548/1/0/2016/> (қазақ тілінде)

Мустафаева А., Аубакирова Қ. Мысыр мәмлүк мемлекеті мен Алтын Ордадағы тілдік жағдай мен түркі тілінің мәртебесі // ҚазҰУ хабаршысы, Шығыстану сериясы. – Алматы, 2021. – №2(3). – Б.244-249. (қазақ тілінде)

Наджиб Э.Н. XV ғасырдағы мәмлүктік Мысырдың мәдениеті мен түркітілді әдебиеті. – Түркістан: Туран, 2004. – 291 б. ISBN 9965-697-53-1 (орыс тілінде)

Сабыр М. Орта түркі тілі лексикасы мен қазақ тілі лексикасының сабақтастығы / XIV ғ. жазба ескерткішінің негізінде. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 315 б. ISBN 9965-12-591-0 (қазақ тілінде)

Сағындықов Б. XIV ғасырлардағы түркі жазба ескерткіштерінің салыстырмалы лексикасы (Хорезмнің Махаббатнамасының, Құтбтың Хусрау мен Шырынның және Сайф Сараидің Гүлістан бит-туркиінің материалдары бойынша). – Алматы, 2009. – 129 б. ISBN 978-601-7537-11-1 (қазақ тілінде)

Садықбеков Қ.А. «Китаб Мукаддима Әбу Ләйс әс-Самарканди» ескерткіші және оның тілі. – Алматы: Таңбалы, 2016. – 412 б. ISBN 978-601-7537-11-1 (қазақ тілінде)

Топарлы Р. Иршадул-Мулуқ уәс-салатин. – Анкара, 1992. – 627 б. ISBN 975-16-0360-9 (түрік тілінде)

Фазылов Э.И. Ескіөзбек тілі. XIV ғасырдағы хорезмдік ескерткіштер. – Ташкент, 1971. – 212 б. (орыс тілінде)

### Литература:

Алибекулы А. Тюркско-кипчакская литература в период мамлюков (развитие, литературные представители, размер стиха) . – Алматы: Арда, 2008. – 176 с. ISBN 978-601-230-007-9 (на казахском языке)

Аубакирова Қ, Жұбатова Б., Жиекбаева А, Мутафаева А. Тюркско-арабские культурные и языковые контакты // Университет Аналеле. – Румыния, 2016. – No1 (29). – С.133-143.

[http://www.istoriecaiova.ro/wp-content/uploads/2016/05/2016\\_1\\_ANALE.pdf](http://www.istoriecaiova.ro/wp-content/uploads/2016/05/2016_1_ANALE.pdf) (на английском)

Жубатова Б.Н., Аубакирова К.К. Тюрко-арабские культурные и языковые отношения при правлении мамлюков в Египте. – Алматы: Казахский университет, 2019. – 235 с. ISBN 978-601-04-4186-6 (на казахском языке)

Ибатов А. Морфологическое строение слова (на материале языка памятников письменности Золотой Орды и Египта XIV века). – Алматы: Наука, 1983. – 146 с. ISBN: 978-3-540-70777-6 (на казахском языке)

Керимулы А. Словообразовательные суффиксы в языке древнетюркских памятников (XV век). – Туркестан: Туран, 2005. – 242 с. ISBN 978-601-238-088-0 (на казахском языке)

Құрышжанов А. Исследование лексики древнекипчакского памятника XIII в. «Турецко-арабский словарь». – Алматы, 1970. – 234 с. ISBN 978-601-238-088-0 (на русском языке)

Қыдыр Т. Жемчужины традиционного ислама. Сборник отрывков из религиозных произведений и произведений, написанных в средние века (X-XVI вв.). – Астана, 2016. – 392 с. <https://pps.kaznu.kz/ru/Main/FileShow2/59548/1/0/2016/> (на казахском языке)

Мустафаева А., Аубакирова Қ. Языковая ситуация и статус тюркского языка в Египетском мамлюкском государстве и Алтын Орде // вестник КазНУ, серия Востоковедения. – Алматы, 2021. – №2(3). – Б.244-249.

Наджиб Э.Н. Культура и тюркская литература мамлюкского Египта в 15 веке. Исследование монографии, транскрипция, текстовые примечания. – Туркестан: Туран, 2004. – 291 с. ISBN 9965-697-53-1 (на русском языке)

Сабыр М. Преемственность лексики среднетюркского языка и лексики казахского языка / XIV век. на основании письменного памятника. – Алматы: Казахский университет, 2004. – 315 с. ISBN 9965-12-591-0 (на казахском языке)

Сағындықов Б. Сопоставительная лексика тюркских письменных памятников XIV века (по материалам махаббатнаме Хорезма, Хусрау ва Шырын Кутба и Гулистан бит-тюрки Саифа Сарая). – Алматы, 2009. – 129 с. ISBN 978-601-7537-11-1 (на казахском языке)

Садықбеков К.А. Памятник «Китаб Мукаддима Абу Лейс әс-Самарканди» и его язык. – Алматы: Тамгалы, 2016. – 412 с. ISBN 978-601-7537-11-1 (на казахском языке)

Топарлы Р. Иршадул-мулуқ вес-салатин. – Анкара, 1992. – С. 627. ISBN 975-16-0360-9 (на турецком языке)

Фазылов Э.И. Староузбекский язык. Хорезмские памятники XIV века. – Ташкент, 1971. – 212 с. (на русском языке)

**Хуатбекұлы Е.**

*М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты*

*Алматы қ., Қазақстан;*

*e-mail: ereta\_k91@mail.ru*

*ORCID: 0000-0002-7426-2973*

**БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ШЫҒАРМАЛАРДА ШЫНДЫҚТЫ  
БЕЙНЕЛЕУ (Б.ӘДІЛ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ НЕГІЗІНДЕ)**

**Аңдатпа.** Мақалада бүгінгі күні есімі елеусіз қалған авторлардың бірі, балалар әдебиетінің көрнекті өкілі Балтабай Әділовтің шығармашылығы жайлы баяндалады. Зерттеу барысында көпшілік оқырманға Әділ Балта лақап атымен танымал автордың көркем шығармаларын қайта жаңғыртып, ғылыми айналымға енгізу негізгі мақсаттың бірі болды. Сонымен қатар балалардың жас ерекшелігіне қарай жазылған шығармалары назарға алынды.

Мақалада автордың бүлдіршіндер мен жасөспірім балаларға арнап жазылған еңбектерінің ұлттық құндылықтары мен тәрбиелік мәні, балаға қандай эстетикалық ләззат сыйлайды деген мәселелер қарастырылып, жазу барысында идеяны жеткізуде қандай тәсілдер пайдаланғаны анықталды. Б.Әділдің шығармашылық ерекшелігі нарративтік, герменевтикалық, салыстырмалы талдаулар арқылы жүзеге асты.

Тілі қарапайым, баланың қабылдауына жеңіл, дейтұрғанмен көркемдік деңгейі жоғары, тәрбиелік мәні мен еңбексүйгіштікке баулитын шығармаларының қатары молдығы талдау барысында анықталып, қандай шығармаларынан бала бойына қайсыбір құндылықтарды сіндіре алатындығы баяндалды. Автордың тіл ерекшелігі мен жалпы шығармашылық патенциялына ғылыми түрде баға берілді.

Мақалада есімі сирек аталатын автордың көпшілікке беймәлім еңбектері аталып, бірқатар шығармаларына ғылыми талдау жүргізілді. Б.Әділдің ертегілері, мысал әңгімелері, этнографиялық әңгімелері т.б. іріктеліп алынып негізгі идеялары қандай практикалық мәнге ие екендігі талданды.

**Кілт сөздер:** эпост, тәрбие, әңгіме, ертегі, фольклор, кейіпкер, образ.

**Кіріспе.** «Балам бауыр етім» деген қазақ бала тәрбиесіне асқан жауапкершілікпен қарағаны ауыз әдебиетімізден анық байқалады. Бесік жыры, қиял ғажайып ертегілер, эпостар т.б. фольклорлық еңбектер баланы ізгілікке үйретіп, жан-жағын тануға, қадірлеуге баулиды. Осынау дәстүр сабақтастығы жазба әдебиетімізден де көрініс тауып, көптеген қаламгерлеріміз балалар әдебиетінің дамуына қарымды үлес қосуда. Сол қаламгерлеріміздің шығармалары оқырманға жетуіне мемлекет қолдау көрсетіп 2021 жылды «Балалар әдебиеті жылы» десе 2022 жылды «Балалар жылы» деп жариялады. Нәтижесінде 2021 жылы Б.Қошым-Ноғайдың құрастыруымен он томдық «Қазақ балалар әдебиетінің антологиясы» жарық көрді. Бұл – исі қазақтың жоғын түгендеген көлемді еңбектің бірі. Әлем алдында мақтана көрсететін қазақ әдебиетінің байлығы. Сонымен қатар «Атамұра» баспасынан «Балалар поэзиясының антологиясы» және «Балалар әңгімелерінің антологиясы» деген қос кітап та соңғы уақытта балаларға арнап қалам тербеп жүрген авторлардың шығармаларын жинақтаған. Бұдан бөлек әртүрлі баспалардан жекелеген авторлардың кітаптары мемлекеттік тапсырыспен жарық көріп, кітапхана сөрелерінен бой көрсетті. Сол үрдіс 2022 жылы да жалғасын табуда.

**Материалдар мен әдістер.** Соңғы жылдардың нәтижесі бойынша балаларға арнап жарық көрген шығармалардың саны едәуір өсуде. Еліміздегі ірі баспалардың бірі «Фолиант» баспасының өзінен А. Гриннің «Алқызыл желкен. Толқын перісі», Д. Свифттің «Гулливердің саяхаты», М. Твеннің «Гекльберри Финнің басынан кешкендері», «Том Сойердің басынан кешкендері», В.А.Обручевтің «Жұмбақ жері», А. Линдгреннің «Ұзыншұлық Пиппи», Э. Распенің «Мюнхгаузеннің хикаялары» т.б. әлем әдебиетінің қызықты кітаптары қазақ тілінде басылды. Бұдан бөлек отандық авторлардың кітаптары жарыққа шықты.

Тақырыпты індетіп зерттеуде А. Байтұрсынұлы, М. Әуезов, С. Мұқанов, М. Базарбаев, Т. Кәкішев, С. Қирабаев, Ш. Елеукепов, Қ. Ергөбек, К. Матыжанов, Г. Орда сынды ғалымдардың еңбектерін ғылыми талдау барысында басшылыққа алдық. Мақсатқа жету жолында материалдарды жинау, саралау, жүйелеу жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар ғылыми-салыстырмалы, аналитикалық талдау т.б. тәсілдері жүргізілді. Бүгінгі күні балаларға арналған шығармаларды жан-жақты зерттеп, зерделеп жүрген ғалым Г. Орданың «Қазіргі қазақ балалар поэзиясындағы көркемдік ізденістер» мақаласында аға буын өкілдерінің балаларға арналған лирикалық өлеңдеріндегі құндылықтардың дәріптелуін, жаңашылдық пен дәстүр сабақтастығын талдаған (Г. Орда: 2021: 39-51). Ал «Қазіргі қазақ балалар поэзиясындағы дәстүр ұласуы» атты мақаласында Е. Сейдахмет, Ж. Шәкенұлы, Б. Айтмұқаева, Е. Жеңісұлы, Қ. Сарин т.б. ақындардың диалог-өлеңдерін, метаграммалық, этнограммалық т.б. өлеңдерін талдап, ауыз әдебиетінен келе жатқан бесік жыры, тұсау кесер, айтыс өлеңдерін заманға сай түрлердіруіндегі дәстүр сабақтастығын көрсеткен (Г. Орда: 2022: 48-63).

Ақындар жас ұрпақтың бойына ізгілік дәнін себуге фольклордан жалғасып келе жатқан бесік жыры, тұсау кесер, санамақ, жаңылтпаш, жұмбақ, бата-тілек, айтыс жанрларын қоғам өміріне сай түрлендірген. Сан ғасырлар бойы атадан-балаға ауызша жеткен жанрларды бүгінгі заман талабына сай пайдалану – қазақ әдебиетіндегі дәстүр ұласуы.

**Әдебиетке шолу.** Балаларға арналған шығармалардың саны көбейгенімен арасында сапасы сын көтермейтін шығармалар да бар. Ондай шығармаларды сыншылар сүзгісінен өткізіп, кем-кетіктері уақытында талқыға түссе, нәтижесі де бірден байқалары анық. А.Тілегеннің «Балаларға арналған өлеңдер қалай жазылып жүр?» мақаласында өлеңдегі олқылықтар жақсы көрсетілген.

«Утюкпенен жөндейді апам, біл, түсін,

Умаждалған көйлектердің қыртысын», – деген жолдарды оқығанда тосырқап қалғанымыз рас. У әрпінен басталатын Уыз, Уық деген сынды қазаққа ғана тән сөздеріміз тұрғанда, «утюктың» бетімізді дуылдатып жібергенін айтпасқа болмас. Оның үстіне Үтік (кей өңірлерде өтек) деген әп-әдемі қолданыстағы сөзі бар» (А.Тілеген, 2022). Жеке басқа емес шығарманың нақты кемшіліктерін атап өтетін осындай сындардың қатары көбейе түссе, балалар әдебиетінің біраз кемшіліктері толыға түсер еді.

Терең ойдың шөнетіне сүңгіп, қиыннан қиыстырып, арыдан қаузауды қажет етпейтіндей көрінетін балалар әдебиетінің құпиясы бір бөлек. Небір тіс қаққан жаушылар бұл тақырыптың жауапкершілігін сезініп қалам тартпағанын естелік-

терден жиі кезіктіріп жатамыз. Балалар жазушысы болу – ең әуелі баланың жан дүниесін түсіну, сезіну. Жан дүниесі, руханияты бала секілді таза адамдар ғана бұл тақырыптың шыңына жетері анық. Ең сезімтал, бәріне сенгіш, алдағанды еш кешірмейтін кішкентай оқырманның шын ықыласына бөлену үшін балалар жазушысы әр сөзіне жауапкершілікпен қарауы шарт. Себебі балалар жазушысы – ұлттың айнасы. Әр ата-ана өз баласының болашағына қалай жауапты болса, балалар жазушысы бір ұлттың болашағына солай жауап беруі керек.

Бүгінгі күні жас қаламгерлер арасында «әдебиет – ардың ісі», «әдебиет – ұлттың тәрбиелік құралы» деген ұғымдарды ысырып, жазушы қиялына шектеу қоюға болмайтынын, айтар ойы мен әкелер жаңалығына баса назар аудару керектігін жиі айтатын болды. Тіпті жаргон сөздер мен бейпіл сөздерді де қосуды әдетке айналдыруда. Әйтсе де, жас оқырманның талап үддесінен шығатын шығарма тудыру үшін жоғарыда атаған еркіндікке біраз тұсау салынары анық. Бір жазушының иненің жауындай болып көрінетін болмашы қателігі қанша баланың санасын улайтынын автор сезіне білсе деген тілегіміз де бар.

Ғалым Н. Құдайбергенов: «балаларға арналған әдеби шығарманың көркемдік-поэтикалық деңгейі өз алдына, педагогикалық-психологиялық тұрғыдан да белгілі бір талаптарға сай болуы тиіс. Педагогикалық мақсат пен эстетикалық талап тоғысқанда ғана балаларға арналған туындылардың құны артпақшы. Көркемдік-эстетикалық бағасы төмен туынды құрғақ уағыз, жадағай туынды болып қалатыны секілді, баланың даму заңдылықтары ескерілмей жазылған көркем шығарманың да бәсі төмен. Себебі баланың жасы, психологиясы, ақпаратты қабылдау ерекшелігі – бәрі-бәрі ескерілуге тиіс дүниелер». (Худайберген, 2021: 192) деген пікір білдіреді.

**Нәтиже.** Бала психологиясын дөп басып берген, кез келген бала оның шығармасын оқығанда өзін көргендей күй кешетін, бүгінде елеусіз қалған авторлардың бірі – Балтабай Әділов (Әділ Балта). Цензура автор қиялына тұсау салып тұрған ХХ ғасырдың екінші жартысында әдебиет майданына араласып, ұлттың рухын оятатын, кеңестік идеологияға жат тіркестерді сүзгіден өткізбейтін уақытта қарапайым ғана баланың тілінде ұлттық болмыс пен құндылықтарды орайын келтіріп жазған, елеусіз болып көрінген мәтіннің астарына бір халықтың салт-дәстүр, жөн-жоралғысын сиғыза білген автордың қаламынан туған әр туындының өз ерекшелігі бар. «Оқушы кезім. «Балдырған» журналын оқып отырып, ұрлығым ашылып қалғандай күйге түстім. Мен туралы жазыпты. Иә, мен. Тек атымды басқаша келтіріпті. Әжем мен оның құрбыларына «Батырлар жырын» оқып беретінімді, олардың кей тұста еңкілдеп жылайтынын, бәрін-бәрін жазыпты. Маған қатты батқаны – тәтті-пәтті, кейде тиын-тебен алатынымды біліп қойған екен» (Балалар әдебиетінің дарабозы, 2019: 47) Б.Бабажанұлының бұл естелігінен аңғарғанымыз Б.Әділдің әңгімесі баланың шыннайы өмірімен сабақтасады, үндеседі. Оқырман шығармадан өзін көріп, автор әр қимылын аңдып отырғандай күйге түсу, авторлық баяндау оқырманның күнделікті өмірін меңзеуі – бәрі авторлық шеберлік.

Өмір шындығын көркем шығармада суреттеу, заман бейнесін, халықтың тұрмыс-тіршілігінің қат-қабат бедерлерін шығармашылық картинада жеткізе білуге біршама қажырлы еңбек қажет. Әйтсе де автор сол қоғамның бөлшегі ретінде көрген,



түйгенін, сезінгенін қағаз бетіне ой елегінен өткізіп беруі біршама шығармашылық процесті қамтиды. Ал бала өмірін, күнделікті тіршілігін назарда ұстап, қоғамды қабылдаудағы жас бүлдіршіннің әсерін сезіну – күрделі процесс. Б. Әділдің бір ерекшелігі – баланың көңіл-күйін дөп басатын сезімтал қаламгер. Соның нәтижесінде тәуелсіздік алған жылдары еліміздегі үлкен басылымдардың бірі «Ұлан» газетінде қызмет атқарған Б.Әділ әр баланың газеттің кезекті санын күтіп, сүйіп оқитын авторына айналды.

Газет бетінде жарық көрген әңгімелерінің басым көпшілігі жас оқырмандардың хаттарының негізінде жазылғанын. Автор шығармаларының көбінен аңғаратынымыз Сатыбалды Жақсыбаев, Ораз Қойшыбаев т.б. деп белгілі бір баланың аты-жөнін, тұратын ауылын, оқитын мектебін түгендеп өтеді. Оның себебін Кеңес Оразбекұлының естелігінен кезіктірдік. «Ұлан» газетінің тілшісі ретінде мектептерге кездесулерге барып, сол мектептің ахуалын баяндайтын мақала жазуды басшылық талап етсе, Б. Әділ одан шығатын жолды өзгеше іздейді. К. Оразбекұлы: «Өйткені ол қай мектептегі кездесулерге тапсырма алса, оны белгілі бір баламен байланыстырып, сол баланың төңірегінде оқиға өрбітіп жазатын... Ал газеттің бас редакторы Сұлтан Қалиұлының..: «Балтабай, сен газетте істегеннен кейін жазушы емес, журналистсің. Сондықтан өзің қызмет еткен газетке мақалаларың шығып тұруы тиіс. Көркем дүниелерді өзге газет-журналдарға ұсын».

Балтакең осы жайды бізге айтып, «Мен де қумын ғой... Содан былай қандай тапсырма берсе де, жазған дүниелерімнің басқы бір абзацын мақала сияқты келтіретін болдым» – дейтін» (Балалар әдебиетінің дарабозы, 2019: 33-34). Б. Әділдің осы бір әрекеті авторды оқырманға сүйкімді етті, балалардың сүйікті жазушысына айналды.

Көзге елеусіз көрінетін тақырыптарды қаузап, астарына үлкен мән үстейтін шығармаларының бірі – «Нан сатқан Сатыпалды» әңгімесі. Қаршадай ғана баланың інісі Есболды қасына ертіп қаладан нан әкеліп сатуы баяндалады. Біржақты авторлық баяндаумен басталатын әңгіменің оқиғалары ширақ, динамикасы мол. Шағын ғана әңгімеде уақыт пен кеңістік бірнеше мәрте ауысады. Бұл балалардың оқуына, зерікпеуіне тиімді.

Автор еңбекке ұмтылған Сатыпалды мен Есболдың әрекеттерін баяндау арқылы тәуелсіздік алған жылдардағы халықтың хал-ахуалын да көрсетіп өтеді. «Бір үйде он жан тұрады... Атасы, әжесі, әкесі, шешесі, өзі, екі інісі, үш қарындасы. Әкесі мен шешесі мектепте ұстаз. Үш айдан бері еңбекақы алған жоқ. Атасы мен әжесінің мардымсыз зейнетақысы не болады? Жетпейді, әрине» (Б. Әділ, 2020: 6). Бір абзацта бірнеше мәселе қатар сипатталған. Көп балалы отбасы, еңбек ақысын ала алмаған ұстаздар, мардымсыз зейнетақыға күнелткен зейнеткерлер, бір отбасының басындағы жағдай бір елдің әлеуметтік проблемасын көрсетеді. Себебіне үңіліп салдарымен күресуді жолы еңбек екендігін тұспалдайды автор. Автобус ішіндегі атмосфера жер шарының кішірейткен формасы ретінде алып қарауға болады. Адал еңбекпен мал табуды да күндеушілердің көптігі – өмір шындығы. Бүгінгі ақпараттық технологияның дамыған уақытында әлеуметтік желіден де негативті мәтіндер жиі ұшырасады. Халықтың көңіл күйі әлеуметтік жағдайымен тікелей байланысты екендігі белгілі. Автор осы бір өмір шындығын қысқа ғана әңгіме аясында ашып көрсеткен. Түйінінде еңбекке



ұмтылу, адал жолда мал табуды дәріптейтін шығарма жастарды еңбекке баулитын мотивациялық шығармалардың қатарына жатқызуға да болады.

Б. Әділ – ұлттық сананы жаңғыртуда, салт-дәстүрлерімізді дәріптеуде оқ бойы озық тұрған жазушыларымыздың бірі. Қай шығармасын алып қарасаңыз да салт-дәстүріміз бен әдет-ғұрпымызды дәріптеген элементтер жиі ұшырасады. Әсіресе «Күміскүлдің көжесі» әңгімесінің жөні бөлек. Оқиганың негізгі сюжеті алтыншы сынып оқушысы Күміскүлдің сыныптастарына арнап көже пісіруіне құрылған. Қысқа ғана әңгімеде Наурыз мерекесінің ұмыт болып бара жатқан жөн-жоралғысы, ауыл арасының ынтымағы, отбасылық сыйластық, тәрбие Күміскүл образы арқылы шынайы суреттелген.

«Әжесі наурыз көже пісіргенде ол басы-қасында жүрді. Үлкен дәу қазанды даладағы ошаққа орналастырды. Астына Күміскүл от жағып отырды. Қарап отыр-мады, әжесінің бар қимылынан көз алған жоқ. Көжені қалай дайындауды әбден үйреніп алды. Ауыл тайлы-таяғымен келді» (Б.Әділ, 2020: 49). Әжесінің тәрбиесін көріп, тәлімін алған Күміскүл бейнесі ата-әжесінің қанатын саялаған, еркелікке қанып, еркін өскен қазақ баласының жинақталған образы. Бір образ арқылы үлкенді құрметтеу, ата мен әженің орны, дәрежесі тамаша көрсетілген. Автор үлкенді сыйлау, қартты қадірлеу туралы ақыл айтпайды, данышпандық танытпайды, тек қана кестелі суреттер арқылы көкейге қонымды дүниелерді ұсынып, сәби санасына берік орнығуына әрекет етеді. «Ауыл тайлы-таяғымен келді» деген бір ғана сөйлем бүкіл қазақ мәдениетінің айнасы секілді. Бүгінгі күні жойылуға шақ қалған ынтымақтың алтын дінгегі. Б.Әділ «Наурыз мерекесінде ауыл адамдары бір-бірінің үйін аралап, көжеден дәм тататын т.б.» деп созбақтамайды. Қысқа ғана сөйлеммен ынтымағы, дәстүрі сақталған шағын ғана ауылдың қоңыр тіршілігін көрсете біледі.

Автор Күміскүлдің көже жасаудағы құлшынысын, үйренуге деген ынтасын жазу арқылы балалардың жаңаны үйрену, ерінбеу, білмегенін сұрау дағдысын қалыптастырады. Көжеге қосатын дәндерді тізбектеу арқылы ұлттық тағамымызға қажетті қоспаларды қайта жаңғыртып, балалардың сәби санасына сіңіруге әрекет етеді. Б. Әділдің негізгі идеясы наурыз көженің қалай дайындалуын баса көрсету екендігі мәтіннен анық байқалады. Күміскүлдің әрекеті, анасымен болған диалогтан осы бір мақсат айқын көрінеді.

1926 жылы тойлануына тыйым салынып алпыс жылдан астам уақыт аталмай келген дәстүріміз 1988 жылы қайта жаңғырды, әйтсе де көптеген құндылықтарымыз ұмыт бола бастаған еді. Сондай бір аумалы-төкпелі заманнан мұндай шығармаға халық зәру болды. Көркем шығарманы жас та, жасамыз та оқу арқылы бірқатар құндылықтарды қажетті уақытта қайта жаңғыртты.

Автордың шығармаларының дені жастарды еңбекке баулуға, ұйымшыл дос болуға шақырады. «Нан сатқан Сатыпалды», «Әнестің әңгелегі», «Үргешбайда үйрек көп», «Побыр», «Ауыл көркі», «Еңбектің рахаты» т.б. көптеген әңгімелері еңбекті насихаттайды. Автор идеясын жеткізуде геймификациялы тәсілді жиі пайдаланады. Оқиганың басым көпшілігі үш айлық жазғы демалыста өтеді. Кейіпкерлер ала жаздай асыр салып ойнап қана күн өткізбей, ойынмен бірге еңбекті де қатар алып жүреді.

Балаға әдет пен дағды қалыптастыруда үлкендердің үлесі мол. Бұндай жағдайда ата-ананың рөлі ерекше. «Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер» деген мақалдың аясында қаншама мән, мағына жатыр. Б. Әділ шығармаларында осы ой жиі қайтланады. Ойдың жиі қайталануы – автордың кемшілігі емес, керісінше оқырманға силлогизм туғызу. Ата-ана әрекетінен нәтижелі қорытынды шығару. Сондай шығармалардың бірі – «Ауыл көркі» әңгімесі. Әңгіменің жазылған уақыты 2004 жыл, ауыл өмірін жандандыруға, жақсартуға дайындалған үш жылдық ауыл жылы бағдарламасымен тура келеді. Автор осы детальді шығармасында да пайдаланады. Ауылды көркейтуді мақсат еткен атасы, немересі, әкесі арасындағы диалогтан ауыл өмірінің нақты бейнесін көре аламыз.

«– Бір кезде бұл ауылдан күшті ауыл жоқ еді. Жасыл желекке малынып тұратын. Қайда бұрылсаң жеміс-жидек... Су құрыды да, бәрі қурап қалды, – деді өкініп.

– Үш жыл ауыл жылы деп жатыр емес пе? Су әкеп берер, – деді Сүттібек қарап отырмай.

– Ауыл жылы деп қарап отыруға болмайды, – деді әкесі. – Ауылды көркейту өз қолыңда» (Б.Әділ, 2020: 57) – деп нақты әрекетке көшеді. Ары қарай әңгіменің қысқаша фабуласы: Сүттібектің әкесі жұмыстан бір құшақ көшет әкеліп, екеулеп жүріп жиырмадан астам жеміс ағашын егеді. Сүттібектің жайқалып тұрған бағына қызыққан Қанат досы да ауласын жайқалтудың қамына кіріседі. Екі дос татулығы жарасып ағаш суғаруда жұмыла жұмыс атқарады. Кейіннен шекісіп қалған достар ағаш өсіруде өзара бәсекеге түседі. Ала жаздай бағына қараған Сүттібек пен Қанаттың еңбегіне ата-аналары марқайып, екі бала бір масаттанып қалады. Автор екі баланың еңбегінің нәтижесінде біршама құлпырған аулану суреттеу арқылы отанның гүлденуіне жас та, жасамыс та өз үлесін қосуға атсалыса алатындығын, ең бастысы ниеттенсе мақсатқа жететіндігін түспалдайды. Сүттібек пен Қанат арасындағы реніштен адамдар бір-бірінің еңбегін бағалау қажеттігін, зәредей болса да залалыңды тигізбеуге шақырады. Сүттібектің ешкісі Қанаттың ағаштарын жеп қойғанда қаншама төккен тер, еткен еңбек далаға кететіндігін әкесі мен Сүттібектің диалогы арқылы жеткізеді.

Шығарманың түйінінде өз қателігін түсінген Сүттібек досының алдындағы ағаттығын түсініп, міндетті түрде кешірім сұраймын деп түйіндейді. Қателігін мойындаудан жалтармау, кешірім сұраудан арланбау, тәкаппарланбау да бір қасиет екендігін түспалдайды автор.

Қателіктен сабақ алуды, кез келген іс өтеусіз қалмайтынын дәріптеген тағы бір шығарма – «Соңғы аялдама». Әңгіме сюжеті Амантай мен Ескермес деген мектеп оқушысының қалаға қыдырып қайтуына құрылған. Оқиғадағы негізгі акцент балалардың ауылға қайтар жолдағы автобуска отыруына түседі. Үлкендерге орын бергісі келмеген екеудің өтірік ұйықтаған болуы былай суреттеледі: «Көздерін сәл ашып, сығалап қараған. Атай мен әжей артта тікейіп тұр екен. Бұларға қарап-қарап қояды. Екеуі қайтадан көздерін тас қылып жұмып алды... Біраздан соң көздерін сәл ашып қарап еді, әлгі үлкен кісілерге ешкім орын бере қоймапты. Әжей шыдай алмай автобустың еденіне отырып алған» (Б. Әділ, 2020: 84). Б.Әділге тән бір ерекшелік қарапайым әрі қысқа сөйлемдерге үлкен философиялық мәнді жасыра біледі. Қарт

кісіге автобус ішінен бір адам тұрып орын бере алмауы, қоғамның үлкенге құрметі төмендеп, қарияны қазына деп санайтын ұрпақтың азайып бара жатқанын көрсетеді. «Әжей шыдай алмай автобустың еденіне отырып алған» сөйлемі қарапайым ғана болғанымен қаншама динамика, образдылық жатыр. Адамдар арасындағы үлкен көлемдегі қатыгездіктер осындай көзге елеусіз көрінетін аяусыздықтан туындайтынын айтқысы келеді. Екі баланың жасаған ағат әрекеттері ескерусіз қалмайтынын ұйқы құшағында жатып соңғы аялдамаға бір-ақ келуімен суреттейді. Кез келген жамандықтың өтеуі болатынын осылай жеткізеді.

Заты нәзік, тілі жеңіл, сөйлемдері қарапайым болып келетін балалар жазушысының стилін ажырату басқа жазушылардан гөрі күрделі. Әйтсе де Б. Әділдің сөз қолданысы, иірімдері, ой жүйелілігі т.б. қырлары арқылы қолтаңбасын бірден тануға болады. Белинский «Талантты жазушының әр образы тип» дегеніндей, Б. Әділдің де әр кейіпкері қасында жүргендей сезінесің. Әңгімелеріндегі балалардың әрекеттері, оқиғаларының шынайылығы сюжеттің шөңетіне түсіп, өзін де кейіпкерлермен бірге жүргендей әсерде боласың. «Өте еңбекқор, тақырыптарды тапқыш болатын. Тез жазатын. Мен Балтекеңнің стилімен жазып көрейінші деп талпындым. Өйтіп жаза алмадым. Бейімбет Майлинге де ұқсағым келді. Ұқсай алмадым. Ал Балтекеңнің жазғандары Бейімбет көкесіне ұқсағанымен оның да өзіндік қалыптастырған стилі бар еді» (Балалар әдебиетінің дарабозы, 2019: 52). Көз көрген замандасы Ертай Айғалиұлының пікірінен Б.Әділдің қазақ әдебиетінің қайнарынан қанып ішіп, білімі мен талантын шығармашылық лабораторияда қатар қолдана алған аз жазушының қатарына жатқыза аламыз.

Мейірім сөзінің астарына көп нәрсені сыйғыза аламыз. Әуелі жаратушыдан өткен мейірімді ешкім жоқ дейді. Түбірінде мейірім жатыр. Ата-ананың балаға мейіріміне не шендеседі? Жабырқаған жанға бір ауыз жылы сөз – мейірім. Жалпы әлем мейірімнен құралады, мейірімге шөлдейді. Туған топырақтан ыстық, өскен ортадан артық жанға сая бар ма? Өзге ортаға бой үйрету, сіңісіп кету – ұзақ уақытты қажет ететін процесс. Б.Әділдің «Қошқар неге қамкөңіл» әңгімесінде жаңа ортағы бейімделе бермеген адам мен жануардың хәлі суреттеледі. Образды күйде мұң мен мейірімнің таразының басында теңселгенін философиялық қабаттар арқылы жеткізеді. Әуелі туған жердің бәрінен ыстықтығы, мейірім жоқ жерде достық жоқтығы, жақсы көру мен жек көрудің арасы сынық сүйем екендігін автор образдар арқылы көрсетеді.

Жазғы демалысында қорасындағы оншақты ұсақ малына бас-көз болып жүрген Жәнібек пен Асылбектің күнделікті шаруасын авторлық баяндауда жеткізеді. Екі баланың арасындағы әдеткі оқиғалар, шығарманың шарықтау шегінде Жәнібек пен Асылбектің диалогы арқылы көрініс алады:

«– Ана қошқар қайдан келген? – деді Жәнібек ортаға қосылмай шеттеп жүрген жаңа қошқарды нұсқап.

Әкесі оны өткенде нағашы жұртынан әкелті.

– Келгелі үйірге қосылмайды. Қашан көрсең, саяқ жүреді. Өзінің туып өскен отарын сағынып жүр, – дейді Асылбек аяныш білдіріп» (Б. Әділ, 2020: 92). Мал екеш малда туған ортасын сағынуын, өзге ортаны жатсынып, бой үйрете алмай жүруін, ауылға жаңадан көшіп келген Серік деген баланың жан дүниесімен салыстыра ба-

яндауы, көзіндегі мұнды шынайы бейнелеуде анафоралық дексикс тәсілін сәтті пайдаланған. Дегенмен тіл тазалығына келгенде «келгелі үйірге қосылмайды» деп қойды сипаттауында «үйір» жылқыға қатысты айтылатын, қойға қатысты «отар» болатынын автор ескермеген. Б.Әділ әр сөздің мағынасын жақсы білетін жазушы, «отарды» ол екінші сөйлемінде пайдаланған. Демек, үйір сөзін қолдануда автор өз сөзіне редакторлық жасауды қажет етпеген секілді. Әйтсе де ол – елеусіз көрінгенмен ескеретін қателіктердің бірі.

Психологиядағы кейіпкердің жан дүниесін зерттей білуде Ж. Дәдебаев «а) жаны (іш); ә) тәні (тыс)» (Дәдебаев, 2016: 35) деп қарастыру керектігін атап өтеді. Ортаға бой үйретудегі кейіпкердің сыртқы бейнесі мен ішкі жанын қатар сипаттау арқылы ғана жазушы кейіпкердің психологиясын негізгі планға шығара алады. Б.Әділ шығармадағы кейіпкер психологиясын айқын көрсетуде, адамның ішкі жан дүниесінің көрінісі мен сыртқы болмысын суреттеуде таразы басын тең ұстап отырады. Автор Серіктің баяндауындағы: « – Туып-өскен жерімдегі сыныптастарымды сағындым» диалогы арқылы ішкі жанды көрсетсе, сыртқы тәнін «Жаңа қошқардың көзінде жас бар екен» деп қошқарды суреттеу арқылы адам мен жануарды қатар сипаттау арқылы психологиялық параллелизм арқылы береді.

Б. Әділдің «Қалпақ болғым келмейді», «Қошқар неге қамқөңіл», «Құралай» т.б. әңгімелерінде туған жерге, өскен ортаға сағыныш мотиві бейнеленсе, «Мұғалім» повесті мен «Шығарма қалай туды» әңгімелерінде ананың балаға деген сағынышы суреттеледі. Шығарма нақты сағынышқа арналмаса да автор кейіпкерлердің әрекеттері арқылы сол тақырыпқа оралып отырады.

«Атамның жұлдызы» атты алғашқы жинағына енген «Мұғалім» повесті идеялық жағынан Григорий Петровтің «Мінсіз мұғалім» повестімен сәйкес келетін тұстары бар. Екі автордың да кейіпкерлері қияндағы ауылға, жас бүлдіршіндердің сауатын ашуды мақсат етіп ұстаздық жолға түседі. Г. Петровтің мұғалімі жас болса да ғылым жолында биік белестерді бағындырған, әлемге аты белгілі бола бастаған жас маманның барлық дүниені тәрк етіп, мүлдем мәдениет пен білімнен мақұрым ауылға барып білім нәрін сепсе, Б.Әділдің мұғалімі ұстаз келсе деп армандаған, балаларын оқытуға ынталы, тек мүмкіндігі жоқ ауылға келеді. Б. Әділ кейіпкерінің бір ерекшелігі адамның қанына тартуы бар. «Айман әжей он құрсақ көтерген кісі екен. Үлкен ұлы Қасымбектен басқасының бәрін жер қойнына тапсырыпты. Бір өзі он балаға татитын өткір де, өнерлі болып өсіпті Қасымбек. Қалада оқу оқып жүріп, үріп ауызға салғандай сұлу қызға үйленіпті. Ұзамай шалы да, Қасымбек те соғысқа аттаныпты. Қасымбектен қара қағаз келген соң, келіншегі жүкті күйінде төркініне кеткен де келмей қалған.

Содан ол келін баланы детдомға тапсырып, өзі күйеуге тиіп кетсе керек. Сол детдомға тапсырылған бала осы мұғалім екен» (Б. Әділов, 1981: 6-7). Мәтіннен ұлттық құндылықты көреміз. Туғанынан көрмеген әкенің өзі жоқ болса да, апасы бар екендігін көңіліне түйіп сол ауылға ұстаз болуды таңдаған Мұғалім образы арқылы бір ұлттың қанына тарту қағидасын шығарады. Мұғалім баланың нағашыларын немесе анасын емес, өз жұртын іздеуі қазақтың тек ұғымына әкеледі. «The process of transforming universal human values into the ideological core of the work in the history

of Kazakh literature, no matter what period we have turned, has never stopped. There is every reason to believe that the fact that only samples of words related to the value of conscience and honor were reflected on paper is a feature peculiar to the national verbal art» (N. Khudaibergenov, 2018: 408) – деген Н. Құдайбергеннің пікірін негізге алсақ, Мұғалім баланың өзіне мүлдем беймәлім апасын іздеп келуі қоғамдық сипатта өмір сүретін құндылықтар жүйесі болмақ.

Адамға эстетикалық ләззат сыйлайтын фольклордың негізгі жанрының бірі ертегінің қатары авторлық әдеби ертегілермен толығуда. Халықтық ертегі мен авторлық ертегінің айырмашылықтары болғанымен атқаратын қызметі бір. Адамды ізгілікке, мейірімділікке тәрбиелеуде ертегіні негізгі құрал ретінде пайдалана аламыз. Б. Әділдің ертегілер мен мысал әңгімелері де адамды татулық пен мейірімділікке, ізгілікке шақырып, еңбекке баулиды. «Кім күшті», «Көктем сәні», «Мысық, қоян және ит», «Достық қиындықта сыналады», «Төрт мезгіл ертегілер» т.б. мен «Қара пышақ», «Қырсық тас», «Сотқар бәтеңке» т.б. мысал әңгімелері оқырманға ғибрат береді. Автордың «Қара пышақ» әңгімесінде С. Көбеевтің «Екі соқа» әңгімесімен идеялық ұқсастық бар. «Қара пышақ» әңгімесінде дүкеннен шыққан пышақ ас үйге түсіп тынымсыз еңбек етеді, тумысынан жалқау пышақ күнделікті күйбең тірліктен жеріп, қашудың жолын ойластырады. Еденнің жарығынан түсіп алып, саңылауынан сығалап қана жата береді. Күндердің күні өзімен бірге дүкенде тұрған сары пышақты көріп, қасына шақырады. Еңбек етпей жатуды ар санаған сары пышақ қара пышақтың ұсынысынан бас тартады. Қара пышақтың үстін толық тат басып кеткендіктен орыннан қозғала да алмайды. Шығарманың қысқаша мазмұны осы. «Екі соқа» әңгімесінде де еңбек еткен соқаның жүзі жылтырап күн өткен сайын көріктенсе, екінші соқа тат басып, қараптан-қарап ескіреді. «Екі соқа» әңгімесінде: «Жұмыс қылып мехнаттанғаннан. Егер сен де жұмыс қылып мехнаттансаң, мендей жарқырап тұрар едің» (Көбеев, 2006: 130) деп еңбектің жемісін жоғары бағалап түйіндесе, «Қара пышақ» әңгімесінде: «Қара пышақ тұрайын деп еді, тұра алмады. Өне бойы тот басып, зіл тартады» (Б.Әділов, 1981: 66) деп еңбексіз күннің қараң болатындығын айтып аяқтайды. Екі әңгімедегі ұқсастықтарды кестемен берсек.

Ұқсастықтар	
Қара пышақ	Екі соқа
Екі пышақ бір жерде жасалады	Екі соқа бір жерде жасалады
Бір пышақ еңбектен қашып, тат басады	Бір соқа дүкенде тұрып тат басады
Сары пышақ еңбекпен жылтырай түседі	Бірінші соқа еңбекпен күн өткен сайын құлпырады
Шығарманың негізгі мәні - адамды еңбекке баулу	Шығарманың негізгі мәні - адамды еңбекке баулу

**Қорытынды.** Әділ Балтабайдың шығармаларының негізгі идеясы достыққа, татулыққа, еңбекке, мейірімді болуға шақырады. Әңгімелерінің көпшілігінің кейіпкерлері жазғы демалысқа шыққан мектеп оқушылары және олар ала жаздай еңбек етіп, үлкендердің, ата-анасының алғысына бөленеді.

XX ғасырдың аяғында дүниеге келген кішкентай оқырмандардың сүйікті жаушысы болған, шығармаларын іздеп оқыған Б.Әділ бүгінде анда-мұнда есімі бір аталып, елеусіз қалған авторлардың қатарына қосылуда. Бірде-бір шығармасы мектеп оқулығына енбеген. Алайда автордың «Отыз үш мысал» кітабы – мектепке дейінгі балаларға арналған, қысқа да нұсқа жазылған туындылар. Өзге де әңгімелері – бастауыш сынып оқушылары мен орта сынып оқушыларына тәрбиелік мән беретін, оқушылардың күнделікті өмірі қамтылған қызықты шығармалар.

Автордың әңгімелері, мысал әңгімелері, ертегілері төменгі сынып оқушыларынан бастап оқуға болатын шығармалар.

*Мақала ҚР БҒМ Ғылым комитетінің АР08855695 «Қазіргі қазақ балалар әдебиетінің даму үрдістері» ғылыми жобасы аясында дайындалды.*

**Хуатбекұлы Е.**

*Институт литературы и искусства им. М.О. Ауэзова*

*Алматы, Казахстан*

*E-mail: ereta\_k91@mail.ru*

*ORCID: 0000-0002-7426-2973*

### **Изображение действительности в произведениях для детей (По произведениям Б. Адиля)**

**Аннотация.** В статье рассказывается о творчестве выдающегося представителя детской литературы Балтабая Адилова, являющегося одним из авторов, чье имя в наши дни остается без должного внимания. В ходе исследования одна из основных целей подразумевала восстановление у массового читателя интереса к художественным произведениям данного автора, которого прозвали «Әділ Балта» («Справедливый Балта»), и введение их в научный оборот. Помимо этого, большое внимание уделялось его произведениям, написанным с учетом возрастных особенностей детей.

В статье рассмотрены такие вопросы, как национальные ценности и воспитательное значение произведений автора, написанных для детей и подростков, эстетическое удовольствие, которые дети получают от их чтения, а также выявлены приемы автора, которые он использовал в процессе написания для передачи идеи. Специфика творчества Б.Адиля осуществлялась путем нарративного, герменевтического, сравнительного анализа.

В ходе анализа установлено множество его произведений, язык которых прост, доступен для восприятия детьми, но в то же время имеют высокий художественный уровень, воспитательное значение и прививают трудолюбие, также отмечается тот факт, что каждое из произведений направлено на формирование у детей той или иной ценности. Дана научная оценка языковой специфики и общему творческому потенциалу автора.

В статье упоминаются труды автора, неизвестные широкому кругу читателей, проведен научный анализ ряда его произведений. Из трудов Б.Адиля были отобраны сказки, басни, этнографические рассказы и др., в отношении которых был проведен анализ на предмет практического значения их основных идей.

**Ключевые слова:** эпос, образование, повесть, сказка, фольклор, персонаж, образ.



**Khuatbekuly Y.**

*M.O. Auezo*Institute of Literature and Art

Almaty, Kazakhstan

E-mail: [erema\\_k91@mail.ru](mailto:erema_k91@mail.ru)

ORCID: 0000-0002-7426-2973

**Representation of reality in works for children**

**(Based on the works of B. Adil)**

**Abstract.** The paper is dedicated to the work of Baltabay Adilov, the outstanding representative of children's literature, one of the authors, whose name today remains without due attention. As the part of the study, one of the main goals was to restore interest among the mass reader in the author's works of art, who was nicknamed Adil Balta (Fair Balta), and introduce it into scientific circulation. In addition, much attention was paid to his works, written child – friendly.

The article considers such issues as the national values and educational value of the author's works written for children and adolescents, the aesthetic pleasure that children get from their reading, as well as revealed the author's techniques that he used in the writing process to convey the idea. The specificity of B. Adil's creativity was carried out through narrative, hermeneutic, comparative analysis.

The analysis found many of his works, the language of which is simple, accessible to children, but at the same time it has a high artistic level, educational value and instill in diligence, the fact is also noted, that each of these works is designed to give children some kind of value. A scientific assessment of the linguistic specificity and the general creative potential of the author have been given.

The article mentions the works of the author, unknown to a wide range of readers, a scientific analysis of a number of his works has been performed. Fairy tales, fables, ethnographic stories, etc. has been selected from the works of B. Adil, which were analyzed for he practical significance of their main ideas.

**Keywords:** epos, education, story, fairy tale, folklore, character, image.

**Әдебиеттер:**

Әділ Б. Үйітілген байпақ: әңгімелер. – Қарағанды: «Qasym баспа үйі», 2020. – 126 б.

Әділов Б. Атамның жұлдызы. – Алматы. – Жалын баспасы. – 1981. – 80 б.

Балалар әдебиетінің дарабозы. Алматы: «Үш Қиян», 2019. – 120 б.

Дәдебаев Ж., Бисенбаев П., Кәрібозов Е. Шыңғыс Айтматовтың психопедагогикасы // «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы», № 1 (159), 2016 ж. (34-38 бб.) URL: <https://philart.kaznu.kz/index.php/1-FIL/article/view/1820/1745> (қаз.)

Көбеев С. Таңдамалы шығармалар. Жалпы редакциясын басқарған профессор С.Садырбаев. Алматы, «Қазақ университеті», 2006.– 164 б.

Орда Г. Қазіргі қазақ балалар поэзиясындағы көркемдік ізденістер // Керуен. – 73. No 4 (2021) <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2021.4-03>

Орда Г. Қазіргі қазақ балалар поэзиясындағы дәстүр ұласуы // Керуен. – 75. No 2 (2022) <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2022.2-03>

Тілеген А. Балаларға арналған өлеңдер қалай жазылып жүр? // Қазақ газеттері. – 2022. <https://kazzazeta.kz/news/126318>

Худайбергенов Н.Д. Қазіргі балалар поэзиясындағы көркемдік-аксиологиялық ізденістер (А.Естен шығармашылығы негізінде). // Керуен. – Том 73. – №4. – 2021. – Б. 190-200. <https://keruenjournal.kz/index.php/main/issue/view/9/30>

N.Khudaibergenov, G.Orda, G.Askarova, N.Matbek, R.Imakhanbet. Early Reflections Of Universal Human Values In Kazakh Prose. *Astra Salvensis*. 2018/1. 391-408 pp. <https://www.scopus.com/record/display.uri?eid=s-2s.0-85046620743&origin=resultslist&sort=plf-f&src=s&sid=061b5f6b067bbc696fe0b361e8af57a1&sot=autdocs&sdt=autdocs&sl=18&s=AU-ID%2857191575739%29&relpos=2&citeCnt=2&searchTerm=>

**Литература:**

Адиль Б. Свернутые носки: рассказы. – Караганда: «Издательство Касым», 2020. – 126 с.

Адилов Б. Звезда моего дедушки. - Алматы. - Огненная печать. - 1981. - 80 с.

Автор детской литературы. Алматы: «Уш Киян», 2019. – 120 с.

Дадебаев Ж., Бисенбаев П., Карибозов Э. Психопозтика Чингиса Айтматова // «Вестник КазНУ им. аль-Фараби. Филологическая серия», №1 (159), 2016. (стр. 34-38) URL: <https://philart.kaznu.kz/index.php/1-FIL/article/view/1820/1745> (каз.)

Кобеев С. Избранные произведения. Профессор С. Садырбаев возглавил общую редакцию. Алматы, «Казахский университет», 2006.- 164 с.

Орда Г. Художественные поиски в современной казахской детской поэзии // Караван. – 73. № 4 (2021) <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2021.4-03>

Орда Г. Продолжение традиций в современной казахской детской поэзии // Караван. – 75. № 2 (2022) <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2022.2-03>

Тилеген А. Как пишутся детские стихи? // Казахские газеты. - 2022 г. <https://kazgazeta.kz/news/126318>

Худайбергенов Н.Д. Художественно-ценностные исследования в современной детской поэзии (на материале творчества А. Эстена). // Караван. - Том 73. - № 4. - 2021. - Б. 190-200. <https://keruenjournal.kz/index.php/main/issue/view/9/30>

N.Khudaibergenov, G.Orda, G.Askarova, N.Matbek, R.Imakhanbet. Early Reflections Of Universal Human Values In Kazakh Prose. Astra Salvensis. 2018/1. 391-408 pp. <https://www.scopus.com/record/display.uri?eid=2-s2.0-85046620743&origin=resultslist&sort=plf-f&src=s&sid=061b5f6b067bbc696fe0b361e8af57a1&sot=autdocs&sdt=autdocs&sl=18&s=AU-ID%2857191575739%29&relpos=2&citeCnt=2&searchTerm=>

### References:

Adil B. Rolled socks: stories. - Karaganda: «Qasym publishing house», 2020. - 126 p.

Adilov B. My grandfather's star. - Almaty. - Flame printing. - 1981. - 80 p.

Author of children's literature. Almaty: «Ush Kiyann», 2019. - 120 p.

Dadebaev Zh., Bisenbaev P., Karibozov E. Chingis Aitmatov's psychopoetics // «Al-Farabi KazNU Herald. Philology series», No. 1 (159), 2016. (pp. 34-38) URL: <https://philart.kaznu.kz/index.php/1-FIL/article/view/1820/1745> (kaz.)

Kobeev S. Selected works. Professor S. Sadyrbayev headed the general editorial office. Almaty, «Kazakh University», 2006.- 164 p.

Orda G. Artistic explorations in contemporary Kazakh children's poetry // Caravan. – 73. No. 4 (2021) <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2021.4-03>

Orda G. Continuation of traditions in modern Kazakh children's poetry // Caravan. – 75. No. 2 (2022) <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2022.2-03>

Tilegen A. How are children's poems written? // Kazakh newspapers. - 2022. <https://kazgazeta.kz/news/126318>

Khudaibergenov N.D. Artistic and axiological researches in modern children's poetry (based on the work of A. Esten). // Caravan. - Volume 73. - No. 4. - 2021. - B. 190-200. <https://keruenjournal.kz/index.php/main/issue/view/9/30>

N.Khudaibergenov, G.Orda, G.Askarova, N.Matbek, R.Imakhanbet. Early Reflections Of Universal Human Values In Kazakh Prose. Astra Salvensis. 2018/1. 391-408 pp. <https://www.scopus.com/record/display.uri?eid=2-s2.0-85046620743&origin=resultslist&sort=plf-f&src=s&sid=061b5f6b067bbc696fe0b361e8af57a1&sot=autdocs&sdt=autdocs&sl=18&s=AU-ID%2857191575739%29&relpos=2&citeCnt=2&searchTerm=>

**Худайберген Н.Д.**

*М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты*

*Алматы қ., Қазақстан;*

*E-mail: nqudaibergen@gmail.com*

*ORCID: 0000-0003-2482-0524*

## **ЕСКЕН ЕЛУБАЕВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЖҮЙЕСІНІҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**Аңдатпа.** Мақалада балалар ақыны Ескен Елубаевтың шығармашылық әлемі талдау нысанына алынып, қаламгерлік қолтаңбасы айшықталады. Автор ақынның балалар әдебиетіне қосқан үлесін саралап, шығармашылық портретін жасайды. Сондай-ақ, балалардың жас ерекшеліктеріне, психологиялық болмысына сай жазылған көркем шығармаларына назар аударып, олардың әдеби һәм мәдени ерекшеліктерін зерделейді. Классикалық балалар әдебиетінің өкілі болып саналатын Ескен Елубаевтың шығармашылығы жөнінде замандастары тарапынан мерзімді басылым беттерінде көптеген оң пікірлер айтылғанмен, әдебиеттану ғылымының аясында ақынның толыққанды шығармашылық портреті жазылған емес. Осы орайда, тәуелсіздік тұсындағы қазақ балалар әдебиетінің көрнекті өкілдерінің шығармашылығына әдеби-ғылыми тұрғыдан баға беру өзекті болып отыр.

Мақала авторы Е. Елубаевтың лирикалық өлеңдерінің, жұмбақтары мен жаңылтпаштарының мазмұндық һәм формалық ерекшеліктеріне тоқталады. Ақынның этнографиялық пайымдауларына, төрт түлік мал мен ұлттық тағам түрлері туралы өлеңдеріне, қазақтың туыстық байланыс жүйесі мен тілдің грамматикалық заңдылықтары туралы жазған көркем туындыларына талдау жасап, олардың балалар әдебиетіндегі орнын көрсетеді. Сонымен қатар, Ескен Елубаевтың қазіргі балалар әдебиетіне әкелген жаңалығын саралап, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды жеткізудегі шеберлігін зерделейді.

**Кілт сөздер:** әдебиет, балалар әдебиеті, поэзия, салт-дәстүр, тәрбие, құндылықтар.

**Кіріспе.** XX ғасырдың 60-70-жылдарында балаларға арналған әдеби шығармаларымен көзге түсіп, осы бағытта жарты ғасырға жуық жемісті еңбек еткен Ескен Елубаевтың шығармашылық әлемі мейлінше бай. Оның көп сырлы лирикасы балалардың таным көкжиегін кеңейтіп, тілдік тұлғасын қалыптастыруға, эстетикалық талғамын өсіріп, әдептілік қағидаларын бойына сіңіруіне септеседі. Асылы, балалар әдебиетінің ең басты функциялары осылар болса керек.

Е. Елубаев – XX ғасырда өмір сүрген алыптардың інісі ғана емес, лайықты ізбасары да. Оны біз оқырман қауымның ықыласынан аңғарамыз. Бүлдіршіндер ақынның өлеңдерін жатқа оқып, қаламгерлер мен әдебиеттанушы мамандар шығармаларына жоғары баға берді. Өйткені, ол «...өмір фактілерін образға бөлеп елестетеді, табиғат суреттерін баланың күнде көріп, өзі ішінде жүрген құбылыстармен астастырып, шебер суреттейді» (Юсуп, 2017: 103).

Е. Елубаевтың шығармаларының тілі де, ақынның ойлау жүйесі де, ұстанымдары да – бәрі оның қазақылықты бойына сіңірген қаламгер екенін көрсетеді. Сондықтан да, ақын шығармашылығын дәстүрлі-классикалық әдебиеттің контекстінде қарастыру керек деп есептейміз. Мысалы, уақыт пен кеңістік тұрғысына қарасак, оның көркем

шығармаларында динамикалық кеңістік түрлері де (жол, өзен), статикалық кеңістік түрлері де (тау, көл) кездеседі. Дегенмен осының бәрінде де ұлттық колорит бар. Қазақтың дәстүрлі тіршілігі, ауыл өмірі. Бала көркем туындыны оқып отырып ұлттық мекеншак түрлерін, атауларын, олардың мәнін ұғынынады. Көркемдік уақытта да күрделі дүниелер жоқ. Кейіпкерлер реалды-тарихи уақыт шеңберінде күн кешеді.

**Материалдар мен әдістер.** Тәуелсіздік тұсындағы қазақ әдебиетінің көп назарға алына қоймаған бір саласы – балалар әдебиеті. Дегенмен, соңғы жылдары жарияланған «Балалар жылы» және «Балалар әдебиетінің жылы» қазіргі балалар әдебиетіне серпін беріп, осы бағыттағы көркем туындылардың көптеп жазылуына жол ашты. Балаларға арналған шығармаларды – өлеңдер мен әңгімелерді, пьесалар мен ойындарды, аудармаларды гуманитарлық ғылымның заманауи парадигмалары аясында зерттеп-зерделеу қазіргі әдебиеттану ғылымының басты міндеттерінің бірі болып саналады. Ал ол өз кезегінде бүлдіршіндерге арналған әдебиеттің ең көрнекті өкілдерінің шығармашылық әлеміне шолу жасап, қаламгерлердің қолтаңбасын айшықтаудан басталады.

Мақалада қазақтың классикалық балалар әдебиетінің көрнекті өкілі Ескен Елубаевтың шығармашылық мұрасы зерттеу нысанына алынды. Ақынның «Өжет», «Төрт түлік мал жайлы өлеңдер» деп аталатын жыр жинақтары және 3 томдық таңдамалы шығармаларының жинағы пайдаланылды. Көркем туындыларды талдауда З. Қабдолов, Р. Нұрғали, К. Исләмжанұлы, Б. Ыбырайым, А. Әлтай, Г. Орда және басқа да ғалымдардың еңбектері басшылыққа алынды. Ескен Елубаевтың поэзиясындағы ұлттық құндылықтардың көркемдік жүйесін жасап, ой-тұжырымдар жасау үшін салыстырмалы-салғастырмалы, тарихи-функционалдық, көркемдік талдау, жүйелілік-құрылымдық сынды әдіс-тәсілдер қолданылды.

**Зерттеу нәтижелері және талқылау.** Ескен Елубаев – табиғат лирикасының шебері. Оны біз бірнеше өлеңінен анық байқадық. Мысалы, «Фантазия» деген өлеңін алайық:

Түн болғанда қарасаң,

Көресіндер, балалар.

Жаркыраған тамаша

Аспанда бір қала бар, – деп басталатын өлеңде автор

жұлдызды аспан әлемін үлкен қалаға теңейді. Ал жаркыраған жұлдыздар өлең жазып отырған талапты балалардың үйлерінің терезелері дегенді айтады. Бұл баланың назарын бұрып, тақырыпты қызықты етіп жеткізудің бір тәсілі дер едік. Осы арқылы ақын баланың қиялына қанат бітіріп, күрделі ұғым-түсініктерді баланың өзіне етене таныс түсініктермен салыстыра отырып жеткізеді.

Құс жолы – бас көше де,

Ай автобус мінетін.

Жолаушыны нешеме

Тасымалдап жүретін.

Осылайша, автор астрономиялық құбылыстарды балаға етене таныс дүниелермен теңеп таныстырады (Елубаев, 1984: 169-170). Ақын табиғат құбылыстарын жай ғана суреттеп жеткізсе, соншалықты әсерлі шықпайтын еді. Ал енді өлеңге

құбылту тәсілдері қосылған кезде жай сурет жанды суретке айналып шыға келеді. Бұл әсіресе балаларға арналған өлең-шығармаларда көптеп кезігуге тиіс тәсіл дер едік. Өйткені, балаға күрделі тақырыптарды өте қарапайым тілмен, өзі күнделікте өмірде көріп-біліп жүрген дүниелермен ұштастырып, салыстырып жеткізгенде ғана автордың мақсаты орындалады. Мысалы, жоғарыдағы өлең жолдарынан біз тұнған метафоралық құбылту түрлерін көреміз. Құс жолы – бас көше болса, ай – жолаушыларды тасымалдаушы автобус. Осы секілді құбылту түрлерінің үлгісін біз «Өзен» деп аталатын өлеңінен де байқаймыз:

Тау басынан,  
Құзардан,  
Тасты соғып  
Бұза алмай,  
Тау өзені келеді,  
Ойнақтаған бұзаудай (Елубаев, 2013: 62).

Оқушының көз алдына сурет келе қалады. Жай сурет емес, жанды сурет. Ахмет Байтұрсынұлы сөз өнері адам санасының үш негізіне – ақылға, қиялға, көңілге тірелетінін айтып былай деген еді: «Ақыл ісі – аңдау, яғни нәрселердің жайын ұғу, тану, ақылға салып ойлау; қиял ісі – меңзеу, яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бернесіне ұқсату, бернелеу, суреттеп ойлау; көңіл ісі – түю, талғау. Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түюін түйгенінше айтуға жарау» (Байтұрсынұлы, 2003: 168). Осылай дей келіп, осының бәріне тілді жұмсай білетін адам табылуы қиын екенін айтады. Осы орайда, Ескен Елубаев өзенді ойнақтаған бұзауға – «белгілі нәрсенің тұрпатына, бернесіне ұқсата» отырып балалардың қиялын шыңдайды. Кейіптеу – әдебиеттегі ең негізгі көркемдік құралдардың бірі. Ақын тау-таспен ағып жататын асау өзенді жанды жаратылысқа – ойнақтаған бұзауға теңеп, әдеттегі өзенге «әдеттен тыс мінез бен әрекет беріп, жансызға жан сала суреттеу арқылы» (Қабдолов, 2007: 223) жарасымды түр тапқан. Ағып жатқан өзенді басқаға емес, ойнақтаған бұзауға теңеуі басқа ұлттың баласын соншалықты еліктіріп әкетпеуі мүмкін. Бірақ қазақ баласына, әсіресе ауылда өскен бүлдіршіндерге мұның әсері орасан дер едік. Өйткені, бұзау ауыл баласы үшін қызық пен сауықтың ажырамас бөлшегіндей көрінеді.

Біз осы машық-мәнерді ақынның Алатау туралы өлеңінен де байқадық. Автор Алатауды былай суреттейді:

О бастан-ақ жарасып  
Тұрған тұлға, реңі.  
Алатауды қарашы –  
Алматының кілемі!  
Көздің жауын алғандай,  
Шырша,  
Шалғын,  
Гүлі бар.  
Көрсемей қанғандай,  
Алуан-алуан түрі бар.

Алатаудай айбынды,  
Тау көргем жоқ мен әлі.  
Медеудің мұз айдыны –  
Чемпиондық медалі (Елубаев, 2013: 4).

Троптың түрлері әсіресе балалар әдебиетінде ерекше рөл ойнайды. Өйткені, бала өзі жақсы білетін зат не құбылыспен салыстырып қарағанда ғана ол туралы толымды ақпарат алмақшы. Көркемдік-поэтикалық тұрғыдан алғанда, ақынның аталмыш әдісін шеберлікке балауға болады. Автор, сондай-ақ, әртүрлі формалық ізденістерге де бара білген. Мысалы, «Бұғы» деген өлеңіне назар аударалық:

Бұғы бар  
Алтайда,  
Алыста.  
Аттан да  
Озады ол  
Жарысса.  
Суыққа,  
Аязға  
Төзімді.  
Кетеді  
Көтеріп  
Өзінді (Елубаев, 2013: 14).

Мұнда да ақын бұғының суыққа төзімді екенін, жылқыдан да жүйрік екенін жай сипаттап қойса, баланың танымдық көкжиегін кеңейткенімен, оның жүрегін қозғап, эстетикалық әсер сыйлай алмайтын еді. Ал енді оны сөздерді ойната отырып, формалық ізденістерге бара отырып жеткізгенде, баланың қабылдауына да жеңіл соғады әрі бала да ол туралы көбірек білуге ынтыға түседі.

Біз Ескен Елубаевты табиғаттың суретшісі дей аламыз. Ол не жазса да, адам мен табиғатты етене байланыстырып отырып жазады. Ақын табиғат құбылыстарын қазақы таным мен түйсікке сүйене отырып суреттегенде, ол әрі ұлттық тәрбиенің қайнар-бұлағына, әрі оқушының экологиялық сауатын ашуға қызмет ететін құндылыққа айналады. Ал аталмыш екі құндылық ХХІ ғасырда аса маңызды мәселеге айналып отырғаны шындық. «Қаламгерлер көркем туындыларымен балалардың сезім мен ойын өсіреді, өмір тәжірибелерін байытады, ізгілікке тәрбиелейді», – дейді балалар әдебиетін зерттеуші ғалым Г.Орда (Орда, 2022: 48). Осы санаттағы балалар қаламгерлерінің ішінде Ескен Елубаев есімі тұр деп сеніммен айта аламыз.

Ескен Елубаевтың жыр жинақтарының ішінде төрт түлік туралы топтама-жинағының орны ерекше (Елубаев, 2015). Ақын осы кітабында қазақтың ұлттық ойындарын (тай үйрету, көкпар, асық, ләңгі), тағамдары мен сусындарын (шұбат, қымыз, саумал, айран, қатық, сүт, құрт, әсіп, қазы, сорпа, соғым, шыжық), салт-жоралғыларын (бәсіре, құлжа) т.б. танытады. Бұл ақынның шығармашылық әлеуетін ғана емес, ұлттық болмыс-бітімімізді де танытатын жинақ деуге болады. Өйткені, автор төрт түлік туралы толғай отырып ұлттық құндылықтарымызды, қазақтың өзіне ғана тән бірегейлігін көрсете алған. Себебі, этнос ретінде қазақтардың мәдени-



тұрмыстық өмірінде мал шаруашылығымен байланысты ұғым-түсініктер аз емес. Жапондар үшін күріш шаруашылығы қандай маңызды болса, қазақ халқы үшін мал шаруашылығы да сондай маңызды. Төрт түлік мал атаулары тілдік тұрғыдан жай ғана номинативті қызмет атқармайды, сонымен бірге, олардың символдық, концептік және экспрессивтік мәні де бар. Сонда төрт түлік туралы топтама-жинақ өздігінен қазақ халқының тұрмыс-тынысының, ойлау жүйесінің, мінез-болмысының портреті секілді дүние болып шығады. Мал шаруашылығының негізін білмей қазақ мәдениетін толық тану мүмкін емес. Автор төрт түліктің әрқайсысына бір-бір тарау арнап, әртүрлі жанрадағы туындыларды сол тарауға топтастырады. Мысалы, түйе туралы тарауда жаңылтпаш, метаграмма, анаграмма, жұмбақ, шарада, логогриф, өлең т.б. жанрлардың бәрін бір тақырып аясына сыйғыза білген. Бір тақырыпқа арналған әртүрлі жанрадағы әдеби туындыларды оқыған бала да жалықпайды әрі бір түлік түрін жан-жақты танып шығады. Осылайша, түйе туралы баланың санасында толыққанды түсінік қалыптасады. Бала осы арқылы төрт түлік туралы түсінік қалыптастырып қана қоймайды, жалпы қазақ халқының дәстүрлі тұрмыс-тынысынан, таным-түсінігінен хабардар болады. Мысалы:

Түйеге көң теңде,

Көнді тең теңде,

Екі тең көң теңде (Елубаев, 2015: 12), –

деген жаңылтпашпен тілін ұстартса, мынадай жұмбақтарды оқи отырып ойын ұштайды:

Сала алмайсың оған ер,

Ері үстінде Міне бер (Елубаев, 2015: 13).

Автордың «Бәсіре» деген шағын сюжетті өлеңінің оқиғасы да қызық. Әкесі қалада туған баласын, жатбауыр болып кетпесін деген ниетпен, туған ауылына апарды. Ауыл тіршілігіне таңғалған бала әкесіне сұрақты жаудырады. Кетерінде оған туысқандары арнайы бәсіре береді. Кетерінде бәсіре деп берілген тайын көлікпен қалаға әкетуге бекінген бала оны көлікке сыйғыза алмайтынын білгенде әбден жылайды. Қысқа ғана өлең. Сюжеті де қарапайым. Бірақ бір өлеңнің бойында таудай мән-мағына бар. Ауылға, ауылдағы туыс-бауырға жақын боп өссін, құлынымды көріп келем деп-ақ жиі келіп тұрсын, ағайындарымен аралассын деген ниетпен берілгенін бала толық түсіне бермеуі мүмкін. Бірақ аталмыш дәстүр ойын баласына осы ізгі қасиеттердің бәрін бейсаналы түрде сіңіреді. Сонымен қатар, бала өзінің тайына қарай жүріп жан-жануарларға мейірімді, ауылға барғыштап жүріп бауырмал, тайына жем-суын бере жүріп еңбекқор әрі табанды болып өседі. Жауапкершіліктің салмағын ерте жастан сезініп, дербес шешім қабылдауға үйренеді. Бір ғана дәстүрдің өзі бала бойына бірнеше жалпы адамзаттық құндылықты сіңіреді. «Өзінің атаулы малымен бірге өскен бала еркін болып, кішкентайынан мал қадірін біліп, шаруаға икемді келеді» (Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі, 2017: 611). Яғни, бала осы бір ғана салттың мәдени, әлеуметтік, экономикалық, коммуникациялық һәм психологиялық мән арқалап тұрғанын түйсінбеуі мүмкін. Десе де, осының бәрін ол жастайынан бейсаналы түрде бойына сіңіріп өседі. Қалаға қайтып бара жатқан баланың ойын ақын өлеңмен өрнектейді:

Жақсы екен ауыл,  
Көрмеген бұрын,  
Кигізген жейде,  
Мінгізген құлын (Елубаев, 2015: 19).

Ең бастысы, баланың ойы өзгерді. Қаладағы үйреншікті тұрмыс-тынысы, жасалған бар жағдай баланы ауылды өмірдің қиын да күрделі тұрмысына қызықтыра қоймауы мүмкін. Бірақ осы секілді салт-жоралғылар бала жүрегін жібітіп, ойын өзгертіп, ықыласын аша түседі. Әдебиет тарихындағы қазақ әйелінің бейнесі қалай трансформацияға ұшырағанын зерделеген әдебиеттанушы ғалымдар әрбір дәуірдің қоғамдық-саяси талаптарына сай кейіпкерлердің де тұлғасы өзгеріп отыратынын айтады (Орда, 2021: 2). Сол сияқты, тәуелсіздік тұсындағы қазақ поэзиясында қазақтың қарапайым салт-жоралғыларын білмейтін кейіпкерлер көрініс тапты. Соның бір үлгісі деп Ескен Елубаевтың аталмыш өлеңіндегі лирикалық қаһарманды айта аламыз. Бірақ ақын баланы кінәламайды, қызықтыра біледі. Жалпы, автор баланың ой-санасына жиі саяхат жасайды. Мысалы, көкпар ойынына куә болған баланың ойын былай суреттейді:

Өздері де,  
Аттары да түр-түрлі,  
Айғай-шумен қызып алған жұрт күллі.  
Тақымына ойнақшыған ат емес,  
Зулай соққан жел мінгендей жүйткіді (Елубаев, 2015: 22).

Бұдан бала ұлттық спорт түрлеріне қызығып, дене тәрбиесіне деген құлшынысы күшейеді. Автор бұл жай ғана дене тәрбиесі емес, жігіттің ақылы мен күш-қуаты сынға түсетін, жауынгерлік рухын шыңдайтын, стратегиялық тұрғыдан ойлауға итермелейтін терең мәні бар ойын екенін осылайша ұғындырғандай болады.

«Қонаққа қайда барамыз?» деген өлеңі де балаларға ерекше қызық. Ол тіпті үлкендердің де назарын бірден тартып әкетеді. Бірге оқиық:

– Анау үйі Сиырдың,  
Мынау үйі Биенің,  
Көлік басын,  
Бұйырғын,  
Қайда апарып тірейін?  
– Бие үйінде аш қалман,  
Қымыздан өзге күйі не?  
Сиырда бай дастарқан,  
Тарт, Сиырдың үйіне.  
Айран,  
Сүті,  
Қаймағы,  
Кілегейі.  
Құрт, малта,  
Ірімшігі,  
Бар майы,  
Және қатық бір қалта... (Елубаев, 2015: 74).

Ақын өзгеше түр тапқан. Бұл өлеңнің көркемдік-поэтикалық салмағы ғана емес, концептуалдық-этнографиялық мәні де үлкен. Автор қазақ халқының қонақ күту дәстүрін бір шумаққа осылайша сыйғыза білген әрі сиыр сүтінен жасалатын тағам түрлерімен таныстырып үлгерді. Әрине, қазір жолсапарда жүрген жандардың үйлерге қонып, құдайы қонақ болу дәстүрі жоқ. Оны көріп өспеген бала тек осы секілді танымдық-көркемдік мәтіндерден оқып біле алады. Ақын, осылайша, төрт түлік түрлерін таныстырудың неше түрлі тәсілдерін тапқан. Мысалы, мына өлеңі еріксіз күлкі шақырады. Ал эмоциямен (күлкі) қосылған ақпарат (білім) балаға тез сінеді әрі ол еш ұмытылмайды.

Жазғытұрым жайлауға,  
Жиналғанда барлық Қой.  
Он жылдығын тойлауға,  
Ниет етті  
Саулық Қой (Елубаев, 2015: 88).

Осылай басталған өлең оқырманды бірден баурап алады. Ақын қойдың өмірімен қазақтың той жасау дәстүрін түсіндіреді. Әр ұлттың әлеуметтену процесі әркелкі. Ал қазақ қоғамында ол той-томалақ, жиындар үстінде жүзеге асып отырған. Әрине, «он жылдығын тойлайтын қой» саулық болмайды. Саулық дегеніміз – «екі немесе үш жасар, қоздайтын ұрғашы қой» (Қазақ әдеби тілінің сөздігі, 2011: 24). Десе де, автор осы өлеңінде әрі той форматын, әрі қойдың өзіне тән ерекшеліктерін дәл суреттей білген.

Қазақ тілінің сөздік құрамында төрт түлікпен байланысты сөздер көп. Ақын осыны былай сипаттайды:

«Атан түйедей»... –  
Деп айтады мақтаса.  
«Ботадай боздап»... –  
Деп жатады жақпаса (Елубаев, 2015: 115).

Бұл тізімді соза беруге болады. Біз тек үзінді келтірдік. Автор қазақ тіліндегі позитивті және негативті мән арқалаған эмоционалды-экспрессивті сөздердің төрт түлікпен тікелей байланысты екенін шебер көрсеткен.

Ақынның төрт түлік мал түрлерін мысалға келтіре отырып қазақтың ұлттық құндылықтарын, отбасылық салт-жоралғылары мен өмірдің заңдылықтарын ұштастырып жіберуі қызық әрі маңызды. «Мал төлдері танысты» деген өлеңінде төрт түліктің аузына қазақтың туыстық байланыстарын мысалға келтіре отырып суреттейді.

– Туған менен бұрын,  
Төрт ағам бар, – деді Құлын,  
Бір жас үлкен менен,  
Тете ағам –  
«Тай» деген.  
Одан үлкен – Құнан,  
Одан үлкен – Дөнен.  
Одан үлкен – Бесті...  
«Көппіз» деуге көшті.

Бұған құлақ түрген:

– Үш әпкем бар үлкен, –

Деді Бұзау:

– Сана,

Бірі оның –

Тана

Одан соң, –

Кұнажын

Одан соң Дөнежін (Елубаев, 2015: 119).

Автор нені жазса да баланың жас ерекшелігін, дүниетанымын, психологиялық-физиологиялық даралығын ескере отырып жазады. Онсыз өлеңдерінің соншалықты әсерлі болмайтынын біледі. Сонымен қатар, қай тақырыпты қозғаса да, қазақ баласының күнделікті тұрмыс-тынысында көзбен көріп жүрген етене таныс құбылыстарымен байланыстыра отырып жазады. Бұл ақынның өз аудиториясының портретін жете танығанын көрсетеді. Әсіресе, ауыл тіршілігін, табиғат құбылыстарын кейіптей суреттеуге шебер. Баланың көз алдына өзіне етене жақын ұғымдар келе қалып, салыстыру, теңеу арқылы бұған дейін белгісіз болып келген тақырыптар мен мәселелерді оңай үйренеді. Е.Елубаевтың әдеби туындыларының балалар санасына сіңіп, сүйікті шығармаларына айналып кететінің сыры осында болса керек. Әсіресе, ақын шығармашылығында жұмбақтардың жөні бөлек. Өйткені, автор осы жанрды мейлінше түрлендіріп, түрлі тақырыптағы жұмбақтар жазды. Жалпы айнала-тіршіліктегі көріп-біліп жүрген құбылыстар мен заттарға қатысты жұмбақтардан бөлек, ақынның жұмбақтарын әріптер туралы жұмбақтар, спорт туралы жұмбақтар, сандарға байланысты жұмбақтар деп бөлуге болады. Тақырыптық-идеялық тұрғыдан ғана емес, жанрлық және формалық тұрғыдан да әрқилы. Жанрлық тұрғыдан әрқилы дейтініміз, біз жұмбақтай айтылған өлең түрлерінің бәрін осы жанрға жатқызып отырмыз. Оған ақынның анаграммалары мен метеграммаларын, шарадалары мен есеп өлеңдерін жатқыза аламыз. Осылайша, Т.Молдағалиев айтқандай, «Балалар поэзиясындағы жұмбақты да, жаңылтпашты да Ескен есебін тауып өз жолына, өз жөніне жеткізеді» (Елубаев, 2013: 3). Мысалы, мына метаграммасын алайық:

Тұтас оқысаң –

Асыраған малың.

Екі шеткі әрпін алып тастасаң –

Мекенжайың. (Түйе – үй) (Елубаев, 2015: 15).

Жоғарыда айтқанымыздай, Е.Елубаев өлеңдерін халықтың болмыс-бітімімен ұштастырып жазуға бейім. Осы қасиетін біз жұмбақтарынан да айқын аңғарамыз. Мына бір этнографиялық жұмбақтарын мысалға келтірейік:

Бәрі де киіз үй ішінде:

Балшықтан істелген ыдысым не? (*құмыра*)

Күбіге құйып піскенім не? (*қымыз*)

Ұйытып қойып ішкенім не? (*айран*)

Таспадан тіліп өргенім не? (*қамшы*)

Қылдан есіп бергенім не? (*шылбыр*) (Елубаев, 2015: 151).

Автор осылайша, асық, текемет, шәркей, себет, домбыра, құрт, үкі, тары, тері т.б. сынды заттарды жұмбақтап жеткізеді. Бәрі бір киіз үйдің ішінде. Киіз үйдің ішіндегі заттарды қарапайым тілмен баяндап түсіндірсе, дәл осылай әсерлі шықпасы анық. Жұмбақтап отырып киіз үйдің интерьерлік ерекшеліктерін суреттеп береді әрі қазақтың дәстүрлі қоғамындағы өмір сүру салтынан хабардар етеді.

Поэзия – көркем өнердің шыңы. Ал енді ол ойынмен қосылғанда тіпті құдіретті бола түспекші. Өлеңмен сабақ өтуге де болады екен. Оның үлгісін біз Е.Елубаевтың шығармашылығынан көрдік. Өйткені, бала мен ойын егіз ұғымдар. Оларды бір-бірінен бөлу ақылға сыймайды. Ақын «Бастауыштар мен баяндауыштар» деген өлеңінде қазақ тілінің грамматикасын балаларға өз тілімен үйретеді:

Мұны ойынға санап,  
Өткізейік сабақ.  
Бастауышын –  
Мен айтсам,  
Баяндауышын –  
Сен тапсаң...  
Түйе,  
Жылқы,  
Сиыр,  
Қой,  
Ешкі...  
Бастауыштар – бұлар,  
Сөйлем басы тұрар.  
Маңырайды,  
Боздайды,  
Бақылдайды,  
Мөңірейді,  
Кісінейді...  
Баяндауыштар – бұлар,  
Сөйлем соңы тұрар.  
Енді сөйлем құра,  
Осылардан тура.  
Бастауышқа лайық,  
Баяндауыштан тауып,  
Сөйлем құрап,  
Боз тер,  
Болғаныңды ескер (Елубаев, 2015: 133).

Автор осылай дейді де, кейін дұрыс нұсқаларын келтіреді. Сөздерді ойната отырып балаға туған тілінің грамматикалық ерекшеліктерін, сөйлем құраудың негізгі принциптерін үйретеді. Өйткені, бүлдіршіндер ойын арқылы үйренгенде, өзінің болмысымен біте қайнасқан әдіспен үйренген болады. Ойынның маңызы туралы фольклортанушы-ғалым К.Ісләмжанұлы былай дейді: «Адамзатты балаларсыз елестету қаншалықты мүмкін болмаса, балаларды ойынсыз елестету де соншалықты

мүмкін емес. Ойын балалар үшін өмірдің өзімен тең. Сондықтан да ойынның тәрбиелік қуатымен теңесер күш жоқ» [9; 91]. Осылайша, ақын ойната отырып үйретеді, үйрете отырып ойнатады.

**Қорытынды.** Өмірінде 40-тан астам кітап жазу, балалар әдебиетінің бағбаны болу, әдебиеттің үш тегі – поэзия, проза, драма жанрларында қатар қалам тербеу кез келген қаламгерге тән қасиет емес. Әсіресе, Ескен Елубаевтың лирикалық туындылары қазақ әдебиетінің классикалық мұраларының қатарына қосылады. Ақынның лирикалық образдарының өзі сан түрлі. М.Әуезовтің шығармашылығын зерттеуші-ғалым Р.Нұрғали «Қаракөз» трагедиясы туралы айта келіп: «Тегінде, Әуезов әйел образдарын ақ не қара бояуда ғана алмайды. Олардың өзара араласуын, құбылуын, жан-жақты болуын құнттайды. Әуезов трагедияларындағы әйелдер әр қалыпта: Еңлік – ер, асқак; Дәмеш – әлі жөн-жосықты тани қоймаса да, азаттықты көксейді; Қарагөз – тебіренген терең сезім иесі. Бұларға қарсы типтер: Қайша – зұлымдықты еркектерден асыра істемесе кем істемейтін жан; Маржан – тұрпаты кесек; Жүзтайлақ – аяр, қу» (Нұрғали, 2014: 386), – деген болатын. Сол секілді, Ескен Елубаевтың лирикалық образдары да сан алуан. Әртүрлі есімдермен берілген балалардың мінездемесі де бір-біріне ұқсамайды. Бірақ солардың бәрі қазіргі қазақ қоғамында өмір сүріп жатқан балалардың жиынтық бейнесі деуге негіз бар. Олардың мінезі, болмыс-бітімі, арман-мақсаттары әртүрлі болғанымен, ақынның шығармалары бір мақсатқа қызмет етеді – баланың бойына құндылық егеді. Оны кейде жақсыны үлгі етіп жасаса, кейде жаманды мансұқтап, кемсітіп, келеке етіп жасайды. Жақсыдан үйреніп, жаманнан жирену үшін балаларға анық мысалдар келтіреді. Осылайша, жас өскіннің бойында мәдени-рухани трансформация үдерісінің жүруіне жол ашады. Әртүрлі образдармен таныса отырып балалар қазіргі заманның тыныс-тіршілігін, өткен дәуірдің келбетін, замана шындығы мен өмір құбылыстарын танып біледі.

*Мақала ҚР БҒМ Ғылым комитетінің АР08855695 «Қазіргі қазақ балалар әдебиетінің даму үрдістері» (1991-2021 жж.) гранттық жоба аясында дайындалды.*

**Худайбергенов Н.Д.**

*Институт литературы и искусства им. М.О. Ауэзова Алматы, Казахстан;*

*E-mail: nqudaibergen@gmail.com*

*ORCID: 0000-0003-2482-0524*

### **Художественные особенности системы национальных ценностей в поэзии Ескена Елубаева**

**Аннотация.** В статье представлен творческий мир детского поэта Ескена Елубаева. Автор анализирует вклад поэта в детскую литературу и создает творческий портрет. Так же автор уделяет внимание художественным произведениям Е. Елубаева, написанным в соответствии с возрастными, психологическими особенностями детей, анализирует их литературно-культурные особенности. О творчестве ескена Елубаева, представляющего классическую детскую литературу, со стороны современников было высказано немало положительных отзывов на страницах периодических изданий, но в рамках литературоведческой науки не был написан полноценный творческий портрет поэта. В этой связи актуальным становится литературно-научная оценка творчества выдающихся представителей казахской детской литературы в период независимости.

Автор статьи останавливается на содержательных и формальных особенностях лирических стихотворений, загадок и заблуждений Е. Елубаева. Анализируя этнографические воззрения поэта, его стихи



о четырех вида скота и национальных блюдах, его художественные произведения о казахской системе родства и грамматических правилах языка, показано их место в детской литературе. Изучает мастерство поэта в передаче национальных и общечеловеческих ценностей, анализируя новшества, которые он привнес в современную детскую литературу.

**Ключевые слова:** литература, детская литература, поэзия, традиция, воспитание, ценности.

**Khudaibergenov N.D.**

*M.O. Auezov Institute of Literature and Art Almaty, Kazakhstan;*

*E-mail: nqudaibergen@gmail.com*

*ORCID: 0000-0003-2482-0524*

### **Artistic features of the system of national values in the poetry of Yesken Yelubaev**

**Abstract.** The article tells about the work of the children's poet Esken Elubayev. The author analyzes the poet's contribution to children's literature and creates a creative portrait. The author draws attention to the works of E. Elubayev, written in accordance with age characteristics, psychological identity of children, analyzes their literary and cultural characteristics. Regarding the work of Esken Elubayev, who is a representative of classical children's literature, many positive reviews were expressed on the pages of periodicals, but a full-fledged creative portrait of the poet was not written within the framework of literary science. In this regard, it is relevant to evaluate the work of outstanding representatives of Kazakh children's literature at the time of independence from a literary and scientific point of view.

The author of the article notes the meaningful and formal features of lyric poems by E. Elubayev. Analyzing the poet's ethnographic views, poems about animals and national foods, Kazakh kinship system and grammatical rules of the language, the author shows their place in children's literature. The author analyzes the poet's innovation in modern children's literature, studies poet's ability to teach through the national and universal human values.

**Key words:** literature, children's literature, poetry, tradition, education, values.

#### **Информация об авторе:**

**Худайберген Н.Д., PhD, старший научный сотрудник Института литературы и искусства им. М.О. Ауэзова, Алматы, Казахстан. E-mail: nqudaibergen@gmail.com, ORCID: 0000-0003-2482-0524, Scopus ID: 57191575739.**

#### **Әдебиеттер:**

Юсуп П.Қ. Ескен Елубаев шығармашылығындағы балалар әлемі. / Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің хабаршысы. Филология сериясы. – 2011. – № 5. – 102-104 бб.

Елубаев Е. Өжет: балаларға арналған пьесалар, тақпақтар, фельетондар, скетчтер. – Алматы: Өнер, 1984. – 200 бет.

Елубаев Е. Таңдамалы. – Алматы: «Ана тілі» баспасы ЖШС. – 2013 ж. Т.1.: өлеңдер, тақпақтар, жұмбақтар, жаңылтпаштар. – 384 б.

Орда Г. Қазіргі балалар поэзиясындағы дәстүр ұласуы. «Керуен» ғылыми журналы No2, 75-том, 2022. ISSN: 2078-8134 | eISSN: 2790-7066

Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. 1-том. – Алматы, «Алаш», 2003. – 408 бет.

Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: «Санат», 2007. – 360 б.

Елубаев Е. Төрт түлік жайлы өлеңдер, есептер, ертегілер, жұмбақтар, жаңылтпаштар, аллитерациялар, логогрифтер, шарадалар, омофондар, омонимдер т.б. – Алматы: Алматыкітап баспасы, 2015. – 184 бет.

Орда Г., Сәрсенбаева Ж., Әбілқайыров Н., Сұлтанова Б., Әбдірахманова К. Әдебиеттегі қазақ әйелінің көркем бейнесінің трансформациялануы / (2021). Mankind Quarterly, 61(3)16, 653-668. doi:10.46469/mq.2021.61.3.16, Q 2, 37-й процентиль, 2021.61.3.23 ISSN 00252344 (ағылшынша).

Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі / Т.1. Энциклопедия. – Алматы: ТОО «Алем Даму Интеграция», 2017. – 856 бет. (иллюстрацияланған)

Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 13-том / Құраст. А.Фазылжанова, Н.Оңғарбаева, Қ.Ғабитханұлы және т.б. – Алматы, 2011. – 752 б.

Ісләмжанұлы К. Рухани уыз. Қазақ балалар фольклоры. – Алматы: «Ана тілі», 1995. – 144 бет.  
Нұрғали Р. «Қарақөз» (текстологиялық түсінік) / Әуезов М. Шығармаларының елу томдық жинағы. – Алматы: «Дәуір», «Жібек жолы», 2014. 3-том: мақалалар, әңгімелер, аудармалар, пьесалар. 1921–1929. – 424 б.

### Литература

Юсуп П.К. Детский мир в творчестве Ескена Елубаева. / Вестник Казахского государственного женского педагогического университета. Филологический сериал. стр. – 2011. – № 5. – 102-104 с.  
Елубаев Е. Бойкий: детские пьесы, стихи, фельетоны, скетчи. – Алматы: «Онер», 1984. – 200 с.  
Елубаев Е. Избранное. – Алматы: Издательство «Ана тілі». – 2013 г. Т.1.: стихи, загадки, скороговорки. – 384 с.  
Орда Г. Продолжение традиции в современной детской поэзии. Научный журнал «Керуен» №2, Том 75, 2022 г. ISSN: 2078-8134 | eISSN: 2790-7066  
Байтұрсынұлы А. Собрание сочинений в пяти томах. Том 1. – Алматы, «Алаш», 2003. – 408 С.  
Кабдолов З. Искусство слова. – Алматы: «Санат», 2007. – 360 с.  
Елубаев Е. Стихи, рассказы, сказки, загадки, скороговорки, аллитерации, логогрифы, шарады, омофоны, омонимы о домашних животных. – Алматы: Издательство «Алматыкітап», 2015. с. 184.  
Орда Г., Сарсенбаева Ж., Абилкайыров Н., Султанова Б., Абдрахманова К. Трансформация художественного образа казахской женщины в литературе / (2021). Mankind Quarterly, 61(3)16, 653-668. doi:10.46469/mq.2021.61.3.16, Q 2, 37-й процентиль, 2021.61.3.23 ISSN 00252344 (на русском).  
Традиционная система этнографических категорий, понятий и названий казахов / Т. 1.Энциклопедия. – Алматы: «Алем Даму Интеграция», 2017. – 856 с. (иллюстрировано)  
Словарь казахского литературного языка. В пятнадцати томах. Том 13 / Сост. А. Фазылжанова, Н. Оңгарбайева, К. Габитханович и др. – Алматы, 2011. – 752 с.  
Исламжанұлы К. Казахский детский фольклор. – Алматы: «Ана тілі», – 1995. – 144 с.  
Нұрғали Р. «Қарақөз» (текстологическое толкование) / Ауэзов м. Собрание сочинений в пятидесяти томах. – Алматы: «Дәуір», «Жібек жолы», 2014. том 3: статьи, рассказы, переводы, пьесы. 1921–1929. – 424 с.

### References:

Yusup P.K. Children's world in the work of Yesken Elubaev. / Bulletin of the Kazakh State Women's Pedagogical University. Philological series. pp. – 2011. – № 5. – 102-104 pp.  
Elubaev E. Brave: children's plays, poems, feuilletons, sketches. – Almaty: «Oner», 1984. – 200 p.  
Elubaev E. Selected works. – Almaty: Publishing house «Ana tili». – 2013. T.1. : poems, riddles, tongue twisters. – 384 p.  
Orda G. Continuation of tradition in modern children's poetry. Scientific magazine «Keruen». No. 2, Volume 75, 2022. ISSN: 2078-8134 | eISSN: 2790-7066  
Baytursynuly A. Collected works in five volumes. Volume 1. – Almaty, «Alash», 2003. – 408 p.  
Kabdolov Z. Art of the word. – Almaty: “Sanat”, 2007. – 360 p.  
Elubaev E. Poems, stories, fairy tales, riddles, tongue twisters, alliterations, logogryphs, charades, homophones, homonyms about domestic animals. – Almaty: Publishing house «Almatykitap», 2015. – 184 p.  
Gulzhakhan Orda, Zhansulu Sarsenbayeva, Bibigul Sultanova, Nurmukhamed Abilkhaiyrov, Kulsun Abdrahmanova. Artistic transformation of the female image in kazakh literature // Author, P. (2021). Mankind Quarterly, 61(3)16, 653-668. doi:10.46469/mq.2021.61.3.16, Q 2, 37-й процентиль, 2021.61.3.23 ISSN 00252344  
The traditional system of ethnographic categories, concepts and names of the Kazakhs / T. 1. Encyclopedia. – Almaty: «Alem Damu Integration», 2017. – 856 p. (illustrated)  
Dictionary of the Kazakh literary language. In fifteen volumes. Volume 13 / Comp. A. Fazylzhanova, N. Ongarbayeva, K. Gabitkhanovich and others. – Almaty, 2011. – 752 p.  
Islamzhanuly K. Kazakh children's folklore. – Almaty: «Ana Tili», – 1995. – 144 p.  
Nurgali R. «Karakoz» (textual interpretation) / Auezov M. Collected works in fifty volumes. —Almaty: «Dauir», «Zhibek Zholy», 2014. Volume 3: articles, stories, translations, plays. 1921–1929. – 424 p.

**Баязитов Б.Б.**

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті*

*Алматы, Қазақстан*

*e-mail: bayazitov.b@kaznu.kz*

*ORCID: 0000-0001-7955-1427*

## ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ПСИХОЛОГИЗМ

**Аңдатпа.** Мақалада қазіргі қазақ поэзиясындағы психологизм мәселелері зерттеледі. Психологизм көркем шығармадағы адамның ішкі жан дүниесі мен сезімін, сырын айшықтайды. Психологизмнің поэзиядағы жиі кездесетін қырының бірі психологиялық параллелизм. Қазақ әдебиеттануында психологизмді поэзия мысалында зерттеулер өте аз. Өлеңдегі көркемдік құралдарды зерттеу мен олардың қызметін анықтауды психологизм аясында да қарастыру қажет. Әрбір өлең ақынның ішкі шығармашылық қуаты мен уақыт тынысын дөп беруімен маңызды. Ақынның азаматтық үні өмірге, қоғамға көзқарасын өзіндік стильмен көркем бейнелеп беруінен көрінеді. Ақын өлеңінен әлемнің, табиғаттың сұлу суретін көру көзі қарақты оқырманның рухани байлығын арттырады. Шығармашылығында жалпыадамзаттық құндылықтардың кең тынысты танымын бере алған ақын кейіпкер жан-дүниесін жан-жақты терең ашып көрсете алады. Жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде өмірдің сан салалы белесінде, тағдырдың сан қырлы сынағында адамның ішкі рухани әлемінің кемел бейнесін сомдау қаламгердің шеберлігін танытады. Поэзияда лирикалық қаһарманның ойы, толғанысы оқырман тарапынан шынайы бағаланады. Өлеңдегі образдан өзін танып жататын кездері де болады. Сондықтан поэзиядағы кейіпкердің, лирикалық қаһарманның ішкі жан сырын, рухани әлемін психологизм аясында зерттеудің мәні зор.

Өмірден көргенін, айналасындағы қоғамның әр қилы сипатын өз танымының елегінен өткізіп, оны шығармасында әсем жеткізу амалдары мен әдістерін лайықты орнында қолдану арқылы өнер тудыру ақынның асыл арманы, алға қойған мақсаты болуы керек. Өнерді өмірден алып, өмір үшін жазса да, өнер үшін жазса да бір шындықты жеткізудің түрлі жолдарын көрсеткен болады. Өмірдің иесі адам. Адамның ішкі күйі, сыртқы сипаты поэзияның басты нысаны. Кейіпкердің кемел мінез-құлқы мен сұлу сымбаты тамсануға лайық. Лирика осы қасиеттің рухани жаршысы. Себебі көркем бейне өмірден алынып, қиялмен өріліп беріледі.

Лирикада кейіпкердің ішкі жан дүниесі, өмірінде орын алып, айналасында болып жатқан оқиғаларға бей-жай қарай алмайтын танымдық қасиеті, мінез көрсетуі мен үн қатуы, сезімі сырлы сөзбен әсерлі бейнеленеді. Әсемдіктің қай категориясы болмасын өлең лебінен айқын аңғарылып тұрады. Өлеңнің эстетикалық құндылығы ақынның образ жасау шеберлігіне, кейіпкерінің ішкі жан-дүниесін терең түсіне отырып суреттеуіне тікелей қатысты. Мақалада психологиялық параллелизм поэзиядағы психологизмнің басты қырларының бірі ретінде қазіргі қазақ ақындарының өлеңдері арқылы талданады.

**Кілт сөздер:** психологизм, поэзия, психологиялық параллелизм, өлең, лирика.

**Кіріспе.** Көркем әдебиеттегі психологизм мәселесі жан-жақты зерттеуді, әр тарапты тұжырымдарды қажет етеді. Әдебиет пен психология арасындағы пәнаралық ұғымдардың өзара ұқсастықтары мен айырмасын және байланысын айқындау қай кезде де алдыңғы кезекте тұрады. Образ бен адам болмысын тану өнер және ғылым жүйесінде әдебиеттанудың сан салалы бағыттарының бір тармағы ғана екені анық. Адам болмысын, рухын тану ерте кезден қолға алынған. Алғашында философтардың еңбектерінде адамның рухани әлеміне үңілгеннен туған пайымдар кейін келе

психологияның бастау көзі ретінде танылды. Ал көркем туынды қаламгердің жан-дүниесінің қатпарларынан туады. Шалқар шабыт иесі бар өнерін адамның сұлу сымбатынан бастап мінез құбылысын танытуға талпынады. Психологизм белгілерін кең көлемді туындылардан табу, сан түрлі қырларын ашу әдебиеттануда біршама жолға қойылған.

Поэзияда лириканың орны бөлек. Лирика арқылы ақын өзінің рухани әлемі мен кейіпкерінің ішкі жан сарайын толық суреттеп береді. Адам өмірінің кей кезеңдеріндегі көңіл күйінің көріністерін лирикадан жанға жақын түрде қабылдау мүмкін. Талғаммен қолданылған әрбір сөз өз орнында қолданылса оқырман жүрегің шымырлатып, кейіпкерімен мұндас ете алады. Сөз өнерінің өзіндік қасиеттерінің бірі де бір адамның ішкі жан дүниесінің келесі бір адамның түсінуі, толғануы, ой түйюі екені анық.

Өлеңдегі кейіпкер әлемі көп жағдайда табиғат құбылыстарымен тығыз байланыста суреттеледі. Пейзаж арқылы көңіл күйді ұғу, түсіну сөз өнерінде мүмкін болмақ. Көркем әдебиеттегі психологизм осы ерекшеліктердің бір қырын түсінікті етеді.

**Материалдар мен әдістер.** Психологизм туралы зерттеулердің көбі М.О. Әуезовтың «... психология араласпаса өзгенің бәрі сылдыр су, жабайының тақ-тақ жолы» (Әуезов, 1991: 12) деген сөзін мысалға келтірумен басталады. Поэзиядағы психологизм тақырыбын зерттеуге де осы сөз ынталандырады. Сөз өнерін адам жанының айнасы деп те бағалап жатамыз. Бұл көркем шығармадан тек психологизм іздеп кету деген сөз емес. Бірақ өз шындығы бар сөз. Ағылшын әдебиеттанушысы Дэвид Лодж өзінің «Сана және роман» эсселер жинағында «Әдебиет – біздегі ең бай және жан-жақты адам санасының шежіресі. Лирикалық поэзия адамның қуалиясын (сезу, қабылдау, түйсік тәжірибесінің қасиетін) сипаттаудағы ең сәтті әрекеті. Роман кеңістік пен уақыт арқылы қозғалатын жеке адамдардың тәжірибесін сипаттаудағы ең сәтті әрекеті болса керек» (Лодж, 2002: 10) деген тұжырымын келтіреді. Адамның рухани әлемін жинақы, шымыр берудің бірден бір озық үлгісі лирика екенін осы тұжырым айғақтай түседі.

Көркем шығармада кейіпкер психологиясын талдап терең зерттемей адам жанының ішкі қатпарларын ашып көрсету мүмкін емес. «Шынында да шығарманы психологиялық тұрғыдан талдап зерттемей, адам психикасына тереңдеп енбей, оның табиғатын, сезім құбылыстарын сезініп жазу мүмкін емес және оны тану да неғайбыл» (Пірәлі, 2003: 4) деген әдебиеттанушы ғалым Г. Пірәлінің тұжырымы психологизм маңызы туралы түсінікті айқындап тұр.

Әдебиеттанушы ғалым Г. Пірәлі өз еңбегінде қазақ әдебиеттануында психологизм анықтамасы А. Байтұрсынұлының толғау жанрына жазған тұжырымдарымен сәйкес келетінін жазады. «Толғағанда айтатын нәрсесін толғаушы тысқарғы ғаламнан алмай, ішкергі ғаламнан алады. Толғаушы ақын әуелі көңілінің күйін, мұнын, мүддесін, зарын, күйінішін, сүйінішін айтып, шер тарқату үшін толғайды. Екінші, ішкергі ғаламында болған халдарды, нәрселерді тысқа шығарып, басқаларға білдіріп, басқаларды сол көңілінің күйіне түсіріп, халін түсіндіру мақсатпен толғайды. Толғау қысқасынан айтқанда, іш қазандай қайнаған уақытта шығатын жүректің лебі, көңіл құсының сайрауы, жанның тартатын күйі. Ақындық жалғыз өз көңілінің күйін толғай білуде емес, басқалардың да халін танып, күйіне салып толғай алуда»

(Байтұрсынұлы, 2013: 261). Ақын шығармашылығы үшін көркем туындыдағы кейіпкер жан дүниесін түсінікті етіп беру немесе оқырманға ұғынықты ету шеберлік болса, психологиялық талдау негізгі амалы. Мұны А. Байтұрсынұлы толғау мақсатын айтқанда толық түсіндіріп өткендігін көреміз.

Психологизмнің бір қыры адам болмысын түсінуде жатыр. Оны түрлі ғылым салаларындағы пәнаралық зерттеулер арқылы логикалық қисынын табу басты мәселелердің бірі. Адам болмысының көркем әдебиеттегі көрінісі ішкі жан дүниесі мен сыртқы келбетінің сәйкес суреттелуі арқылы жүзеге асады. Сол негізде портрет дүниеге келеді. Әдебиеттанушы ғалым Ж. Дәдебаев зерттеуінде: «... психопэтика аясында әдеби шығармадағы адамның жаны мен тәні, іші мен тысы арасындағы сабақтастық, олардың көркемдік-эстетикалық қызметі қарастырылады. Адамның шындығы оның мынадай қырлары арқылы ашылады: а) жаны (іш); ә) тәні (тыс). Іш пен тыс әдебиеттанудағы психологиялық талдаудың аналитикалық және синтетикалық түрлеріне сәйкес келеді» (Дәдебаев, 2016: 35) деп адамның ішкі, сыртқы әлемінің психологиялық талдаудың түрлеріне сәйкес келетінін жазады.

Жак Мартин «Тұлға психологиясын біртұтас қарастыру қажет пе?» мақаласында қазіргі психологиядағы Эрик Джонсонның жалпы адамзаттың немесе тұлғаның психологиясын жалпылай қарастыру мен қарапайымдарынан бірлікте қарастыру туралы пайымына «Жеке тұлғаның прогрессивті психологиясы қажет деп ойлаймын» (Мартин, 2015: 31) деп қолдау білдіреді. Жалпыадамзаттық құндылықтар туралы бұл пікірмен келісуге де болады. Алайда тұлға психологиясын ғылыми тұжырымдармен бірлікте қарастыруға келгенмен талдау барысында субъективті қырларын ескеруді қажет ететіні анық. Әсіресе поэзияда ақынның шығармашылық қабілетіне қарай оқырман кейіпкердің жан-дүниесін терең сезіне алады. Өлеңде баяндалған жайды басынан кешкендей қабылдайтын жағдайлар да болады. Тұлға психологиясын зерттеулерде шығармашылық тұлға мен оқырман (көрермен, тыңдарман) қабылдауының ерекшеліктерін де ескеру қажеттігі аңғарылады.

Өлеңдегі кейіпкер мінезі көбіне табиғатпен байланысып параллель суреттелетіні туралы айттық. Осы тұста пейзаждың психологизмі мәселесі туады. Б. Майтанов пейзаж туралы: «Көркем туындыдағы пейзаждың функциясы үш түрлі арнаға саяды. Сюжеттік орайда ол – оқиғалық уақыттың өлшемі. Композициялық тұрғыда ол көркемдік жолмен қабылданған әлемнің тұтастығын білдіреді. Шығарманың идеялық астарларына қатысты ол мінез танытушылық міндеттер атқарады» (Майтанов, 2010: 4 б.) дейді. Осындағы шығарманың идеялық астарындағы мінез танытушылық психологизм сипаты. Бұл қай кезде де табиғаттың төл перзенті адам баласының жаратылыспен етене байланысын танытады.

Орыс ғалымы А.Н. Веселовский өз еңбегінде құрылымына қарай психологиялық параллелизмнің бес түрін анықтайды: «қосқұрамды (двухчленный); формальды (формальный); көпқұрамды (многочленный); бірқұрамды (одночленный); теріс (отрицательный)» (Веселовский, 1989: 101-154). Бұл өлең құрылысының сыртқы формасынан психологиялық параллелизмнің сипаттарын сөз қолданысы аясында анықтап берген жүйелеу әдісі болды.

Қазақ әдебиетінің қазіргі ізденістері ел тәуелсіздігі жарияланғаннан бергі уақытта түрлі сипатта дамыды. Оны әдебиеттанушы ғалымдар Ж. Сәрсенбаева

мен А. Якыжы ғылыми мақалаларында «Тәуелсіздік жылдарында дүниеге келген шағын шығармаларда қазіргі қоғамның бейнесі, халықтың проблемалары және рухани бұзылған кезеңдердің көріністері көркем және идеологиялық, инновациялық зерттеу жұмыстарында көрініс табатынын атап өткен жөн» (Сәрсенбаева, 2021) деп түйіндейді. Зерттеу жұмысы «Қазіргі қазақ прозасындағы әйел образы және оларды сомдаудағы психологиялық аспектілер» деп аталғанымен тәуелсіздіктің алғашқы жылдарының әдебиетіндегі қоғам көрінісінің басты сипаттарын дәл анықтаған тұжырым ретінде қарастыруға болады.

Ақын сөзі қай кезде де ұтымды шығуы және оқырман санасында кібіртік тудырмастай үйлесімді болуы керек. «Ұтымдылық пен экспрессивтіліктің дұрыс үйлесімімен нақты мағыналардың талаптарына сәйкес келетін тілді икемді пайдалану мүмкіндігі психологиялық жетілудің, сонымен қатар ақынның талантының белгісі болып табылады» (Тілеубаева, 2015: 204) деген әдебиеттанушы ғалымдардың сөзі осы мағынаны меңзейді.

Ақындар өздерінің тәуелсіздік жарияланғаннан кейінгі тұстағы шығармаларында ұлттық тарихи этнографиялық құндылықтарды, ұғым түсініктерді жаңғыртуға үлес қосты. Темірхан Медетбек «Көк түріктер сарыны», Ұлықбек Есдәулет «Киіз кітап», Ғалым Жайлыбай «Ардакүрен», «Тобылғыжарған» секілді жинақтарын оқырмандарына ұсынды.

**Талдау.** Ақын Темірхан Медетбектің «Көк түріктер сарыны» жинағы өлең құрылысына көнеден жеткен жәдігер «Күлтегің», «Тоныкөк» жазба ескерткіштерінің және жыраулар поэзиясының ерекшеліктерін сіңіріп, заманға сай ой түйген. Кітаптың алғашқы беттерінде «Қуат жыры» өлеңінде лирикалық қаһарманның өткенін бағалап, бүгінге жаңа серпінмен іс етпек мақсатын бейнелі түрде «еңқу», «серпу», «күрсіну» мен «сілкіну» арқылы береді.

Еңкіп-еңкіп соққанда

Таудың денесінен

Тастар бұршақ боп құйылды.

Серпіп-серпіп соққанда

Үзіп жібердім

Шынжыр боп шырмалған

Бұғау боп күрмелген түйінді. (Медетбек, 2002: 6)

Серпілу – тарихын таразылап, уақытын бағамдап жаңа белеске ұмтылудың жолы.

Серпін – жаңалықтың бастауы.

Күрсінгенімде –

Күн күркіреді.

Сілкінгенімде –

Жер тітіренді. (Медетбек, 2002: 6)

Күрсіну – ішкі жан дүниесі алай-дүлей болған қаһарманның рухани күйзелісін, өмірден алған соққыларын, қайғы-мұңы мен қасірет-шерін сыртқа шығарудың тәсілі. Күрсінстің жағымсыз сипатта келетіні, «Күнді күркіреткендей» қуаты болуы ұзақ мерзімді ауырлықтың зардабы болса керек. Күрсінстен кейін сілкіну болатыны анық. Сілкінгенде «жер тітіреткен» қаһарман «жар салады», «ән салады»,



«еңкейгенге еңкейіп, шалқайғанға шалқайып» өзгемен теңдігін, «алшайып жүріп, талтайып тұрып» еркіндігін, азаттығын паш етеді.

«Қуат жыры» – езілген, жаншылған, рухани күйреген қаһарманның қуат алып серпіліп, жаңа дәуірге бет алғанын тап басып суреттей алған туынды. Өлең гиперболаға толы, қосқұрамды психологиялық параллелизмге бай. Өлеңдегі кейіпкер әрекеті мен әрекеттен туатын құбылыстар арасында үйлесім мен табиғи байланыс бар.

Темірхан Медетбек «Мейірім» өлеңінде «мейірімді» «бұлаққа, шыраққа, жұмаққа» теңейді. «Панамызсың, Анамызсың» дейді де «Сыр құятынын, Нұр құятынын», ал «жарығы түскенде, мұзды ерітетінін» айтады. Мейірімге шөлдегеннің «бұлақ» іздейтіні рас, мейірімге мұқтаж жанға дүние түнек болса «жарық» іздейтіні рас. Іздегені табылғанға жер беті «жұмақтай» көрінетіні анық. Біреу «панаға», біреу «анаға» зәру. Екеуінің де аты «Мейірім». «Жесірді есіркеп, жетімді мүсіркеу» – мейірімнен. Мұзды ерітер жылулықтың, жанға шуақ сыйлар сәуленің аты – «Мейірім». Ақын «Мейірімнің» нәрлі болатынына және мәңгі екеніне сенеді. Оқырманын иландырады. Өлеңді бөліп-жаруға келмейді. Бас-аяғы бүтін, шымыр, тұтас туынды. Ақынның «Көк түріктер сарыны» жинағының концепциясы да осы тұтастықта, жинақылықта. «Мейірімнің» алғашқы шумағы:

Кенезесі кеуіп келгеннің  
Тандайын жібітетін  
Бұлақсың.  
Қара түнекте қалғанның –  
Кеудесінде –  
Үміт боп жанатын  
Шырақсың.  
Аспан астындағы,  
Жер бетіндегі  
Жұмақсың. (Медетбек, 2002: 47)

Ақын өлеңімен «Мейірімнің» жақсы қасиет екенін, жаратылысты сусатпай, түнектен айықтырып, қыспаққа ұшыратпай тұрғанын аңғартады.

«Маған не істемеді, маған не жасамады?» өлеңі ақын Т. Медетбектің ауыр ойлы, терең психологиялық талдаудан туған туынды. Мұнда ақын риторикалық сауалын үш рет қайталайды. Бірінші сауалдан кейін «Тілімді ... кесті, жүрегімді ... тесті», «Қызылқұм мен Қарақұмды ... көмейіме құйды», «үмітімді ... қиды» деп налиды. Екінші рет сауалын қайталай отырып «... құлатты, ... сұлатты», «Кеудемді Алатау, Қаратаумен бастырды», «Ой, дүние-ай» деп күрсінеді. Ақын өлеңін риторикалық сауалын үшінші рет қайталай отырып аяқтайды. Шағын ғана өлеңнің зіл батпан салмағын бір ғана сауалдан аңғарамыз.

Маған не істемеді?!  
Маған не жасамады?!  
Тілімді  
Ұлтарак қып кесті.  
Жүрегімді  
Құлдың құлағындай тесті.

Қызылқұм мен Қарақұмды –  
Үндемесін деп! –  
Көмейіме құйды.

Үмітімді жіптей қиды. (Медетбек, 2002: 29)

Ақын өлеңінің осы бір жолдары тіл мәселесін көтереді. Түп тамырынан ажырамаудың бір жолы ретінде қарастырылатын тіл тағдыры – ел тағдыры, елдің болашағы екенін көркем суреттей білген. Өлеңдегі бейнелеу құралдарының қолданылуы әуелгі «Қуат жырын» еске салады. Ол жерде ақын серпіліп қуат алатын еді. Бұл өлеңде серпіліске дейінгі бір хәл баяндалады. «Тіл – үміт» ретінде бейнелеп көрсетеді.

Маған не істемеді?!  
Маған не жасамады?!

Жүрсем – құлатты.  
Тұрсам – сұлатты.

Өз елімде,  
Өз жерімде  
Кеудемді  
Алатау, Қаратаумен бастырды.  
Басымды көтерсем  
Сойылмен басқа ұрды.

Ой, дүние-ай!  
Маған не істемеді?!  
Маған не жасамады?! (Медетбек, 2002: 29)

Риторикалық сауалын екінші рет қайталаған ақын елдік мәселесін сөз етеді. Ел болуға қойылған тосқауылдың кеудені басып, басына сойылмен ұрған қатыгездігін әшкерелейді.

«Көк түріктер сарыны» бас аяғы белгілі жүйеге құрылған, әр өлеңінің өзі тиянақты, түйінді ойды білдіретін жинақ. Талданған өлеңдердің ерекшеліктеріне қарай отырып ақынның тарихтан сабақ алып, жарқын болашаққа жарық жүзбен, рухани азаттықта қадам басуды тілек еткенін көруге болады.

Ал ақын Ұлықбек Есдәулет өзінің «Киіз кітап» жыр жинағын «Антижарнама. Қалы кілем» деген өлеңмен бастапты. Өлеңде «бұл кілем сатылмайды, ... көз жасынан тоқылған», «әр өрмегі сезімменен, сағынышыммен боялған» деген ақын екі ортада лирикалық қаһарманның, ақынның қайғысы мен көрген қиыншылықтарын сөз етеді. Бәрі де кілем басу технологиясының ізімен баяндалады. Ақын кілемді сатпайды, көрмеге де қоюға қарсы.

Жоқ,  
бұл кілем сатылмайды,  
сатылмайды,  
оқырман,

жұтқан кезде ақын қайғы,  
көз жасынан тоқылған.  
Ақын жұтқан қайғы не? Ақын көрген қиындық қайсы?  
Тағдыр  
менің сезімді  
ақ сабаумен сабаған,  
жүндей түтіп төзімді  
қылшықтаған сан адам.  
Қан шұбырған тамырымнан  
шуда есіп көп білек,  
санам менен  
сабырымнан  
киіз басқан тепкілеп!  
Жүйкемнің бар талшықтарын,  
суыртпақтап суырып,  
ашудасқа малшып бәрін,  
арқау еткен иіріп.

Тікелей кілем кейпінде ақын портреті көз алдыңызға елестеуі мүмкін. Кілем жай кілем емес. Поэтикалық кілем. Өткен тарихтың қиын күндерін санада жаңғыртатын кілем. Киіз қазақтың тұрмыстық мәдениетінің символы. Сонымен қатар төзімділіктің, беріктіктің, жылылықтың ишарасы. Ақын оны тап басып суреттей алған.

Кемпірқосақ – түрлі реңде,  
көзді жаулап құбылар,  
көре білсең бұл кілемде  
жүрегімнің түгі бар.  
Әр өрмегі  
сезімменен,  
сағынышыммен боялған,  
бұл кілемді  
көзім дер ем,  
көрмеге оны қоя алман!.. (Есдәулет, 2006: 16)

«Антижарнама» ақынның автопортретіндей көрінетін туынды. Мұнда ақынның сезімі, сағынышы, сонымен қатар тарихы қамтылған. Бәрі де бейнелі, суретті.

Ақынның шығармашылық шеберлігі қазақ тілінің мол қорын орынды қолдана алуы мен көркемдігін келістіре суреттеуінен танылады. Қазіргі кезде ақындардың көне сөздерді қолданысқа енгізіп жатқаны қуантарлық жайт.

«Тобылғыжарған» жинағы ақын Ғ. Жайлыбайдың ұлттық бояуы қанық жырларының топтамасы. Ал «Тобылғыжарған» өлеңі – үміт жыры. Өлеңнің алғашқы жолынан-ақ, көктемнің келуі – жақсылықтың жаршысы, үміттің нышаны аңғырылады.

Көктем дегенің – көгілдір арман,  
Көгерттер кез бұл көңілді қалған.  
Сәуірдің айы сәуле шашарда –  
Тобылғыжарған, тобылғыжарған...

Қыратқа барсам жолыма жақын,  
Бұлаққа барсам толып ағатын.  
Тобылғыжарған бүршік жармаса  
Тобылғы сынды торығады ақын. (Жайлыбай, 2011: 7)

Өмір бір қалыпта тұрмайды. Әр заман өз тарихи сипатымен қоғамның санасын сан тарапқа тарта білді. Дәстүрден жаңылмау, тамырынан ажырамау қай кезде де күн тәртібінен түспейтін мәселе.

Түңілесің де, тірілесің де...  
Уақыттың, Қарғам, ұлы көшінде.  
Тобылғыға ыстап, сабаңды пісіп,  
Шаралап қымыз сіміресің бе?! (Жайлыбай, 2011: 7)

Ақынның риторикалық сұрақпен өтпелі өмірдің, көшпелі уақыттың көшіне ілесе отырып қалпынды сақтау мен болмысынды таза ұстау мәселелеріне көңіл бөлгенін аңғаруға болады.

**Зерттеу нәтижесі.** Қазақ поэзиясының бүгінгі классиктері Т. Медетбек, Ұ. Ес-дәулет, Ғ. Жайлыбай шығармашылығы ұлттық нақышты туындыларға бай. Олардың қаламынан туған дүниелер еліміздің тарихы мен бүгінін жалғаған, болашағына алаң көңілдің жемісі. Мақалада қарастырған жыр жинақтарының дәстүрге негізделгенін, өзіндік үндескен жүйеде түзілгенін көруге болады. Қазақтың эстетикалық сұлулыққа құмарлығын, жүйелілік пен реттіліктің, жинақылықтың рухани және тұрмыстық мәдениетінде көрініп тұратынынан екенін аңғарамыз.

Қазақ әдебиетінде поэзияның алар орны ерекше. Өлең «тал бесіктен жер бесікке дейін» қазақтың серігі, рухани эстетикалық күйі. Ауыз әдебиетінен бүгінгі жазба әдебиетіне дейін өзіндік дәстүрлі сабақтастығын сақтап жеткен жыр үлгілері бар. Олар тақырыптық, идеялық, мазмұндық және құрылымдық жағынан дәстүр жалғастығынан туған өлеңдер.

Халық ауыз әдебиетіндегі «Әлдиен» бастап, бала жаттап өсетін тақпақ, жұмбақ, жаңылтпаш, санамақ, үйлену тойларында айтылатын сыңсу, жар-жар, беташар, өмірден өткен туысын жоқтауға дейінгі барлық өлең үлгілерінің заманауи поэзиямызда бүгінгі тұрмыс тіршілігімізге сай түрленгенін көреміз. Өлеңдегі ұйқас, ырғақ, екпін, сөз қолданыстарының жаңашылдығына да зерттеу барысында көз жеткіздік.

XIX ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген хәкім Абайдың өлеңге қойған мына бір талабы әрбір ақынның поэзиядағы айнымас бағдарына айналған:

Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы,  
Қиыннан қиыстырар ер данасы.  
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп  
Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы.

Бүгінгі поэзиядағы көркемдікке, әсемдікке ұмтылыстың бір ұшы осы шумақта жатыр. Өлеңнің өлшемі туралы зерттеулерде әр кез тақырыптық, идеялық, көркемдік, мазмұндық ізденістер жан-жақты аспектіде талданды. Өлеңді талдағаннан оқыған, оқығаннан ақынның өз оқуында тыңдаған оқырманына ерекше әсер ететіні түсінікті. Бұл өз стилін қалыптастырған ақындардың әр тарапты талпыныстарының нәтижесінің көрінісі.

Қазіргі қазақ поэзиясында өзінің стилімен танылған ақындар бар. Олардың шығармашылығы өз деңгейінде әдеби сын тарапынан да, оқырман тарапынан да

ықыласқа бөленуде. Сол ақындардың алғы қатарында мақаламызда шығармаларын талдаған үш ақын тұр.

**Тұжырым.** Қазіргі қазақ поэзиясының модификациясы аясында өлеңдердегі психологизм мәселесін қарастыру өзіндік маңызға ие. Көркем әдебиеттің жан-жақты қырын ашып көрсетуде пәнаралық зерттеулердің мәні зор. Уақыт талабына сай замандас ақындар өз шығармашылығында психологизмге, философиялық ойларға, рухани жетілу мен дамуға ерекше көңіл бөледі.

Өлеңдердегі лирикалық кейіпкердің ішкі ойы, сезімі, рухани ізденістері психологизмнің монолог, түс көру, портрет, пейзаж, т.б. қырларымен суреттеледі. Мақаламызда психологиялық параллелизмге тоқталдық.

Қазақ поэзиясының дәстүрлі өлең түрі қара өлең. Ұйқасты, өзіндік құрылымын сақтайтын өлеңнің толыққанды озық үлгісі. Ақындардың көркемдік қуатын, қиял мен қисынға шеберлігін танытады. Ұйқасты өлең түрлерінде сөз үйлесімділігі, жоғары эстетикалық талғам көрінеді.

Қазақ өлең жүйесінде қазіргі ұйқассыз шығармаларға ақ өлең ұғымы қолданылып жүр. Ұйқассыз, ырғақ пен екпінге құрылған өлең. Қазақ поэзиясындағы жыраулардың толғауларындағы үлгі. Бүгінгі ақындар үшін ойды тиянақты жеткізудің, өлеңнің ішкі қуатын дөп берудің бір жолы. Поэтикалық тәсілі. Өлеңде ұйқас сақталмайды.

Заман талабына сай ұйқасты, ұйқассыз өлеңдер жазылып өз оқырманын табатыны анық. Сол туындылардың формасының кейіпкердің ішкі жан дүниесін, рухани халін суреттеуде де өзіндік ерекшеліктерге ие екені көрінеді. Қазақ поэзиясы заман ырғағымен дами беретіні, уақыт талабына, оқырман талғамына, ақын ізденісіне сай түрленетіні ақиқат.

**Қорытынды.** Қазақ поэзиясы көркем суретті, ойға, сезімге, мінезге бай. Қазақ ақындарының шығармашылығы ұлттық бояуы қанық, рухты туындылары мол поэзия. Ақындар Т. Медетбек, Ұ. Есдәулет, Ғ. Жайлыбай шығармаларындағы психологиялық параллелизм – табиғат құбылыстарымен астасып, кейіпкерінің ішкі жан дүниесін, тарихи тамырымен танытатынын байқауға болады. Қазіргі ақындардың рухани құндылықтарды тарихи тамырларымыздан, дәстүрлі поэзиямыздан, шығыс поэзиясынан іздеген ізденістері байқалады.

*ҚР БҒМ Ғылым комитеті қаржыландырған АР13067815 «Қазіргі поэзия модификациясы: стиль, ритм, форма» жобасы аясында жазылды.*

**Баязитов Б.Б.**

*Казахский национальный университет имени аль-Фараби*

*Алматы, Казахстан*

*e-mail: bayazitov.b@kaznu.kz*

*ORCID: 0000-0001-7955-1427*

### **Психологизм в современной казахской поэзии**

**Аннотация.** В статье исследуются проблемы психологизма в современной казахской поэзии. Психологизм раскрывает внутренний мир, чувства и тайны человека в художественном произведении. Одним из наиболее распространенных аспектов психологизма в поэзии является психологический параллелизм. В казахском литературоведении очень мало исследований психологизма на примере поэзии. Изучение художественных средств в стихотворении и определение их деятельности также необходимо рассматривать

в рамках психологизма. Каждое стихотворение важно тем, что дает внутреннюю творческую энергию поэта и дыхание времени. Гражданская позиция поэта проявляется в художественном воплощении его отношения к жизни, обществу в своеобразном стиле. Созерцание прекрасной картины мира и природы в стихотворении поэта увеличивает духовное богатство читателя. Поэт, сумевший передать в своем творчестве широкое познание общечеловеческих ценностей, может глубоко раскрыть душу героя. Нанесение совершенного образа внутреннего духовного мира человека на многогранном этапе жизни, в многогранном испытании судьбы, на основе общечеловеческих ценностей показывает мастерство художника. В поэзии мысли и переживания лирического героя по-настоящему оцениваются читателем. Бывают моменты, когда он узнает себя по образу в стихотворении. Поэтому изучение внутренней души, духовного мира героя, лирического героя в поэзии имеет большое значение в рамках психологизма.

Благородной мечтой и целью поэта должно быть создание искусства, просеивая свои знания о том, что он видел в жизни, и различные особенности окружающего его общества, и используя средства и методы, чтобы красиво передать это в своем творчестве. Он брал искусство из жизни и показывал разные способы передачи одной и той же истины, писал ли он для жизни или для искусства. Человек – хозяин жизни. Внутреннее состояние и внешний характер человека – главная форма поэзии. Совершенное поведение и красивая грация героя достойны восхищения. Лирика – духовный вестник этого свойства. Потому что художественный образ берется из жизни и оплетается воображением.

В лирике красочно отражены внутренний мир героя, его познавательные качества, характер и тон, чувства, которые не могут быть равнодушными к происходящему в его жизни, происходящему вокруг. Какова бы ни была категория эстетики, из стихотворения это ясно понятно. Эстетическая ценность стихотворения напрямую связана с умением поэта создавать образ, с глубоким пониманием внутреннего мира своего героя. В статье анализируется психологический параллелизм как один из основных аспектов психологизма в поэзии через стихи современных казахских поэтов.

**Ключевые слова:** психологизм, поэзия, психологический параллелизм, стих, лирика.

**Bayazitov B.B.**

*Al-Farabi Kazakh National University*

*Almaty, Kazakhstan*

*e-mail: bayazitov.b@kaznu.kz*

*ORCID: 0000-0001-7955-1427*

### **Psychologism in modern kazakh poetry**

**Abstract.** The article explores the problems of psychologism in modern Kazakh poetry. Psychologism reveals the inner world, feelings and secrets of a person in a work of art. One of the most common aspects of psychologism in poetry is psychological parallelism. In Kazakh literary criticism, there are very few studies of psychologism on the example of poetry. The study of artistic means in a poem and the definition of their activities must also be considered within the framework of psychologism. Each poem is important because it gives the inner creative energy of the poet and the breath of time. The civic position of the poet is manifested in the artistic embodiment of his attitude to life, society in a peculiar style. Contemplation of the beautiful picture of the world and nature in the poet's poem increases the spiritual wealth of the reader. A poet who has managed to convey in his work a broad knowledge of universal values can deeply reveal the soul of a hero. Drawing a perfect image of the inner spiritual world of a person at a multifaceted stage of life, in a multifaceted trial of fate, on the basis of universal values shows the skill of the poet. In poetry, the thoughts and experiences of the lyrical hero are truly appreciated by the reader. There are times when he recognizes himself by the image in the poem. Therefore, the study of the inner soul, the spiritual world of the hero, the lyrical hero in poetry is of great importance within the framework of psychologism.

The noble dream and goal of a poet should be the creation of art, sifting through his knowledge of what he saw in life and the various features of the society around him, and using means and methods to beautifully convey this in his work. He took art from life and showed different ways of conveying the same truth, whether he was writing for life or for art. Man is the master of life. The internal state and external character of a person is the main form of poetry. The perfect behavior and beautiful grace of the hero are admirable. Lyrics are the spiritual messenger of this property. Because the artistic image is taken from life and is entwined with imagination.



The lyrics colorfully reflect the inner world of the hero, his cognitive qualities, character and tone, feelings that cannot be indifferent to what is happening in his life, what is happening around. Whatever the category of aesthetics, this is clearly understood from the poem. The aesthetic value of a poem is directly related to the poet's ability to create an image, with a deep understanding of the inner world of his hero. The article analyzes psychological parallelism as one of the main aspects of psychologism in poetry through the poems of modern Kazakh poets.

**Keywords:** psychologism, poetry, psychological parallelism, verse, lyrics.

### Информация об авторе:

**Баязитов Бақытхожа Байгожаұлы**, старший преподаватель Кафедры казахской литературы и теории литературы Филологического факультета Казахского национального университета имени Аль-Фараби, Алматы, Казахстан. e-mail: bayazitov.b@kaznu.kz; ORCID ID: 0000-0001-7955-1427.

### Әдебиеттер:

Әуезов М. Анкетаға жауап. / Алматы, «Жұлдыз» журналы, № 10, 1991 ж. – 12 б. (каз.)

Лодж Д. Сана және роман: байланысты эсселер. – Гарвард университеті баспасы, 2002. – 320 б. (ағыл.)

Пірәлиева Г. Көркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелері (түс көру, бейвербалды ишараттар, заттық әлем). Монография. – Алматы: Алаш, 2003. – 328 б. (каз.)

Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. Жинақта: Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. 1-том. – Алматы: Ел-шежіре, 2013. – 384 б. (149-351 бб.) (каз.)

Дәдебаев Ж., Бисенбаев П., Кәрібозов Е. Шыңғыс Айтматовтың психопэтикасы / «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы», № 1 (159), 2016 ж. (34-38 бб.) URL: <https://philart.kaznu.kz/index.php/1-FIL/article/view/1820/1745> (каз.)

Мартин Ж. Тұлға психологиясын біртұтас қарастыру қажет пе? / Психологиядағы жаңа идеялар, № 38, Маусым 2015 ж., 31-36 бб. URL: <https://doi.org/10.1016/j.newideapsych.2014.10.003>; <https://www.sciencedirect.com/science/article/abs/pii/S0732118X14000427> (ағыл.)

Майтанов Б. Пейзаждың көркемдік семантикасы. – Алматы: Қазақ университеті, 2010. – 108 б. (каз.)

Веселовский А.Н. Психологиялық параллелизм және оның поэтикалық стиль көріністеріндегі формалары. Жинақта: Веселовский А.Н. Тарихи поэтика. – Мәскеу: Жоғары мектеп, 1989. – 406 б. (101-154 бб.); URL: [http://az.lib.ru/w/weselowskij\\_a\\_n/text\\_0060.shtml](http://az.lib.ru/w/weselowskij_a_n/text_0060.shtml) (орыс.)

Сәрсенбаева Ж., Якыжы А. Қазіргі қазақ прозасындағы әйел бейнесі және оны жасаудың психологиялық аспектілері. / «Керуен ғылыми журнал. М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының хабаршысы», № 4 (73), 2021 ж. URL: <https://keruenjournal.kz/index.php/main/article/view/110/106> (ағыл.)

Тілеубаева М.С., Кабакова М.П., Солтанаева Е.М., Ақсақалова Ж.К., Оспанова Г.Т. Мұқағали Мақатаев шығармашылығын психологиялық зерттеу. / «Пәнаралық бизнес және экономикалық зерттеулердегі үрдістер» тақырыбындағы 2-ші халықаралық конференция» (TMBER-2015)» Full Paper Proceeding TMBER-2015, № 2, 202-213. (ағыл.)

Медетбек Т. Көк түріктер сарыны. – Алматы: Өлке, 2002. – 464 б. (каз.)

Есдәулет Ұ. Екі томдық таңдамалы шығармалар. 2-том: Киіз кітап. – Алматы: Жазушы, 2006. – 264 б. (каз.)

Жайлыбай Ғ. Тобылғыжарған. – Астана: Фолиант, 2011 – 280 б. (каз.)

### Литература:

Ауезов М. Ответ на анкету. / Алматы, «Жұлдыз» журнал, № 10, 1991 г. – 12 с. (каз.)

Лодж Д. Сознание и роман: Взаимосвязанные эссе. – Издательство Гарвардского университета, 2002. – 320 с. (англ.)

Пірәлиева Г. Некоторые проблемы психологизма в художественной прозе (сновидение, невербальные сигналы, материальный мир). Монография. – Алматы: Алаш, 2003. – 328 с. (каз.)

Байтұрсынұлы А. Литературный обозреватель. В сборнике: Байтұрсынұлы А. Собрание сочинений в шести томах. 1-том. – Алматы: Ел-шежіре, 2013. – 384 с. (149-351 бб.) (каз.)

Дәдебаев Ж., Бисенбаев П., Кәрібозов Е. Психопэтика Чингиза Айтматова / «Вестник КазНУ имени Аль-Фараби. Филологическая серия», № 1 (159), 2016 г. (34-38 сс.) URL: <https://philart.kaznu.kz/index.php/1-FIL/article/view/1820/1745> (каз.)

Мартин Ж. Единая психология человека? / Новые идеи в психологии, № 38, Июнь 2015, Стр. 31-36. URL: <https://doi.org/10.1016/j.newideapsych.2014.10.003>; <https://www.sciencedirect.com/science/article/abs/pii/S0732118X14000427> (англ.)

Майтанов Б. Художественная семантика пейзажа. – Алматы: Қазақ университеті, 2010. – 108 с. (каз.)

Веселовский А.Н. Психологический параллелизм и его формы в отражениях поэтического стиля. Жинақта: Веселовский А.Н. Историческая поэтика. – Москва: Высшая школа, 1989. – 406 с. (С. 101-154); URL: [http://az.lib.ru/w/weselowskij\\_a\\_n/text\\_0060.shtml](http://az.lib.ru/w/weselowskij_a_n/text_0060.shtml) (рус.)

Сарсенбаева Ж., Якыжы А. Образ женщины в современной казахской прозе и психологические аспекты в его создании. / «Научный журнал Керуен. Вестник Института литературы и искусства имени М.О. Ауэзова», № 4 (73), 2021 г. URL: <https://keruenjournal.kz/index.php/main/article/view/110/106> (англ.)

Тилеубаева М.С., Кабакова М.П., Солтанаева Е.М., Аксакалова Ж.К., Оспанова Г.Т. Психологическое исследование творчества Мукагали Махатаева. / «2-я Международная конференция «Тенденции междисциплинарного бизнеса и экономических исследований» (TMBER- 2015)» Full Paper Proceeding TMBER-2015, № 2, 202-213. (англ.)

Медетбек Т. Мотивы Кок тюрков. – Алматы: Өлке, 2002. – 464 с. (каз.)

Есдаулет Ұ. Избранные произведения в двух томах. 2-том: Киіз кітап. – Алматы: Жазушы, 2006. – 264 с. (каз.)

Жайлыбай Ф. Тобылгыжарган. – Астана: Фолиант, 2011 – 280 с. (каз.)

### References:

Auevov M. (1991) Anketaga jauap [Answer to the questionnaire]. / Алматы, «Zhuldyz» zhurnaly, № 10, 1991 y. – 12 p. (kaz.)

Lodge D.(2002) Consciousness & the Novel: Connected Essays. – Harvard University Press. – 320 p. (eng.)

Piralieva G. (2003) Korkem prozadagy psihologizmmin keibir maseleleri (tus koru, beiverbaldy isharattar, zattyq alem) [Some problems of psychologism in fiction (dreaming, nonverbal signals, the material world)]. Monografiya. – Алматы: Alash. – 328 p. (kaz.)

Baitursynuly A. (2013) Adebiettanytyqsh [Literary presenter]. In the collection: Baitursynuly A. A collection of works in six volumes. Volume 1. – Алматы: El-shezhire. – 384 p. (P 149-351) (kaz.)

Dadebayev Zh., Bisenbayev P., Karibozov E. (2016) Shyngys Aitmatovtyn psihopoetikasy [Psychopoethics of Chingiz Aitmatov] / “Bulletin of Al-Farabi Kazakh National University. Philological Series”, No. 1 (159), 2016. (P 34-38) URL: <https://philart.kaznu.kz/index.php/1-FIL/article/view/1820/1745> (kaz.)

Martin J. A unified psychology of the person? / New Ideas in Psychology, Volume 38, June 2015, Pages 31-36. URL: <https://doi.org/10.1016/j.newideapsych.2014.10.003>; <https://www.sciencedirect.com/science/article/abs/pii/S0732118X14000427> (eng.)

Maytanov B. (2010) Peizajdyn korkemdik semantikasy [Artistic semantics of landscape]. – Алматы: Kazakh University. – 108 p. (kaz)

Veselovsky A.N. (1989) Psixologicheskij parallelizm i ego formy` v otrazheniyax poe`ticheskogo stilya [Psychological parallelism and ego forms in reflections of poetic style]. In the collection: Veselovsky A.N. Historical poetics. – Moscow: Higher School, 1989. – 406 p. (p. 101-154); URL: [http://az.lib.ru/w/weselowskij\\_a\\_n/text\\_0060.shtml](http://az.lib.ru/w/weselowskij_a_n/text_0060.shtml) (rus)

Sarsenbaeva Zh., Yakici A. (2021) The image of women in modern kazakh prose and psychological aspects in creating them. / «Keruen gylymi zhurnal. M.O. Əuevov atyndagy Adebiet zhane oner institutynyng habarshysy», № 4 (73), 2021 zh. URL: <https://keruenjournal.kz/index.php/main/article/view/110/106> (eng.)

Tileubayeva M.S., Kabakova M.P., Soltanayeva Y.M., Axakalova Zh.K., Ospanova G.T. (2015) The Psychological Study of Mukhagali Makhatayev’s Creativity. / «2nd International Conference on “Trends in Multidisciplinary Business and Economic Research” (TMBER- 2015)» Full Paper Proceeding TMBER-2015, Vol. 2, 202-213. (eng.)

Medetbek T. (2002) Kok turikter saryny [Kok Turks motif]. – Алматы: Olke. – 464 p. (kaz.)

Esdaulet U. (2006) Eki tomдық tandamaly shygarmalar. 2-том: Киіз кітап [Selected works in two volumes. Volume 2: Felt book]. – Алматы: Zhazushy. – 264 p. (kaz.)

Zhajlybaj G. (2011) Tобылгыzhargan [Tобылгыzhargan]. – Астана: Foliant, 2011 – 280 p. (kaz.)

**Набиолла Н.**

*М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты,*

*Алматы қаласы, Қазақстан*

*E-mail: nasihat\_83@mail.ru*

*ORCID ID – 0000-0001-9832-8028*

**ТАЛАСБЕК ӘСЕМҚҰЛОВТЫҢ «ТАЛТҮС» РОМАНЫНДАҒЫ  
ФОЛЬКЛОРИЗМ**

**Аңдатпа.** Мақалада жазушы Т. Әсемқұловтың «Талтүс» романына талдау жасалады. Қазіргі кезеңдегі шоқтығы биік қазақ романдарының бірі саналатын бұл шығармада фольклорлық мотив, сюжеттердің, фольклор жанрларының қолданыс аясы қарастырылады. Атап айтқанда күй аңызы, эпостық шығармалардың элементтері, хикая, эпсана-хикаят жанрларының шығармадағы көрінісі жан-жақты талданады. Жазушының осы фольклорлық жанрларды романда қолдануына сараптаулар жасалады. Яғни онда тек фольклорлық мәтіндердің тізбесі емес, кейіпкерлердің өзара диалогі, ауыз-екі әңгімесі негізінде өрбітіп, шығарманың тұлабойына сіңіріп жібергені қарастырылады. Шығарманың бас кейіпкерлері Сабыт күйші мен оның баласы Әжігерейдің өнердегі үндестік, дәстүр сабақтастығы ашуға негізделген күйшілік дәстүр, әншілік өнер, ұсталық шеберлік, атбегілік пен құсбегілік, мергендік, сынықшылық қатарлы қазақтың бұрыннан келе жатқан төлтума өнерлеріне байланысты туған фольклорлық мәтіндердің романдағы көрінісіне барлау жасалады. Осы арқылы автордың қазақтың төлтума өнер түрлерінің кейбірінің ұстаз-шәкірт қарым-қатынасы арқылы кейінгі буынға жеткені, кейбір өнер түрлерінің бүгінгі күндері жоғалып, келмеске кеткені туралы ой-толғамы сараланады. Жинақтай айтқанда автор осы романды жазу арқылы рухани кодымыз саналатын төл өнерімізге жанашырлық керек екенін, оны сақтау үшін кешенді жұмыстардың жүргізілуі тиіс екені туралы сүбелі ойлары талданады.

**Кілт сөздер.** Т.Әсемқұлов, Талтүс, проза, роман, фольклор, аңыз, хикая, эпсана-хикаят.

**Кіріспе.** Жазушы Таласбек Әсемқұловтың «Талтүс» романындағы оқиға желісі бірнеше қабатта дамып, алты таспа қамшының өріміндей жымдасып кеткен. Автор онда қазақ халқының басынан өткерген қилы тағдырын, қолөнері мен рухани-ятына қатысты дүниелердің барлығын көрсетуді көздеген. Жәй ауыл адамдарының күнделікті күйбең тірліктерінен бастап, күйшілік дәстүр, әншілік өнер, ұсталық шеберлік, атбегілік, құсбегілік, мергендік, сынықшылық жайлы қалам тартады. Оларға байланысты туған, халық арасында тараған аңыз-әңгімелерді романның оқиға желісіне кіріктіріп отырған. Бұл әңгімелердің айтылуы да ауыл тұрғындарының аратұра басы қосуында болады. Көбінде әңгіме Сабыт, Шерім, Жұмға, Ахметжанның басы қосыла қалғанда кеңінен қанат жаяды. Әрине, қазақтың дәстүрлі өнерінің басында тұрған бұл ақсақалдардың әңгімесі жеке-жеке бір кітапқа жүк болатындай. Сондықтан да ауқымы кең бұл дүниелердің бір романда қатар өрбуінің шұбалаңдыққа әкелетінін, бәрін бірге қамтып суреттеу мүмкін емес екендігін ескерген қаламгер күй мен күйші, күй аңызына романда кеңінен орын бере отырып, басқа өнер түрлерін қосымша баяндаулармен, роман кейіпкерлерінің диалогі арқылы беріп отырады. Әншілік өнер туралы сөз болғанда Сабыттың замандасы, әнші Шерім (Кәрім) ақсақал, оның ұстазы

Жұмақан әнші туралы әңгіме қозғайды. Сондай-ақ Шерімнің орындауындағы халық әндері туралы да сыр толғайды. Жұмақанның орындаушылық шеберлігіне тәнті болады. Сабыт оның өнеріне: «Талай әншіні көрдік. Әй, Жұмақандай әнші жоқ-ау. Жәй бір, осы қатын-қалаш от жағып жүріп айта салатын, ауыл арасындағы қысқа-қайырым әнді ыңылдап айтып бергенде, шіркін-ай, шіркін-ай күйдің керегі жоқ қой, құдайдың ерекше бір жаратқан адамы еді ғой», – деп тамсанады (Өсемқұлов, 2020: 106).

Автор жоғарыда аттары аталып өткен бірнеше түрлі ұлттық өнердің қазақ халқының өткенінен бүгініне арқауы үзілмей, тамтұмдап жеткен асыл мұралар екенін шығарманың әр жерінде келтіріп отырады. Романдан Сабыт ақсақалдың күйшілік өнерін Әжігерей кейінге жеткізгенімен, қалған өнер түрлерінің кейбірінің бүгінге жетпей қалғанын, ұрпақ сабақтастығы болмағанын, өнер адамдарын, қолынан іс келетін, сап темірді қиналмай ажырататын және сол темірден мықты құрал-сайман жасайтын, ағаштан түйін түйетін шеберлердің қатал саясаттың кесірінен сондарынан шәкірт ерте алмай, бар өнерін өзімен бірге, мәңгілікке алып кеткенін байқаймыз. Солардың қатарында Ахметжан ұста мен Шерім әншіні атасақ та жеткілікті.

**Әдебиеттерге шолу.** Романда күй аңыздарымен қатар, эпостық шығармалар, әбсана-хикаяттар, діни аңыздар, хикаялар, мифтерде кездеседі. Оның барлығын да жазушы өз орынында, романның әр тұсында, кейіпкерлердің өзара әңгімесі арасында, романдағы оқиға желісін бір-біріне жіпселеп жалғап отыру үшін кейіпкерлердің аузынан, ауыл арасының әңгімесі ретінде кірістіріп отырады. Сонымен қатар жазушы шығармасында қазақы салт-дәстүрді (әйелі үйде жоқ кезде көрші-қоландарының оның жоқтығын білдірмей, оларды кезекпен асқа шақыруы), үлкенге құрмет, кішіге іззетті де аңғартады. Оның бір мысалы ретінде, әйелін ерсі қылығы үшін үйінен қуғаннан кейін (Әжігерейге күн көрсетпей жүргенін бұрын байқамаған Сабыт, оның күздің бір күні, жауын астында далалағы мая шөптің үстінде ұйықтап қалған жерінен тауып алып, баласының өгей шешеден көрген кесапатын естігеннен кейін, ашуына ерік беріп, оны таяққа жығып төркініне қуып жіберуі), бірнеше ай өткен соң әкесінің замандасы Айтқұл ақсақалдың Сабыттың кемпірі Күлбағиланы ертіп, үйіне алып келген кезіндегі, үлкеннің алдын кесіп өте алмай, сәлем беріп, баласына да үлкен адамға сәлем бергізуінен, сондай-ақ, ақсақалдың бетін сыйлап, әйелін өзімен бірге қалдыруынан да көрінеді. Ол шығармада Сабыттың аузынын Күлбағилаға ренішін білдіруі кезінде көрінеді: «Тапқан амалын қара. Жүзге келген Айтқұлды алып келіпті. Әкемнің көзін көрген. Әйтпесе, қайтарып жіберер едім. Бабаларыңның сөзін аттап кете алмадым», – дейді (Өсемқұлов, 2020: 12). Бұлардың барлығын тізбелеп айтудағы басты себебіміз шығармада кездесетін фольклордың ауқымының кеңдігін көрсету. Кеңестік кезеңде фольклорды тек сөз өнерінің төңірегінде, ауыз әдебиетінің аясында қарастырып келгені белгілі. Алайда шын мәнінде фольклордың саласы бұнымен шектелмейтінін, халық тұрмысында кездесетін барлық дүниелерді фольклордың аясында қарастыруға болатынын, оны тек көркем дүниелердің шеңберінде ғана қарастыру бір жақтылы болатынын аңғарамыз. Сондықтан да бұл шығармада көрініс тапқан халық тұрмысындағы дүниелерді фольклордың бүгінгі ғылымда қалыптасқан жанрлары негізінде қарастырып отырамыз. Негізгі бағытта романдағы күйшілік

мектептің ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан сабақтастығына ден қойып, негізгі оқиғаны күйшілер әулеті негізінде дамытқаны туралы сөз қозғаймыз.

Шығарма күйшілердің жалғасы Сабыт (Жүнісбай күйші) ақсақал мен оның баласы Әжігерейдің (Таласбектің) төңірегінде өрбиді. Осы отбасында болып жатқан оқиғалар негізінде күйші мен күй тағдыры, оның өткені мен бүгіні туралы сыр шертіледі. Бір сөзбен айтқанда «Роман әке мен немеренің (Сабыт пен Әжігерей) туыстық, шығармашылық, күнделікті тіршілік қатынастары арқылы өрбіп, түйініне шейін осы оқиғалық желі сақталған» (Қаныкей, 2005: 4). Бұл барыста қасиетті өнердің мұрагері Әжікерейдің өмір жолы, өсіп-жетілуі де суреттеледі. Шығармада романның бас кейіпкері Әжікерейдің өмірі – екі арнада баяндалады. Бірі – өгей ананың тепірішін көрген кейіпкердің бақытсыз балалық шағы. Ол романның басталуынан-ақ айқын білінеді. Онда авторлық баяндаумен төмендегідей беріледі: «Бақытты балалық шақ деген сөздің мағынасын ешқашан байыптаған емес. Тіпті, балалық шақ болып па еді, есіне түсіре алмайды. Әйтеуір бастан өткен бір тағдыр бар, тәттісінен ащысы көп, қуанышынан өкініші, қамырығы көп», – дейді (Әсемқұлов, 2020: 6). Екіншісі атасының қамқорлығындағы, өнер жолындағы тағдыры. Атасынан жастайынан күй үйреніп, сәби шақтан күй құдіретін сезініп, уызына қанып өсуі. Ол романда: «ас-су ішіп ес жиғаннан кейін, екеуі домбыраға отырады. Атасы қолы жүре келе ұмытылып қалған ескі сарындарды еске түсірді. Шертіп жүрген күйлерін қайта жаңғыртты. Бақытты күндер еді бұл. Жорғадай тербелген сыршыл, айтқыш күйлер, озған заманның ертегідей хикаялары бұл дүниенің бар қайғы-қасіретін ұмыттырып, бала қиялды бұрын мүлде көрмеген жерұйық мекенге, бақыттың ордасына жетелеп әкететін», – деп келеді (Әсемқұлов, 2020: 9).

Шығармада бұл екі арнамен сабақтаса жүретін және бір желі – қазақ тарихындағы әйгілі күйшілердің күйлері мен күйдің шығу тарихы. Бұл желі де романның басынан аяғына дейін бір леппен, әр оқиғаның ортасында тереңінен әңгімеленеді. Айталық, Абылай ханның жақын серіктерінің бірі әйгілі Бәйжігіт күйші, оның ізін жалғап, күй өнерін жоғары өреге көтерген Тәттімбеттің күйшілігі, онан кейінгі кеңестік кезеңде қуғынға ұшырап, жазықсыз жазаланған күйшілер тағдыры да романда егжей-тегжейлі баяндалады. Солардың бірі – 25 жыл айдауда болған Сабыт ақсақал. Күй өнерін өзінен кейінгі ұрпаққа аманат ету үшін, бар білетін күйін қолында домбырасы болмағасын ауызбен шертіп, көкейінде сақтап келгені де баяндалады. Осыған ұқсас кеңестік кезеңдегі ұсталар мен домбыра жасаушы шеберлер және олардың трагедиялы өмірі де жазушы қаламынан тыс қалмайды.

Жазушының шығармасы қазақтың төл өнеріне арналғандықтан оның түптамыры қазақ руханиятымен, соның ішінде фольклорымен, музыкалық фольклорымен жымдасып кеткені көрінеді.

Бұл жерде біз күй мен күйші тағдырына байланысты туған аңыздарды басты назарда ұстаймыз. Әрине, шығарманың бас кейіпкері Әжігерей (Таласбек) – күйші отбасында өскендіктен ес біліп, етек жапқаннан кейінгі өмірінде де естіп, білгені, көріп, сезгені күй мен күйші және олар туралы аңыз-әңгімелер болғандықтан, шығарманың тұлалыбы күй өмірімен ұштасып отырады. Романдағы күй мен оның аңызы бір-бірімен айырғысыз байланысқан. Егер күй туралы айтылып, оның аңызы назардан



тыс қалса, болмаса аңыз әңгімеленіп, күй шертілмесе, жалаң дүние екені көрініп тұрады. Бір сөзбен айтқанда аңыз бен күй домбыраның қос ішегіндей қатар жүрмесе, өз құдіретін жоятынын көреміз. Күй тілімен жазылған бұл шығармада күйдің үні естіледі. Олай дейтініміз күйдің аңызын айтып келеді де, арасында күйге кезек береді. Сол бір сәтте күйшінің көңіл тебіренісі, домбыра қағысы түгел көз алдында болып жатқан оқиғадай көрінеді.

Автор романда Тәттімбеттің желілес «Қосбасар» күйлерінің шығу тарихына қатысты аңызға тоқталады. Онда қаракесектен шыққан атақты, жомарт Күшікбай деген байдың жалғыз ұлы қайтыс боп, күйік тартып жатып қалғанда, ешкім орнынан тұрғыза алмай, күйіктен өлер халге жетеді. Сонда Тәттімбет сол байға арнап «Табалдырық қосбасар», «Зар қосбасар», «Жайсары қосбасар» деген желілес күйлерден алпыс екі күйді тартады, бұрын соның барлығы тартылатынын, алайда қазіргі күні соның көбінің ұмыт қалып «қырмызы қосбасар» деген соңғы бөлімін өзінің шертіп отырғанын Сабыт ақсақалдың аузымен баяндайды (Әсемқұлов, 2020: 51-52). Романда Сабыт ақсақал күй шерте отырып, өзіне балдыз боп келетін, ауыл бастығы Тілеубекпен әңгіме барысында Қорқыт, Айрауық, Ақ бас Құлайыс, Кетбұға, Бәйжігіт, Тәттімбет қатарлы күйшілердің күй тартудағы шеберлігін де тілге тиек етеді (Әсемқұлов, 2020: 49). Шығармада ертеректе, кеңестік кезеңде өмір сүрген Илапы күйші, Бауек, Біткенбай, Торғай қатарлы күйшілерді де үлкен құрметпен атап өтеді. Қоңыр, Ақжүрсін, Рәш қатарлы күйшілердің күй татру шеберлігіне де тәнті болады. Мүкәмәл қағыс туралы да тереңнен толғайды. Бұл күйшілердің барлығының да өмір жолы трагедияға толы болғанын, атасы Сабыт пен оның айналасындағы адамдардың әңгімесі негізінде өрбітеді.

Азаматқожа сары Нияз төренің жылқысын барымталап бара жатып, оны төреге ескерте кетуі үшін оның үйіне бұрылады. Төре жоқ болғандықтан керегеде ілулі тұрған домбырасын шертіп, қайта іліп кетеді. Бұл жағдайды төре үйіне келіп, домбырасын қолына алғанда, оның шертілгенін, дүрілдеп тұрған үнінен Азаматқожаның өз жылқысын барымталап кеткенін біледі. Домбырадағы күй тілі арқылы сол жағдайды түсінеді. Бұдан біз қазақтың күй өнерін, күйшілердің асқан талантын көреміз. Осы күй құдіреті туралы, оны бүгінгі күні өз деңгейінде түсіне алмай келе жатқанымыз жайында Ж.Қорғасбек төмендегідей ой қорытады: «күйдің ұлтқа қызмет ететін құдіретінен айырылып, көңіл көтеретін экзотикаға айналып бара жатқаны. Тілдің негізгі міндеті жойылып, тұрмыстық деңгейде ғана қалып қойғаны сияқты өкінішті жағдай», – дейді (Қорғасбек, 2020: 5).

Шығармада шоқтығы биік күйші ретінде суреттелетін Сәруәр күйші Абылай ханның жүйрік аты «Алмажайдың» шабысын күйге айналдырған Бәйжігіттің күйін шертеді. Абылайдың өз күйі «Шайқалмасын» да тартып көрсетеді. Әрине, Абылай хан төңірегінде туған күй аңыздары мен тарихи аңыздарды Алмасбек Абсадық та жеке қарастырғанын ескере кеткеніміз абзал (Abdasadyk, 2021: 325-336). Сәруәрдің тартқан «Арман» күйінің тарихы найман Барақ батырдың жорық жолында қастандықпен қаза тапқанын, батырдың ойындағы арманы орындалмай қалғанына байланысты туғаны айтылады. Осы күйлердің барлығын үйреніп келуге Әжігерейді күн жылына жібереді. Алайда бұл кеш болады, Әжігерей барғанда Сәруәрдің қыркы



таяп қалады. Кезінде солардың барлығын жазып алатын техника болмағасын өнер иесімен бірге кете бергені көңіл ауыртады. (Әсемқұлов, 2020: 102-103).

Әрине романдағы фольклорға апаратын жол бұнымен шектеліп қалмайды. Романның негізгі көтерген жүгінен тыс та дүниелерге аратұра қалам тартып, ол туралы да әңгіме қозғайды.

**Зерттеу әдістері.** Шығарманы талдауда негізінен салыстырмалы талдау әдісі қолданылады. Талдау барысында шығарманың арасында фольклордың ірі жанрларының да жылт беріп отыратынын көреміз. Күйеу баласы Баймұхан мен қызы Қалима Сабыт ақсақалдың ауылына көшіп келе жатқанда бұрыннан бүйрегі ауыратын Баймұхан төрт түлігін айдап келе жатып, жолда ауырып, жүре алмайды. Әкесінің ауырып ат үстінде жүре алмай, далада қалғанын жиенінен ұққан Сабыт, атты арбаға жегіп, арбамен әкелмек боп дайындық көреді. Сонда сол ауылдың азаматы, Баймұханға балдыз боп келетін Молдағали деген жігіттің аузынан әзіл ретінде «Ер Тарғын құсап белі шойырылып жатыр дей ме?» (Әсемқұлов, 2020: 26) деген қалжың сөз шығады. Бір қарағанда қалжың ретінде айтылғанымен осы әзілден «Ер Тарғын» жырындағы Тарғынның ауыр жараланып, ауылына әрең жеткен жайын аңғарамыз. Ол эпоста төмендегідей беріледі:

«Тарғын батыр қалмаққа барып жетіп, қалмақты Шағанның басына қарай бастырды. Қалмақтың аруағы қашып, бұларменен босқын тауып, ұрыса алмады. Қалмақты Шағанның басындағы белден асырды, қонысын адыра қалдырды, сонан соң бұ батырдың көңілі бұ Шағанның басындағы белдің үстіне бір жалғыз біткен емен бар еді, сол еменнің басына барып шықты, егерде қалмақтың бізбенен ұрысарға ойлары болса, әскер жиғанда соны қарайын деп. Сол еменнің басында бір жалғыз-ақ көлденең біткен бұтағы бар еді, сол бұтағына атша мініп отырса, ол бұтақтың түбі шіріген екен, бұтақ сынып жерге түсті, Іәм Тарғын да бірге түсті. Тарғынның сонда бел омыртқасы буынынан шығып кетті. Сонда қасындағы үш жолдасы өздерінің найзаларын төрт бұрышты қылып қиындастырып, Тарғынның найзасының төртбұрышына екі аяғын, екі қолын байлап алдарына өңгеріп, екі айда Ханзада ханға алып келді. Ханзада бұл батырды неше кіре бақтырып қараса да, һешбір жазыла алмады. Жатқан орнынан қозғала алмады. Ол уақытта бұ Ханзада ханның елі Бұлғыр тау дейтұғын таудың ішін жайлайтұғын еді. Бұл Бұлғыр таудың ішінде алты бұлағы бар еді. Бұ Бұлғыр таудан ханның елі көшті де, баяғы қалмақтың жайлауы Шағанға барып қонды. «Тарғынды Шағанның бойына барып қонған соң, қайтып келіп алармыз» деп, Ақжүніс сұлуды, Тарғынды Тарлан атыменен, атын арқандап жұртқа тастап кетті, алты-жеті күндік азығыменен. Бұ тастап кеткен азығы таусылды. Ханзададан һешбір кісі келмей, Тарғын менен Ақжүністің азығы жоқ, арқандаулы тұрған Тарлан атты бағатұғын кісі жоқ, бұлар аштан өлмекші болып өлім халіне жетті. Сол уақытта Тарғынға қайғы түсті. (Бабалар сөзі. Т. 44. 2007: 24). Романдағы осы бір ауыз қалжың ретінде айтылған сөзден эпос қаһарманының жорық сапарындағы оқиғаларын көруге болады.

**Нәтижесі және талқылау.** Прозалық фольклордың жанрларының бірі – хикая. Онда айтушы тыңдаушысын сендіруді басты мақсат етіп қояды. Бұл – хикая жанрына тән негізгі қасиет. Онда адамның көзге көрінбейтін басқа дүниенің өкілдерімен кезде-

скені жайлы әңгіме шын деп баяндалады (Қасқабасов, Т.І. 2014: 101). Елді болған оқиға ретінде сендіру үшін айтылатын хикая жанры мемуар әңгіме, естелік ретінде романның кейіпкерлері Баймұхан мен Сабыттың аузынан төмендегідей беріледі. Баймұхан үйіне қайын жұртын шекеге шақырады. Соғым басына келген қонақтар қысыр кеңеске көшеді. Онда соғыс жылдарының бір күні Баймұханның елес көргені туралы әңгіме қозғайды. Ол жай елес емес, соғыста қаза тапқан сарбаздардың аруағы екенін айтады. Ол романда: «Қалың орманның ішімен келе жатқанда майданнан кері қайтып бара жатқан бір полкпен кездесіп қалдық. Орманның ішімен өтетін үлкен даңғыл жол. Ай сүттей жарық. Полк жанымыздан өтіп жатыр, солдаттардан айқайлап жөн сұрадық. Мылқау адамдай ешқайсысы жол бермейді. Сабыр маған қарап иығын қиқаң еткізді. Сәлден соң әскерилердің киімінен, қару-жарағынан аздаған айырмашылықтар байқай бастадық. Бұл кезде біздің әскерлер жазда етік, қыста пима киетін болған. Ал мынау әскерилердің бәрі обмотка киген...НКВД-ның адамдары сұрақ қойды. Солдаттардың жүргені естілеме? деді. Мен естілмейді, – деп жауап бердім ... сендердің ол көргендерің жер бетінде жоқ адамдар. ...елес деді.» (Әсемқұлов, 2020: 70-71). Дәл осындай елес Сабыттың аузынан айдауда жүргенде, бір шахтада кездескені әңгімеленеді. Сонымен бірге елге қайтқаннан кейінгі жылдары да елеспен жолыққаны туралы сөз болады. Тұрсынбектің иен жатқан қорасына барып «Әй, Тұрсынбек, Тұрсынбек дегенде Оңғарбайдың аруағы келіп «Ей, Сабыт, найынсап, түн ішінде не әкеңнің басын іздеп жүрсің осында, маза бересің бе, жоқ па деді» (Әсемқұлов, 2020: 163). Сәруэр күйшінің айтуы бойынша да бір барымташының елеспен табақтас болғаны баяндалады. Елес жаратушының алдында сұраққа тартылғанын, ал өзін өлтірген барымташының жаратушының бұйрығымен өзіне мәңгілікке қызметші болғанын айтады. Әңгімесін айтып болғанда от та өшеді, мырза да, қызметшісі де, аты мен құмай тазысы да жоқ болады. (Әсемқұлов, 2020: 158-160). Бұл оқиғалардың барлығы да роман кейіпкерлерінің өзара әңгімесі кезінде өрбиді. Автор осы арқылы ел арасында айтылып жүретін хикаяларды ұтымды пайдаланып, романның мистикалық қуатын арттыра түскені көрінеді (Асқарова, 2021: 127-135). Бұл хикаялардың бір ерекшелігі баяндалып отырған оқиғаны әңгімеші өз басынан өткен немесе басқа біреуден естігем деп айтуы арқылы куәландырады. Хикаяның жанрлық ерекшеліктері туралы айтқанда С.Қасқабасов: «оның ел арасында айтылуы мен таралуының да ерекше екенін есте ұстау керек. Хикаяны әдейілеп көңіл көтеру үшін айтпайды. Ол әңгіме-дүкен құрып отырған қауымның арасында пайда болған жағдайға байланысты айтылады. Отырғандардың әңгіме тақырыбына, психологиялық көңіл күйіне қарай әңгіме айтушының бірі өз басынан немесе басқа бір жақынының басынан өткен хикаяны әңгімелейді. Дәл осындай оқиғаны басқа біреуі айтады. Сөйтіп, бір хикаядан кейін бір хикая айтылып, жиылған жұрт бірнеше ұқсас әңгіме естіп, оны басқа жиындарда айтып, ел арасына таратады», - дейді. (Қасқабасов, Т.І. 2014: 107). Романдағы «Елес» туралы хикая осы бағытпен өрбігені, бір-біріне байланысып цикілденгені көрінеді.

Романда әбсана-хикаяттың да орын алғаны байқалады. Оны шығарма кейіпкері Жұмға молланың әңгімелеуімен береді. Жұмға молланың қажыға бара жатқан сапарында Түркияда естіген әңгімем деп бастаған хикаяты – Темірқия деген қарақшымен

байланыстыра отырып айтылады. Темірқия асқан қарақшы болады да, жолдағы керуендерді тонайды, соңында бір әулиеден ісінің қисықтығын айтып жөн сұрайды. Қария оған бір шыбық береді, осы шыбық көгергенде күнәң жойылады дейді. Бір күні Темірқия бір жолаушыны жолынан тосып меймен боп кетуін өтінеді. Бірақ, түсі суық жолаушы оған қарамай, кетіп қалады, қаны қарайған Темірқия оны атып тастайды, ашумен істеген бұл ісіне өкініп, қонақ үйінің ауласында жылап отырса, жаңағы ағаштың гүл ашқанын көреді. Жаңағы бейсауат жолаушы да бір үйді қырғалы бара жатқан қарақшы екен дейді. (Әсемқұлов, 2020: 102-103).

«Жұмағұл» атты күй-поэманы Шерім Сабытқа шертіп беруді өтінеді. Ол күйге байланысты туған хикаяттың басы төмендегідей басталады: Баяғы да Жұмағұл деген шебер бопты, қолынан келмейтіні жоқ, ағаштан түйін түйіп, темірді қамырдай илейді екен. Сол Жұмағұл күндердің күнінде ағаштан ат жасап алыпты. Сол жасаған аты кәдімгі ат секілді, су ішіп от оттайды екен. Бір жайылғаны қыры күн азық болады екен. Ол аттың кереметі құс секілді ұшады екен. Жұмағұл түнделетіп ұшып, талай жерді аралап келеді екен. Ел ішінде әңгіме жата ма? Бір күні даңқы ақ патшаға жетіпті. Ақ патша ол ат менің ғана тақымыма лайық, шеберді атымен қоса ұстап әкеліндер деп әскер шығарыпты. Күй аңыздың соңында Жұмағұл тұтқынға түсіп, патшаның айтқанына көнбей қаза табады. Ал ағаш ат күні бүгінге дейін Жұмағұлды тосып аспанда ұшып жүр деп аяқталады. Жоғарыдағы екі хикаяттың сюжетінен шығыс ертегілерінің сарыны байқалады.

Шығырмада қоңыр аңның киесі туралы да айтылады. Роман кейіпкерлерінің арасындағы әңгімеде қоңыр аңның киесіне ұшыраған аңшының трагедиясы әңгімеге арқау болады. Аңшының анасы түс көреді, түсінде баласының аңды тым көп қырып жібергенін, оған тоқтау салу керетігі жөнінде ескертіледі. Онда арқардың пірі қыз болып келіп, шешесінің түсіне кіріпті де «балаң бізді неге қыра береді, аңның киесі бар емес пе?» депті. Алайда бала анасының айтқанына көнбей аңды аулай береді. Содан керейден шыққан Құламерген деген аңшы аңның киесіне ұшырайды да айдалада қаза табады. (Әсемқұлов, 2020: 165). Шығармада кездесетін бұл – қоңыр аңның киесі туралы мотив да қазақ ертегілерінде көптеп кездеседі.

Романда екі әйел бір балаға таласып Ханбала деген биге дауын шештірмек болыпты. Би беліндегі қылышын шешіп, баланы бір-біріңе қимаған екенсіңдер, олай болса ортасынан тең бөліп берейін депті. сонда әйелдің бірі «тұра тұрыңыз биеке» депті де «қайда жүрсең аман жүр құлыным» деп баланы мандайынан сүйіп сүйіп кете беріпті. (Әсемқұлов, 2020: 169). Бір балаға таласқан екі анаға билік айту біраз аңыздарда бар. Оны кейде Едіге бидің төрелігі деп те көрсетеді. Онда төмендегідей беріледі: Едіге тағы бір күні орталарындағы бір балаға таласып келе жатқан екі қатын мен екі еркекке кездеседі. «Әй, қойшы, біздер даулы болып келеміз, төрелік бересің бе?» – дейді жамырап. «Төрелігіме тек разы болсандар», – дейді.

– осынау баланы бесікте жоғалтып едім, жүгіріп жүргенде танып отырмын, – дейді бір ерлі-зайыпты.

– он ай көтеріп омыртқамды сөгіп тапқан балама жала жабады, – деп зар қағады қалған екеуі. Едіге төртеуіне де:

– Берген төрелігіме көнесіздер ме? – деп сұрайды. Төртеуі де: «көнеміз» дейді.

Сонда Едіге баланы екі қолынан екі қатынға ұстатады да «даулы баланы семсермен екеуіңізге қақ бөліп беремін» деп семсерді көтере бергенде, «жоғалтып едім» деген қатын білегінен ұстай алады.

– Өлтірмеңіз, – дейді жалынып, – менен туған бала болса, өскенде мені бір табар, әзірше мынау-ақ алсын (Бабалар сөзі. Т. 85. 2012: 282).

«Екі әйелдің бір балаға таласу сарыны» бойынша бұл сюжетте (АТ 926) даугерлер – екі әйел, талас нысаны – бала, оның жас шамасы айтылмайды. Қазақ нұсқасында төреші – Едіге бала, көне еврей ертегісінде – патша. Екі халықтың фольклорында да төрелік етушілер баланы қылышпен екіге бөліп беретіндігін, әйелдер баланың жарты денесіне ие болатындығын айтады. Таласушы бір әйел бұл үкімге келіссе, шын туған анасы баласының тірі жүруін ойлап, қылышпен шаппауды жылап тұрып сұрайды. Адамды қақ бөліп тастау сарыны кавказда – адыгей және Пәкістанда белудж халықтарының фольклорында да кездеседі, оның шынайы өмірде қолданылуы мүмкін дегенмен, оны қуаттау да қиын. Ал қазақ шешендік сөздеріндегі төрешілердің баланы қылышпен бөліп беруді ауызға алуы – «жалған үкім», эксперимент. Сырт көзге жеңілген болып көрінетін шын туған ана, ақырында, дұрыс төреліктің берілуімен жеңімпаз, баласын қайтарып алады (Қазақ әдебиетінің тарихы. Т.1. 2008: 492-493). Бұл мысалдардан біз екі аңызды, бір-бірінен көшірілген дүниелер емес, қазақ фольклорымен қатар, әлем фольклорында бар ортақ сюжеттер екенін түсінеміз. Т. Әсемқұлов та сол өзі өмір сүрген, туып өскен ауылындағы ақсақалдардан естіп, білген фольклорлық дүниелерін өз шығармасына арқау еткені көрінеді.

Романнан әр өнердің өз ырым-тиымдары бар екенін де көреміз. Домбыра жасауда, темір соғуда шеберлер мен ұсташылар бір ай көлеміне дейін ешкімге көрінбей, жұмыс барысын ешкімге көрсетпей тиымды қатты ұстайтын болған. Олай болмаса жасап жатқан жұмысы ойдағыдай шықпайтынын, киесіне ұшырауынан қорқатынын білдіреді. Оны Ахметжан ұстаның ұстазынан өнер үйренуге барғанда жұмыс үстіндегі шебердің оның сәлемін алмай қойғаны, бәйбішесінің «күміс пен отты айнытып жібересің, отыра тұр, артынан амандасарсың» дегені соны меңзегені болса керек. Сабыттың сөз арасында Ахметжан ұстаның көрінбей кеткеніне байланысты: «Ұсталар қару соққанда ешқайда шықпайды, ешқайда бармайды. Істеген ісіне көз тиіп кетеме деген ырым ғой», – дегені дәлел.

**Қорытынды.** Жинақтай айтқанда шығарманың мемуарлық романға жататыны белгілі. Онда Әжігерейдің туғанынан, есейіп-ержетіп, өнер жолына түскенін көрсетеді. Алайда шығарма тек бас кейіпкердің жалаң өмір жолын емес, қайта өнердің әр саласының қызығы мен қиындығы туралы да сыр шертеді. Сонымен бірге бүгінгі оқырман қауымға қазақ халқының күйшілік, әншілік, ұсталық, құсбегілік, атбегілік, мергендік қатарлы сирек кездесетін қасиетті өнердің мұрагері болғанын, бүгінгі күндері соның біразының жоғалып бара жатқанын, ұрпақ жалғастығының үзіліп қалғандығын, кеңестік кезеңде сап өнердің тамырына балта шабылып, оның мұрагерлерінің өмірінің трагедиямен аяқталғанын тайға таңба басқандай анық көрсетуді мақсат еткен. Сондай-ақ осы құндылықты көрсету үшін жоғарыдағы фольклор жанрларын романның тұла бойына сіңіріп, оқырманды өзіне қызықтыра білгенін көреміз.

Мақала «Рухани жаңғыру аясындағы көркем мәдениет» (AP08857440) атты 2020-2022 жылға арналған гранттық қаржыландыру жобасы аясында дайындалды.

**Набиолла Н.**

*Институт литературы и искусства им.М.О. Ауэзова*

*Алматы қаласы, Қазақстан*

*E-mail: Nasihat\_83@mail.ru*

*ORCID ID – 0000-0001-9832-8028*

### **Фольклоризм в романе Таласбека Асемкулова «Талтус»**

**Аннотация.** В статье дается анализ романа писателя Т. Асемкулова «Талтус». В этом произведении которая считается одним из лучших казахских романов, рассматриваются применение фольклорных мотивов, сюжетов, жанров фольклора. В частности, всесторонне анализируются легенды кюя, элементы эпических произведений, жанры повести, повести и рассказа. Сделан анализ использования писателем этих фольклорных жанров в романе. Т. е. в нем рассматривается не только перечень фольклорных текстов, но и взаимодействие героев на основе их диалекта, устного повествования. Главные герои произведения Сабыт исполнитель кюев и его сын Ажигерей, на основе родства, созвучия в искусстве, преемственности традиций раскрываются кюйские традиции, певческое искусство, кузнечное мастерство, подготовка лошадей для скачек и занятие, связанное с обучением ловчих птиц охоте, снайперство, искусство костоправа, раскрываются в романе образы фольклорных текстов, родившихся в связи с давними казахскими исканиями. Таким образом, анализируется мнение автора о том, что некоторые виды казахского искусства, благодаря общению учителя и ученика, дошли до следующего поколения, некоторые виды искусства исчезли и ушли в прошлое. В совокупности автор анализирует мысль о том, что написав этот роман, необходимо поддержать наш духовный код, для его сохранения должен быть проведен комплекс работ.

**Ключевые слова:** Т. Асемкулов, Талтус, проза, роман, фольклор, легенда, история, поэма-повествование.

**Nabiolla N.**

*M.O. Auezov Institute of Literature and Art*

*Almaty, Kazakhstan*

*E-mail: Nasihat\_83@mail.ru*

*ORCID ID – 0000-0001-9832-8028*

### **Folklorism in Talasbek Asemkulov's novel «Taltus»**

**Abstract.** The article analyzes the novel by the writer T. Asemkulov «Taltus». This work, which is considered one of the best Kazakh novels, examines the use of folklore motifs, plots, genres of folklore. In particular, the legends of kui, elements of epic works, genres of the novella, novella and short story are comprehensively analyzed. The analysis of the writer's use of these folklore genres in the novel is made. So if it examines not only the list of folklore texts, but also the interaction of the characters based on their dialect, oral narration. The main characters of the work are Sabyt performer of kui and his son Azhigerey, based on kinship, consonance in art, continuity of traditions, kui traditions, singing art, blacksmithing, training horses for racing and an occupation related to the training of hunting birds, sniping, the art of chiropractor are revealed in the novel images of folklore texts born in connection with long-standing Kazakh searches. Thus, the author's opinion is analyzed that some types of Kazakh art, thanks to the communication of a teacher and a student, have reached the next generation, some types of art have disappeared and are a thing of the past. Collectively, the author analyzes the idea that by writing this novel, it is necessary to support our spiritual code, a complex of works must be carried out to preserve it.

**Keywords:** T. Asemkulov, Taltus, prose, novel, folklore, legend, history, narrative poem.

#### **Информация об авторе:**

**Набиолла Н.**, научный сотрудник Института литературы и искусства им. М.О.Ауэзова, Алматы, Қазақстан, *nasihat\_83@mail.ru*, ORCID:0000-0001-9832-8028



### Әдебиеттер:

Абдасадьқ, А.А., Исенов, О.И., Таскужина, А.Б., Құлбаева, М., Мұхитов, Қ.С. Абылай хан: Тарихи тұлға және фольклорлық кейіпкер (Билеуші бабалар туралы аңыздардың зерттеуі) // *Astra Salvensisthis link disabled*, 2021. – 325-336-бб. (ағылшын.).

Асқарова Ш. Қазақ және шетел прозасындағы мистика // «Керуен» scientific journal M.O.Auevov Institute of Literature and Art ISSN 2078-8134, Volume 73, Number 4 (2021)<https://doi.org/10.53871/2078-8134.2021.4-08>

Әсемқұлов Т. Талтұс. – Алматы: 2020. – 436 б. (қаз.).

Бабалар сөзі. Жүз томдық. Қаһармандық эпос. Т.44. – Астана: Фолиант, 2007. – 496 б. (қаз.).

Бабалар сөзі. Жүз томдық. Тарихи аңыздар. Т.85. – Астана: Фолиант, 2012. – 416 б. (қаз.).

Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. Т.1. Фольклорлық кезең. – Алматы: ҚАЗАҚПАРАТ, 812 б. (қаз.).

Қаныкей Е. Өнердегі бақ пен сор // «Алтын Орда» газеті. – 2005. – №7. – 4-5-бб. (қаз.).

Қасқабасов С. Таңдамалы шығармалары. Т.1. – Астана: Фолиант, 2014. – 320 б. (қаз.).

Қорғасбек Ж. Таласбек пен «Талтұс» // «Егемен Қазақстан» газеті. – 2020. – 21 тамыз. (қаз.).

### Литература:

Абдасадьқ А.А., Исенов О.И., Таскужина А.Б., Құлбаева М., Мухитов К.С. Абылай-хан: историческая личность и фольклорный персонаж (на примере легенд о приюте правителя) // *Astra Salvensisthis link is disabled*, 2021, стр. 325-336. (англ.).

Асқарова Ш. Мистика в казахской и зарубежной прозе // «Керуен» scientific journal M.O.Auevov Institute of Literature and Art ISSN 2078-8134, Volume 73, Number 4 (2021)<https://doi.org/10.53871/2078-8134.2021.4-08> . (каз.).

Асемқұлов Т. Талтұс. - Алматы: 2020. - 436 с. (каз.).

Слово предков. Сто томов. Эпос героизма. Т. 44. - Астана: Фолиант, 2007. - 496 с. (каз.).

Слово предков. Сто томов. Исторические легенды. Т. 85. - Астана: Фолиант, 2012. - 416 с. (каз.).

История казахской литературы. В десяти томах. Т. 1. Фольклорный период. - Алматы: Казинформ, 812 с. (каз.).

Қаныкей Е. Благо и неудача в искусстве // Газета «Алтын Орда». – 2005. – №7. – 4-5-стр. (каз.).

Қасқабасов С. Избранные произведения. Т. 1. - Астана: Фолиант, 2014. - 320 с. (каз.).

Қорғасбек Ж. Таласбек и «Талтұс» // Газета «Егемен Казахстан». - 2020. - 21 августа. (каз.).

### References:

Abdasadyk, A.A., Isenov, O.I., Taskuzhina, A.B., Kulbayeva, M., Mukhitov, K.S. (2021). Abylai Khan: A historical figure and a folklore character (Case study of legends about the orphanage of the ruler) // *Astra Salvensisthis link is disabled*, pp. 325–336. (in Eng.).

Askarova Sh. (2021). Qazaq zhane shetel prozasyndagy mistika [Mysticism in Kazakh and foreign prose] // «Keruen» scientific journal M.O.Auevov Institute of Literature and Art ISSN 2078-8134, Volume 73, Number 4 <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2021.4-08> (in Kaz.).

Asemkulov T. (2020). Taltus [Taltus]. – Almaty. - 436 p. (in Kaz.).

Babalars cozy. (2007). Zhuz tomdyq. Qaharmandyq epos. T.44. [The word of the ancestors. One hundred volumes. Epic of Heroism. Vol. 44.]. - Astana: Foliant. - 496 p. (in Kaz.).

Babalars cozy. (2012). Zhuz tomdyq. Taryqy angyzdar. T.85 [The word of the ancestors. One hundred volumes. Historical legends. Vol. 85.]. - Astana: Foliant. - 416 p. (in Kaz.).

Qazaq adebyetynung taryhy. (2008). On tomdyq. T.1. folklorlyq kezeng [The history of Kazakh literature. In ten volumes. Vol. 1. Folklore period]. - Almaty: Kazinform. - 812 p. (in Kaz.).

Kanykey E. (2005). Onerdegy baq pen sor [Good and bad luck in art] // Newspaper «Altyn Orda». – №7. – 4-5- pp. (in Kaz.).

Kaskabasov S. (2014). Tangdamaly shygarmalary. T.1. [Selected works. Vol. 1.]. - Astana: Foliant. - 320 p. (in Kaz.).

Korgasbek Zh. (2020). Talasbek zhane «Taltus» [Talasbek and «Taltus»] // Newspaper «Egemen Kazakhstan». - August 21. (in Kaz.).



**Калижарова Ж.Т.**

*М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты,*

*Алматы, Қазақстан, тел.: 87760559492*

*E-mail: kalizharovazhadyra@gmail.com*

*ORCID: 0000-0003-0571-083X*

**ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ЭПИСТОЛЯРЛЫҚ ЖАНРДЫҢ ТАРИХЫ**

**Аңдатпа.** Мақалада қазақ әдебиетіне баса назар аудара отырып, көркем әдебиеттегі эпистолярлық жанрдың генезисі, қалыптасуы мен дамуы қарастырылады. Әлемдік әдебиеттану мен қазақ әдебиеттану ғылымындағы эпистолярлық жанр және оның көркем шығармаларда қолданылу мәселелері қарастырылған зерттеу еңбектеріне шолу жасалады. Әдебиеттану ғылымында аз зерттелген тақырып ретінде эпистолярлық әдебиеттің генезисі мен даму үдерісі жан-жақты талданады. Әртүрлі тарихи дәуірлердегі хаттардың өзіндік ерекшеліктері бақыланады. Эпистолярлық жанрдың көркем мәтін аясындағы қолданылу ерекшеліктері мен қызметтерін талдау арқылы олардың қызметтік қырлары анықталады.

Эпистолярлық жанр – әдеби шығарма жанрларының бірі. Шын мәнінде бұл адресатқа белгілі бір ақпарат туралы хабарлайтын хат түрінде орындалатын мәтін. Бұл жанр адресатқа бағытталған өте ерекше сөйлеу мәнерімен дараланады. Көркем әдебиетте бұл жанрды қолдану авторға кейіпкерлердің ең эмоционалды және қызықты бастан кешкендерін жеткізуге, кейіпкерлерін шынайы ашуға және оқырманмен сенімді қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік береді.

Ұсынылып отырған зерттеуде эпистолярлық жанрдың қазақ әдебиетінде көрініс табуы мен қолданылу ерекшеліктері, даму эволюциясы кезең-кезеңмен сараланады. Қазақ әдебиеттану ғылымындағы зерттелу деңгейі қарастырылады.

**Кілт сөздер:** хат, эпистолярлық жанр, эпистолярлық стиль, эпистолярлық роман, хат өлеңдер, жазба айтыс.

**Кіріспе.** Эпистолярлық әдебиет – «хат» немесе «хабарлама» формасын қолданатын әдеби жанр. Хат тікелей байланыссыз қалған коммуниканттар арасында хабарлама алмасудың ежелгі түріне жатады. Қаншама ғасырлар бойы хат алмасу алыс қашықтықтан сөйлесудің жалғыз жолы болды.

Эпистолярлық стиль – белгілі жазу жанрларына тән көркем сөйлеу өнерінің тарихи қалыптасқан түрі. Ол жеке және қоғамдық хат алмасудың әртүрлі түрлерінде және уақыт өте келе әдеби баяндаудың бір түріне айналды.

Эпистолярлық жанрдың күнделікті хат жазу жанрынан бастау алғандығы барлығына белгілі. Ғалым И.Е. Гельб хатты «взаимной коммуникации людей при помощи условно применяемых зримых знаков» (Гельб, 1982: 24), – деп бір жүйе ретінде қарастырады. Хаттардың өзі іскерлік және жеке болуы мүмкін. Бірақ олардың барлығы өте қатаң болмаса да, жақсы анықталған құрылымға ие. Жеке хаттарда достық әзіл-қалжың, ойнақы парафраза, реніш пен тұспал сияқты элементтер кездеседі. Адресатқа жүгіну формасына ерекше назар аударылады: көбінесе бұл ерекше сыпайы түрде. Бұл ерекшелік іскерлік хаттарға да, жеке хаттарға да тән.

Эпистолярлық әдебиетке көркем әдебиет немесе пулицистикалық әдебиетте жеке хат формасын пайдаланатын шығармалар жатады. Аталған тақырыпта көптеген

зерттеулерді қарастыра келе зерттеуші Н.В. Логунова эпистолярлық әдебиетке және оның ең маңызды құрамдас бөлігі саналатын эпистолярлық прозаға нақтырақ анықтама береді: «особая группа произведений художественной литературы», текст которых «строится по законам прозаической речи и оформлен как одно или несколько писем персонажа (-ей)» (Логунова, 2011:10 ).

Әлем әдебиеттануы мен қазақ әдебиеттануындағы эпистолярлық әдебиеттің генезисі мен өсу үдерісі, жанрдың поэтикасы мен теориялық мәселелері толыққанды зерттелмеген тақырыптар қатарында. Бұл тақырыптарда жазылған бірнеше зерттеу еңбектері, мақалалар, диссертациялар болғанымен, жүйелі түрде бірізділікке қойылмаған. Әлемдік әдебиеттануда, соның ішінде Еуропа зерттеушілері Д.Ж. Альтман, В. Милн, Ж. Руссе, Б. Ромберг, М.С. Грасси, Л. Версини, т.б. зерттеулерінде аталған жанрды түрлі аспектідегі мәселелер төңірегінде қарастырған. Сонымен қатар, орыс әдебиеттануында да бұл жанрдың зерттелу деңгейі жоғары емес. «Актуальность исследования определяется, во-первых, отсутствием в отечественной науке специальных работ посвященных эпистолярному роману как жанру...» (Рогинская, 2002: 7), – деген ғалым О.О. Рогинскаяның «Эпистолярный роман: поэтика жанра и его трансформация в русской литературе» атты кандидаттық диссертациясындағы пікірі жоғарыда айтылған тұжырымымызға дәлел бола алады. Қазіргі ғылымда эпистолярлық жанрдың теориясы туралы терең зерттеу еңбектерінің болмауы, біріншіден, хаттардың эпистолярлық формалардың бірі ретінде нақты және толық анықтамасы берілмегендігі. Екіншіден, хаттардың, жазбалардың, күнделіктердің жанрлық мәнін анықтау мәселесі де өте қиынға соғады. Кей ғалымдар (А.Г. Тартаковский, Н.Л. Лейдерман, А.Я. Гуревич, Л.Д. Люблинская, Т.А. Марахова) бұл әдеби шығармаларды мемуарлық әдебиеттің түріне жатқызса, М.П. Алексеев, Ю.И. Айхенвальд, А.М. Малахова, Б.Л. Модзалевский және т.б. жазушылардың эпистолярлық мұрасы оның көркем шығармашылығының өзіндік бір жанры деген пікірді ұстанады.

**Материалдар мен әдістері.** Мақаланың тақырыбын ашу мақсатында отандық және шетел ғалымдарының ғылыми-теориялық еңбектеріне сүйене отырып сараптама жасалды. Гельб И.Е. «Опыт изучения Письма (Основы граммологии)» (1982), Логунова Н.В. «Русская эпистолярная проза XX – начала XXI веков: эволюция жанра и художественного дискурса» (2011), О.О. Рогинскаяның «Эпистолярный роман: поэтика жанра и его трансформация в русской литературе» (2002), Миллер Т.А. «Античные теории эпистолярного стиля» (1967), Фалина В.А. «Фразеология эпистолярного жанра: на материале частной переписки купеческого сословия Владимирской губернии середины XIX – начала XX века» (2000) Муравьев В.С. «Эпистолярная литература» (2003) еңбектері мен отандық әдебиеттану ғылымында осы мәселені қарастырған Елеукунов Ш. «Абайдың эпистолярлық романы» (2007), Г. Пірәлі «М.О. Әуезовтың эпистолярлық мұралары» (2017), т.б. Әдебиеттану терминдер сөздігі (1998), Қ. Ергөбек «Баянсөз» (2019), М.О. Әуезов «Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі (тарихи-әдеби сын)» (1998) еңбектері пайдаланылды.

Көркем әдебиеттегі эпистолярлық жанрдың даму эволюциясын толықтай қарастыру барысында салыстырмалы, салыстырмалы-тарихи, типологиялық зерттеу әдістері негізге алынды.

**Зерттеу нәтижесі.** Зерттеу нәтижесінде эпистолярлық әдебиеттің көркем эволюциясына талдау жасай отырып қазақ әдебиетінде эпистолярлық жанрда жазылған А. Құнанбайұлының «Татьянаның Онегинге жазған хаты», «Онегиннің Татьянаға жауабы», «Онегин сөзі», «Онегиннің Татьянаға жазған хаты» аудармасы мен қазақ әдебиетінде эпистолярлық форманы қолданған бірнеше шығармалар негізге алынды.

Зерттеу жұмысының нәтижесін әдебиеттанушылар, магистранттар мен докторанттар, әдебиеттану мәселелерін қарастыратын жоғары оқу орны студенттері эпистолярлық жанрға қатысты зерттеулерінде пайдалана алады.

**Талқылануы.** Ежелгі дәуірлерден бері адамдар арасындағы ақпарат алмасу мен тілдесу мақсатын өтеген хат жазу дәстүрі кейіннен эпистолярлық әдебиетті қалыптастырды. «The letter as a means to facilitate epistolary intent has its origins and purpose in situations of absence, where people who are separated want to communicate with each other, with separation in time/space and absence perceived as definitional to the genre», – яғни, тарихи тұрғыдан алып қарағанда, хат жазу мәдениеті алдымен жеке, кейінірек мемлекеттік хат-хабарларда пайда болды, уақыт өте келе ол қаламгерлер шығармашылығында қолданылып, әдеби айналымға енді (Stanley, 2015: 247).

Эпистолярлық жанр алғашында әдебиетте документальды-автобиографиялық сипатта дами отырып, XVIII-XX ғасырларда көркем проза үлгісіндегі шығармаларда қолданылып, дербес жанр ретінде теориялық ұстанымы, көркемдік структурасы, стильдік ерекшеліктері қалыптаса отыра, оларға деген жауапкершілік күшейіп, хат мәтіндерінде адам психологиясы, жалпы адамзаттық мәселелер қозғала бастайды. Осы кезеңнен бастап хаттың әдебиетке әсер етуі байқалады.

Ұлттық әдебиетімізде хат жанрының көнеден келе жатқандығын тарих беттерінен аңғаруға болады. Аталмыш жанрдың қалыптасу тарихы мен теориялық мәселелері жан-жақты жүйелі зерттеуді талап етеді. «Ежелгі дәуір әдебиетін зерттеуші ғалымдар (Н. Келімбетов, А. Қыраубаева, Құрышжанов, М. Жолдасбеков, т.б.) қазақ әдебиетінің түп тамыры болып табылатын VIII ғасырдағы Түрік қағанаты тұсындағы «Күлтегін», «Тоныккөк» жырларына сақтар мен ғұндар дәуіріндегі дастандарда, оның кейбірінің жекелеген фрагменттерінде, үзінділерінде, сюжеттік оқиғаларында эпистолярлық жанрдың элементтері кездесетінін зерттеп, ғылыми айналымға ендірді», – деп әдебиеттанушы ғалым Г. Пірәлі «М.О. Әуезовтың эпистолярлық мұралары» атты монографиясында аталған жанрдың тарихы жайлы сөз қозғағанда хаттың қазақ әдебиетінде қолданылуы көнеден келе жатқан дәстүр екендігін тілге тиек етеді (Пірәлі, 2017: 11).

Эпистолярлық прозаның шығу тегін зерттегенде екі түрлі көзқарасқа сүйене отырып саралауға болады. *Бірінші көзқарас* – эпистолярлық прозаның шығу тегі тұрмыстық хаттар және көркем әдебиет ерекшеліктерін қолдану арқылы хат алмасу. Ал, *екінші көзқарас* – М.М. Бахтингте тиесілі көзқарас; яғни, эпистолярлық проза барокко романдарының алғашқы хаттарында көрініс тапқан, сонымен қатар, хат барокко романдарының белгісіз бір бөлігі бола тұра, тұтас сентименталды эпистолярлық романдарға айналды.

«Хат жанрының алғашқы үлгілері Антикалық дәуірдегі Эпикур, Цицерон, Сенека т.б. хаттарынан бастау алса, Шығыс әлеміндегі ең көне хаттарға Үнді патшасы

Стратобаттың Серамидаға жіберген хаттарын жатқызамыз», – деген көзқарастарға сүйенсек, эпистолярлық әдебиеттің бастауы антикалық дәуірде өрістеген дидактикалық әдебиет негізінде туындаған (Жақсылықбаева, 2019: 20). Антикалық дәуірден сақталған эпистолярлық әдебиет әр замандағы, әр түрлі авторлар мен әр түрлі мазмұндағы жеке адамдардың шынайы хаттарынан бастап, қалың оқырманға жолданған хабарларға дейін көптеген ескерткіштерді қамтиды. «Писание писем подчинялось четким стилистическим нормам, разработанным риторикой, и принадлежало таким образом области словесного искусства. Первоначальной сферой, в которой письмо из обиходной переписки превращалось в произведение художественной прозы, были публицистика и дидактика», (Миллер, 1967: 5) – деген ойға сүйенсек, антикалық дәуірдегі эпистолярлық әдебиеттің ерекшеліктерін аңғаруға болады. Антикалық кезеңде эпистолярлық шығармалар арнайы тәртіпке сүйене отырып жазылған, сонымен бірге, автор хаттарды жалғыз адресатқа бағыттамаған, хат ашық түрде көпшілік қауымға арналған, адамгершілікті насихаттайтын дидактикалық бағытты ұстанған. Ерте антикалық кезеңде хат жазу формасы адамның ішкі жан дүниесін танытуға ыңғайлы болғандықтан, өмірбаяндық деректі еңбектерде, этикалық еңбектерде көбірек қолданылса, кейінгі антикалық кезеңде «кіші формалар» әдебиетте ерекше танымал болған уақытта антикалық роман жанрына ұқсас беллетристика жанры, жалған хаттар сияқты еңбектер туындады. Бір қызығы, бұл кездегі эпистолярлық теорияларда хатты «жарты диалог» деп қабылдаған, яғни хат алмасатын серігі жоқ. Бірақ «письмо нуждается в более тщательной обработке, чем диалог: ведь диалог подражает речи, сказанной без подготовки, экспромтом, письмо же пишется и посылается как подарок», – деп хатты сөйлесудің жазбаша түрі ретінде ауызша сөйлесуден айырмашылықтарын атап өтуге болады (Фалина, 2000: 72). Ғалым В.С. Муравьев «Эпистолярная литература» мақаласында: «В античности письма сочинялись как литературные произведения, их стиль и построение определялись риторикой, и строгую границу между частной перепиской и эпистолярной стилизацией провести трудно, о чем свидетельствуют прославленные образцы эпистолярной литературы письма Эпикура, Цицерона, Сенеки, Плиния Младшего», – деп ой топшылайды (Муравьев, 2003: 2). Антикалық дәуірдегі бұл ойшылдардың хаттары эпистолярлық публицистиканың негізін қалай отыра, оның көркемдік стилистикалық белгілерін дамытты. Эпистолярлық өнер кейіннен әлемдік руханиятта өзіндік даралығын қалыптастырып, хатпен жазылған әдеби шығармалардың дамуына ықпал етті.

Орта ғасырларда хат жазудың шынайы көркем шығармаға айналу жолын байқауға болады. Еуропада бұл уақытта мемлекет қайраткерлері мен шіркеу қызметкерлерінің хат алмасуында эпистолография публицистика ретінде дамиды. Ал, Шығыс елдерінде орта ғасырларда, нақтырақ айтсақ, X-XIV ғасырлар аралығында әдеби шығармаларда өлеңмен хат жазысып хабарласу дәстүрі қалыптасқан болатын. Шығыс әдебиетіндегі «нама» жанры – хат үлгісінде жазылатын поэзиялық шығармалардың кең таралуының өзі сөзімізге дәлел болады. Мысалы, «Махаббат-нама», «Ләйлі-Мәжнүн», «Фархат-Шырын» ғашықтық дастандары – орта ғасырлардағы эпистолярлық форманы пайдаланған көркем туындылар. Сол сияқты,

өлеңмен хат жазу дәстүрі қазақ әдебиетінде де толық қалыптасып «хат өлеңдер» деген атауға ие болды.

Қазақ әдебиетінің тарихында алғаш роман жанрында танылып, XX ғасырдың басында жарияланған көлемді прозалық туындылар қатарындағы М. Дулатовтың «Бақытсыз Жамал», С. Торайғыровтың «Қамар сұлу» шығармаларында да хат өлеңдер қолданылған. Романдарда эпистолярлық стильдің қолданылуы Жамал мен Ғали, Қамар мен Ахмет арасындағы ғашықтық сезімдерді, ішкі тебіреніс-толғаныстарды оқырман қауымға тартымды жеткізудің бір тәсілі ретінде пайдаланылған. М. Дулатов өз романында шығарманың бас кейіпкері Жамалдың Жұманға атастырылғаннан кейінгі күйін, ішкі трагедиясын оқырманға аңғарту мақсатында эпистолярлық форманы қолданады. «Жамал қанша ішінен қапаланса да, басқа бір кісіге айтуының ебін таба алмай, бір күні қолына қағаз бен қарындаш алып «тым болмаса көңілімдегі қасіретімнің оннан бір бөлігі шықпас па екен» деп, өз басындағы халіне бір азырақ өлең жазып еді (Дулатов, 2013: 24)», – яғни, кейіпкер жан баласына айта алмаған басына түскен мұң-сырын хатқа түсіру арқылы өз оқырмандарымен сырласады. Сонымен қатар, шығармада хатты қолдану бір жағынан автордың шеберлігін танытса, екінші жағынан шығармадағы тарихилық сипатты айқындай түседі. Сол дәуірдегі қазақ қоғамының әлеуетін аңғартып, қазақ жастарының өнерге, өлеңге деген құмарлығын танытады, яғни «хатты кім жазбасын, ол хат кімге арналмасын ол жазбаларда өз кезеңінің қарапайым шындығы қамтылады. Уақыт өте келе ол қарапайым хат, жазбалар тарихи концепцияларды өзгертуге түрткі болуы әбден мүмкін» – деген Қ.Ергөбектің пікіріне саяды (Ергөбек, 2019: 425).

Еуропада XVII ғасырда эпистолярлық романның алғашқы үлгілері пайда болды. Мұндай шығармалардың ең алғашқысы 1669 жылы жазылған Габриэля Жозефа Гийераганың «Португальские письма» романы болды.

Қазақ әдебиетінде эпистолярлық жанрдың жоғары деңгейде дамымауына байланысты, эпистолярлық романдар да санаулы деп айтуға болады. А.С. Пушкиннің «Евгений Онегин» шығармасы Абай аудармасында роман түрінде жарық көрді. Ғалым Ш. Елеуқенов «Абайдың эпистолярлық романы. Аударма ма, төлтума ма?» атты мақаласында: «Қазақ туындысының орыс түпнұсқасынан жанрлық айырмашылығын алғаш аңғарған кісі – Мұхтар Әуезов. «Көбінше Абайдың аударуында хаттармен баян етілген роман (эпистолярный роман) қалыптанған тәрізді» – деп жазады ол Абай (Ибрагим) Құнанбайұлы монографиясында» – деген пікірі алдыңғы айтылған ойымызға дәлел бола алады. Ғалым: «Өлеңмен жазылған эпистолярлық роман Шығыс поэмаларымен жең ұшынан жалғасқан. Онымен типологиялық тамырластығы күшті. Онегиннің Татьянаға жазған хатында басталған, Ленскийдің монологында жалғасқан өлім тақырыбы, керек десеніз, Татьяна тақырыбынан да елес береді», – деп Абай аудармасының ерекшелігін де атап өтеді (Елеуқенов, 2015: 69).

М.О. Әуезов «Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі (тарихи-әдеби сын)» атты мақаласында: «...Екі кісінің айтысуынан, немесе екі кісінің жайынан туатын әңгімелер ертерек уақытта ағылшын әдебиетінде Грандисон, Гичардсон, Достоевскийдің уақыттарында туылған. Орыстардың «Бедные люди» деген кітабында бар. Мұндай әңгімелерді эпистолярлық роман деп атаған. Біздің айтыстардың



көбі – осы эпистолярлық роман түріндегі өлеңдер», – деп баға берген (Әуезов, 1998: 232). Ғалымның бұл тұста эпистолярлық роман ретінде бағалаған айтыстары жазба айтыстарға қатысты айтылғандығы белгілі.

Жазба айтыс – екі айтыскер автордың бір-біріне шығармашылық ойларын хатқа түйіндеп жазатын туынды. Бұл хаттар белгілі бір стильдік-композициялық, тақырыптық-идеялық және көркемдік тұтастыққа негізделген көркем шығарма болып табылады. Қазақ даласында мұндай жанрдағы айтыс XX ғасырдың басында ерекше белең алып дамыған. «Жазбаша айтыс – ерте заманда Шығыс поэзиясында, атап айтқанда, араб, парсы, түрік, моңғол әдебиеттерінде болған үрдіс. Осы Шығыс елдерінде көне заманнан келе жатқан айтыс дәстүрі қазақ арасына кең тарады. Жазбаша айтыс ауызша айтыстың қорынан пайда болды, яғни соның заңды жалғасы. Егер ауызша айтысқа екі адам қатысатын болса, жазбаша айтысқа кейде бірнеше ақын араласады, айтыс ұзап кетсе, сырттан біреу тоқтау сөз салып, төрелік айтады. Мысалы, Ырысты мен он алты ақынның айтысы да жазу түрінде хатқа түскен айтыс. Мұнда қара өлең формасы мен ғазал араласып келеді. Ырысты мен он алты ақын адамгершілік, ізгілік, еңбек, әділдік, махаббат жайлы толғайды» (Әдебиеттану терминдер сөздігі, 1998: 142-143).

Классицизмнен сентиментализм дәуіріне өту кезеңінде әдебиеттегі кейбір канондық жанрлардың тоқырауы орын алып, жеке жазбалар, түрлі хат мәтіндерімен жазылып жүрген эпистолярлық романның алғашқы көріністері пайда бола бастады. XVIII ғасырда хаттардағы роман жанры, әсіресе сентименталист жазушылар арасында өте танымал болды. Эпистолярлық жанр сентиментализм дәуіріндегі әдебиеттің алғы шептегі жанрына айналды, өйткені, хатта сентименталистік көркемдік әдістің бар мүмкіндіктері жүзеге асырылды. Бұл кездейсоқ құбылыс емес, өйткені сентиментализм әдебиетінде жеке адамның ішкі әлеміне, адамның сезіміне, жан-күйіне баса назар аударылады. Осы сентиментализм әдебиетінде кейіпкерлері бір-біріне хат жазып сырласатын эпистолярлық романдар пайда болды. Ғалым М.М. Бахтиннің көзқарасы бойынша хаттың барондық романға енуі арқылы эпистолярлық роман жанры танымал болды. Шығармашылықтағы бұл процесс эпистолярлық жанрдың туып, қалыптасуына тікелей әсер еткен. Осы кезеңдегі жазылған романдарда қолданылған хаттардағы негізгі қақтығыс кейіпкердің қоршаған әлеммен байланысы емес, өзінің ішкі жан-дүниесімен қарым-қатынасы арқылы байқалады.

Қазақ әдебиетіндегі эпистолярлық жанрдың қарқынды дамуы, ең алдымен, жазба әдебиеттің қалыптасуымен байланыстырылады. XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап, эпистолярлық жанр ел арасында танымал бола бастады. Бұл ретте оның дамуына бірден-бір үлес қосқан А. Құнанбайұлының шығармашылығы. Ақынның туысқандарына, балаларына арналған хаттары да – эпистолярлық құнды мұралар. Ағартушылық дәуір келгенде хат жазу «тәрбие» идеясын ұран етіп, жетекші жанрлар қатарына енді. Бұл кезде эпистолярлық форма интеллектуалдық қарым-қатынасты қалыптастыру мақсатында қолданылды.

XX ғасырда да эпистолярлық әдебиеттің әртүрлі түрлері сақталып қалды. Аталған жанрға сонымен бірге, белгілі қоғам қайраткерлерінің, ақын-жазушылардың достарымен, туыстарымен, балаларымен, әйелдерімен жазысқан хат-хабарламалары



да енеді. Мұндай хаттар филологиялық мектептің негізгі зерттеу нысанына айналып, белгілі бір қаламгердің өмір-деректерін қарастыру кезінде маңызды міндет атқарады. Мысалы, XX ғасырдың басындағы еліміздің саяси-әлеуметтік өмірінің түйткілді мәселелері талқыланып отырған «Қазақ» газетінде Ә. Бөкейханов, Ш. Құдайбердіұлы, М. Дулатов, С. Дөнентаев, Б. Майлиндердің әдеби шығармаларына арқау болатын хаттары да жиі жарияланып тұрды.

XX ғасырдың басында қазақ әдебиетінде көлемді шығармалардан бөлек эпистолярлық форма шағын жанрларда да көрініс таба бастады. Мысалы, жазушы Бейімбет Майлиннің «Шұғаның белгісі» повесінде: «Хаты деп ашық жазған ғашық жардың, Есіңе ал, дұғаңа мен ынтызармын. Қош, сау, бол, ойнап-күліп жолығайық, Астында ақ туының пайғамбардың...», – деп ғашығына өлең арнаған махаббат құрбанының трагедиясы да хат арқылы жеткізілген (Майлин, 2007: 147).

Ұлы Отан соғысы жылдарындағы оқиғалар да эпистолярлық прозаның қалыптасуында маңызды рөл атқарады. Майдан даласынан хат жазып, хабар алмасу, айналада болып жатқан шайқасты қағаз бетіне көркемдеп түсіру сол кезеңде аса бір қажетті деп есептелді. Бұл кезде эпистолярлық мұралардың жалпы мазмұны патриотизм, отанды жаудан қорғап қалу мақсатына негізделді. Мұндай хаттар тек тарихи тұрғыдан ғана емес, оқырмандар үшін психологиялық тұрғыдан да өзекті әрі шынайы айғаққа бай деректі лирикалық әдебиет болып табылады. Халық пен келер ұрпақты ерекше әсерге бөлеп, күллі адамзатпен хат арқылы тілдескен Баубек Бұлқышев те эпистолярлық жанрдағы көземсөздің деңгейін жоғары дәрежеге көтерді. Автор «Шығыс ұлына» жазған хатында: «Шығыс ұлы! Біздің қазіргі уақыттағы орнымыз қанды майдандағы қызу ұрыста ғой. «Ереуіл атқа ер салмай, егеулі найза қолға алмай, еңкі-еңку жер шалмай» біздің ісіміз бітпейтін нағыз қызу кезең осы емес пе, Шығыс ұлы!», – деп бір ғана адресантпен ғана емес, жалпы халықпен сырласып, еріне үміт артқан елінің көңіліне жұбаныш ұялата білді (Бұлқышев, 2014: 15).

Зерттеуші Н.И. Гайнуллина эпистолярлық жанрдың эволюциялық дамуын қоғамдық жағдаймен тығыз байланыста қарайды. Ғалым: «Эволюция эпистолярного жанра непосредственно связана с групповой дифференциацией общества, его сословным делением и общественно-политическими установками пишущего. И не последнее место в этом наборе причин занимает отдельная языковая личность, ее жизненная и общественная позиция, ее влияния на общий ход развития не только в обществе, но и в языке в целом» (Гайнуллина, 1996: 428). Бұл пікір эпистолярлық жанрдың өзіндік ерекшелігі, табиғаты белгілі бір дәуірге, қоғамдық формацияға қатысты екендігін растайды.

XXI ғасырдың әдебиеті жанрлардың синтезімен сипатталады. Нәтижесінде, әлемдік көркем әдебиетте эпистолярлық роман-миф, эпистолярлық фантастикалық роман, эпистолярлық роман-утопия сынды жанрлар туындады.

Хаттағы көркем шығармалар, көркем шығармадағы хаттар кейіпкерлерді сипаттаудың ең маңызды құралы болып табылады. Хатта автор кейіпкердің мінезін, оның дамуындағы маңызды жақтарын ашады.

**Қорытынды.** Хат жазу мәдениеті алғашқы кезеңдерде белгілі бір деңгейде адамдар арасындағы коммуникацияның жоғарғы дамыған түрі болып есептеліп келіп,

антикалық кезеңде жүйелі жазу дәстүріне негізделген философиялық шығармаларда кеңінен қолданыс тапты. Орта ғасырларда эпистолярлық жанрды әдеби туындыларда пайдалану етек ала бастады. Осыдан кейін барып, ақын-жазушылар түрлі жанрдағы шығармаларына эпистолярлық форманы еркін түрде енгізе отырып, эпистолярлық роман және эпистолярлық прозаның кіші жанрлары да қалыптасты. Қазақ әдебиеті тарихында эпистолярлық шығармалар Алтын Орда дәуірі әдебиетінен бастау алатын хат өлеңдер негізінде пайда болып, ХХ ғасырдың басында публицистикалық жанрдың өркендеуімен көркем прозалық шығармаларда қолданыла бастады. Қазақ әдебиетінде бұл жанр аса танымал бола қоймаса да, авторлар өз шығармаларында кейіпкерлер бойындағы психологиялық жағдайды оқырманға тереңінен таныту мақсатында әсіресе, шығармадағы ғашықтар сезімін жеткізу барысында эпистолярлық формаларды аса ұтымды пайладана білген.

Бұл жанрдағы шығармалар айқындылығымен, қысқалығымен, табиғилығымен, баяндау жеңілдігімен ерекшеленеді. Автор баяндау құралдарын таңдауда ерікті. Бұл таңдауда оны жалғыз шектейтін нәрсе – хат жазу кезінде қоғамда қалыптасқан эпистолярлық дәстүрлер. Кейіпкерлерге мінездеме берудің негізгі құралдарының бірі – хат. Хатта автор кейіпкерді жан-жақты дамытып, оның мінезінің терең қырларын көрсетуі қажет. Бұл кейіпкердің оқырманға өзін-өзі көрсетуінің ерекше түрі, онда оның даралығы, өзіндік ерекшелігі көрінеді.

**Калижарова Ж. Т.**

*Институт Литературы и искусства имени М.О.Ауэзова*

*Алматы, Қазақстан*

*E-mail: kalizharovazhadyra@gmail.com*

*ORCID: 0000-0003-0571-083X*

### **История эпистолярного жанра в казахской литературе**

**Аннотация.** В статье рассматривается генезис, становление и развитие эпистолярного жанра в художественной литературе с акцентом на казахскую литературу. Дается обзор исследовательских работ в мировой литературоведении и казахской литературоведении, в которых рассмотрены вопросы эпистолярного жанра и его применения в художественных произведениях. В литературоведении подробно анализируется генезис и процесс развития эпистолярной литературы как малоизученной темы. Прослеживаются специфические особенности писем разных исторических эпох. Анализируются особенности применения и функции эпистолярного жанра в рамках художественного текста, выявляются их служебные грани.

Эпистолярный жанр – один из жанров литературного произведения. По сути, это текст, выполняемый в виде письма, сообщающего адресату определенную информацию. Этот жанр индивидуализируется очень специфической манерой речи, направленной на адресата.

Қазақ әдебиетіндегі жаңашыл туындылардың көпшілігінде алеаторика мен хэппенингке тән ерекшеліктер кездеседі. Өнер қоғамның әлеуметтік тұрақтылығына байланысты сейсмо-сезімтал екендігін ескерсек, қоғам мен мәдениеттегі орын алып жатқан өзгерістерге сай постмодернизм ерекшеліктерінің әдеби шығармаға да ықпал етуі заңды. Туыстас бағыттардың әдебиеттегі көріністерін қарастыру үшін бірнеше жазушының шығармалары талданып, мысалдар келтірілді.

**Кілт сөздер:** алеаторика, хэппенинг, кездейсоқтық, ойыншы, философия, идея, тұлға, постадам.

**Кіріспе.** Постмодернизм пайда болғаннан бері әлемдік қоғамдық өмір мен мәдениетте философияның постклассикалық емес түрін сипаттау үшін де, өнердегі стильдер кешені үшін де қолданылып келеді. Постмодернизм өнер мен мәдениетке бірнеше ағым-бағыттарын енгізген ерекше құбылыс болып келді. Қазіргі таңда әлем мәдениетінде постмодернизмнен тараған ағым бағыттардың үлгісінде жазылған көптеген өнер туындылары әр өнер саласында өзіндік орнын алып тұр. Алеаторика мен хэппенинг те постмодернизмдегі тұлға көрінісін ашуға және дүние ахуалдарының адамға ерекше әсерінің ерекше парадигмалық үлгісіне айналып үлгерді.

Алеаторика (лат. *Alea* – сүйек; кездейсоқ) – кездейсоқтық принципі шығармашылық пен орындау процесінде негізгі қалыптастырушы қабырғасы ретінде жариялайтын қазіргі постмодернизмнің көркемдік бағыты. Алғашқыда музыкаға ерекше бағыт болып енген алеаторика кейіннен полистилистика мен полисемантикалық құбылыстар әсерінен өнердің әр саласында кездесе бастады. Алеаториканың ізінше келген көркемдік бағыт хэппенинг те постмодернизмдегі ықпалды бағыттардың біріне айналды. Хэппенинг – бұл заманауи өнердің синтетикалық түрі, онда жұртшылық пен суретшінің бірлескен шығармашылық процесі маңызды. Хэппенинг – бұл акционизмнің бір түрі. Яғни, оқиға ұйымдастырылғаннан гөрі кездейсоқ оқиға ретінде дамиды, бірақ іс-әрекетті ұйымдастырушылар оған рецепиентті де, кейіпкерді де, тіпті шығармадағы реквизиттерді де тартады. Алеаторика мен хэппенинг философиясы мен идеясы өнердің өзге салаларына да, оның ішінде әдебиетке де әсер етті. Өртүрлі өнер салаларына ықпал еткен алеаторика мен хэппенингтің әдебиеттегі көрініс табу ерекшеліктерін қарастыру пәнаралық зерттеу әдісін талап етеді.

**Материалдар және әдістер.** Постмодернизмдегі алеаторика бағытында да, хэппенинг бағытында да жазылған шығармалар, салынған суреттер, жалпы өнер туындылары осы күнге дейін қабылданып, өнер түрлерінің көркем үлгісіне айналып үлгерді. Постмодернизмдегі «постадам» ұғымы, адамдардың постадамға айналу парадигмасы постмодернизмнен тараған бағыттарда өз алдына ерекше ашыла түседі. Әдеби шығармадағы хэппенинг пен алеаторикаға тән ерекшеліктердің көрініс табуын қарастыру үшін ең алдымен пәнаралық зерттеулер жүргізілуі тиіс. Пәнаралық зерттеу жүргізу үшін жалпы алеаторика мен хэппенинг туралы жазылған құнды еңбектерге шолу жасалуы қажет. Осы негізде Ю.Б. Боровтің, С. Зонтагтың, А. Капроудың, Е. Уварованың, Т. Чередниченконың, А. Шниткениң ғылыми еңбектеріне шолу жасалып, алеаторика мен хэппенингтің философиясы мен өзінің бастапқы пайда болған өнер нысандарында көрініс табу ерекшеліктері қарастырылды.

Кездейсоқ оқиғалар мен аласпыран әлемдегі тулғалардың әдеби шығармадағы бейнесін ашуда Д. Амантайдың, Д. Жылқыбайдың, Ә. Рахаттың шығармаларына талдау әдісі жүргізілді.

Кездейсоқтың өнер туындыларына әртүрлі жағдайда кіреді, соған сәйкес автордың стиліне орай әртүрлі жағдайда көрініс табады. Өнер туындылары мен әдеби шығармалардағы алеаторика мен хэппенингтің көркемдік ерекшеліктерінің орын алуына қарай салыстыру әдісі пайдаланылды.

Өнертанушылардың алеаторика мен хэппенинг құрылымына берген ғылыми тұжырымдамалары қарастырылып, практика жүзіндегі көрінісі, әдеби шығармада кездесуі анықталып, көркемдік ерекшеліктері сараланды. Формалардың, оқиғалардың өзгермелілігін көздейтін, кездейсоқтыққа құралған оқиғалардан тұратын шығармалар талданды, нәтиже шығарылды.

**Әдебиетке шолу.** Постмодернизмнің көркемдік бағыттарының пайда болу кезеңінен бастап, дамуы, әдебиеттегі қолданысы туралы жазылған еңбектерді түгел шолып шығу мүмкін емес, десе де ғылыми-зерттеу мақаламызда бірқатар құнды еңбектерді талдап, саралап, қамтуға тырыстық. Ең алдымен, ағым-бағыттар ерекшеліктерін тереңдете қарастыру үшін Ю. Боровтің «Эстетика» атты еңбегіндегі



автор көзқарасы мен теориялық ақпараттар негізге алынды. Дж. Тоуз, Дж. Хаксли, А. Капроу, Дж. Хаксли, Дж. Шелли. т.б. бірқатар ғалымдардың еңбектері сараланып, әдеби шығармаларды талдап, дәйектемелер келтіру барысында қолданылды. Сонымен қатар, Д. Амантай, Д. Жылқыбай, А. Рахат сынды өзіндік жаңалығымен келген жазушылардың жаңашылдыққа толы шығармаларындағы алеаторика мен хэппенинг көріністері анықталып, дәйектелді.

**Нәтижелер және талқылау.** Ю.Б. Боровтің, С. Зонтагтың, А. Капроудың, Е. Уварованың, Т. Чередниченконың, А. Шниткениң ғылыми еңбектерімен, берген анықтамаларымен, көзқарастарымен танысу арқылы алеаторика мен хэппенингтің құрылымдық ерекшеліктері толықтай ашылды.

Алеаторика ХХ ғасырдың ірі композиторларының шығарманы орындау мен қабылдаудың жеделдігін арттыру мақсатында шығарманың мәтіні мен құрылымындағы кездейсоқтықтың элементіне мүмкіндік беретін шығарма әдісі ретінде қызығушылық тудырды. Бұл әдіс 1950 жылдары Авангардтың екінші толқынының шыңында пайда болды және дәстүрлі қалыптау жүйесін түбегейлі қайта құрумен және композицияның жаңа «кристалдану» принциптерін ашумен байланысты музыкалық өнер тарихындағы бетбұрысқа айналды.

Әдебиеттегі алеаторика көріністерін анықтау үшін, әрине, бастапқы пайда болған өнер түрі музыкадағы алеаторикаға берілген анықтамаларға сүйенеміз. Композицияның тұтастай немесе оның жеке элементтерінің контурларының белгісіздігі композицияның орындалуын едәуір жандандырады және экспрессивтіліктің жаңа құралдарын, сондай-ақ әр жағдайда әртүрлі формаларды іздеуге көмектеседі. Мәтіннің ұтқырлығы музыкантқа өзінің көркемдік талғамы мен тәжірибесіне сүйене отырып, шығарманың өзіндік түсіндірмесін ұсынуға мүмкіндік береді (<https://tarrabass.livejournal.com/89183.html>). Алеаториканың аталған ерекшеліктері музыка мен әдебиетте көрініс табу ерекшеліктерінің айырмашылықтары мен ұштасқан тұстары көрсетілді. Ғылым мен техниканың даму нәтижесінен пайда болған постмодернизмнің бұл бағыты жаңа өмір сүру ортасына енді бейімделіп келе жатқан жаңа адамның сұранысының нәтижесі. Техно-ғылым – бұл ғылым мен техниканың өзара әрекеттесуінің бір түрі, олардың табиғатқа және адамға әсері туралы сұрақтар әлі де зерттеулерді талап етеді. Ғылым философиясының әртүрлі мектептерінің өкілдері техно-ғылым нақты зерттеу іс-әрекетінің инновациялық технологияларды құру тәжірибесімен ажырамас байланысымен сипатталады деген пікірмен бөліседі. Фундаменталдылықты ол жаңа білімнің өсуімен салыстырады, бірақ сонымен бірге білім туралы жаңа түсінік пайда болады (Бахтиярова, Черникова, 2019).

Алеаторика суреткерді «қайырымсыз құрылымдар құрсауынан», «топтамалы техника интервалынан» құтқарады. Алайда суреткер басқа қиындық пен ноталық мәтінге қатысты орындаудың субъективті озбырлығына тап болады. Алеаторика бағыт ретінде жеке-дара көркемдік эксперименттер дәстүрін ұстанады: айталық, Малларме «Сәттілік кездейсоқтықты ешқашан жоймайды» (Удача никогда не упразднит случая, 1897) поэмасында шығармашылықтың алеаторлық қағидаларын қарастырады. Бұл ретте дадаистер мен сюрреалистер де композицияның кездейсоқ тәсілдерін пайдаланды (коллаждың тәсілдері мен машығы нақ осындай болды) (Борев, 2020: 309).

Кездейсоқ оқиғалар әлеміндегі бірбеткей тұлғалардың әрекеттерін көрсететін хэппенинг те алеаторикамен қатар дәрежеде өнер түрлеріне енген. Қойылымдар негізінде пайда болған хэппенингте орындау мен оқиғаның негізгі біріктіруші желісі – көрермен мен автор, жасаушы арасындағы қатынас. Қай жағдайда да көрермен сырттай бақылаушыдан туындының қалыптасуына әсер етіп, кері байланыс әсерін бастан кешіре отырып, авторға айналады. Қойылым да, оқиға да – интерактивті өнер түрлері. Импровизация мен кездейсоқтық өнімділік пен оқиғаларда маңызды рөл атқарады. Бірақ бұл жағдайда стихия мен алдын ала болжау мүмкін емес, өйткені қоғамның қатысуы арқасында іс-әрекеттің дамуы қозғалады.

Зонтагтың айтуынша, оқиғалардың байсалды және тәжірибелі аудиториясы көбінесе шоудың аяқталғанын немесе аяқталмағанын түсінбейді. «Әрбір нақты оқиғаның болжанбайтын ұзақтығы мен мазмұны – шығарманың әсерінің ажырамас бөлігі» (Зонтаг, 1997: 37).

Бірнеше ғылыми еңбектерді саралау нәтижесінде Д. Амантай, Д.Жылқыбай, Ө.Рахат шығармаларындағы алеаторика мен хэппенинг элементтерінің детальды түрде көрініс табу ерекшеліктері анықталды.

Ғылыми еңбектерге шолу жасау, алеаторика мен хэппенинг философиясын анықтап, әдеби шығармадағы көрінісін анықтау арқылы келесідей нәтижелер шығарылды:

- алеаторикадағы кездейсоқ әлемдегі ойыншы-кейіпкер тұлғасы мен автор импровизациясының ерекшеліктері анықталды;
- хэппенингтегі кездейсоқ құрылымдардың аласапыран әлеміндегі тұлға бейнесінің шығармадағы детальдық көріністері ашылды;
- әдеби шығармадағы постадам бейнесінің ашылуындағы айнала қоршаған әлем мен шығармадағы реквизиттердің кейіпкер өміріндегі өзгерістер мен кездейсоқ оқиғалардың орын алуына тигізетін әсері айқындалды;
- алеаторика мен хэппенингтің жалпы әдеби шығарма идеясының берілуі мен шығарма сюжетінің оқыс бұрылыстарын өзгертудегі орны көрсетілді.

**Талдау.** Алеаториканың өзіндік ерекшеліктеріне сүйенген, алеаториканың негізгі идеялары мен принциптері қолданылған әдеби шығармалар қазақ әдебиетінде де кездеседі. Оның үстіне, полисемантика, полистилистика әдебиетке енген заманда шығарманы толықтай алеаторикалық немесе хэппенинг бағытында жазылған шығарма деп қарамай, кез-келген бағытта жазылған шығармадан элементтерін, детальдық ерекшеліктерінің көрініс табуын кездестіреміз.

Дидар Амантайдың «Мен сізді сағынып жүрмін» атты повесінде төмендегідей жолдар кездеседі: «Мұхтар жұма күні атылып өлді. Ертеңіне, көкжиектен найзағайдай шашылған от зеңгір аспан төрінде аунаған жабағы бұлт сауырын көлденең қауып, сәуірдің суық жаңбыры Алматы шаһарын селіне ұзақ жуған шақта, шегендеп өрілген тас сораптың түбінен үңгіп жол тапқан жайсаң өңді жылғалар беймәлім жаққа жүрдек ағып жатқан.

Былтыр айырылысқанда, Мұхтар әуелі өкініп, кейін бәрібір сағынышына бой алдырып, түсінде көріп жүретін ғалиябануы нөсер шайып, қара қошқыл рең тартқан тоғыз қабатты үйдің екінші сынар дәлізіне жылап, суыт кірді» (Амантай, 2004: 112).

Біріншіден, бұл жолдарда «қайырымсыз құрылымдар» құрсауында жүрген жан-ның басындағы оқиғаларын және кейіпкердің ағыспен ілесіп ғана жүзіп келе жатқанына назарымыз ауады. Бұл оқиғалар шексіз көрінеді, сәтсіздіктер жойылмайды. Екіншіден, бұл повестің үйреншікті оқып үйренген шығармаларымыздан, құрылымы мүлдем бөлек. Постмодернизм өкілдері қалыптасқан конондар мен қалыптасқан құрылымдарды бұзушылар болғандықтан, бұндай қателердің болуы кешірімді жайт. Автор өзі жазған шығарма сөйлемдерінің стилистикалық жағынан үйлеспейтін тұстары бар екенін жақсы біледі. Осы шығармаға ұқсас кейбір әдеби шығармаларда алеаторика ерекше үлгіде кездеседі. ГФР-де беттері ауыстырылған кітаптар бірнеше рет шықты, ал Г. Хейт шығармаларында сөздердің де тұрақты орны жоқ. Джонсон кішкентай қорапшаға сиятын, жиырма жеті тараушадан тұратын «Бақытсыздар» (Несчастные, 1969) атты алеаторлық хикая тудырды. Бұл тараушаларды еркін тәртіппен орналастыра отырып, оқу ұсынылады (Борев, 2020:310). Мұндай ұстаным Джон Тоуз жазған баяндаудың деконструкциясына тікелей әкеледі: егер тіл шындықтың мағыналық кодификациясының негізгі формасы болса, онда кодтар жеке-дара бола алмайды (Тоews, 1987). Автор тілі барлығына түсінікті болу үшін адамдарға тәуелсіз өмір сүруі керек.

Алеаторикадағы полисемантизм, аяқсыз қалу, оның тұжырымдамасының бұрын іске асырылмаған перспективасының іске асырылуын түсінген сайын, шығарманың интерпретациясы оған автордан қабылдаушыға дейін қабылдау процесін динамикалы етеді. Шығармадағы түрлену, оқиғалардың оқыс өрістеуі «мақсатсыз» болып көрінеді. Алеаторлық шығарма мағыналық екіұштылықтың көркемдік-эстетикалық принциптеріне, көркем шығармаға мәтіндік және құрылымдық түсіндірулердің көптігіне, шығармашылық үрдіс нәтижесінің болжанбайтындығына сүйенеді. А. Шнитке «ештеңе дәл қайталана алмайды», – деп музыкадағы алеаторика идеясына пікір білдірген (Шнитке, 2001:22). Әдебиетте алеаториканың кездесуінде басты басшылыққа алынатын нәрсе – кездейсоқ ахуалдар, оқыс оқиға арнасының бұрылуы, кейіпкердің сәтсіздіктен қашуға талпынған «нәтижесіз әрекеттерінің» оқиға барысында кездесуі. Бұл мысалды Дж. Шелли көзқарасымен түсіндірер болсақ, «Гипермәтінде (шығармада) бәрі бірден пайда болады және бірдей өлшенеді. Бұл адам денесінен оның миы мықтырақ, жасушаларға таралған, мүмкіндіктерге толы, шешілмейтін түйіндерді шеше алады немесе оның күштілігі ағаштағы жүзім іспеттес. Жүзімі көп тал бүгілген кезде қабылданған шешімдер секілді тым күшті болады, бірақ ағаш құлап кетуі мүмкін екенін естен шығармаған жөн» (Shelly, 2018:17).

Мысалы, Әлішер Рахаттың «Қара мысықтың қожайыны» әңгімесіндегі мына жолдар алеаторикаға мысал бола алады: «Қожайын одан алдымен сәлемдесуді күткен, бірақ екеуінің көзі түйіскенде барып ойынан адасып қалды, өйткені бойжеткеннің жанары «алдымда адам тұр» деп тоқтаған жоқ. Қожайын осы қыздан үшінші рет байқады: алғаш пәтер кілтін бергенде, кейін екінші айдың төлемақысын алғанда да... Мына қыздың жанары кісіге тоқтамайды. Иен даладан көз қадайтын нәрсе таппай тұрған кісіше жанары сүзіп өтеді. Ештеңеге бөгелмейді де. Әйтпесе, Қожайын осы пәтердің алдына келгенде өзінің үстемдігін сезінер еді, әрі осы қыздың алдында тұрған барлық квартиранттар оның алдында именетін. Ал мына бойжеткен тұздай

көк көзімен көрмегендей сыңай танытады» (<https://zhasalash.kz/news/alisher-rahataraga-mysuqtyn-qozhajynu-5646.html>).

Бұл әңгімедегі техникалық мәселелермен келген қожайынның алдынан шыққан көккөзді қыздың көзқарасының шығарма желісін өзгертіп жіберуін оқырман күтпейді, өйткені кездейсоқтық әр шығармаға әртүрлі кіреді. «Адам не болып жатқанын түсінсе, ол болып жатқанды хаос деп санамайды», өйткені «хаос та, тәртіп те субъективті» демек, танымның шешуші факторы сананың дәрежесі болса, шығарма оған ықпал етеді (Чередниченко, 1999:350-351). Алеаторика да, хэппенинг те оқырман өмірінің, ортасының әсері негізінде пайда болған кездейсоқтықтарды көрсетеді. Дегенмен, идеяларында өзгешеліктер бар және идеяның жеткізілу жолдары екі түрлі.

Прозалық шығармаларда хэппенинг ерекшеліктерін кездейсоқ оқиғалардың іске асуынан кездестіре аламыз. Хэппенинг сонымен қатар стихия таңдамайды, санадағы көріністер де бейнеленуі мүмкін.

Оқиға әр қатысушының еркіндігін және объектілерді басқаруды тудырады. Барлық әрекеттер бұрын айтылған бағдарламаға сәйкес дамиды, онда импровизацияға үлкен мән беріледі, бұл санасыз себептерге әсер етеді.

Хэппенингтің «Аула» (Двор), «Туындылар» (Творения) (1958–1959) атты алғашқы қойылымдарының авторы – А. Капроу еді. Хэппенинг қойылымдары орындаушылардың жұмбақ, ал кейде логикаға қайшы әрекеттерін көздеп, қолданыста болған және күресіннен алынған заттардан тұратын, реквизиттің аса молдығымен сипатталады. Хэппенингке қатысушылар орындаушылардың жансыздығын, олардың біресе – жәшіктерге, біресе – шелектерге ұқсастығын әйгілейтін, адам айтқысыз әлем-жәлем костюмдер киеді. Мысалы, кейбір қойылымдар брезенттің астынан азаптана құтылуды көрсетеді. Осы ретте актерлердің жеке мінез-құлқына тән нәрсе – импровизация (Борев, 2020:310).

Дидар Амантайдың «Ібіліспен сүйісу» шығармасында: «Кенет оның сұңғыла бойы қауырсын құралпы жеңілдеп сала берді. Үсті-басына бейтаныс кемпір өрнек тоқи бастады. Өрмек ажалдың құлаштап лақтырған торы шығар. Айбақ-сайбақ тоқылған ау қалыңдай келе, қызғалдақтарға өзгерді. Талпақ танау қызғалдақтар тік көтеріліп, оны бүркей жапты да, шырмауық мойнын төмен сұғып, қойын-қонышына тарады, қарнын тесіп, шекке араласты, жан-жағын мүшелей отырып, түкпір-түкпірді жайлады. Келесі мезгіл Темірлан жуан тамырлы қызғалдақ болып жатты. Қызғалдақ қауырт бұзылып, тырбық шыршаның пормасына ауысты. Тырбық шырша тұс-тұсынан бұтақ жарып, шұғыл үлкейіп барып, құшаққа сыймас алып шынардың ауқымына тартты. Ол өзін алып шынар сезінді» – деген жолдар бар (Амантай, 2004:137). Күтпеген оқиғалар өзге әлем объектілері есебінен жүргізіліп, кейіпкер Капроудың «брезенттер астынан» шығуға талпынған кейіпкеріне ұқсап тұр. Аллан Капроу хэппенинг идеясының қалай келгені туралы сөз қозғағанда да объектілер мен кеңістіктің қатынасының маңызын айта кетеді. Капроу объективті сипатты галереяға енгізіп, кейін кеңістікті жаулайды, оқырман немесе көрермен оны энвайроменттің бір бөлігі ретінде қабылдайды. Капроу осы жаңашылдықтар негізінде мынадай тұжырым жасайды: «Содан бері менің басты техникалық міндетім барлық элементтерді біріктіру болды: қоршаған орта, құрылымдар, уақыт, кеңістік және адамдар» (Капроу, 1965:46-47).

Веналық экшнистер сияқты Лебел суретші «моральдық бұзушылық» жасап, ұжымдық тілектер мен үміттердің дирижері болуы керек деп есептеді (Уварова,2006:11). «Моральдық бұзушылық» тікелей постадам болмысының көрсеткіштерінің бірі. Дж. Хаксли постадам болмысын трансгуманизм ғылымымен тығыз байланыста қарастырып, өзінің «Трансгуманизм» мақаласында былай деп жазады: «бұл процесс біздің өз мүмкіндіктеріміз туралы хабардар болу жолында тұрған идеалдар мен институттарды жоюдан басталады және одан әрі адамның шынайы тағдырының нақты құрылысын бастау бағытында жалғасады» (Huxley,1957: 215).

Безендіруші-суретші көп жағдайда нақты кеңістік туралы түсінікті бұзып, ойын үшін таңдалған орынжайдың ішінде саналы түрде ұяшықтар, бөлімшелер жасайды. Хеппенингті қоюшылар «көрермен кеңістіктік бағдарланудың жаңа тәжірибесін жинақтайды» деп пайымдайды.

Досхан Жылқыбайдың «Квант» әңгімесі де хэппенингке айқын мысалы бола алады. Бір оқиғаның бір мезетте екі түрлі жалғасын тауып, екі түрлі өрбуінің өзі оқырманға акционизмнің үлгісін көрсеткендей болады. Адами факторлардың әсеріне сәйкес автор екі жағдайды да көрсеткенімен кез-келген адамның санасында мына жолды таңдар едім деген бір таңдау тұрары анық. Бірбеткей тұлғаның таңдауы немесе автор таңдауының нәтижесінде әңгіменің соңы шығармадағыдай аяқталып тұр, бірақ әр рецепиент өз түсінігі мен өз қалауының шеңберінде екінші кванттық сәуленің түскен тұсында бола алады. Мысалы: «Қастарының түйіскен жері мен мұрнының үсті әнтек әжімденді де: – Қой. Қызылымды киіп шыға берейін, – деп пиджагін қолына ұстаған күйі сыртқы есікке беттеді. Жол бойына шыға қалғанда екеуінің қол көтеруін күтпестен қызыл Toyota тоқтады. Баратын жерлері жақын болса да, көліктің жаңалығын ұнатқан Бекбол төрт жүз теңгеге келіскен. Артқы орындығына жайғасып, қозғалған көліктің жүрісін жүргізуші екіншіге ауыстырғанда барып Кәмилә баж ете қалды:

– Ойбай, ұмыттым. Кеше түнде сұр пиджагімнің қалтасына салып, дайындап қойған едім.

– Нені?

– Шпоргалка.

– Үйге кірсек кешігеміз. Уайымдамашы. Берілген парақтарды толтырып шықсаң жетеді емес пе?

– Тү-у-у, қиын болды...» – деген жолдар бар

(//[https://adebiportal.kz/kz/news/view/doshan\\_zhilkbai\\_kvant\\_\\_21862](https://adebiportal.kz/kz/news/view/doshan_zhilkbai_kvant__21862)). Бұл кванттық сәуленің түскен бір тұсы. Екінші оқиғада:

« – ...Бек, қай пиджагімді кисем болады?

– Түнде сұрыңды дайындап жатыр ең.

Кәмилә тыжырына сұр пиджагін қолына алды.

– Киетін киімім жоқ.

– Артыңнан келеді ғой.

– Жазға дейін жүрем бе осылай, – деп буыны кеткендей мойнына асыла берді.

– Ками! Жылдам шығайық енді.

Жол бойына жақындағанда Бекболдың көзіне өтіп бара жатқан қызыл Toyota жылы ұшырады» – деген жолдарда екінші жағдай нәтижесі жалғасын табады ([https://adebiportal.kz/kz/news/view/doshan\\_zhilkibai\\_kvant\\_21862](https://adebiportal.kz/kz/news/view/doshan_zhilkibai_kvant_21862)).

Бұл жолдардан хэппенингке тән заттық әлем объектісінің де әсерін де көре аламыз. Жағдайдың кездейсоқтыққа әкеп соғуына өз кезегінде пиджактың әсері мол. Шығарма барысындағы оқиғалар «аяқсыз» әрі аяқталуы маңызсыз көрінеді. Сонымен қатар бұл мысалды зерттеуші Анри Пуссердің пікірі арқылы түсіндіруге болады. Ол автор жасаған тәртіп пен тыңдаушы қабылдаған тәртіп арасындағы айырмашылықты дәл сипаттады: «дәл осы жерде автор тарапынан ең абстрактілі конструкциялар қолданылған жерде, шығармадағы еркін ойындардың нәтижелерінде оқырманда оқиғаның соңын өздігінен іздеу сезімі пайда болады» деген тұжырым қалдырған [Pousseur, 1966:93]. Расында да бұл акционистік бағыттың ерекшеліктеріне сүйене отырып, шешімді оқырманға өз көзқарасымен аяқтауға мүмкіндік беріледі.

Хэппенинг алға тартқан әлем мен тұлға концепциясына құрылған. Яғни, тұлға өмір сүріп жатқан стихия, әлем кездейсоқ оқиғалар тізбегі, ал ондағы тұлға субъект ретінде толық еркіндікті сезінеді, бірақ айналып келгенде біртұтас әрекетке бағынады.

**Қорытынды.** Туыстас келетін хэппенинг пен алеаторика театрлық-көрермендік қойылым мен екі жақтың біріккен әрекетінің нәтижесінде орындаушылық процесіне ден қою, көрермендер мен тыңдармандардың алдында ашық көрсетілетін оқиға желісінен бастау алды. Сонымен қатар, импровизацияның шығармада көрініс табуы, шығармада кездесетін кездейсоқ оқиғалардың қосылуы жақындастырады.

Алеаторика мен хэппенингтің идеяларының әр түрлі өнер салаларындағы өнер туындыларында көрініс тауып үлгергендіктен, транспәнділік зерттеу әдісі арқылы талдаулар жасалып, нәтиже шығарылды. Әдеби шығармаларда алеаторика мен хэппенинг тұлғаның постадамға айналуын кездейсоқ оқиғалар кейіпкердің «ілесіп кетуі» арқылы көрініс табуы қарастырылды.

Қорыта айтсақ, автор мен қабылдаушы қатынасы негізінде қоғамдық-әлеуметтік өзгерістерге ұшыраған кейіпкер тұлғасының жан-жақты ашылуының әдеби шығармадағы көрінісіне аталған екі бағыттың ерекшеліктерінің әсері жеткілікті деңгейде деген тұжырым жасай аламыз.

**Султанғалиева Р.Б.<sup>а</sup>, Харисова Ж.Ж.**

*Западно-Казахстанский университет имени М. Утемисова*

*Орал, Казахстан*

*E-mail: R.Sultangalieva@mail.ru, zharkynay.kharisova@bk.ru*

*ORCID: 0000-0003-3125-3759, 0000-0002-6330-287X*

#### **Отражение персонажей в мире случайных событий в литературном произведении в соответствии с особенностями алеаторики и хэппенинг**

**Аннотация:** Вступление постмодернизма в мировую культуру во второй половине 20 века оказало значительное влияние на многие сферы искусства. В результате разделения постмодернизма на различные направления выделение направления алеаторики и хэппенинг стало началом написания многих произведений. В статье приводится информация об особенностях алеаторики и хэппенинг в таких областях искусства, как драма, музыка, а также обсуждаются случаи проявления в литературе.



Алеаторика и хэппенинг как художественные направления в искусстве, происходящие в глазах зрителей и слушателей, имеют свою технику исполнения. В процессе выявления особенностей встречи алеаторики и хэппенинга в литературе обращается внимание на философскую сущность и идею этих направлений.

В статье раскрывается образ постчеловека в двух основных направлениях постмодернизма под влиянием окружающей среды, социальной ситуации, материального мира. Поскольку алеаторика основана на философском представлении о том, что жизнь управляется случайностью, автор пытается спасти главного героя от недобросовестных структур, но сталкивается с субъективным произволом, вызванным другими событиями. В хэппенинге постчеловек в мире, состоящем из серии случайных событий, подвергается свободолобивому образу, субъективно ощущающему полную свободу, но на самом деле подвластному судьбе. Есть также загадочные, нелогичные действия персонажей.

В большинстве новаторских произведений казахской литературы встречаются черты, характерные для алеаторики и хэппенинга. Учитывая, что искусство зависит от социальной стабильности общества, закономерно, что в соответствии с происходящими изменениями в обществе и культуре особенности постмодернизма влияют и на литературное произведение. Для рассмотрения проявлений родственных направлений в литературе были проанализированы произведения нескольких писателей, приведены примеры.

**Ключевые слова:** алеаторика, хэппенинг, случайность, игрок, философия, идея, личность, постчеловек, логика.

**Sultangaliyeva R.B<sup>\*</sup>, Kharisova Zh.Zh.**

*Makhambet Utemisov West Kazakhstan State University  
Oral, Kazakhstan.*

*E-mail: R.Sultangaliyeva@mail.ru, zharkynay.kharisova@bk.ru*

*ORCID: 0000-0003-3125-3759, 0000-0002-6330-287X*

### **Reflection of characters in the world of random events in a literary work according to the features of aleatorics and happening**

**Abstract:** The entry of postmodernism into world culture in the second half of the 20th century had a significant impact on many areas of art. As a result of the division of postmodernism into mutual directions, the separation of the aleatorics and happening directions became the beginning of writing many works. The article provides information about the features of aleatorics and happening in such areas of art as drama, music, and discusses cases of manifestation in literature.

Aleatorics and happening as artistic trends in art, occurring in the eyes of the audience and listeners, have their own technique of execution. In the process of identifying the features of the meeting of aleatorics and happening in the literature, attention is drawn to the philosophical essence and idea of these directions.

The article reveals the image of a posthuman in two main directions of postmodernism under the influence of the environment, social situation, and the material world. Since aleatoric is based on the philosophical notion that life is governed by chance, the author tries to save the protagonist from unscrupulous structures, but is faced with subjective arbitrariness caused by other events. In happening, the posthuman in a world consisting of a series of random events is exposed to a freedom-loving image that subjectively feels complete freedom, but in fact is subject to fate. There are also mysterious, illogical actions of the characters.

In most of the innovative works of Kazakh literature, there are features characteristic of aleatorics and happening. Considering that art depends on the social stability of society, it is natural that, in accordance with the ongoing changes in society and culture, the features of postmodernism also affect the literary work. To consider the manifestations of related trends in literature, the works of several writers were analyzed, examples were given.

**Keywords:** aleatorics, happening, chance, player, philosophy, idea, personality, posthuman, logic.

#### **Информация об авторах:**

*Султангалиева Рита Бекжановна, ассоциированный профессор, к.ф.н., Западно-Казахстанский университет имени М. Утемисова;*

*Харисова Жаркынай Жадгеровна, магистр, Запaдно-Кaзахстанский университет имени М. Утемисова*

### Әдебиеттер:

- Амантай Д. Күзгі рандеву. Роман, повестер, әңгімелер. – Астана. Елорда, 2004. – 200 б. (қаз.)
- Бахтиярова Е.З., Черникова И.В. Адамзаттың даму стратегияларын концептуализациялау мәселесі // Томск мемлекеттік Философия университетінің хабаршысы. Әлеуметтану. Саясаттану. 2019. № 47 (орыс.)
- Борев Ю.Б. Эстетика. Оқулық. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2020. – 408 бет. (қаз.)
- Еркін алеаторлық және қатаң нысаны. (1) [Электрондық ресурc]: (<https://tarrabass.livejournal.com/89183.html>) (орыс.)
- Жылқыбай Д. «Квант». [Электронды ресурc]: // [https://adebiportal.kz/kz/news/view/doshan\\_zhilkibai\\_kvant\\_21862](https://adebiportal.kz/kz/news/view/doshan_zhilkibai_kvant_21862) (қаз.)
- Зонтаг С. Хэппенинг: Ессіз салыстыру өнері: 1960-70 жылдардың таңдаулы эсселері // С.Зонтаг: Мәскеу, 1997. 37-45 бб. (ағылш.)
- Капроу А. Мәлімдеме. – С: Оқиғалар. Суреттелген антология. Ред. М.Кирби. Н.Ю., 1965, б. 46-47. (ағылш.)
- Пуссер Х. жаңа музыкадағы тәртіп туралы сұрақ [Мәтін] // жаңа музыканың болашағы. 1966. № 5(1). 174 б. (ағылш.)
- Рахат Ә. «Қара мысықтың қожайыны». [Электронды ресурc]: // <https://zhasalash.kz/news/alisher-rahata-qara-mysyqtyn-qozhajyyny-5646.html> (қаз.)
- Тоуз Дж. лингвистикалық айналымнан кейінгі интеллектуалды тарих: мағынаның дербестігі және тәжірибенің жинақталмауы // американдық тарихи шолу. 1987. Vol. 92. P. 882. (ағылш.)
- Уварова Е. Көшелер мен стадион өнері / Э. Уварова // Мәдениет. – 2006. -№16. - 11 б. (орыс.)
- Хаксли Дж. Трансгуманизм / Дж. Хаксли // жаңа шарапқа арналған жаңа бөтелкелер. – Лондон: Chatto & Windus, 1957. – Б.13-17. 318 Б. (ағылш.)
- Чередниченко Т. Ресей 1990 жылдардағы ұрандар, рейтингтер, бейнелер: Мәдениет тарихының өзекті лексикасы [Мәтін]. Мәскеу: Жаңа әдеби шолу, 1999. 416 б. (орыс.)
- Шелли Дж. Стич стерва: Шелли Д. Стич стерва: жамылғы қыз. // [http://web.mit.edu/m-i-t/articles/index\\_jackson.html](http://web.mit.edu/m-i-t/articles/index_jackson.html) (тапсыру күні-2018 жылғы 20 ақпан). (ағылш.)
- Шнитке А. Жазу әдісіндегі жаңа әдіс – статистикалық әдіс [Мәтін] // Альфред Шниткеге арналған. Шнитке орталығының коллекцияларынан. Мақалалар жинағы/ ред. Құраушы А.В.Богданова М.: А.Г.Шнитке атындағы Мәскеу мемлекеттік музыка институты, 2001. С. 18-22. (ағылш.)

### Литература:

- Амантай Д. Осеннее рандеву. Романы, повесты, рассказы. - Астана. Элорд, 2004. - 200 с. (қаз.)
- Бахтиярова Е.З., Черникова И.В. Проблема концептуализации стратегий развития человечества // Вестник Томского государственного университета Философия. Социология. Политология. 2019. № 47 (рус.)
- Борев Ю. Б. Эстетика. Учебник. - Алматы: Общественный фонд «Национальное бюро переводов», 2020. - 408 стр. (каз.)
- Жылқыбай Д. «Квант». [Электронный ресурc]: // [https://adebiportal.kz/ru/news/view/doshan\\_zhilkibai\\_kvant\\_21862](https://adebiportal.kz/ru/news/view/doshan_zhilkibai_kvant_21862) (каз.)
- Зонтаг С. Хэппенинг: Искусство безоглядных сопоставлений: Избранные эссе 1960-70-х годов // С. Зонтаг : Москва, 1997. С. 37-45. (англ.)
- Капроу А. Заявление. - В: События. Иллюстрированный антолог. Эд. М. Кирби. Н.Ю., 1965, с. 46–47. (англ.)
- Пуссер Х. Вопрос о порядке в новой музыке [Текст] // Перспективы новой музыки. 1966. № 5(1). 174 с. (англ.)

Рахат А. «Хозяин черной кошки». [Электронный ресурс]: //https://zhasalash.kz/news/alisher-rahata-qara-mysyqtyn-qozhajyny-5646.html (каз.)

Свободная алеаторика и строгая форма. (1) [Электронный ресурс]: <https://tarrabass.livejournal.com/89183.html> (рус.)

Тоуз Дж. Интеллектуальная история после лингвистического поворота: Автономия значения и несводимость опыта // *American Historical Review*. 1987. Vol. 92. P. 882(англ.)

Уварова Е. Искусство улиц и стадиона / Е. Уварова // *Культура*. - 2006. -№16. - с.11. (рус.)

Хаксли Дж. Трансгуманизм / Дж. Хаксли // *Новые бутылки для нового вина*. – Лондон : Chatto & Windus, 1957. – С. 13-17. 318 с. (англ.)

Чередниченко Т. Россия 1990-х в слоганах, рейтингах, имиджах: Актуальный лексикон истории культуры [Текст]. М.: Новое литературное обозрение, 1999. 416 с. (рус.)

Шелли Дж. Стич стерва: Шелли Д. Стич стерва: лоскутная девочка. //http://web.mit.edu/m-i-t/articles/index\_jackson.html (дата передачи - 20 февраля 2018 года). (англ.)

Шнитке А. Новое в методике сочинения - статистический метод [Текст] // Альфреду Шнитке посвящается. Из собраний «Шнитке-центра». Сборник статей / ред. составитель А. В. Богданова М.: Московский государственный институт музыки имени А. Г. Шнитке, 2001. (англ.)

### References:

Amantai D. (2004) Autumn rendezvous. Novels, novellas, short stories. - Astana. Elord. - 200 p. (in Kaz.)

Bakhtiyarova E.Z., Chernikova I.V. (2019) The problem of conceptualization of human development strategies // *Bulletin of Tomsk State University Philosophy. Sociology. Political science*. No. 47 (in Russ.)

Borev Yu. B. (2020) Aesthetics. Textbook. - Almaty: Public Fund «National Translation Bureau». - 408 p. (in Kaz.)

Cherednichenko T. (1999) Russia of the 1990s in slogans, ratings, images: Actual lexicon of cultural history [Text]. Moscow: New Literary Review. 416 p. (in Russ.)

Free aleatorics and strict form. (1) [Electronic resource]: <https://tarrabass.livejournal.com/89183.html> (in Russ.)

Huxley J. (1957) Transhumanism / J. Huxley // *New Bottles for New Wine*. – London : Chatto & Windus. – P. 13-17. 318 p. (in Eng.)

Kaprow A. A. (1965) Statement. – In: *Happenings. An Illustrated Anthology*. Ed. by M. Kirby. N. Y., p. 46-47. (in Eng.)

Pousseur H. (1966) The Question of Order in New Music [Text] // *Perspectives of New Music*. Nr 5(1). 174 p. (in Eng.)

Rahat A. «The owner of the black cat». [Electronic resource]: //https://zhasalash.kz/news/alisher-rahata-qara-mysyqtyn-qozhajyny-5646.html (in Kaz.)

Schnittke A. (2001) New in the methodology of composition - statistical method [Text] // *Dedicated to Alfred Schnittke. From the collections of the Schnittke Center. Collection of articles / ed. compiled by A.V. Bogdanova M.: Moscow State Institute of Music named after A. G. Schnittke*. pp. 18-22. (in Rus.)

Shelly J. (2018) Stitch bitch: Shelly D. Stitch bitch:the patchwork girl. //http://web.mit.edu/m-i-t/articles/index\_jackson.html (transfer date-February 20, 2018). (in Eng.)

Sontag S. (1997) *Happenings: The Art of reckless comparisons : Selected essays of the 1960s-70s* // S. Sontag : Moscow. pp. 37-45. (in Eng.)

Toews J. (1987) Intellectual History after the Linguistic Turn : The Autonomy of Meaning and the Irreducibility of Experience // *American Historical Review*. Vol. 92. P. 882. (in Eng.)

Uvarova E. (2006) Art of streets and stadium / E. Uvarova // *Culture*. - No. 16. - p.11. (in Rus.)

Zhylykbaev D. «Quantum» [Electronic resource]: // [https://adebiportal.kz/ru/news/view/doshan\\_zhilikbaev\\_kvant\\_\\_21862](https://adebiportal.kz/ru/news/view/doshan_zhilikbaev_kvant__21862) (in Kaz.)

**Карбозов Е.К.<sup>1</sup>, Шегебаев А.М.<sup>2</sup>, Қыргызбаева А.Д.<sup>\*3</sup>**

*Эль-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті*

*Алматы, Қазақстан.*

*e-mail: e.karbozov76@gmail.com ; aibek.shegebaev@gmail.com a.qirgizbaeva@gmail.com \**

*ORCID: 0000-0001-7909-1299; 0000-0001-8079-4303; 0000-0001-6977-9284\**

## **ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ӘНГІМЕЛЕРІНДЕГІ САКРАЛЬДЫЛЫҚ ҰҒЫМ-ТҮСІНІКТЕРДІҢ КӨРКЕМДІК ҚЫЗМЕТІ**

**Аңдатпа.** Мақалада қазіргі қазақ әңгімелерінің табиғатына тән қастерлі (сакральді) ұғым-түсініктердің көркемдік қызметін әр түрлі аспектіде арнайы қарастыруға талпыныс жасалды. Талдау нысанына алынған белгілі қаламгерлерлер: Т. Нұрмағамбетовтің «Әулет иесі», «Ата қоныс», Қ. Жұмаділовтің «Күзғынның өлімі», М. Мағауиннің «Қара ләйлек», Т. Сәукетайдың «Сүйек», Н. Ораздың «Жылқының көз жасы», А. Алтайдың «Көзгендет», Ә. Салықбайдың «Құлыптастың киесі» атты әңгімелеріндегі атамекен, туған жер, аң-құстың киесі, ұрпақ жалғастығы, отбасылық құндылықтарға қатысты дәстүрлі таным-түсініктердің кейіпкер болмысын ашу, автордың ұстанымын, стильдік шеберлігін танытудағы мәні ғылыми тұрғыдан зерделенді. Бұған дейін әртүрлі ғылым салаларының аясында зерттелгенімен, әдебиеттану ғылымында арнайы қарастырылмаған қастерлі ұғым концепциясының әңгіме жанрындағы көркемдік қызметін талдау арқылы оның әңгіме мәтініндегі сан түрлі семантикасын ашу көзделді.

Зерттеу аясында әдебиеттану ғылымындағы соңғы ғылыми ой-тұжырымдарға сүйене отырып, көркем әдебиет пен фольклор байланысы заңдылығы аясында ой-тұжырымдар түйінделді. Сакральдылық мазмұнының концептік сипаты мен фольклоризмге қатысы назарға алынды.

Сондай-ақ көркем мәтінді талдау барысында түрлі ғылым салаларындағы (этнография, психология, философия т.б.) «сакральдылық» ұғымына қатысты ой-тұжырымдар сабақтастықта қарастырылды. Дәстүрлі уақыт пен кеңістік мәні арқылы сакральдылық ұғымының авторлық ұстаным, авторлық шешім, кейіпкер болмысы мен іс-әрекетінің мақсатын танытудағы шығарма поэтикасындағы қызметіне мән берілді. Әрбір қаламгердің ерекшелігі мен ортақ ұстанымдары айқындалды.

Көркем әдебиеттегі сакральдылық тақырыбының жалғастығын таныту мақсатында аға буын мен орта буын жазушылар әңгімелері талданды.

Мақалада талдау, салыстыру әдістері қолданылды.

Зерттеу нәтижесінде ұлттық танымдағы қастерленген ұғымдардың әңгіме құрылымындағы әр қилы қызметі сараланып, символ, түс көру, ішкі монолог, баяндау, диалог, әңгіме ішіндегі әңгіме, еске түсіру, әңгімелеу әдістері, заттар әлемі т.б психологизмнің әдіс-тәсілдері аясындағы мәні ашылды. Мақала мақсатына сәйкес зерттеу нәтижесінде халықтың ғасырлар бойғы қастер тұтқан түсініктерінің бүгінгі заманның өзекті мәселелерін қозғап, ұлттық құндылықтарды жаңғырту бағытындағы мән - мағынасы бағамдалды. Сонымен қатар мақалада зерттеу нысанына алынған авторлардың шығармаларына ортақ дәстүрлі таным мен жаңа заманғы көзқарастардың рухани сабақтастығы жайында ой-тұжырымдар түйінделді.

Зерттеу нәтижелері прозадағы қастерлілік (сакралді) мәселесі жайындағы ізденістерге дереккөз бола алады.

**Түйін сөздер:** әңгіме, қастерлілік, символ, түс көру, ішкі монолог, баяндау, еске түсіру, ата мекен, метафора.

**Кіріспе.** Халқымыздың бүкіл тыныс-тіршілігінің денін құрайтын қастерлілік (сакральное) ұғымы қазақ әдебиеттану ғылымындағы енді-енді назар аударылып жатқан құбылыс. Фольклортанушы ғалым К. Матыжанов алғаш рет осы мәселенің

бұрын дін, философия тағы басқа ғылым салаларынан бөлек гуманитарлық ғылым ауқымындағы мән-мағынасы мен заңдылықтары жөнінде ғылыми тұрғыдан тұжырымдаған. Алайда қазақтың ежелден бергі дүниетанымындағы қастерлілік ұғымының мәні де қатар ұғынылады. Ең алдымен белгілі бір құбылысты, ұғымды қастер тұтып, оны өмірінің негізгі қағидасына айналдырған халықтық түсінік ұрпақтан-ұрпаққа ауысып отырған. Ол қазақтың тіліне, туған жеріне, ата-бабасына деген сезімдерімен қатар өріліп жатқан қос ағысты құбылыс деуге болады. Мұндай құбылыстың бүгінгі жаңа заманғы жазушылар туындыларында да ерекше мән иеленуі оның өміршең маңыздылығын көрсетеді.

Мақаламызға өзек болып отырған аға буын, орта буын және жас буын қаламгерлердің туындыларындағы қалыптасқан қастерлі, киелі саналған ұғымдардың поэтикалық қызметі осылай пікір түюге негіз болады. Бірнеше ұрпақ арасын жалғап отырған осы ұғымдар арқылы қаламгер қандай ой айтқысы келді? Және қандай шеберлік көрсетті? деген мәселе жан-жақты талдауды керек етеді. Өйткені «Қастерлілік идеясы қастерленген кез-келген заңдылықты бұзып-жарып өзгертуі мүмкін, сондықтан да ол қасиетті, құдіретті. Ол абсолютты шындық ретінде біздің, танымымыздан, білім-білігімізден әркез жоғары тұрады, біз тек оның әрекет-көрінісін ғана тамашалаймыз. «Қастерлілік актісі тұрмыс пен сананың сұранысы (вызов) мен оған берілетін жауаптың арасына символды делдал ете отырып, олардың біртұтастығын бейнелейді. Олар бірінсіз бірі тұтастықты құрай алмайды. Қастерлілік адамды ерекше әсерге бөлей отырып үрейлендіреді де, мұндай қысымға қастерленген нысандар мен құбылыстарды туғызатын мәдениет арқылы ғана төтеп беруге болады. Қастерліліктің көрінісі үнемі алуан түрлі аста-төк ақпарат ағынын туғызады» (Матыжанов, 2020:9).

Қазақ әдебиеттану ғылымындағы осы тақырыпқа қатысты жалпы қарастырған зерттеу еңбектердегі ғылыми тұжырымдарды тірек ете отырып, мақалада әрбір әңгімеге қатысты өзіндік ой-тапшылаулар жасалды.

**Зерттеу материалдары мен әдістері.** Зерттеу жұмысының пәні ретінде қазіргі қазақ әңгімелеріндегі сакральдылық мәселесі алынды. Біз қарастырып отырған әдебиеттегі сакральдылық тақырыбына байланысты зерттеулер бір жүйеге түспеген. Өрине қазақ прозасының әртүрлі мәселелерін қарастырған зерттеу еңбектерде әсіресе, мифке, фольклорға қатысты талдауларда бұл тақырыптың кейбір қырлары жөнінде ой-тұжырымдар бар. Сондықтан да фольклор мен әдебиет байланысын қарастырған іргелі еңбектер мен қатар жеке монографиялар да назарға алынды. Қазақ әдебиетінің фольклормен тығыз байланыстылығы С.А. Қасқабасов «Қазақ әдебиеті және фольклор» (Қасқабасов, 2008: 9), А. Жақсылықовтың (Жақсылықов, 1999: 12-18), А.Таңжарықованың (Таңжарықова, 2017: 23) А.Тойшанның (Тойшанның, 2012: 30) еңбектерінде арнайы сөз болған. Мұнан басқа да әдебиеттің әртүрлі мәселелері аясында жалпы қарастырған еңбектерден аталмыш тақырыптың кең ауқымды әрі сан салалы екендігі танылады. Сонымен қатар бұл тақырыпты қарастыру үшін тек әдебиет пен фольклор зерттеулері ғана емес, этнография, тарих, тіл ғылымының іргелі еңбектері де есепке алынып, ішінара пәнаралық байланыста ой-тұжырымдар жасалды. Жас ерекшелігі әрқилы қаламгерлердің әңгімелеріндегі сакралдылық

құбылысының сюжеттік, поэтикалық қызметін талдау арқылы бұл күрделі тақырыптың маңызды мәнін ашуға тырыстық. Жалпы алғанда, көркем әдебиеттегі сакральдылық ұғым-түсініктердің образ сомдау, авторлық стильді айқындаудағы мәніне ғылыми тұрғыдан өзіндік пайымдаулар жасалды.

**Талдау.** Көркем әдебиеттегі қастерленген ұғымдардың көрінісін авторлық таным, кейіпкер болмысы, шығарманың поэтикалық болмысы (баяндау, диалог, монолог, сюжет, мотив т.б) арқылы танып білуге болады.

Кейде шығарманың атауынан-ақ осы ұғым-түсініктер аңғарылады. Мәселен, «Сүйек». «Жылқының көз жасы», «О дүниенің қонағы» т.б.

Қазақ болмысындағы туысқандық, бауырмалдық қасиеттері ең көне замандардан басталып, замандар бойына ұлттың ұйытқысы боларлық заңдылыққа айналған. Ол сакральдылық пен қатар тілдегі концептік ұғымдармен де сабақтасып жатады. «Қазақ лингвомәдениетіндегі концептосферада ерте дәуірден біздің заманымызға дейін ерекше нақтыланған мінез-құлық этикеті орын алады. Ол әсіресе туыстық қатынаста: үлкендер мен кішілер арасындағы, алыс-жақын туыстар арасындағы, күйеуі мен әйелі арасындағы, ата-ана мен балалары арасындағы сыйластық түрінде көрінеді» (Ахметжанова, 2012: 95). Қазақтың талантты жазушысы Т.Сәукетайдың «Сүйек» әңгімесі қазақтың ежелден келе жатқан «Су сүзілмейді, сүйек үзілмейді» – дейтін қағидасының негізіне құрылған. Халықтың «сүйегін сатпау», «сүйегін қорлатпау» ұғымдарында адам баласының сүйегі мен жаны біртұтас ұғынылған деуге болады. Тіпті жаугершілік заманның өзінде батырдың сүйегін жау жерінде қалдырмай өз мекеніне әкеп жерлеу аруақ алдындағы борыш, тірілердің қасиетті парызы саналған. Жазушы осы ұғымға көркемдік жүк арта отырып, заман, қоғам шындығын, қазақтың басына төнген ауыр күндердің зардаптарын таныта алған. Кеңестік кезеңдегі түрлі саяси қысымдардың халықтың тарихи жадысын өшіруге бағытталған іс-әрекеттерін өз кейіпкерінің жазықсыз ұсталып, алыс шалғайда жерленуі арқылы берген.

Заман қысымынан босап, жақсылықтың лебі есе бастаған сәттегі Еріктің ағасының сүйегін туған топырағына әкеліп жерлеуі, сүйекті әкелер алдындағы ауыл елдің ақсақалынан бата алып аттануы шығарманың ұлттық құндылығын көтере түсетін сәттер. Екі дүниенің сауабын қатар ұстаған далалық ілімнің аясындағы ауыл адамдарының аруақты қастерлеуге қатысты ой-пікірлерінің өзі де көп жайтты аңғартқандай. «Аруаққа құрметің дұрыс, шырағым! – деді қария жарқыраған кең маңдайын арлы-берлі сипап отырып. – «өлі аруақты, тіріде бір-бірін сыйламаса, адамда не адамшылық қалмақ. Қай заманда да елін-жерін жаудан қорғағанда «ата-бабамның сүйегі жатыр, таптатпаймын, қорлатпаймын» деп арпалысып келді емес пе?! Пенде боп дүниеге келген соң өлу – хақ. Ерте ме, кеш пе – бір төбеде төмпешік боп жатасың. Артында қалған бар белгің сол. Ұрпағың соған қарап «ата-бабам» деп есіне алады. Арлы-берлі өткендер аятын оқып, бетін сипайды. «Жарықтық, бір кезде бұлар да жер бетін алшаң басып, есіп-шалқып жүрді-ау. Күні ертең біз де өстіп жатамыз ғой» – деп, тірліктегі бая-шая қырқылжыңға бас шайқап, есі бары, бір сәт болса да, тәубеге келер. Ал, сайда – саны, құмда ізі жоқ, әр төбенің басында бір қалса, арам өлген қойды иіс-қоңыс шықпасын деп көме салғаннан несі артық» (Сәукетаев, 2006:



15). Шағын әңгіме жанрында жазылса да туындының тұла бойы тұнған қастерлі ұғым-түсініктерге толы деуге болады. Аласапыран заманның кесірінен туған ағасының бабалар қорымына жерленбей, алыста қалуы көкірегінде шер қалдырған Еріктің аруақ, бауыр алдындағы қастерлі парызынан бөлек, туыстық негізді анықтаудағы қазақтың ежелгі заманғы медициналық білімінің бір сәті бейнеленген. Бұл жоғарыда аталған «Сүйек үзілмейді» деген мәтелдің тегін шықпағанын танытса керек. Елге жеткізілген сүйекті анықтау үшін оның артында қалған жалғыз тұяғының саусағынан, сосын өзінің қанын сүйекке қан тамызу арқылы текті, аталық жібін үзбеді анықтаудың құдіреті де таң қаларлық оқиға. «Міне, – деді қария өзі ашқан кереметке өзі қайран қалып. – Бір қан, бір жаннан жаратылды деген осы. Бала – бауыр етің деп тегін айтқан ба?. Өз бетінше қыбырлаған тірлік иесі демесең ол – сенің денеңнің бір бөлігі. Осы қан жеті атаға дейін ұрпақ бойынан үзілмейді. Қазақтың жақыннан қыз алыспайтыны сондықтан. Бәйтеректі түбінен қырықсаң тамырынан жас шыбық көктеп шықпай ма?. Сол қылтиып өскен жаңа өркен мынау!. Қария анандайда әлде нені шұқылап, тас үстінде шоқиып отырған балаға қарай иек қақты. – Ағаңның өзі өлгенмен көзі тірі, шырағым. Кішкентай сәбидің тамырында бүлкілдеп соғып тұрған соның қаны..» (Сәукетаев, 2006: 15). Сондай-ақ, шығармадағы сүйекке түскен дақ, мертігу, сыну ізі арқылы да шынайлықты анықтау тәжірибелері ежелгі қазақ емшілігінің көріністері. Әңгімеде көркемдік деталь ретінде алынған ағайынды батырдың бірінің ұрыста қаза болып, бауырын тұтас әкете алмасын білгендіктен, етін сылып тастап сүйегін туған жеріне әкеп көмгендігі жайлы аңыз да халықтық сан замандар бойына аруақты, туған жерді киелеген қасиеттерінен хабардар етеді. Жазушының шеберлігі осы ұғымдардың барлығын бірсыдырғы баяндау жолымен емес, бірде екі адамның диалогы бірде әңгіме ішіндегі әңгіме тәсілі, еске түсіру, әңгімелеу әдістері арқылы негізгі тақырыпты кеңінен ашудың түрліше тәсілін табуа шеберлік танытқан. Белгілі антрополог ғалым О.Смағұловтың қазақтардың Еуразия құрлығындағы халықтардың ешқайсына ұқсамайтын антрополгиялық ерекшелігі жайлы пікірлеріне ден қойсақ, (Смағұлов, 2017: 28) ұлттық болмысымыздың тамыр-тегіміздің ерекшелігін танудың негізі тым тереңнен басталып, осындай тұтас жұрт қастерлеген ұғымдар арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жеткендігіне көз жеткіземіз. Жазушы да халықтың осы ұғымын көркемдік тұрғыдан қайта жаңғырту арқылы өзекті ой айта білген.

Ата-баба аруағын қастерлейтін халықтық танымның ислам құндылықтарымен астасып, тірілер парызына айналатындығы белгілі. Мәселен, жазушы Ә. Салықбайдың «Құлпығастың киесі» атты әңгімесі өзіне ұстахана соғу үшін Матвейдің қазақ қорымындағы қабірді бұзу үстіндегі ішкі ойының арпалысына құрылған. Ішкі монологтың түрлерін шеберлікпен пайдаланған қаламгер кейіпкердің ата тек, туған жер, киелілік дейтін ұғымдардан мақұрым болмысын өз ойы арқылы өзіне аштырады. Қираған үйінді астында қалып мерт болған Матвей тағдыры да автордың оқырманна ой тастайтын өзіндік шешімі. Себебі, «Монолог арқылы мінездер ерекшелігі, ойлау сипаттары, образдың дүниетанымдық арналары өрнектеледі. Шығарма идеясының не бір нәзік тұстары, кейде автор мақсатының басты дәні көп ретте ішкі сөздер ағымымен бейнеленеді» (Майтанов, 1987: 31).

Өзін табиғатпен етене танитын көшелі қоғам өмірінде аң-құстың киесі жайлы ұғымдар қатаң сақталған. Олардың да адам тіршілігімен ұқсас тыныс-тіршілігі бар, сондықтан оны пайдаланудың да жөн-жосығы болады деп ұғынған. Қазіргі қазақ прозасындағы бірнеше ұрпақ өкілдерінің шығармаларынан көрініс табатын осы қастерлі түсініктер арқылы екі түрлі құбылысты байқауға болады. Бірі адамзатқа аяулы саналатын аң-құс түрлеріне адамның қарым-қатынасы мен адамға зиянкес саналатын түрлерімен арақатынасына құрылып, оқырманға ой айтудың құралына айналады. Ұлт мәдениетінде құс атауларының да ырым-жоралғылық, тыйымдық, нанымдық қасиеттері мол болған. Мифологиялық дүниетаным бойынша, ертедегі адамдар құсқа, жоғары әлемнің бейнесі, көк тәңірімен тілдесіп көк пен жерді байланыстырып тұратын киелі күш – тотем деп табынған.

Көшпелі тұрмыс кешкен ата-бабаларымыздың өзін қоршаған ортадағы түрлі табиғат құбылыстарына жете мән беріп, аялап, сол табиғат өзгерістеріне сәйкес өмірлік бағдар жасай отырып, табиғатпен тығыз үйлесімді байланыста бірге өмір сүруге бейімделген. Жаз жайлау, қыс-қыстауды мекен етіп, далалық өмірде тіршілік кешкен қазақ халқы әрбір мекеннің табиғи ерекшелігі мен құпиясын бала жасынан игеріп, қыстың қаһарлы суығы мен боранынан да жаздың аптап ыстығынан да аман-сау шығар амал-әдістерді жасай білген. Далалық танымдағы адамның аң, құс, жан-жануар, құрт-құмырсқа тіршілігіне жіті назар бөліп, оның ауарайы мен мезгілдік ауысымдарға әсері жайлы топшылаулар жасау тәжірибесі де қалыптасқан. Талданып отырған әңгімелердегі киелі аң-құс пен адам арасындағы қатынастар осының дәлелі.

«Авторлық ұстаным – Жер-Ананың қойнауындағы байлыққа қол сұғуға болмайтындығы. Табиғат Ананың Адамзат баласына берері жетерлік, бірақ тіршілік иелерін қару ұстап қыра беруге болмайды. Адам қолынан қырылып, «Қызыл кітапқа» енген аң-құстардың тағдыры біздің де басымызға келуі ғажап емес» (G. Orda, Zh. Sarsenbayeva, 2019, pp. 79-89).

Мәселен, А. Алтайдың «Көзжендет» (Киллер сауысқан) атты әңгімесіне келсек, автор дала заңына сәйкес аңшылық тәртібін бұзып, ашкөздікке салынған кейіпкерінің тойымсыз құсы екеуі ғана қалған тағдыры мен ішкі жан әлеміндегі өкініші мен үрейі арқылы өмірдің паркын білдіруге тырысқан. Шығарманың түпкі шешімі ауыр да болса өмірдің ащы шындығы. Ол өмір бойына киллер сауысқанымен аң-құсты қынадай қырып, аңшылықты саятшылық емес, ашкөздік санаған кейіпкердің қартайып, күш қуаты қайтқан тұста жасаған зауалының алдынан шығып, немересінің екі көзі жабық, көрсоқыр болып туылуы. Мұндай киелі, қастерлі саналған заңдылықтарды бұзған адамның жазасын алатындығы жайлы ұғымдар адамды, табиғатты, жан-жануарды жалпы тіршілікті аялауға, сақтауға үндейді. Себебі, «Көшпелі дала мәдениетіндегі ата-бабаларымыздың бүкіл дүниені біртұтастықта, өзара үйлесімде тануында ежелгі әлемнің үш түрлі қабаттан тұратындығы туралы түсінік сақталған. Яғни өмір «дөңгеленген дүние» ретінде ұғынылып, «жақсылық та жамандық та қайта айналып соғады», сондықтан ол тек жақсылыққа, ізгілікке бағытталуы керек деген қағиданы ұстанған» (Жақан, 2020:73).

Көрнекті қаламгер Қ. Жұмаділов құзғынның басынан өткен оқиғалар мен ішкі әлемінде өтіп жатқан түрлі психологиялық жай-күйі арқылы өмірдегі ізгілік пен жауыздықтың тартысын шебер көрсете білген.

Бұл жайында ғалым А. Таңжарықова: «Қ.Жұмаділовтің «Құзғынның өлімі» әңгімесіндегі құстар өмірінің әр түрлі жайттары арқылы қазақ тарихындағы түрлі кезеңдер оқиғасы, әсіресе кеңес үкіметі тұсындағы қазақ даласында орын алған экологиялық апаттар, оның табиғатқа, аң-құсқа тигізген әсері суреткерлік сезімталдықпен көркем сипатталады. Өмірдің өзекті мәселелерін қозғайды» (Таңжарықова, 2017: 78) – деп ой қорытады.

Қара ләйлек құсының туған мекеніне деген сүйіспеншілігін халықтың осы аяулы сезімімен қатар суреттей отырып М. Мағауин «Қара ләйлек» атты әңгімесінде ашаршылық тұсында да оның етінен дім татпаған оқиғалар арқылы адам болмысындағы киеленген түсініктердің қадыр-қасиетін танытқан.

Көрнекті қаламгер Тынымбай Нұрмағамбетовтің «Әулеттің иесі» әңгімесінде қазақтың отбасылық құндылықтарының мәні жан-жақты ашылған деуге болады. Әкесі соғыстан оралмаған жас балаға артылған үміт пен сенім түркі халықтарының танымындағы ер адамның рөлін биік бағалайтын, әулет шежіресін әкеден тарқататын дәстүрді жаңғыртқан. Бұл тілші ғалымдар тарапынан концепт ұғымында қарала бастағандығы байқалады. «Ер адам» концептісі барша халыққа ортақ концепт болғанымен, әр халықтың менталитетіне, дүниетанымына, болмысына орай оның концептосферасы айқындалып отырады. Еркек атаулыны сипаттауда оның жас ерекшелігі, отбасындағы орны, әлеуметтік орны, туыстық байланысына қарай атаулары да әртүрлі лексемалармен беріледі

Атасына еріп аруақтар жатқан қорымға барған сәттегі сәби көңіліне түйген өмір сабақтары ғасырдан-ғасырға жалғасып келе жатқан қазақтың игі дәстүрі. Ол өскелең ұрпағын өткенін ұмытпауға, ата-бабасын қастерлеуге баулитын отбасылық дәстүр болған. «Атасы: «Осында жатқан барлық діні мұсылмандарға бағыштадым», – деп күбірлеп алақанын жайған кезде, бұл да алақанын жайды. Атасына еріп, алақандарымен бетін сипады. Шоқа орнынан тұрып, бейіттерді аралағанда да Молдабек ере жүрді. – Мынау Құбығұл атаң, – деді айналасын шөп, шеңгел басып кеткен төмпешіктің жанына келгенде. – Мен де, сен де осы шалдан тарағанбыз. Осы шалдан төртеуіміз. Ойсын, Қойсын, Жыртық, сосын мына мен туғанмын. Өне Ойсын атаң, – деді сосын иегімен Құбығұлдың оң жағында жатқан төмпешікті нұсқап. – Ойлыбай, Қойлыбай, Жолдыбай, Қалдыбай деген төрт баласы бар еді. Қойлыбайдан қарайып қалқайып мына сен қалдың...» (Нұрмағамбетов, 2019: 2). Бүкіл әулеттің ер-азаматын сұм соғыс жалмап, жасы ұлғайып жалғыз қалған қарияның алдан күтер үмітін немересі де сәби жүрегімен сезіне біледі.

Ұл баланың ұрпақ жалғастырушы ретіндегі түркі халықтарындағы маңызы ерекше болған. Шығармада пионер жасына ілікпеген баланың атасымен бірге құдалыққа барып пионерге ілікпей қалуы арқылы кеңестік дәуірді мінейтін юморға құрылып, өзіне деген отбасы, ата, әжесінің сенімін пионер, комсомолдан да биік қойған баланың психологиясын біртіндеп ашу арқылы автор терең ұлағатты ойды танытады.

«Атаңмен бірге барасың, атаңмен бірге келесің. Онда Қыздаркүл апаң шайын қойып, етін пісіріп, күтіп отыр емес пе? Екеуіңе жасар сый-сияпаттары да бар шығар-ау... – дейді, құдалық сапарға баланы сонша еліктіріп. – Әкең соғыстан аман

келгенде, бұл құдалыққа өзі барар еді... Енді сен әкеңнің орнына...» дей беріп, бір сәт кемсендеп, жаулығының шетімен көзін сүртіп те жатты» (Нұрмағамбетов, 2019: 2). Осы ұлынан айырылған кейуананың бір ауыз сөзінде қаншама тарих, тағдыр жатыр.

Ұрпақ жалғастығын, әулет дәстүрін үзбеді мұрат еткен қазыналы қарттың немересін қасына ерте жүріп өмірден ой түюге үйретуі арқылы тәрбиелеудің мәнін ашу шығарманың негізі идеясын құрайды. Жас бала да бір әулеттің болашақ тұтқасы боларлық қасиеттерді ата тағлымы арқылы бойына сіңіреді. Яғни, әңгіменің композициясындағы отбасылық концептінің сакральды сипаты оқырманын толғандырудың құралына айналған.

Себебі, «Концепт салт-дәстүр, ауыз әдебиеті үлгілері, дін мен идеология, адамның өмірлік жеке тәжірибесі мәдени маңызды құндылықтар жүйесінің өзара әрекетінің нәтижесінде қалыптасқан «әлем бейнесінің» ментальді құрылымын көрсетеді (Елемесова, 2003: 94).

Атасына еріп аруақтар жатқан қорымға барған сәттегі сәби көңіліне түйген өмір сабақтары ғасырдан-ғасырға жалғасып келе жатқан қазақтың игі дәстүрі. Ол өскелең ұрпағын өткенін ұмытпауға, ата-бабасын қастерлеуге баулитын отбасылық дәстүр болған.

Әңгіменің ұлттың ежелден бергі қалыптасқан адамдық парызы жаназаға жиналған тұстағы артында қалған ұрпағының, әсіресе ер азаматтың жауапкершілік алуы оқиғасын суреттейтін тұсының салмағы зор.

«Жалпы жер бетіндегі мұсылмандар бүкіл әлемнің жаратушысы – Алла екеніне сенеді. Ол адамды және басқа да мақлұқ-тарды жаратты, оның барлығы адамзат игілігіне бағындырылып, өз қызметтерін атқаруда деп біледі. «Ислам мәдениеті ең бірінші орында иманға, басқаша айтқанда, Аллаға, ақирет күні-не, періштелеріне, елшілеріне, кітаптарына, тағдырға, жарат-қанның жақсылығы мен жамандығына сенуге негізделеді» (Нұрдәулетова, 2008: 37).

Қаршадай баланың атасының артындағы мұсылмандық парызын өз мойнына алуы, атасының Молдабек немересін ел-жұртына аманаттап кетуі сияқты ұғымдардың бәрі де қазақтың дәстүрлі өмір суреттері. Жазушы сол халықтық дәстүрдің мән-мағынасын көркемдік тұрғыдан қайта жаңғырту арқылы бүгінгі ұрпақтың алдындағы парызын атқарған.

«Атамекен» концептісі қандай ұлттың да менталды дүниетанымында негізгі рөл атқаратыны белгілі. Себебі адам баласы үшін тұрақтап, өсіп-өнген, ұрпақ жайған, мекен етіп, бауыр басқан жерінен артық жер болмайды. Соның ішінде қазақ халқы үшін «туған жер» қанша қадірлі, ыстық болса да, «атамекен» ұғымы одан әлдеқайда қасиетті, жоғары екенін байқаймыз.

Жалпы Т. Нұрмағамбетовтің қай әңгімесінде де қазақтың ежелден қастерленген ұғымдары жаңаша бір мән иеленіп, оқырман жүрегінен жол тауып жатады. Сондай әңгімелерінің бірегейі – «Ата қоныс» әңгімесі. Шығармадағы Аймүйіз аталатын сиырдың өзі туып өскен мекеніне қашып кетіп, сонда бұзаулауы, оны іздеген иесінің қаншама жылдар ат ізін салмай кеткен туған топырағына, өскен ауылына қайта оралуы арқылы өз өмірінің қателігін ұғуы да ойлантарлық жағдай. «Аймүйіздің төрт

жыл бұрын осылай бошалап кеткені бар. Онда да оңды-солды шапқылап, ақыры Шашубан деген көршісі ат сабылтып жүріп Шырағданның арғы бетіндегі ескі жұрттан жаңа туған бұзауымен тауып әкеп берген. Аймүйіздің сол қылығын естігендер: «Ойпырым-ай, мына жануардың жершіл, итжандылығын-ай! Тіпті күндік жерге кеткені несі» – деп таңырқасқан. Мұқа шал бұл жолы да Аймүйізді сол ескі жұртқа тартқан болар деп, – жорамалдады (Нұрмағамбетов, 2020: 5).

Әңгіме кейіпкерінің әйелі Дәнекердің қазасынан кейін, қайта отбасын құрап, өзі туып өскен Талтоғаннан өзге жерге қоныс аударып, өзге ортада өзгеше өмір ықпалында кетіп, атақонысын естен шығаруы, тіпті сағыныш сезімінің де көмескіленуі, іздеген жоғын тапса жылдам кері қайтуға бел байлағанымен, жоғы оңайлықпен табылмай ата қонысына баруға амалсыз мәжбүр болған жанның балалық, жастық шағы өткен, отбасын құрып бала сүйген мекенінің әрбір талы мен тасына қарап ой түюі арқылы автор адам жанындағы жаттану мәселесін де көтерген сыңайлы. Атамекенге байланысты қазақтың ұғымы сан-салалы мағынаға ие. Ол еуропалық түсініктегідей, «көшпелілердің көшіп-қонып жүретін территориясы, малға жайлы жайылымдық жерлер» емес, атамекен біріншіден, ата бабасының (өзінің ғана емес) кіндік қаны тамған жер, екіншіден, ата бабасының бейіті (моласы) жатқан жер, үшіншіден, ата мекен болатын жердің таңдалуы қасиетті әулиелердің, пайғамбарлардың батасымен, Алланың қалауымен жүзеге асырылады, төртіншіден, ата мекен ата бабаның қаны төгіліп, жаудан қорғап алып қалған жер, бесіншіден, атамекен «ағайын-тума ортасы» (Нұрдәулетова, 2008: 27).

«Мұқа өзі ойлағандай бесін ауа Талтоғанның шетіне құлады. Ескі тамдардың ара-арасымен жүріп келеді. Есік, терезелерінің орны опырайып мүжіліп құлай бастаған қабырғалар. Мал, отын қоралардың орны. Көпшілігінің бұтақтары қурап, сына бастаған бау ағаштары. Өзге тіршілік белгісі білінбейді. Осының бәрі де тіпті бөгде кісіге сұп-суық болып көрінердей. Осы жерде бұрын ауыл болмаған сияқты. Бірақ болған! Ақиқат болған... Сол ауыл, сол тіршілік» (Нұрмағамбетов, 2020: 3). Автор осы әңгімесінде кейіпкерінің туған өлкесіндегі әрбір зат пен құбылысқа мән беріп, оның өткен өмірінің аса мәнді, мағыналы тұстарын есіне түсіртеді. Бұл тұрғыда ғалым Г.Пірәлиеваның: «Заттық әлем – кейіпкерді толыққанды етіп бейнелеу үшін таптырмас көркемдік кілт. Және ол кезең мен уақытты, кейіпкер өмір сүрген психологиялық ортаны терең тану үшін де, кейіпкердің ішкі жан дүниесіне еніп, психологиясын жан-жақты ашу үшін де қызмет атқарады» (Пірәлиева, 2003: 306). дейтін ой қорытындысының маңыздылығы танылады.

«Жер өзгермейді екен ғой». Шал күрсініп қойды. «Тіпті сол күйі жатыр. Жер де, жусан да... Бәрі де бұрынғыша»... Ескі жұрттағы алғашқы жары екеуі еккен шыбықтың жайқалған өрік ағашына айналуында да символдық сипат бар. Жалғыз баласы өліп, Ескі жұртта жалғыз қалып қойған Шынаркүлдің тағдырына қарамастан, барын салып күткен қонақжайлық көңілі арқылы қазақ әйелінің қайсар мінезі мен аналық ақ пейілі оқырман есінде қалып қояды. Құдайым-ау, мынау сіздің үйдің бауының өрігі емес пе? Алда, жарықтық-ай... Өлі салып тұр екен-ау, ә?.. О, садағаң кетейін дән... жеміс... Табиғаттың ризығы сен өлмейді екенсің ғой. Құдайым-ау, әлі азбап-



ты. Әрқайсысы баланың жұдырығындай... Сап-сары. Сары алтын дерсің. Шынаркүл өріктің біреуін аузына салды. – Дәмі де сол күйі. Бал татиды» (Нұрмағамбетов, 2020: 3).

Кейіпкердің Ата қонысына келіп бұзаулаған Аймүйіз сиырды сауып ескі танысы Шынаркүлдің қолынан уызын ішуінің де астарына де айтарлықтай терең мән сидырылған.

Талай жыл бірге отасқан қосағымен ата-анасының басына барып, құран оқуды ойлауын ойлағанымен, іске асыруға дәрмені болмаған кейіпкердің жан дүниесіндегі армен ұяттың арпалыстары арқылы автор бүгінгі адам болмысындағы кері өзгерістердің сипатын аңғартқандай.

Бір кездері дәм-тұздас болған адамға, атақонысқа деген салқындық, адам болмысының бұлайша өзгерісі авторды толғандырған. Тіршілік ықпалында кетіп, адами парызды ысырған жанның жоғалған сиырды іздеймін деп өзінің де жоғалтқан болмысымен бетпе-бет келуі де автордың керемет шеберлігі. Тағдырдың салғанына көніп, қайғы тартқанмен, қайыспаған Шынаркүлдің «жалғыз балама келіп көңіл айтпадың» деп өкпе айтуы, баяғы бастарынан бірге өткен дәуренді шақтарын есіне түсіруі арқылы кейіпкердің жоғалтқан жан жылуды, мейірім, қайырым секілді ұғымдарын еске салады. «Осы біз бір-бірімізді қалайша ұмытып кеттік? Неге ғана өзгердік? Баяғы елжіреген жүрегіміз қайда? Бір-бірімізсіз тұра алмайтын көңіліміз қайда? Мұқа-ау, біз оларды қайда көміп кеттік? Қалай ғана жоғалтып алдық?».

«Енді ойлап қараса сол жолы ескі жұртта есік-терезесі ғана қалмапты. Есік-терезе деген не, тәйірі... Жоқ. Қалған дүниеде есеп жоқ екен... Не қалдырғанын өзі де сезбепті. Сезсе бұл шал жоғын іздеп содан бері бұл жаққа мың сан рет соқпас па еді... Мұқа ата қоныста не қалдырғанын кешелі-бүгін ғана білді.» (Нұрмағамбетов, 2020: 3).

Шығармадағы атамеке ұғымының терең мәнін ғалым К.Матыжановтың төмендегі тұжырымдары тиянақтай түседі. «Қастерлі мекеннің аса маңызды қасиеті – оның бар әлемге ашықтығы. Сондықтан да ол өзін қастер тұтатындарды дүниенің бар түкпірінен өзімен астыртын, нәзік байланыстырып, тартып тұрады. Мәселен, қазақтардың санасындағы «Атамеке» концепті. Сонау рулық қоғамда қалыптасқан бұл қастерлі ұғым қазақтардың тарихи жадында әлі күнге жаңғырып тұр» (Матыжанов, 2020:35).

Туған топырағында кезінде жары екеуі отырғызған көк шыбықтың көктеп, мәуелі ағашқа айналып, тіпті ел-жұрт көшіп кетіп, айдалада қалса да жемісін салып тұруы, кейіпкердің алып келген сол өріктерінің әрқайсын таңдайына салып тамсана отырып, шешімді ойға бекінуінің де сакральдылық мәні бар символды ұғымдардың шеберлікпен қолданысы.

Қазіргі қазақ әңгімелеріндегі сакральдылық сипаты халықтың қастер тұтқан төрт түлік малына қатысты ұғымдар арқылы да көрініс табады.

Мәселен, Т. Нұрмағанбетовтің «Кене» атты әңгімесіндегі адамның тіршілігі оның өлгеннен кейінгі өміріне көшірілген. Күнәсінің көптігінен өзі кенеге айналған кейіпкердің о дүниеде өзі өліміне себепкер болған иманды, таза Қазақбай жанының



түйеге айналуы арқылы түйенің қастерлілігі жайлы фольклорлық санамен аста-сып жатыр. Ол жайында зерттеуші Д. Жақан: «Түйе атауы мифтік әңгімелердегі фольклорлық тұлғалардың қызметімен де тығыз сабақтас. Түйе мінген адам тылсыммен байланыстырылған. Мысалы, өлімнен желмая мініп қашқан Қорқыт, Желмаямен жерұйық іздеген Асанқайғы және Әзірет Өлі, Қожа Ахмет Иассауи сияқты діни қаһармандардың ақ түйесінің болуы, Қабанбай батыр рухын бақиға ақ түйенің алып кетуі, т.б. Қазақ жүрекжарды қуанышын «Ақ түйенің қарны жарылды» деп, тұжырымдайды. Түйе ұлық мал саналғандықтан, оны баққан адамды «ұлық баққан» деп құрметтеп, төрден орын берген. Түйе малының қазақ халқының тіршілік қамы жүйесінде алатын орнына қатысты халықтық білімдер жүйесі байырғы қоғамнан бүгінгі күнге дейін жалғасқан» – дейді. (Жақан, 2020: 210) Сыртқы тұрпатының ірілігі мен асқан төзімділігін ерекше бағалай отырып, оны күтіп-баптау, асырап өсірудегі халықтың соншалықты нәзік, қамқор қарым-қатынас ұстанғанынан түйенің ерекше қастерленгендігін байқауға болады.

Қазақ фольклорында жылқы образынан оның ерекше қастерлі түлік саналғаны көрінеді. Қазақ жылқы туралы «Ат – ердің қанаты», «Алып – анадан, ат – биеден», т.б. мақал-мәтелдер шығарған, жырлар мен аңыздарда, өлеңдерде жылқы баласы адамның досы, жәрдемшісі, серігі болып сипатталған. «Қуса жететін, қашса құтылатын» жүйрік аттар, тұлпарлар жайында көп өлең-жырлар мен аңыздар туған» (Әуезов, 2008: 87).

Осы ғасырлар бойғы қастерленген жылқы түлігінің заманның кері құбылысы, қазақ жерінде жасалған ядролық сынақтың жалпы тіршілікке зардабы Нұрғали Ораздың «Жылқының көз жасы» әңгімесіне негіз болған. «Қасқа бие тү-у баяғы құлын күніндегідей құлдыраңдап, алыстан мұнартып көрінген бір асуды бетке алып, бар пәрменімен заулап барады. Бір ғажабы, шапқан сайын есейіп, жасына жас қосылып, құлыннан тайға, тайдан құнанға, құнаннан дөненге, дөненнен бес-тіге айналады. Бірақ анау, алыстан мұнартып көрінген асу да ол бауырын жазып, тұяғын сермеген сайын жылыстап, көкжиекке қарай жылжи көшіп, жеткізбейтіндей көрінеді» (Ораз, 2018: 3). Көшпелі халықтар танымындағы ер, азамат бейнесімен қатар ұғынылатын тұлпар, жылқы ұғымы арқылы өзекті мәселе қозғаған Нұрғали Ораздың аталмыш әңгімесінің композициялық құрылымындағы символ мен түс көру мотивінің көркемдік қызметі шебер қиюласқан.

«Қайран жануар-ай, жануар-ай!» – дей береді әлденеден секем алып, жүрегі суылдай жөнелген Абат қарт күбірлеп. Өне, қап-қара жалын жел тарап, құйрықты жұлдыздай ағып жетті-ау дегенде кенет әлгі асудың үсті батар күннің қанқызыл шапағына боялып... жо-жоқ, қып-қызыл өртке оранып, құлын дауысы құраққа ұша кісінеген қасқа биені жұтып-ақ жібергені... Апыр-ай, осы бір сұмдық суретті қай жерден көріп, қай қиырдан шолып тұрғаны белгісіз Абат қарттың жүрегі шаншып-ақ кеткені. “Ой, құдайым-ай, түсім екен ғой”, – деді ол көзін ашқан кезде жүрек тұсын алақанымен басып» (Ораз, 2018: 3).

Түс көру мотивін қарастырған С. Қасқабасов, Б. Әзібаева, Г. Пірәлиева сияқты ғалымдар пікірінде адам баласының күнделікті өмір тіршілігіндегі жанына тыншу

бермеген жайттардың ұйқы процесінде де ми қабаттарында, жан түкпірінен шығып түс түрінде белгі беретіндігі айтылған. Әңгіме кейіпкері қарт жылқышы Абат қарт – жылқыны жанына балаған қазақи мінез иесі. Әңгімеде қарт адам мен өз бетінше жайылудан қалып, қарттың қолына қарап қалған кәрі бие параллель алынған. Сол арқылы өмірдің өткіншілігі тұспалданған. «Сонсоң бақи дүниенің алдында бақұлдасып қалайықшы, жануар дегендей қасқа биенің мойнынан құшақтап, жалына бетін басты. Ол да... Иә, есті жануар, ол да басын иесінің мандайына сүйеп, ризаласып, қоштасқандай болды. Қасқа биенің жанарындағы жылт еткен бір нәзік сәуле – үміт сәулесі, әлде иесіне деген ыстық ықыластың белгісі – көпке дейін сөнбеді. Бәлкім, фәни жалғанның осы бір жылт еткен жарығы кейін оның өзімен бірге бақи дүниеге бірге кететін болар» (Ораз, 2018: 3).

Кәрі биесін бауыздауға қимай, өз өлімімен өлуіне мүмкіндік беруі, алыс қырға апарып жерлеуі қарттың қастерлі сезімдері. Қарт көңіліндегі жан серігі тұлпарына деген осы қимастық сезімдері өзінің өткенін еске түсірумен қатар өріліп беріледі. Бір кездері шаруасы шалқыған ауыл тірлігінің күлін көкке ұшырған полигон зардабын оқырманына түсіндіруде автордың өзіндік қолтаңбасы айшықталады. Жер астынан алып саңырауқұлақтай албасты Жын атып шыққан Жарылыс, полигонды – Жын бейнесінде алып, халықтың қастерлі және қауіпті күштердің күресіне құрылған мифтік түсініктерін тірек еткен. Мұндай күштерді фольклортанушылар (С. Қасқабасов, К. Матыжанов) кесірлі күштер деп қараса, әдебиеттанушылар мистикалық әлемнің өкілдері деп қарайды. Қалай болғанда да Н. Ораздың шығармасындағы Жын бейнесі мистика мен реалды өмір көрінісінің бейнесін тұспалды түрде танытуға құрылған. Сол жынның (жарылыстың) кесірінен мезгіл-мезгіл төсек тартып жатып қалатын кеселге ұшыраған Абат қарт осы азапқа ұшыраған мыңдаған адамның символдық бейнесі ретінде алынған. Өлім мен өмірдің арпалысты шағындағы қарттың ішкі болмысына үңілте отырып автор, әулет иесі, отбасы қамқоры, әкелік парыз секілді ұғымдармен оның адами-кісілік келбетін ашады. «Апыр-ау, сонда деймін де, Абатты мезгілсіз келген ажал да, қақ ортасынан үзілер қайран өмір де шошыта алмады-ау. Ол тек соңымда қалып бара жатқан үрім-бұтағым – ұл-қыздарымның ендігі тағдыры не болмақ деп қамықты ғой. Олар мынау Жын жайлаған меңіреу өлкеде оңы мен солын танып үлгермей жатып жетім қалса... жылап қалса, Абаттың аруағы ана дүниеде қайтіп жай тауып, қалай тыныш жатпақ...» (Ораз, 2018: 3). Жынның дертін жынды сумен басамыз деп, жан тапсырған жандардың тағдыры да ойлантарлық. Ал Абат қартты жынның қанды шеңгелінен ажыратып, ажалдан аман алып қалған осы қасқа биесінің сол жылы құлындап, қызыл күрең құлынымен жарысып, биесінің бір емшегінен сүтін еміп аман қалуының мәні зор. Қазақтың ежелден келе жатқан саумалы мен қымызының күші арқылы өмір көшіне ілескен. Осы киелі жануардың сүтімен қоректенген ұл-қызы үрім-бұтағының да Жынның әлегіне дес бермей, аман-сау өсіп жетілуіне тәубе еткен қарт арқылы да автор астарлы ойды меңзеген. Тұлпардың сезімталдығы өзінің қандас тұлпардың өліміне үнсіз егіліп, көзінен жас парлаған күрең аттың бейнесі арқылы жан-жануардың өзіндегі бауырмалдық, туыстық заңдылықтың сөнбеуі арқылы адамзатқа да тұспалды ой айтылған.

**Қорытынды.** Сонымен, зерттеу барысында, тәуелсіздік тұсында жазылған әңгіме жанрдағы фольклор мен әдебиеттің қарым-қатынасы аясындағы сакральдылық жазушы таланты мен оның алдына қойған мақсатына байланысты әрқилы сипат иеленетіндігін көрсетеді. Талдау нысаны болған шығармаларға тән басты ерекшелік: авторлардың фольклорлық ой, образ, ұғым-түсініктер арқылы қазіргі заманның ең өзекті ұлттық мәселелерін қозғай білуінде. Ғасырдан ғасырға жетсе де мән-мағынасы көмескіленбей, қайта әрбір ұрпақ жадында жаңғырып отырған фольклорлық құндылықтарға қаламгерлердің қайта оралу арқылы өз шығармашылық аясын да кеңейткені көңіл аудартады. Әрине, бұл құбылыстың өзінің, әрбір жазушының қаламгерлік қабілет-қарымы мен өмірлік тәжірибесіне де байланысты әрқилы көрініс тауып жататыны күмәнсіз.

Талантты прозаиктер халық жадындағы сакральды түсініктерді өз ой-санасында қайта қорытып, жаңаша сипат беру арқылы адам болмысындағы оң және кері өзгерістерді көрсетудің, жеке адамның қоғам мен әлеуметтік ортамен қарым-қатынасын ашудың психологиялық құралына айналдырған. Мәселен, көне заманғы аң мен адам арақатынасы жайлы түсініктерді жандандырып, оның тұтастығы мен бірлігінің бұзылу зардабын көрсету арқылы оқырманға ой тастау (М. Мағауин, А.Алтай), сакральдылықтың көркем шығармадағы кейіпкер характерін ашуға, образ бен ойды айшықтауға жұмсалуды, архетиптердің (атамекен, әулет киелі ағаш, сүйек) кейіпкердің ішкі дүниесінің құпия қалтарыстарына енудің әдісі ретінде түрленуі қастерлі ұғымдардың жаңа деңгейдегі көркемдік мәнін танытады (Т. Нұрмағамбетов, Н. Ораз). Халық танымындағы сакральды ұғым-түсініктер – қаламгерлердің белгілі бір өзекті ойды айту үшін көркемдік шеберлікпен қолданылып, авторлық идеямен астасып, шығарманың түпкі ой қазығы оқырманды қайырым, мейірім, ізгілік сияқты қасиетті сезімдеріне қайта оралту ойларымен үндесіп, әрбір шығарманың құндылығын арттырған көркемдік категорияға айналған.

*Карбозов Е.К.<sup>1</sup>, Шегебаев А.М.<sup>2</sup>, Киргизбаева А.Д.<sup>\*3</sup>*

*Казахский национальный университет имени аль-Фараби*

*Алматы, Казахстан*

*e-mail: e.karbozov76@gmail.com ; aibek.shegebaev@gmail.com ; a.girgizbaeva@gmail.com \**

*ORCID: 0000-0001-7909-1299; 0000-0001-8079-4303 ; 0000-0001-6977-9284\**

### **Художественная функция концептов сакральности в современных казахских рассказах**

**Аннотация.** В статье ставится задача конкретно рассмотреть художественную функцию сакральных (сакральных) понятий, присущих природе современных казахских рассказов в различных аспектах. В анализ вошли известные писатели: Т.Нурмағамбетова «Владелец династии», «Ата коньсы», К. Жумадилова «Смерть ворона», М. Мағауина «Черный аист», Т. Саукетая «Кость», Н. Ораза «Конские слезы», А. Алтая «Кожендет», А. Салықбая «Замок-крепость». В рассказах были научно изучены роль отечества, место рождения, игра птиц, преемственность поколений, характер традиционных представлений о семейных ценностях и роль автора в стилистическом мастерстве. Хотя ранее оно изучалось в различных областях науки, оно имело целью выявить его различную семантику в тексте рассказа путем анализа художественной функции понятия благоговения в жанре рассказа, что специально не рассматривается в литературоведении. В результате было выявлено многообразие сакральности, присущей каждому явлению жизни. Сделаны выводы о положительном и отрицательном влиянии его сохранения и разрушения на характер персонажа в литературе.

В исследовании обобщаются выводы о взаимосвязи художественной литературы и фольклора, основанные на новейших научных открытиях в области литературоведения. Учитывался концептуальный характер содержания сакрального и его отношение к фольклору.

Также при анализе художественного текста последовательно рассматривались взгляды на понятие «сакральность» в различных областях науки (этнография, психология, философия и др.). Подчеркнута роль концепта сакральности в поэтике произведения в выражении авторской позиции, авторского решения, характера персонажа и цели действия через традиционное значение времени и пространства. Определены особенности и общие принципы каждого писателя.

С целью показать преемственность темы сакральности в художественной литературе были проанализированы рассказы писателей старшего и среднего поколения. В статье используются методы анализа, сопоставления, сопоставления.

В результате исследования были проанализированы различные функции почитаемых понятий в структуре рассказа в национальном познании, значение символов, снов, внутренних монологов, нарративов, диалогов, бесед, воспоминаний, приемов повествования, мира. вещей и т.д. были выявлены. В соответствии с целью статьи в исследовании оценивается значение представлений народа на протяжении веков в направлении модернизации национальных ценностей, решения актуальных вопросов. В статье также обобщаются представления о духовной преемственности традиционных знаний и современных взглядов, общие для произведений исследуемых авторов.

Результаты исследования могут служить источником для исследования проблемы сакральности в прозе.

**Ключевые слова:** рассказ, благоговение, символ, сновидение, внутренний монолог, повествование, воспоминание, обращение, метафора.

**Karbozov Y.K.<sup>1</sup>, Shegebayev A.M.<sup>2</sup>, Kyrgyzbayeva A.D.<sup>\*3</sup>**

*Al-Farabi Kazakh National University*

*Almaty, Kazakhstan*

*e-mail: e.karbozov76@gmail.com ; aibek.shegebaev@gmail.com ; a.girgizbaeva@gmail.com \**

*ORCID: 0000-0001-7909-1299; 0000-0001-8079-4303 ; 0000-0001-6977-9284\**

### **The artistic function of the concepts of sacredness in modern Kazakh stories**

**Abstract.** The article aims to specifically consider the artistic function of sacred (sacred) concepts inherent in the nature of modern Kazakh stories in various aspects. The analysis included well-known writers: T. Nurmagambetov "The Owner of the Dynasty", "Ata Konys", K. Zhumadilova "Death of a Raven", M. Magauina "Black Stork", T. Sauketaya "Bone", N. Oaza "Horse Tears", A. Altai "Kozhendet", A. Salykbay "Castle-Fortress. The role of the fatherland, the place of birth, the game of birds, the continuity of generations, the nature of traditional ideas about family values and the role of the author in stylistic mastery were scientifically studied in the stories. Although previously studied in various fields of science, it aimed to reveal its different semantics in the text of the story by analyzing the artistic function of the concept of reverence in the genre of the story, which is not specifically considered in literary criticism. As a result, the variety of sacredness inherent in every phenomenon of life was revealed. Conclusions are drawn about the positive and negative impact of its preservation and destruction on the character of the character in the literature.

The study summarizes the conclusions about the relationship between fiction and folklore, based on the latest scientific discoveries in the field of literary criticism. The conceptual nature of the sacred content and its relation to folklore were taken into account.

In order to show the continuity of the theme of sacredness in fiction, the stories of writers of the older and middle generations were analyzed.

Also, when analyzing a literary text, views on the concept of "sacredness" in various fields of science (ethnography, psychology, philosophy, etc.) were consistently considered. The role of the concept of sacredness in the poetics of the work in expressing the author's position, author's decision, the nature of the character and the purpose of the action through the traditional meaning of time and space is emphasized. The features and general principles of each writer are determined.

The article uses methods of analysis, comparison, comparison.

As a result of the study, various functions of revered concepts in the structure of the story in national cognition, the meaning of symbols, dreams, internal monologues, narratives, dialogues, conversations, memories, narrative techniques, and the world were analyzed. things, etc. have been identified. In accordance with the purpose of the article, the study assesses the significance of the ideas of the people over the centuries in the direction of modernizing national values, solving pressing issues. The article also summarizes the ideas about the spiritual continuity of traditional knowledge and modern views, common to the works of the authors under study.

The results of the study can serve as a source for studying the problem of sacredness in prose.

**Keywords:** story, reverence, symbol, dream, inner monologue, narration, recollection, appeal, metaphor.

#### **Информация об авторах:**

**Карбозов Ерхан Карбозович**, кандидат филологических наук, старший преподаватель Казахского национального университета имени аль-Фараби. Алматы, Казахстан. e-mail: e.karbozov76@gmail.com; ORCID: 0000-0001-7909-1299

**Шежебаев Айбек Маратулы**, магистр гуманитарных наук, старший преподаватель Казахского национального университета имени аль-Фараби. Алматы, Казахстан. e-mail: aibek.shegebaev@gmail.com; ORCID: 0000-0001-8079-4303

**Киргизбаева Айгерим Даулеткулкызы**, магистр гуманитарных наук, PhD докторант Казахского национального университета имени аль-Фараби. Алматы, Казахстан. e-mail: a.qirgizbaeva@gmail.com; ORCID: 0000-0001-6977-9284

#### **Әдебиеттер:**

Ахметжанова З.К. Очерки по национальной концептологии. – Алматы: Елтаным, 2012.–146 с.

Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. Т. 35. – Алматы, 2008, 715 б. ISBN 978-601-7152-06-02

Елемесова Ш.Көркем мәтіндегі ұлттық мәдениеттің тілдік релеванттары: фил.ғыл.канд.дис. – Алматы, 2003

Жаксылков А. Образы, мотивы и идеи с религиозной содержательности в произведениях казахской литературы (Типология, эстетика, генезис). – Алматы: Қазақ университеті, 1999. – 423с. ISBN 978-601-247-505-0

Жақан Д. Отбасы тіршілігіне байланысты қастерленген ұғымдар// Қазақ фольклорының қастерлі әлемі. – Алматы: Press Co, 2020. – 384 б.

Қасқабасов. Алғысөз // Қазақ әдебиеті және фольклор. – Алматы, Алаш. 2008.– 385 б. –ISBN 9965 – 778 – 64 – 7

Майтанов, Б. Қаһарманның рухани әлемі: зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1987. - 232 б.

Матыжанов К. «Қастерлі(лік)» пен «қастерлену» құбылыстары және көркем мәдениет // Қазақ фольклорының қастерлі әлемі. – Алматы: Press Co, 2020. – 384 б. — ISBN 978-601-7588-57-1

Нұрғали Ораз. Жылқының көз жасы // Adebiportal@gmail.com 8 (7172) 79 82 06 (ішкі – 112) © adebiportal.kz <https://adebiportal.kz/kz/news/view/12321>

Нұрдаулетова Б.И. Жыраулар поэтикасындағы дүниенің концептуалдық бейнесі Ф.ғ. докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2008. - 320 б

Нұрмағамбетов Т. Ата қоныс. // <https://massaget.kz/layfstayl/debiet/proza/48049/>

Нұрмағамбетов Т. Әулеттің иесі // <https://www.6alash.kz/kz/article/tinimbay-nurmaganbetov-aulettin-yesi-angime.html#gsc.tab=0>

Орда Г., Сәрсенбаева Ж., Әбілхайыров Н., Сұлтанғалиева Р., Мекебаева Л. Қазіргі қазақ әдебиетіндегі адамның табиғаты мен экологиясы // Articulos. Латын Америкасы Утопиясы және практикасы. Año: 24, № қосымша 5, 2019, 79-89 ББ. Философия мен әлеуметтік теорияны Халықаралық қайта қарау. Cesa-fces-universidad del zulia. Маракайбо-Венесуэла. ISSN 1315-5216 / ISSN: 2477-9555.) (ағылшын тілінде).

Пірәлиева Г. Көркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелері. Түс көру, бейвербалды ишараттар, заттық әлем. Монография. – Алматы: Алаш, 2003. – 328 б. ISBN 9965-669-14-7. (қаз).

Сәукетаев, Т. Сүйек [Мәтін] : репрессияның санадағы сұмдықтары туралы әңгіме / Т. Сәукетаев // Егемен Қазақстан. - 2006. - 30 тамыз. - Б.15.

Смагулов О. Происхождение казахского народа по данным физической антропологии. – Алматы, 2017. -196 с.

Таңжарықова А.В., Сатылханова Г.А. Қ.Жұмаділовтің «Күзғынның өлімі» атты әңгімесіндегі көркемдік детальдің қолданысы. – Алматы: Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. Хабаршы. Филология ғылымдары сериясы. №1 (59), 2017. 335 б

Тойшанұлы А. Мағауиннің жаңа прозасының алтын өзегі <https://abai.kz/post/12393> 30 Қаңтар, 2012.

### Литература:

Ауэзов М. Полное собрание сочинений в пятидесяти томах. Т. 35. - Алматы, 2008, 715- б. ISBN 978-601-7152-06-02 (каз).

Ахметжанова З.К. Очерки национальной концептологии. Издательство Елтаным, Алматы, 2012. – 146 с. (русс).

Елемесова Ш. Лингвистические релевантности национальной культуры в художественном тексте: дис. –Алматы, 2003 г. (каз)

Жакан Д. Сакральная понятия, связанные с семейной жизнью // Уважаемый мир казахского фольклора. – Алматы: Пресс Ко., 2020. – 384 с.(каз).

Жаксылков А. Образы, мотивы и идеи религиозного содержания в произведениях казахской литературы (типология, эстетика, генезис). – Алматы: Казахский университет», 1999. – 423с. ISBN 978-601-247-505-0 (русс).

Каскабасов.Предисловие // Казахская литература и фольклор. – Алматы, Алаш. 2008. – С. 35-85. – ISBN 9965 – 778 – 64 – 7 (каз).

Майтанов, Б. Духовный мир героя: исследование. Алматы: Жазушы, 1987. - 232 с7.(каз).

Матыжанов К. «Явления «почитания» и «почитания» и художественная культура» // Почтенный мир казахского фольклора. – Алматы: Пресс Ко., 2020. – 384 с. – ISBN 978-601-7588-57-1 (каз).

Нургали Ораз. Слезы лошади // Adebiportal@gmail.com 8 (7172) 79 82 06 (внутренний - 112) © adebiportal.kz <https://adebiportal.kz/ru/news/view/12321> (каз)

Нурдаулетова Б.И. Концептуальный образ мира в поэтике жырау Диссертация на соискание ученой степени доктора. – Алматы, 2008. – 320 с. (каз).

Нурмагамбетов Т. Ата коньсы // <https://massaget.kz/layfstayl/debiet/proza/48049/> (каз)

Нурмагамбетов Т. Владелец династии // <https://www.6alash.kz/ru/article/tinimbay-nurmaganbetov-aulettin-yesi-angime.html#gsc.tab=0> (на каз).

Орда Г., Сарсенбаева Ж., Абилхайыров Н., Султангалиева Р., Мекебаева Л. Природа и экология чело- века в современной казахской литературе // Artículos. Latinoamericana utopia и практика. Año: 24, № экстра 5, 2019, стр. 79-89. Международный пересмотр философии и социальной теории. Cesa-fces- universidad del zulia. Маракайбо-Венесуэла. ISSN 1315-5216 / ISSN: 2477-9555.) (англ).

Пиралиева Г. Некоторые проблемы психологии в художественной литературе. Цветовое зрение, невербальные жесты, материальный мир. Монография. – Алматы: Алаш, 2003. – 328 с. ISBN 9965-669-14-7.(каз).

Саукетаев, Т. Кость [Текст]: рассказ об ужасах репрессий / Т. Саукетаев // Суверенный Казахстан. - 2006. - 30 августа. 15 с. (каз).

Смагулов О. Происхождение казахского народа по данным физической антропологии. – Алматы, 2017. – 196 с.(русс).

Таңжарықова А.В., Сатылханова Г.А. Использование художественной детали в рассказе К. Жумадилова «Смерть ворона». Казахский национальный педагогический университет имени Абая. Мессенджер. Серия филологических наук. №1 (59), 2017. 335 с. (каз)

Тойшанович А. Золотое ядро новой прозы Мағауина <https://abai.kz/post/12393> 30 Января, 2012. (каз).



References:

- Akhmetzhanova Z.K. Essays on national conceptology. – Almaty: Eltanym, 2012. - 146 p. (in Russ).
- Auezov M. Complete works in fifty volumes. T. 35. – Almaty, 2008, 715-b. ISBN 978-601-7152-06-02 (in Kaz).
- G. Orda, Zh. Sarsenbaeva, N. Abilkhayirov, R. Sultangaliyeva, L. Mekebaeva. [Human nature and ecology in modern Kazakh literature // Artículos. Latin American utopia and practice. Año: 24, extra no. 5, 2019, pp. 79-89. International revision of philosophy and social theory. Cesa-fces-universidad del zulia. Maracaibo-Venezuela. ISSN 1315-5216 / ISSN: 2477-9555.) (in Eng).
- Kaskabasov S. Kazakh literature and folklore. – Almaty, Alash. 2008. - S. 35-85. - ISBN 9965 - 778 - 64 - 7 (in Kaz).
- Matyzhanov K. “Phenomena of “reverence” and “reverence” and artistic culture” // Honorable world of Kazakh folklore. – Almaty: Press Co., 2020. - 384 p. - ISBN 978-601-7588-57-1 (in Kaz).
- Maytanov, B. Spiritual world of the hero: research. – Almaty: Writer, 1987. - 232 p7. (in Kaz)
- Nurdauletova B.I. Conceptual image of the world in the poetics of zhyrau Dissertation for the degree of doctor. – Almaty, 2008. - 320 s (in Kaz).
- Nurgali Oraz. Tears of a horse Adebiportal@gmail.com 8 (7172) 79 82 06 (internal - 112) © adebiportal.kz <https://adebiportal.kz/ru/news/view/12321> (in Kaz)
- Nurmagambetov T. Ata konys // <https://massaget.kz/layfstayl/debiet/proza/48049/> (in Kaz)
- Nurmagambetov T. Dynasty owner // <https://www.6alash.kz/ru/article/tinimbay-nurmaganbetov-aulettin-yesi-angime.html#gsc.tab=0> (in Kaz).
- Piraliyeva G. Some problems of psychology in fiction. Color vision, non-verbal gestures, the material world]. Monograph. - Almaty: Alash, 2003. - 328 p. ISBN 9965-669-14-7. (in Kaz).
- Sauketaev, T. Bone [Text]: a story about the horrors of repression / T. Sauketaev // Sovereign Kazakhstan. – 2006. - August 30.15 p. (in Kaz).
- Smagulov O. The origin of the Kazakh people according to physical anthropology. – Almaty, 2017. – 196 p. (in Russ).
- Tanzharykova A.V., Satylkhanova G.A. The use of an artistic detail in the story of K. Zhumadilov «Death of a Raven». Kazakh National Pedagogical University named after Abai. Messenger. Series of Philological Sciences. No. 1 (59), 2017. 335 p. (in Kaz).
- Toishanovich A. The golden core of Magauin’s new prose <https://abai.kz/post/12393> January 30, 2012. (in Kaz).
- Yelemesova Sh. Linguistic relevance of national culture in a literary text dis. –Almaty, 2003 (in Kaz).
- Zhakan D. Dear concepts related to family life // Dear world of Kazakh folklore. - Almaty: Press Co., 2020. - 384 p. (in Kaz).
- Zhaksylkov A. Images, motives and ideas of religious content in the works of Kazakh literature (typology, aesthetics, genesis). – Almaty: Kazakh University, 1999. - 423 p. ISBN 978-601-247-505-0 (in Russ).

**Жұмаш А.Ы. <sup>1</sup>, Әбеннова Ә.Е. <sup>2</sup>, Күлетова Ұ.А. <sup>3</sup>**

*Т.К. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы,  
Алматы, Қазақстан. <sup>1, 2</sup>*

*Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,  
Түркістан, Қазақстан<sup>3</sup>*

*E-mail: arman\_zhumash68@mail.ru, Aabenova94@mail.ru, saltarai@mail.ru*

*Orcid: 0000-0002-9945-6555, 0000-0002-5470-6602, 0000-0001-2345-6789.*

## САХНА ТІЛІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Аңдатпа.** Сахна өнері қазіргі қоғамның мәдени өмірінде ерекше маңызға ие болды. Сан-саланы бойына жиған синтездік өнердің бір тарауы ретінде актер шеберлігін көрсетудің ажырамас, ең маңызды бөлшегі - сахна тілін қарастыра аламыз. Барлығына мәлім, актерлік өнерде ең алдымен дауыстың маңызы зор. Саф өнер де дауыстың әдемі ырғағын, сөзді нақты әрі өрнекті жеткізе білуді талап етеді. Сөздің дұрыс жеткізілуімен актердің ойынының сапасы артады. Осы өнердің толыққанды қыр-сырын меңгеру және оны тәжірибеде сахна төрінде қолдана білу – кез келген актердің негізгі, ең қуатты шығармашылық қаруының бірі.

Әлемдік және отандық театр тарихында сахнадағы ойдың негізгі тасымалдаушысы ретінде сахналық сөйлеу мәселесі әрқашан өте өткір болды. Сахна тілі мәселесі жөнінде қаншама «театр мектебінің» негізін салушылар және ізін жалғастырушылар толғанып, талдау жасап, ғылыми еңбектер жазғаны белгілі. Қазіргі білім беру саясаты мен тұжырымдамасы өзгерген, жаңашылдықты талап етеді. Соған сәйкес, сахна тілі мәселелері кеңінен қарастырылып, дикцияға қарасты сөйлеу техникасын дамыту әдістерінің мәселелеріне отандық және шетелдік ғалымдардың теориялық еңбектеріне хронологиялық кезеңдерді сақтай отырып сараптама жасалынды. Мақаланың мақсаты да - сахналық сөйлеу техникасын дамыту үшін қолданылатын әдістерді талдау. Ғылыми мақалада сахна тілінің басты тарауы дикцияға қарасты сөйлеу техникасын дамыту әдістерінің мәселелері көтерілді. Зерттеу барысында Станиславский К.С., Немирович-Данченко В.И., Кнебель М., Марков П.А., Васильев Ю.А., Альшиц Ю.Л. және отандық Тұранқұлова Д., Омарбаева М.С., Белжанова К., Жұмаш А.Ы. сынды т.б. ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, сөйлеу техникасы заманауи аспектілермен салыстырмалы түрде сараланып, талданды.

**Кілт сөздер:** Театр мектептері, сахна тілі, дикция, сөйлеу техникасы, актер шеберлігі.

**Кіріспе.** Сахна тілінің толыққанды қыр-сырын меңгеру және оны тәжірибеде сахна төрінде қолдана білу – кез келген актердің негізгі, ең қуатты шығармашылық қаруының бірі. Сахна тілі пәні тек актерлер қауымына аса қажетті пән емес, оның аясы кең, пайдасы зор және қазіргі қоғамда құндылығы өте жоғары. Сахна тілі – мәдени-көркемдік деңгейі жоғары білім алудың кілті. Сахна тілі – әр елдің тіл мәдениетінің қайнар көзі, эстетикалық және этикалық тәрбиенің озық үлгісі. Осы орайда сөйлеу техникасын меңгеру – білім, театр, кино, радио, журналистика және т.б. салаларда әрдайым өзекті мәселелердің бірі болмақ. Осы күнге дейінгі тіл техникасын дамытуға байланысты ұсынылған сан алуан әдістерді қарастырып, зерттеп, саралау мақсатында: «Сөйлеу техникасын дамыту әдістерін талдау» тақырыбы мәселесі таңдалды.

Мақала мақсаты – театр өнері кеңістігінде болашақ актерлерді даярлау үрдісіндегі сөйлеу техникасын дамытудың әдіс-тәсілдеріне тоқталу және талдау.

Театр өнерінің тарихына үңілсек, шынайы ой елегінен өткен әрекетті, салмақты және әсерлі сөз мәселелері қашанда басты назарда болып келеді. Сөз арқылы адам жанының рухын бейнелеу, көрсету әрі жеткізу әдістері жөнінде қаншама «театр мектебінің» негізін салушылар және ізін жалғастырушылар толғанып, талдау жасап, ғылыми еңбектер жазғаны белгілі. Сөз әрекетіндегі ұшқырлық, кейіпкер сөзін дұрыс саптау әрі сезім құбылыстарын сөз арқылы жеткізу сахнадағы актер іс-әрекетінің өрбуіне тікелей байланысты екені анық. Бұл мәселе ұлттық театрымыздың негізін қалаушылар, елімізден шыққан көптеген ғалымдардың ғана емес театр актерлерінің де назарынан тыс қалмады. Өйткені сахналық тіл айқындылығының негізі дикцияны дамытудың және машықтандарудың маңызы жайында сол қазақ театры тарихында қалған сахна саңлақтар, хас шеберлерінің баспадан жарық көрген жұмыстарына үңілсек, «Қалибек Қуанышбаев» кітабын жазған М. Майचेкин, «Ұстаздарым – достарым» Е. Өмірзақов, «Құштар көңілді» Қ. Байсейітов, «Өскелең рухты екпін» М. Байзақова, «Көргендерім мен көңілдегілерім» Қ. Жандарбеков, «Шеберлік мектебі» С. Қожамқұлов секілді авторлардың, сахналық тіл өнерінің, өздері сомдаған бейнелерінің ашылуына тигізген әсері жайында жақсы әңгімелеген» (Жұмаш, 2020: 58). Актердің сахна тілін игеруі, оның сахнадағы негізгі шеберлік көрсеткіштерінің бірі ретінде қабылдануы, әлі күнге дейін өз актуалдығын жоғалтқан жоқ. Жалпы сахна тілін меңгеру, сөйлеу техникасын меңгеру дегеніміз: демнің және дауыс аппаратының дұрыс қалыптасуы, ширақтығы, көлемділігі, пластикалық икемге келуі, ой әрекеті мен сөз әрекетін өзара үйлесімді байланыстыра алуы, дауысты табиғи мүмкіндіктерін көркейте, дамыта отырып қою, түрлі кедергілер арқылы еркін сөйлеу айқындылығы.

**Материалдар мен әдістер.** Қазіргі сахна тілін оқыту жүйесінде көптеген педагогикалық жаңа әдіс-тәсілдер мен әдістемелер бар. Ол әдістердің қай-қайсысын зерделеп қарасақ та олардың негізінде К.С. Станиславский ұсынған «жүйенің» әдіс-нұсқауларын байқауға болады. Бұл теориямыздың дәлдігін атақты ғалымдар И.П. Павлов пен И.М. Сеченовтың да рефлексия жөнінде зерттеулерінен табуға болады: «Только сама природа способна воплощать тончайшие нематериальные ощущения с помощью грубой материи, которой является наш голосовой и телесный аппарат...» (Павлов, Сеченов, 2018: 13). Осы тұжырымдарға сүйенсек, дауыс пен дене тәрбиесін дара ерекшеліктеріне қарай дамыту қажет. Демек тәжірибеде сәтті қолданысқа ие болған заманауи әдістердің өміршеңдігі дәл осы қағидаға тікелей байланысты.

Сөйлеу техникаларын меңгеру үрдісі әр елдің педагогикалық тәжірибесі арқасында үнемі жаңарып, жаңғырып отыратыны заңды құбылыс. Дегенмен көтерілген басты тақырыбымыз аясында туындап отыратын мәселелер де аз емес. Себебі актер тұлғасын қалыптастыру тек дербес сахна тілінің міндеті ғана деп қарастыруға бомайды. Бұл қашанда кешенді, жан-жақты білім беру, әрі дайындау екені мәлім: вокал, сахна пластикасы, ырғақ, акробатика, актер шеберлігі және т.б. пәндерді меңгеру синтезінен туады. Демек сөйлеу техникасын дамыту үрдісі күрделі және өзге өзара байланысты пәндерге тәуелді болып келеді. Себебі түптеп келгенде, актерлік өнер – синтездік күрделі өнер. Сол өнер арқылы әлемді, адамды ашуға, тануға мүмкіндік

аламыз: «Art offers an ideal opportunity to explore the constantly mutually forming human-world system in the form of a regulated model that really exists», – сынды ғылыми пікірлерден өнердің шексіз мүмкіндігіне көз жеткізе аламыз (Мамиров, Халықов, Нұрпейіс, 2015: 201). Сол өнерді әдемі ұсыну техникалары зерттеуді қажет ететін үлкен тақырыптарға айналады.

Әр заманда актерлерден сөзге байланысты жалпыға бірдей талаптар болғанымен, кей кезеңдерде режиссерлердің сұраныстары түрленіп өзгеріп отырды. Мысалы, орта ғасыр дәуірінде актер нақты таза сөйлеп, интонациялық иірімдерді сәйкесінше қолданып, мәтінді жатқа білсін деген талаптар қойылса, Шекспир, Мольер уақытында тілге одан зор көңіл бөлінетін болды (Васильев, 2010: 63). Әрине бұл қайта өрлеу заманының және театр өнерінің жаңа деңгейге көтеріліп қарқынды дамуының салдары. Драматургтер спектакльдің қойылуы барысына тікелей араласып актердің сөз саптауы мен сөйлеу үдерісіне ден қойды. Осы мәліметтерге сүйенсек, атақты француз драматургі және театр теоретигі Д.Дидро актерлердің сөз сөйлеу техникасына саналы әрі терең талдауды қажет ететін әдістерді табуды талап етті. Театр өнері эволюциясына көз жүгіртсек, сахналық тіл және оның техникасы сан түрлі өзгеріске ұшырағанын байқауға болады.

**Зерттеу нәтижесі.** Әлемдік және отандық театр тарихында сахнадағы ойдың негізгі тасымалдаушысы ретінде сахналық сөйлеу мәселесі әрқашан өте өткір болды. Мақаланың мақсаты да – сахналық сөйлеу техникасын дамыту үшін қолданылатын әдістерді талдау. Қазіргі білім беру саясаты мен тұжырымдамасы өзгерген, жаңашылдықты талап етеді. Соған сәйкес, сахна тілі мәселелері кеңінен қарастырылып, дикцияға қарасты сөйлеу техникасын дамыту әдістерінің мәселелеріне отандық және шетелдік ғалымдардың теориялық еңбектеріне, хронологиялық кезеңдерді сақтай отырып сараптама жасалынды.

**Талқылануы.** К.С. Станиславский жүйесі бастау алған орыс театр өнерінде XVIII ғ. аяғы мен XIX ғ. басы аралығында классицизм дәуірінің нағыз дамыған кезеңі болған. Ол замандағы актер шеберлігінің эстетикалық көрсеткіші ретінде сахна тілін жетік меңгерген, сөз шебері, декламация заңдылықтарын жете түсініп, өлең оқу, анығырақ айтқанда, тапқақтап оқу мәнерінің ырғақтылығы мен әуезділігін өзара дұрыс байланыстыру, нағыз шеберлік болып есептелген. Н.А. Полевойдің пікірінше: «Ол кездері жақсы немесе төмен деңгейлі актерлер қауымының бәрі қарапайым сөйлеп, сөздің мәнін өмірдегідей етіп жеткізуден көрі – ән салып, мәнерлеп оқумен айналысатын. Жақсы оқысын жаман оқысын маңызды емес, талап жалпыға бірдей және одан бөлек оқуға ешкімнің хақысы болмады (Полевой, 2009: 30). Кейінірек осы уақыттағы кемшіліктер жайында В.И. Немирович-Данченко былай деген: «Актер шеберлігімен айналысатын мектептер таптауырындылықты дағдыландырумен болды. Махаббатты осылай, күлкіні осылай ойнау керек деген қатаң заңдылықтарға бағынуды талап етті. Тапқан әдістерді бекітіп таптауырындылыққа айналдырған және кейінгі ұрпақтарға дәл солай ойнауды ұсынған» (Немирович-Данченко, 1954: 210). XIX ғасыр аясында осындай келеңсіздіктер актердің тіл техникасын дұрыс қалыптасуына кедергі келтірген. Спектакль кою барысында актерлер белгілі интонациялық таптауырындылықтарды қолданып, оны әдетке айналдыруға

тырысқан. К.С. Станиславский мен В.И. Немирович-Данченко – театр кеңістігінде осындай адасулардан алшақ маңызы зор жаңа жүйе құрды. Олардың пайымдауынша: «Сахнадағы тіл, сөз қарым-қатынасы көрермендердің ішкі көру қабілеттерін қозғап, көркемдік түйсіктерін оятуы тиіс. К.С.Станиславский ашқан жаңа ережелер бойынша, актер өзіндік жұмысқа бағытталды, паузалар мен екпін қоюдың өзге әдістері табылды. Сөз техникасын логикалық ойлау мен сөз астарымен байланыстырды» (Марков, 2002: 95).

Дегенмен тақпақтап оқу таптауырындылығымен күрес ХХ ғасыр бойы ғана емес әлі күнге дейін жалғасын тауып келеді. Оған қоса актердің сахнада шынайы сөйлеу техникасына нұқсан келтіретін өзге де бетбұрыстар пайда болды. Ол жайында Г.А. Товстоногов былай деген: «Қазір сөзге деген қарым-қатынастың екі түрі бар – бір жағынан сахнада өмір сүру үшін заманға сай жаппай ұмтылыс, өмірге ұқсастық, тақпақтаумен күрес, сөзді әдейі қасақана ойнатам деп сөзге немқұрайлы мән беру қылаң берді. Бұл біздің өнеріміздің табиғатын жояды... Өзге де, ескі ауру бар. Ол актердің сөзге ғана мән беріп қимыл-қозғалыстан қалып, сахнадағы іс-әрекет үдерісі тоқтап, құр сөйлеуге айналғанда – бұл жағдайда да театр табиғаты жойылады» (Жұмаш, 2020: 56). Мұндай келеңсіздіктер актердің кейіпкер бейнесіне ену барысында ізденулерінің аздығынан, актер шеберлігінің жетіспеушіліктері мен сөйлеу техникасының дұрыс қалыптаспағандығы себебінен болатыны анық.

Актердің сөйлеу техникасын меңгеру барысындағы маңызды кезең – артикуляция және дикциямен жүйелі түрде машықтану, жаттығу және сахнада мәтінмен байланыстыра алу. Дикцияның дамуына арнайы жаттығулар мен тренингтер комплексі тікелей әсер етеді. Сөйлеу техникасының негізгі тұғыры аралас-диафрагматикалық дем алу, терең тыныстау арқылы қалыптасады. Сондай-ақ болашақ актер кейін сахнада кез-келген дене қалыбында сөздің мәнін жеткізіп, сөйлеу техникасын қолдана алуы тиіс. Қазіргі таңда дауыс тәрбиелеу тақырыбында көптеген әдіс-тәсілдер кең қолданысқа енуде. Алайда олардың іс-жүзіндегі нәтижелері уақыт өте келе көрінер. Десек те ең тиімді деп дәлелденген әдістерді қарастырайық.

Қарапайым, шынайы және көркем сөйлей алу – бұл үлкен өнер екені белгілі. К.С. Станиславскийдің актер шығармашылығындағы сөз әрекетінің ролі жайында көп ізденістері мен ой-пікірлері қалған. Өзі жазған арнаулы «жүйеде» сөздің қадір-қасиеті жайында әртүрлі тұжырымдар жазылған. Сөйлеу техникасын меңгерудегі басты аспектілер ретінде ол келесі мәселелерге көңіл бөлген: «Ең алдымен ұсынылған мәтінде айтылмақ ойдың реті мен сөздері арасындағы логикасын табу керек. Егер сөз тіркестерін сөйлеу тактілерін дұрыс білсек, логикалық кідірістерді қоя алсақ негізгі ой айқындала түседі... Негізгі ойды жеткізетін басты сөздерді дұрыс анықтау арқылы кідіріс, екпін қойылады, интонациялық әуен пайда болады» (Кнебель, 2018: 115). Сонымен қатар, ұлы театр педагогы айтылар ойдың перспективасы, жан күйзелтетін сезім иірімдерінің перспективасы мен шығарманың көркемдік перспективасын үнемі ескеріп отыруды талап еткен: «Логикалық перспективаны ұғыну арқылы актерге шығарманың барлық шығармашылық болмысын ашуға жолы ашылады, болмысы кейіпкерге жақындай түседі» (Кнебель, 2018: 22). Станиславский актердің пьеса мәтініне арнайы әуен шығарып соны бар жүрек тебіренісімен, ішкі жан дүниенің

бар мүмкіндігімен сомдауды сұраған. Сонда ғана шығарманың көркемдік деңгейі айқындала түсетінін атап өткен.

Белгілі Ресей театр педагогы, профессор, өнертану кандидаты Ю.Л. Альшиц «Рольге қойылатын 45 сұрақ» атты кітабында сөйлеу техникасы жайында пікірін жазғанда сөз тудыру, сөз астары үдерісіне аса мән беруді жөн көрген. Пьеса сөзін тірілту үшін бастапқы уақытта автордың негізгі идеясын жете түсінуді ұсынады. Кейінірек мәтіннің әр сөздерінің астарын және ойын ұғынуға мүмкіндік туатынын айтты. Актер тек сөзді жеткізуге ұмтылмауы тиіс, қайта қағаз бетінде көрінбейтін ойлар легін анықтай алуы керек. «Әр сөз ол құлып секілді, оны ашу арқылы біз негізгі идеяны, тақырыпты ашуға жақындаймыз. Дәл сол мезетте актер сөзді ойнатудан алшақтап, мазмұнды, ойлы сөйлеуді бірінші планға алып шығады» (Альшиц, 2021: 43). Сонда актер пьеса мәтнінде тек кейіпкер сөздерімен шектеліп қалмай, өзге де кейіпкерлердің сөздеріне тоқталып талдап, рольдің энергетикасы шоғырланған сөздерді анықтауға ұмтылады. Ғылыми тұжырымдаманы отандық жас ғалымдардың: «Дауыс – сахнадағы сөздің негізгі қызметін жүзеге асырады. Мысалы, біріншіден – болып жатқан қойылымның не жайында екендігін, екіншіден – дыбыс ырғағы арқылы кейіпкердің мінезін, ойын, үшіншіден – шығармадағы кейіпкердің қандай көңіл-күйде екендігін, актердың дауыс ерекшелігі арқылы естіп – білеміз, түсінеміз» - деген түйінімен қазіргі таңдағы сахналық сөйлеу өнерінің маңызын көрсете аламыз (Хожамбердиев О.К., Ақмұрза Б., Шынболатов Е., 2022: 307).

Белгілі ұстаз, профессор М.С. Омарбаева «Сахна тілі», «Сахна тілі ерекшеліктері», «Дикциямен жұмыс істеу» еңбектерінде тіл техникасын дамытуға бағытталған сан-алуан әдіс-тәсілдерді ұсынады. Майра Смағұлқызының айтуынша, сахналық тіл техникасының маңызды бөлімі – орфоэпия. Уақыт өткен сайын сөйлеу мәнері де, қолданыс аясы да кеңейіп, үнемі өзгеріске ұшырап отыратыны аян. Сол үрдісте орфоэпия заңдылықтарын сақтап сөйлей алу және кемшіліктерді түзетіп отыру аса қажет. «Әдеби тілдің орфоэпиясы дыбыстар мен дыбыс тіркестерінің дұрыс айту ережелерін ғана емес, сонымен бірге сөздер мен сөйлемдердің де дұрыс айтылу ережелерін қамтиды. Сөз құрамындағы дыбыстар бір-бірімен өзара үндесіп, өзара үйлесіп айтылады» (Омарбаева, 2019: 18). Сөйлеу техникасын құрайтын негізгі мәселелерді атап өткен жөн: дыбыстау мүшелерімен жұмыс (тыныстауға қатысты мүшелер, дыбыстауға қатысты мүшелер, ауыз қуысы мүшелері), сөйлеу аппаратының кемшіліктерімен жұмыс, дауыспен жұмыс және барлық бөлімдерді өзара байланыстырып қамтитын арнайы құралған кешенді жаттығулармен жұмыс. Ал енді сол жаттығулардың нәтижесін көркем шығарманы сахналау арқылы көруге болады. Аталмыш әдіс тәжірибеде жоғары нәтижелерін көрсеткені белгілі. Тек ол шығармалардың өзектілігін сөз астары арқылы қазіргі заман мәселелерімен байланыстыра алған абзал екенін ескерген жөн.

ҚР еңбек сіңірген қайраткері, профессор Д. Тұранқұлова сөйлеу техникасын меңгерудің жолдары жайында былай дейді: «Сөйлеу техникасы адамның ішкі дүниесін сөз арқылы ашып, тек қана жаттап алу емес, терең оймен, үлкен сезіммен сезіну болып табылады. Кейбір актерлер тез сөйлейді немесе мәтінді не өлең жолдарын төменгі дауыстан бастайды. Ондай актерлер тұрмыстық пьесаларды ойнай алса



да, лирикалық нәзік ойларды жеткізе алмайды» (Тұранқұлова, 2016: 22). Сондықтан, студенттерге бастапқыда жеңіл құрылымды, жаттап алуға оңай әрі тез ұғына алатын баяндау тәсілімен жазылған прозалық шығармадан үзінділер беру қажет. Көркем шығармамен жұмыс актердің жан дүниесін қозғап, терең сезімдерді оятып, ойын жетелейді. Актердің шығармашылық диапазонын кеңейтіп, тіл мәдениетін толық меңгеруге мүмкіндік береді. «Дикция, тыныс, дауыс, орфоэпия, ауызекі сөздің логикалық интонациялық заңдылықтары – міне, осының бәрі сөйлеу шеберлігінің маңызды қырлары» (Тұранқұлова, 2016: 24), дей келе, Дариға Тұранқұлқызы сөз бен ойдың тығыз байланысына да жете көңіл бөлу керектігін алға тартады. Кейіпкердің сөз саптауына үніле отырып, автордың түпкі мақсатын, идеясын анықтау қажет. Сонымен қатар, актердің сөйлеу кезінде қатысатын, аппаратының барлық мүмкіндіктерін дамытып аша түсетін сан алуан кешенді жаттығуларды үнемі жасап машықтану, әрбір актердің кәсіби міндеті.

**Қорытынды.** Қорыта келе, сөйлеу шеберлігін, тіл техникасын арттыру – өте күрделі, жүйелі түрде ерінбей еңбек етіп, ұзақ жылдар бойы жаттығуды, дағдылануды талап ететін үрдіс. Және де ол әрдайым заман талабына сай бейімделіп, жұмыс істей алуы да қажет етеді. Сөз сөйлеу шебері атану үшін тек қана сахна тілі пәнімен шектелуге болмайды. Бұл орайда физиология, фонология, психология секілді ғылымдардың заңдылықтарын ескере отырып, актер шеберлігі, сахна пластикасы, ритмика, вокал секілді пәндермен тығыз байланыста, жан-жақты үйлесімді жаттығуды ойластырған жөн. Сонымен қатар, күнделікті өмір де сөйлеу заңдылықтарын қолдана білген дұрыс. Осы мақсатта жұмыс істейтін болашақ актер тек сөз шеберлігін ғана дамытпай басқа да тұлғалық қабілеттерін тәрбиелейтіні сөзсіз: белсенді әрі жігерлі өзіндік жұмысқа бейімделу, табиғи мүмкіндіктерін игеруге және дамытуға ұмтылыс, әрдайым жаңа әдістерді іздестіріп, тәжірибеде қолдану, өзіндік техникаларды ойлап табуға жетелейді. «Қазақ тілі, әдеби тіліміздегі сөз байлығы – сөйлеу нақышына бай, өте әдемі, түгелдей бейнелеу құралы» (Белжанова, 2021: 19). Өз табиғатыңды игеріп, шеберлік шыңына жетуге ұмтылу қаншалықты қызықты әрі ғажайып өзгерістерге толы сәттер десеңізші... Сөйлеу техникасын меңгеру, тіл мәдениетін тереңдетіп, сөз байлығын арттыру қиынның – қиыны, бірақ нағыз жан рахатын сыйлатын, рухани байытатын өнер. К.С.Станиславский айтқандай: «Дауыстың бабында болуы, тек әншілерге ғана емес, драма актерлері үшін де ғажайып сезім. Өз дыбысыңды өзін бағындыра алуың, жан дүниенің бар иірімдерін, тербелісін, толқындай тасуың жеткізе алу сезімі – керемет күдірет!» (Станиславский, 2020: 52).

**Жумаши А.Ы. <sup>1</sup>, Абенова А.Е. <sup>2</sup>, Құлетова У.А. <sup>3</sup>**

*Қазақстан ұлттық академиясының өнерінің атындағы Т. Қ. Жұргенова,  
Алматы, Қазақстан.<sup>1, 2</sup>*

*Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави  
Туркестан, Қазақстан<sup>3</sup>*

*E-mail: arman\_zhumash68@mail.ru, Aabenova94@mail.ru, saltarai@mail.ru  
ORCID: 0000-0002-9945-6555, 0000-0002-5470-6602, 0000-0001-2345-6789*

### **Особенности методики обучения сценической речи**

**Аннотация.** Сценическое искусство имело особое значение в культурной жизни современного общества. В качестве одной из глав многопрофильного синтезного искусства, мы можем рассмотреть неотъемлемую, важнейшую деталь проявления актерского мастерства, это - сценическая речь. Как всем известно, в актерском искусстве, прежде всего, важен голос. Это искусство также требует красивого тона голоса, умения четко и выразительно передать слово. Качество актерской игры повышается при правильной передаче слова. Овладение полными тонкостями этого искусства и умение применять его на сцене – одно из основных, самых мощных творческих орудий любого актера.

В истории мирового и отечественного театра проблема сценической речи как основного носителя сценической мысли всегда была актуальной. Нам известны многие основатели и последователи «театральной школы» писали научные труды проблеме сценической речи. Внесены изменения в современную образовательную политику и концепцию и требуют новаторства. В соответствии с этим были широко рассмотрены вопросы сценической речи, проанализированы теоретические труды отечественных и зарубежных ученых по проблемам методов развития техники дикции и речи с соблюдением хронологических периодов. Целью статьи является анализ методов, используемых для развития техники сценической речи. В научной статье главной главой сценического языка были подняты проблемы методов развития речевой техники, связанных с дикцией. В ходе исследования были рассмотрены труды таких ученых, как Станиславский К.С., Немирович-Данченко В.И., Кнебель М., Марков П.А., Васильев Ю.А., Альшиц Ю.Л. и отечественных ученых, как Туранкулова Д., Омарбаева М.С., Белжанова К., Жумаши А.Ы., техника речи проанализирована современными аспектами.

**Ключевые слова:** театральные школы, сценическая речь, дикция, техника речи, актерское мастерство.

**Zhumash A.I. <sup>1</sup>, Aabenova A.E. <sup>2</sup>, Kuletova U.A. <sup>3</sup>**

*T.K. Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts,  
Almaty, Kazakhstan.<sup>1, 2</sup>*

*Khoja AkhmetYassawi International Kazakh-Turkish University  
Turkistan, Kazakhtan<sup>3</sup>*

*E-mail: arman\_zhumash68@mail.ru, Aabenova94@mail.ru, saltarai@mail.ru  
ORCID: 0000-0002-9945-6555, 0000-0002-5470-6602, 0000-0001-2345-6789*

### **Features of the medical science of scenic speech training**

**Abstract.** Performing arts had a special significance in the cultural life of modern society. As one of the chapters of the multidisciplinary synthesis art, we can consider an integral, most important detail of the manifestation of acting skills, this is stage speech. As everyone knows, in the art of acting, first of all, the voice is important. This art also requires a beautiful tone of voice, the ability to clearly and expressively convey the word. The quality of acting increases with the correct transmission of the word. Mastering the full subtleties of this art and the ability to apply it on stage is one of the main, most powerful creative tools of any actor.

In the history of the world and domestic theater, the problem of stage speech as the main carrier of stage thought has always been relevant. We know many of the founders and followers of the «theater school» wrote scientific papers on the problem of stage speech. Changes have been made to the modern educational policy and concept and require innovation. In accordance with this, the issues of stage speech were widely considered, the theoretical works of domestic and foreign scientists on the problems of methods for the development of diction and speech techniques in compliance with chronological periods were analyzed. The purpose of the article is

to analyze the methods used to develop the technique of stage speech. In the scientific article, the main chapter of the stage language raised the problems of methods of development of speech technique related to diction. In the course of the study, the works of such scientists as Stanislavsky K.S., Nemirovich-Danchenko V.I., Knebel M., Markov P.A., Vasiliev Yu.A., Alshits Yu.L. and domestic scientists like Turankulova D., Omarbayeva M.S., Belzhanova K., Zhumash A. Y. were considered, the speech technique was analyzed by modern aspects.

**Keywords:** theatre schools, stage language, diction, speech technique, acting skills.

#### **Информация об авторах:**

**Жумаш Арман Ыскакович**, доцент кафедры «Сценической речи» Казахской национальной академии искусств имени Т.К.Жургенова, кандидат искусствоведения. Алматы, Казахстан. E-mail: arman\_zhumash68@mail.ru Orcid: 0000-0002-9945-6555

**Абеннова Асем Ермахановна**, Преподаватель кафедры «Сценической речи» Казахской национальной академии искусств имени Т.К.Жургенова, магистр искусствоведения. Алматы, Казахстан. E-mail: aabenova94@mail.ru Orcid: 0000-0002-5470-6602

**Күлетова Улбосын Ахметовна**, старший преподаватель кафедры «Исполнительского искусство» Международной казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави, магистр искусствоведения. Туркестан, Казахстан. E-mail: saltarai@mail.ru Orcid: 0000-0001-2345-6789

#### **Әдебиеттер:**

Альшиц Ю.Л. Рольге 45 сұрақ. – Мәскеу: ГИТИС, 2021. – 232 б. (орыс.)

Белжанова К. Сахна тілі. Монолог. Оқу құралы. – Алматы: Білім, 2021. – 176 б. (қаз.)

Васильев Ю.А. Сахна тілі: уақыт бойынша қозғалыс. – Санкт-Петербург: 2010. – 459 б. (орыс)

Жумаш А.Ы. Ұлттық театр өнеріндегі сахна тілінің орны. Монография. – Алматы: 2020. – 160 б. (қаз.)

Кнебель М. Спектакль мен рольді тиімді талдау туралы. – Мәскеу: ГИТИС, 2018. – 201 б. ISBN: 978-5-8114-7144-7 (орыс)

Мамиров А., Халықов Қ., Нұрпейіс Б. Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ театрларының этникалық-мәдени даму аспектілері: Адам тұрмысының мәселелері // Фольклор (Эстония). № 62 – 2015. - 201-224 б. [http://dx.doi.org/10.7592/FEJF2015.62.kazakh] (ағыл.)

Марков П.А. XX ғасыр театры туралы мақалалар. Таңдаулылар. - Мәскеу: ГИТИС, – Т.2. – 2014 - 536 б. ISBN: 978-5-91328-193-7 (орыс)

Немирович-Данченко В.И. Театр мұрасы. - Мәскеу: Өнер, 1954. – Т.2. – 443 б. ISBN: 978-1-620-56-954-2 (орыс)

Омарбаева М.С. Сахна тілі. Оқу құралы. – Алматы: Мерей, 2019. – 234 б. (қаз.)

Павлов И.П., Сеченов И.М. Ғылым Аллеясының ғылыми-практикалық электронды журналы. №1 (17) 2018. 581 б. (орыс)

Полевой Н.А. Сахна тілі: өткен мен бүгін. – Санкт-Петербург: 2009. – 430 б. (орыс)

Станиславский К.С. Шығармашылық процесте актердің өз-өзімен жұмысы. – Мәскеу: АСТ баспасы, 2020. – 215 б. ISBN: 978-5-389-09549-6 (орыс)

Тұранқұлова Д. Сахна тілі. Оқу құралы. – Алматы: Білім, 2016. – 214 б. ISBN 978-9965-09-883-3 (қаз.)

Хожамбердиев О.К., Ақмұрза Б., Шынболатов Е. Сөз тудыру үдерісі сахна тілінің негізгі мәселесі ретінде. // «Керуен» ғылыми журналы - № 1 (74). – 2022. – 307-315 с. [https://doi.org/10.53871/2078-8134.2022.1-24] (қаз.)

#### **Литература:**

Альшиц Ю.Л. 45 вопросов к роли. – Москва: ГИТИС, 2021. – 232 с. (рус.)

Белжанова К. Сценическая речь. Монолог. Учебное пособие. – Алматы: Билим, 2021. – 176 с. (каз.)

Васильев Ю.А. Сценическая речь: движение во времени. – Санкт-Петербург: 2010. – 459 с. (рус.)

Жумаш А.Ы. Место сценического языка в Национальном театральном искусстве. Монография. - Алматы: 2020. - 160 с. (каз.)

Кнебель М.О. действенном анализе пьесы и роли. – Москва: ГИТИС, 2018. – 201 с. ISBN: 978-5-8114-7144-7 (рус.)

Маемиров А., Халыков К., Нурпеис Б. Этнические и культурные аспекты в развитии Казахских театров в период независимости: Проблемы человеческого существования. // Фольклор (Эстония). № 62 – 2015. – 201-224 с. [<http://dx.doi.org/10.7592/FEJF2015.62.kazakh>] (англ.)

Марков П.А. Статьи о театре XX века. Избранное. - Москва: ГИТИС, 2014. – Т.2. – 536 с. ISBN: 978-5-91328-193-7 (рус.)

Немирович-Данченко В.И. Театральное наследие. – Москва: Искусство, 1954. – Т.2. – 443 с. ISBN: 978-1-620-56-954-2 (рус.)

Омарбаева М. С. Сценическая речь. Учебное пособие. - Алматы: Мерей, 2019. - 234 с. (каз.)

Павлов И.П., Сеченов И.М. // Научно-практический электронный журнал Аллея Науки. №1 (17) 2018. 581 с. (рус.)

Полевой Н.А. Сценическая речь: прошлое и настоящее. – Санкт-Петербург: 2009. – 430 с. (рус.)

Станиславский К.С. Работа актера над собой в творческом процессе. Москва: Издательство АСТ, 2020. - 215 с. ISBN: 978-5-389-09549-6 (рус.)

Туранкулова Д. Сценическая речь. Учебное пособие. – Алматы: Билим, 2016. – 214 с. ISBN 978-9965-09-883-3 (каз.)

Хожамбердиев О.К., Акмурза Б., Шынболатов Е. Процесс словообразования как основная проблема сценической речи. // «Керуен» научный журнал № 1 (74). – 2022. – 307-315 с. [<https://doi.org/10.53871/2078-8134.2022.1-24>] (каз.)

#### References:

Alshits Y.L. (2021) 45 questions to the role. – Moscow: GITIS, – 232 p. (in Russian)

Belzhanova K. (2021) Stage language. Monologue. Study guide. – Almaty: Bilim, – 176 p. (in Kazakh)

Vasiliev Yu.A. (2010) Stage language: movement in time. – St. Petersburg – 459 p. (in Russian)

Zhumash A. Y. (2020) The place of the stage language in the National theatrical art. Monograph. - Almaty - 160 p. (in Kazakh)

Knebel M. (2018) On the effective analysis of the play and the role. – Moscow: GITIS, – 201 p. ISBN: 978-5-8114-7144-7 (in Russian)

Mayemirov A., Khalykov K., Nurpeis B. (2015) Ethnic and cultural aspects in the development of Kazakh theatres during the independence period: The problems of human existence // Folklore (Estonia). – No.62 – P. 201-224. [<http://dx.doi.org/10.7592/FEJF2015.62.kazakh>] (in Eng.)

Markov P.A. (2014) Articles about the theater of XX century. Favorites. - Moscow: GITIS, 2.V. – 536 p. ISBN: 978-5-91328-193-7 (in Russian)

Nemirovich-Danchenko V.I. (1954) Theatrical heritage. – Moscow: Iskusstvo, T.2. – 443 p. ISBN: 978-1-620-56-954-2 (in Russian)

Omarbayeva M. S. (2019) Stage language. Study guide. - Almaty: Merey, - 234 p. (in Kazakh)

Pavlov I.P., Sechenov I.M. (2018) // Scientific and practical electronic journal Alley of Science. № 1 (17). – 581 p. (in Russian)

Polevoy N.A. (2009) Stage language: past and present. – St. Petersburg: – 430 p. (in Russian)

Stanislavsky K.S. (2020) The work of the actor on himself in the creative process of embodiment. Moscow: Publishing House AST, - 215 p. ISBN: 978-5-389-09549-6 (in Russian)

Turankulova D. (2016) Stage language. Study guide. – Almaty: Bilim, – 214 p. ISBN 978-9965-09-883-3 (in Kazakh)

Khodzhamberdiev O.K., Akmurza B., Shynbolatov E. (2022) The process of word formation as the main problem of stage language// «Keruen» scientific journal № 1 (74). – 307-315 p. [<https://doi.org/10.53871/2078-8134.2022.1-24>] (in Kazakh)

**Шаринова Д.С., Ақсақалова Ж.А.**

*М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты.*

*Алматы, Қазақстан*

*E-mail: dilyarazam@mail.ru, nurbinur\_86@mail.ru*

*ORCID: 0000-0002-8432-7339, ORCID: 0000-0001-73740366*

## **ЗАМАНАУИ ҚАЗАҚСТАН КЕСКІНДЕМЕСІНДЕГІ ТАРИХИ ТАҚЫРЫПТЫҢ ЖАҢҒЫРУЫ**

**Аңдатпа.** Автордың мақаласы қазіргі таңдағы Қазақстан кескіндемесіндегі тарихи тақырыптардың қайта жаңғыруна арналған. Қазақстан кескіндемесіндегі алғашқы кезден-ақ қазақ жұртының жүріп өткен жолы берілген көріністер өткенді қабылдауға жақын болды. Осылайша тұрмыстық шешімде көрініс тапқан тарихи жанр кенепте ұлттық нақыштарды, тыныштық күйіндегі лирикалық көңіл күйді өзара үйлескен жағымды түстермен шешіп отырды. Майлы бояумен көрініс алған шығармалар өткен дәуірлерден қалған естеліктердің жиынтығы секілді әсер қалдырады. Тұрмыстық көрініспен астасқан тарихи көріністер көрушіге өткен ғасырлардан қалған сағымдай көрінуінің де себебі осыдан. Мұндай көңіл-күйдегі шығармалардың көпшілігі шынайы тарихи болмыстан, деректен тыс көрерменді көңілдегі естеліктер түпкірінде жатқан көшпенділер әлеміне қарай жетелейді.

Қазақ халқының көшпелі мәдениетінің дәстүрлі әлеміне деген қызығушылық өткеннің жарқын бейнесін, кең байтақ өлкеміздің, бүкіл өмір тіршілігінің қайнар көзін жадымызда сақтау ниетінен туындады. Суретшілер туындылары халқымыздың өткен өмір-тіршілігін, тұрмыс-салтын көруші қауымға кеңінен жетізуге мүмкіндік беруде.

Тарих халқымыздың өткен тұрмыс-тіршілігінен, елдің ауыртпалығы мол қиын-қыстау күндерінен, мемлекеттің жай-күйінен хабар беріп, ұлтымыздың ұмытылуға айналған асыл мұраларын келешек ұрпаққа жеткізетін басты құрал болып табылады. Бүгінде бейнелеу өнеріндегі мәдени жад ұғымы да осы тарихи кезеңдерді көркем бейнеде көз алдымызға әкеліп, өткенімізді қайта жандандыруға себепші болған, көмекші құралдардың бірі болып отыр. Сол себепті де, Қазақстан өнері дамуының қазіргі кезеңінде мәдени сәйкестік, ұлттық құндылықты сақтау мәселесі басты орында тұр.

**Кілт сөздер:** суретші, бейнелеу өнері, кескіндеме, тарихи жанр, ұлттық нақыш, рухани жаңғыру, ұлттық бірегейлік.

**Кіріспе.** Бүгінгі таңда тарихи жанр Қазақстан бейнелеу өнеріндегі тарихи санамызды жаңғыртуда аса қажеттілік тудырған бағыттардың біріне айналып отыр. Егемендігімізді аңсаған қайғы-қасіретпен, қиыншылыққа толы кезеңдер қылқалам шеберлерінің басты зерттеу тақырыптарына айналды. Суретшілер кенепте тарихи оқиғаларды суреттей отырып, түстік үйлесімдер көмегімен күрделі композицияларды ұтымды шешуге тырысты. Тарихи көріністерге негізделген туындылары өткенімізге деген қызығушылықты оята отырып, рухани маңыздылығы мен құндылығын қайта жаңғыртуды көздеді.

Тәуелсіздік жылдарындағы Қазақстан кескіндемесінің негізгі даму тенденциялары дәстүрлі кескіндеменің түрлі жанрларының өзара байланысынан туындады. Егемендік алған тұста ұлттық сәйкестік мәселелері дәстүрлі кескіндеменің бұрынғы көркемдік құндылығымен бірге қарқынды түрде дамыды. Заманауи өнердің қалыптасуында анық байқалған бұл бағыт жанрлардың баяндалуы мен сипатталуы

негізінде қанатын кеңінен жайды. Осы кезеңдер де дәстүрлі өнерде жанрлық кескіндемеге бой алдыру жаппай көрініс алды. Бұл жағдайға көршілес елдердің үстемдігінен босап, азаттыққа қол жеткізген халық санасындағы ұлттық нақышты, ерекшелікті, ұлттық идеяны аңсаған бірқатар шығармашыл топтың ішкі рухани қажеттіліктері жетелеп келген еді. Кеңес үкіметінің түрлі құйтырқы саясатынан босап, өз тарихындағы кемеңгер ата-бабаларының есімдерін кеңінен танытуға мүмкіндік алды. Көненің көзі болып қалған салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды бүгінгі ұрпаққа таныстыру мен жеткізу мақсатын ұстанған заманауи кескіндеме дәстүрлі, ұлттық нақышта көркем түрде көрініс тапты.

Өнер мен шығармашылықтағы көркемдік ағымдардың сан түрлілігіне қарамастан ізденістер көкжиегін зерделеуге мүмкіндік береді. Қазіргі бейнелеу өнеріндегі бұл көзқарас оның бүгінгі мәдени маңызын анықтауға жағдай жасайды. Белгілі өнертанушы ғалым Р.Ә. Ергалиева 90-жылдардағы бейнелеу өнерін «ұлттық бастауларымызға қайта оралу кезеңі» деп атап кеткен болатын. Сонымен қатар өнертанушы өз зерттеулерінде көркем туындылардың философиялық мәнінің тереңдігіне баса назар аударады (Ергалиева, 2002:110).

Қазіргі таңда өзекті болып табылатын, ұлттық бірегейлікпен, тарихи негізбен байланысты Қазақстан бейнелеу өнеріндегі бұл үрдіс ұлттық мұраларды кескіндемеде қайта жаңғырту үшін тарихи тыныста қарқынды дамыды. Бейнелеу өнері жайлы деректерді зерттеу барысында Қазақстанның тәуелсіздік жылдарындағы тарихи кескіндемесі екі түрлі сипатта көрініс тапқан анықтадық. Біріншісі портрет жанрында кең қолданысқа ие болып, суретшілер өз шығармаларында тарихта есімі белгілі қоғам қайраткерлерінің келбеттерін жиі бейнелей бастаса, келесі сипаттағы шығармаларда тарихи оқиғалар бейнеленген. Бұл монументті туындыларды сомдаушыларға қазақ басынан кешкен қанды қақтығыстарды қайта жандандырып, рухани тұрғыдан жаңғыртуға тырысқан, жаңашыл біліммен сусындаған шығармашыл топ өкілдері жатады.

Аталып отырған бұл топтардан өзге бейнелеу өнерінде этнографизм мен декоративизм тәсілін шығармашылықтарына арқау еткен кескіндемешілер де болды. Олардың еңбектерінде қазақы нақыштағы киім үлгісіндегі кейіпкерлер мен дәстүрлі-тұрмыс салт көріністері лирикалық, поэтикалық көңіл күйді ұсынады. Композиция құруда қарқынды қозғалыс пен әрекеттен бас тартып, статикалық баяу көріністерге қарай қызығушылық танытқандарын байқаймыз. Осының салдарынан кейбір туындыларда рухани жағыруды жарнамалау сынды баяндауларға жол беріліп, шығармалар өткенге деген ностальгиялық сипатқа ие болды.

**Әдістер.** Қарастырылып отырған мәселені жете зерттеп-зерделеп, тиісті байлам-байыптамалар жасау үшін салыстырмалы-салғастырмалы және тарихи-типологиялық әдіс-тәсілдер қолданылды.

**Нәтижелер мен талдау.** Мемлекет бағдарламасы негізінде тарихи қаһармандар бейнесін қайта жаңғыртып, көпшілікке насихаттауда тарихи жанрдың, оның ішінде тарихи-портрет жанрының орны ерекше. Суретшілер мен мүсіншілердің көркем туындыларының негізгі кейіпкерлерінің бірі – қазақтың би-шешендері болды. Олардың есімдері тек әдебиет, тарих салаларында ғана емес, сонымен қатар бей-



нелеу өнерінде де кеңінен көрініс тапты. 2000 жылдардан бастап қазақ кескіндемесінде билердің бейнесі негізінен портреттік және тарихи оқиғаларға құрылған ірі композициялық шығармаларда көптеп көрініс берді. Алғашқылардың бірі болып, суретші Т. Тоғысбаев пен А. Дүзелханов, қазақ сотының символына айналған бабаларымыздың портреттік келбетін кенеп бетіне түсірген болатын.

Билер сынды қазақтың басты хандары мен ер-жүрек батырларының бейнесі де тәуелсіздіктен кейінгі жылдары көптеп кенеп бетінен көріне бастады. Кенесары мен Жәнібек, Абылай хан, Әбілхайыр хан, сонымен қатар Махамбет, Райымбек, Қабанбай, Наурызбай сынды көптеген батырлар, Абай мен Шәкәрім, Жамбыл мен Дина, Мұқағали сынды ұлы тұлғалар бейнесі кенеп беттерінен орын алды.

2000 жылдардан бастап портреттермен қатар, тұрмыстық сипатта шешілген, өткен тарихи көріністегі көлемді композициялар қатары көбейе бастады. Тарихи кескіндемелердің көбейюіне елбасы жолдаған «Қазақстан – 2030» стратегиясы, «Рухани жаңғыру», «Мәңгілік Ел» сынды мемлекеттік бағдарламалары негіз болды.

Жиырмасыншы ғасырлардағы әлемде болып жатқан соғыстар, әр түрлі көтерілістер, экономикалық дағдарыстар, әр түрлі атомдық жарылыстар, табиғи апаттар қоғамымызға көптеген өзгерістер енгізді. Бейнелеу өнеріндегі бұл көріністер тарихи тақырып аясында көрініс тапты. Заманауи кескіндемедегі батальдық жанр тарих беттеріне жаңа талантты да өнерлі жас суретшілердің есімдерін енгізді. Мысалы Д. Қастеев, М. Нұрғожин, Ә. Жақыпбек, Б. Мырзахметов, Н. Қилыбаев, А. Назарқұл, Т. Тілеужанов, Қ. Омархан, Е. Ким, Д. Макин, М. Нұрғожин, Ә. Жақыпбек, Н. Әлібек, Д. Үсенбаев, А. Нұрғожаев, Е. Болатхан және тағы да басқа көптеген қылқалам шеберлерінің кескіндемелік шығармаларын ерекше атап өтуге болады.

Қазір көптеген отандық суретшілер Қазақстан тарихындағы ұлт-азаттық қозғалыс идеясының, хандардың, мемлекеттілік идеясының өкілдері ретіндегі тарихи кейіпкерлердің бейнелеріне жүгінеді. Қазіргі уақытта идеологиялық жағдайдың өзгеруіне байланысты халықтың даңқты өткені тарихи әділеттілікті қалпына келтіруді талап етеді. Жоғарыда айтылғандай, қазақ тарихының түрлі эпизодтары авторларының көпшілігінің түсіндіруінде драмалық интерпретациялардың басым болуы немесе оның неғұрлым көп таңдалуы көңіл көншітпейді (Культурная парадигма «Мәңгілік Ел» и глобализация искусства Казахстана, 2020: 364).

Монументалист кескіндемеші Аманат Назарқұл тарихи тақырыпта біраз еңбектер жасаған ірі суретшілердің бірі. Бала күнінен суретшілікте армандап, өнерді өмірінің мәніне айналдырған қылқалам шебері өз шығармашылығына «нағыз суреткер болу үшін адамның ішкі әлемі өте мықты болуы керек» деген ұстанымды алдыға тартады. А. Назарқұлдың «Скифтер – Кентаврлар» (1997), «Бабалар рухы» (1998), «Үш грация» (1999), «Томирис» (1999), «Азия Бибі» (2000), «Түнгі жолаушы» (2000), «Аралды аңсау» (2000), «Қорқыттың үш бұлағы» (2000) «Қасиетті билер елі» (2011), «Астана – жастар мен білім қаласы» (2011) атты шығармалары көпшілікке танымал. А. Назарқұлдың шығармалары өткен замандағы қазақ тарихының жинақталған келбетін келешек ұрпаққа дәріптейтін үлкен тақырып.

Қазіргі таңдағы тарихи тақырыпта қылқаламын кеңінен сермеген, өзіндік қолтаңбасы қалыптасып үлгерген, талантты суретшілердің бірі Құмар Омархан.

Суретшінің тарихи жанрада орындалған туындыларының тақырып аясы өте ауқымды. Өз шығармаларында көрерменді түрлі қазірге дейін толық ашылмаған түрлі тарихи оқиғалармен таныстыруға тырысады. Оның «Батыр бабалар» атты композициясы қазақ тарихындағы белгілі тарихи кезең «Аңырақай шайқасына» арналған. Суретші кенеп бетінде қазақтың ұлы батырларының ұрыс алаңындағы бейнелерін суреттейді. Суретші бар жан тәнімен жауға шапқан батырлар мен аттардың іс-қимылдарын, отты жанарларын, бойларындағы күш-қайраттарын өте әсерлі жеткізген.

Қазақстанның қазіргі бейнелеу өнеріндегі ең шығармашыл әрі белсенді жас суретшілердің бірі – Алмас Нұрғожаев. Суретшінің шығармашылығы оның ішкі әлемі мен эмоционалды тәжірибесінің көрінісі болып табылады. Оның туындылары күрделі бұрыштары мен динамикасы бар экспрессивті композициялар. Қылқалам шеберіне табиғатты жалпылау және монументализациялау тән. Суретшінің жеке шығармашылық қолтаңбасына сыртқы сюжеттік көріністі ғана емес, сонымен бірге жасырын ішкі мазмұн мен мағынаны да жеткізу тән. Жалпы суретші шығармашылығына айқындайтын бір қасиет кейіпкерлердің үнемі қозғалыста көрініс тауып, экспрессияға толы бейнеленуінде. Шығармашылығының басты тақырыбы – адам мен оның өмір жолында кездесетін кедергілері, өз-өзімен күресі.

Суретшілердің халқымыздың тағдырындағы өткен өмір жолдарын келешекке ұрпаққа қайта бағыттау үшін көне аңыз-әңгімелерге, дастан-жырларға, ата-бабалар мұрасына, адам мен табиғаттың арасындағы өзара үздіксіз байланыстағы дүниетанымдық ұғымдарға терең сүйене отырып бейнеленген, тарихи тақырыптағы кескіндемелері көрушіні эмоционалдық еркіндікті білдіретін шығармашылық ізденістерімен аса қызығушылық тудыруда. Кескіндеме шеберлері тарихи оқиғаларды тұрмыстық көріністермен өзара байланыстыру арқылы мотивтер мен символдар тіліне назар аударып, оларды стилистикалық жағынан түрлендіре түседі. Рухани және философиялық тереңдікті қазіргі қоғамның адамгершілік-этикалық мәселелерімен суреттейтін туындыларда баршылық. Мұндай көркем туындылардың стилистикасы мен мазмұны заманауи кескіндеме өнерінің айтары әлі де мол екендігін меңзейді.

Тарихи тақырыпқа құрылған «қазақ хандығының» қалыптасу кезеңін суретшілер батырлардың ерліктерінің ұлылығын паш ету арқылы жеткізуге тырысады. Бұл қазіргі заманғы кескіндемедегі тарихи тақырыпты жауға қарсы шапқан жан-кешті шабуылдары негізінде түсіндіруде баса назар аударады. Кескіндемеде белең алған бұл үдерісті өнертанушы Қ.С. Оразқұлова былайша түсіндіріледі: «Ұлттық діл мен дүниетанымдағы батырлық культі сан ғасырлар бойы жалғасын тауып, ұжымдық бейсанада дәйекті түрде орныққандықтан, ол да – дәстүрлі өнердегі тұрақты белгілерге айналған. Сондай-ақ, ол кол өнер-де, музыка мен әдебиетте, мүсін өнері мен сәулет өнерінде де бейнеленетін ұлттық тұрақты образдар қалпынан бүгінгі күнге дейін айнымай келеді және болашақта да солай бола бермек» (С. Оразқұлова, 2014: 86).

Соңғы жылдары қазақ кескіндемесіндегі осындай тарихи қаһармандар мен олардың ерліктері жайлы жаңа туындылар қатары көбейюде. Кенеп бетінде тарих беттерінде ұмыт қалған көптеген батырлар мен тарихи тұлғалардың бет-бейнесін

көру және оны жеткізуде тарихты сақтаудың бір құралы болып келеді. Жалпы бейнелеу өнерінде тарихи тақырыптың кең етек жаюына «ұлттық идея» түсінігінің атқарар рөлі зор.

«Анығында, ұлттық идея дегеніміз – тарихтың жоғалтқанын бүгіннен іздеу, бүгінгінің талабын тарихта кеткен қателіктерден арыла отырып қанағаттандыру, келешекке халық тарихының философиясы арқылы үңілу» (Смайлов, 2016) – деп түсіндіреді жазушы Алдан Смайлов.

Ал енді осы түсініктің астарын қазіргі қазақ суретшілерінің шығармашылығынан қарастыратын болсақ, көркем туындылардағы «кез келген тарихи танымдық, ұлттық нақыштық бейнелердің барлығы да, тұтастай алғанда, ұлттық идеяны орнықтыру мен қайта туғызудың рухани негізгі көздерінің бірі болып табылады» екен (Оразқұлова, 2014: 88).

**Қорытынды.** Сонымен қорыта келгенде, жер бетінде өмір кешкен сан мыңдаған ұлттар мен ұлыстар тәрізді қазақ халқының да өзіне тән қалыптасу тарихы бар екендігі аян. Ешбір тайпа, халық және ұлт тарихсыз болмайды десек, олардың дербес ұлт болып қалыптасу үшін түрлі тарихи кезеңдерді басынан өткізетіні тағы бар. Бабаларымыздың білектің күші, найзаның ұшымен қасық қаны қалғанша ұлан-байтақ жерімізді ғасырлар бойы жауына бермей қорғауының басты себебі де сол. Ежелден қазіргі уақытқа дейін қазақ ұлтының басынан кешкен азабы мен қиындығының, қайғысы мен көрген зәбіріннің аз болмағандығы тарих парақтарынан белгілі.

Сол себепті де тарих халқымыздың өткен тұрмыс-тіршілігінен, елдің ауыртпалығы мол қиын-қыстау күндерінен, мемлекеттің жай-күйінен хабар беріп, ұлтымыздың ұмытылуға айналған асыл мұраларын келешек ұрпаққа жеткізетін басты құрал болып табылады. Бүгінде бейнелеу өнеріндегі мәдени жад ұғымы да осы тарихи кезеңдерді көркем бейнеде көз алдымызға әкеліп, өткенімізді қайта жандандыруға себепші болған, көмекші құралдардың бірі болып отыр. «Тарихи жанрды зерделеу үшін Қазақстанның қазіргі бейнелеу өнеріндегі ұлт мұрасын бейнелеу арқылы шешілетін мәдени жады маңызды мәселе болып табылады. Қазіргі мен өткен арасындағы сабақтастықты көрсету еліміздің азаматтарының өзін-өзі сәйкестендіруіне, жаһандық әлемдегі өз орнын түсінуіне және ұлттық сананың өсу перспективасына жағдай жасайды» (Шарипова, 2021:30 )

Қазақстан тарихындағы жаһандық азаматтық көтерілістер мен Ұлы Отан соғысы тақырыбы, терең ұлттық рухани нәрмен әрленген, тарихи туындылардың негізіне айналды. «Қазақстан кескіндемесіндегі тарихи жанр тұрмыстық жанрмен тығыз байланысты және олардың салаларының шекарасы қай жерде өтетінін кейде анықтау қиын. Қазіргі заманғы өнерде этнографиялық тақырыпқа, дәстүрлі өмір көріністерінің тұрмыс-тіршілігіне баса назар аудару себебінен, шын мәнінде, тарихи өткенге еніп, суретшілердің өткен қазақ өмірінің сұлулығын, оның тәртібі, салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын қайта жаңғырту әрекеті болып табылады. Қазіргі отандық кескіндеменің барлық жанрларына еніп, өткенге деген ностальгия қазіргі сәтке назар аудармаудың диагностикалық белгісі болды (Ергалиева, 2020).

Тарихи санамызда қалған негізгі оқиғалардың бірі ашаршылық кезеңдері. Осы қазақ бейнелеу өнеріндегі ашаршылық тақырыбына өнертанушы Шарипо-

ва Д.С. тереңінен зерттеуде. Оның өзге де өнертанушы ғалымдармен бірге отырып жариялаған мақаласына сүйенетін болсақ «Ұлттық тақырыптағы ашаршылық құрбандарына арналған ескерткіштер экстатикалық қайғылы оқиғаларға толы, өткен уақытты сипаттайтын «ыстық» жады деп сипаттауға болады, ал бұл өз кезегінде тарихи баяндауға жол береді» екен (Шарипова, Кенджакулова, Кобжанова, Оразқұлова, Кенджебаева, 2020:6)

Тарихи жанрдағы туындылар адам өмірінің өткенін бейнелейтін көркем бейнелер мен оқиғаларға толы «жадыны» қамтитын рухани құндылықтардың тасмалдаушысы. Суретшілердің соцреалистік реализм кезеңіндегі өмір салтынан көрініс беретін туындыларын зерттеу дәстүрлі өнердің негізін және қазіргі мәдени мұраның рухани құндылықтарын тереңірек түйсінуге негіз болып отыр. Дәстүрлі қазақ мәдениетінің көркемдік принциптері аға буын өкілдерінің қолтаңба іздерінде ғана сақталып қана қоймай, қазіргі заманғы әлемді бейнелеудің жаңа бейнелері мен жаңа формаларының туындауына себепші болуда.

*ҚР БҒМ Ғылым комитеті қаржыландырған OR11465467 «Әдебиеттану және өнертану саласындағы қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында жаңа гуманитарлық білімді қалыптастыру және инновациялық зерттеулер жүргізу: әлемдік тәжірибе және отандық практика» жобасы аясында жазылды.*

**Шарипова Д.С., Аксакалова Ж.А.**

*Институт литературы и искусства им. М.О.Ауэзова*

*Алматы, Казахстан*

*E-mail: dilyarazam@mail.ru, nurbinur\_86@mail.ru*

*ORCID: 0000-0002-8432-7339, ORCID: 0000-0001-73740366*

### **Модернизация исторической темы в живописи современного Казахстана**

**Аннотация.** Статья автора посвящена возрождению исторических тем современной казахстанской живописи. С самого начала в казахстанской живописи сцены, рассказывающие о пройденном казахским народом пути, были близки к восприятию прошлого. Таким образом, исторический жанр, нашедший отражение в бытовом решении, на полотне определял национальные мотивы, лирическое настроение в состоянии покоя, в сочетании с приятными красками. Произведения, отраженные масляной краской, создают впечатление набора воспоминаний из прошлых эпох. Отсюда и причина того, что исторические сцены, ассоциирующиеся с бытовым видением, оставшимися от прошлых веков. Многие произведения в таком настроении ведут зрителя за пределы подлинной исторической реальности, в мир кочевников, лежащий в глубине душевных воспоминаний.

Интерес к традиционному миру кочевой культуры казахского народа был вызван желанием сохранить в памяти яркий образ прошлого, источника всей жизни нашего необъятного края. Произведения художников дают возможность широкой публике увидеть прошлое, образ жизни и быт нашего народа.

История является главным инструментом, передающим будущим поколениям незабываемое наследие нашего народа, через его прошлые жизни, тяжелые времена, состояние страны и государства. Сегодня понятие культурной памяти в изобразительном искусстве также является одним из вспомогательных средств, способствовавших возрождению нашего прошлого, отражая эти исторические периоды в художественном образе. Поэтому на современном этапе развития искусства Казахстана на первом месте стоит проблема культурной идентичности, сохранения национальной ценности.

**Ключевые слова:** художник, изобразительное искусство, живопись, исторический жанр, национальный колорит, духовное возрождение, национальная идентичность.

**Sharipova D.S., Axakalova Zh.A.**

*M.O. Auezov Institute of Literature and Art*

*Almaty, Kazakhstan*

*E-mail: dilyarazam@mail.ru, nurbinur\_86@mail.ru*

*ORCID: 0000-0002-8432-7339, ORCID: 0000-0001-73740366*

### **Modernization of the historical theme in the painting of modern Kazakhstan**

**Abstract.** The author's article is devoted to the revival of historical themes of modern Kazakh painting. From the very beginning, in Kazakh painting, scenes telling about the path traversed by the Kazakh people were close to the perception of the past. Thus, the historical genre, reflected in the everyday solution, on the canvas determined national motifs, lyrical mood at rest, combined with pleasant colors. The works reflected in oil paint create the impression of a set of memories from past eras. Hence the reason that historical scenes associated with everyday vision seem boring to the viewer, left over from past centuries. Many works in such a mood lead the viewer beyond the limits of genuine historical reality, into the world of nomads, lying in the depths of spiritual memories.

The interest in the traditional world of the nomadic culture of the Kazakh people was caused by the desire to preserve in memory a vivid image of the past, the source of all the life of our vast land. The works of artists give the general public an opportunity to see the past, the way of life and the way of life of our people.

History is the main tool that transmits to future generations the unforgettable heritage of our people, through their past lives, hard times, the state of the country and the state. Today, the concept of cultural memory in the visual arts is also one of the auxiliary means that contributed to the revival of our past, reflecting these historical periods in an artistic image. Therefore, at the present stage of the development of the art of Kazakhstan, the problem of cultural identity, preservation of national value is in the first place.

**Keywords:** artist, fine art, painting, historical genre, national color, spiritual revival, national identity.

#### **Әдебиеттер:**

Әлемдік (көркем процестер контекстіндегі Қазақстан бейнелеу өнері. - Алматы, 2003. – 100 с. (орысша)

Ергалиева Р.А. Қазақстан өнеріндегі этникалық және эпикалық сарындар. – Алматы, Жибек жолы, 2011 – 432 с. ISBN 978-601-294-064-0. (орысша)

Ергалиева Р.А. Заманауи Қазақстан өнеріндегі этномәдени дәстүрлер. Алматы, Ғылым, 2002. С.183. (орысша)

Ергалиева Р.А. Қазақстанның тарихи кескінемесіндегі мәдени жады. *Культура*, 30 сентябрь, 2020 <https://mysl.kazgazeta.kz/news/15470>. (орысша)

Заманауи өнер контекстіндегі көрмөнер мұражайларының атқаратын рөлі. *Мақалалар жинағы*. - Алматы, 2003. – 100 с. (орысша)

«Мәңгілік Ел» мәдени парадигмасы және Қазақстан өнерінің жаһандануы. Алматы: Press CO, 2020. - С. 496. (орысша)

Оразқұлова Қ.С. Қазақ суретшілері шығармашылығындағы архетиптік образ бен ұжымдық бейсана: мәдени-философиялық талдау: Монография. – Алматы: Қаратау КБ ЖШС, Дәстүр, 2014, 384 б. (қазақша)

Смайыл А. Ұлттық идея ұстыны // Егемен Қазақстан. 25 қаңтар 2006 жыл. (қазақша)

Шарипова Д.С. Қазақстан кескіндемесіндегі «Heritage painting». Мәдени жад және тарихтың мәні. *Керуен*, Том 72, №3 (2021)7. (орысша)

Шарипова Д.С., Кенджакулова А.Б., Кобжанова С.З., Оразкулова К.С., Кенджебаева Л.А. Бейнелеу өнеріндегі 1930 жылдардың басындағы қазақ ашаршылығына Мәдени жады тұрғысынан қайта оралу // пәнаралық гуманитарлық зерттеулер бойынша Рупката журналы.–Vol.12. – № 1. CiteScore – 0.12. Percentile; Quartiles (Arts and Humanities/General Arts and Humanities) 49; Q4. 2020 | journal-article. DOI: 10.21659/rupkatha.v12n1.16. EID: 2-s2.0-85084047578. ISBN: 09752935. (ағылшынша)



**Литература:**

- Ергалиева Р.А. Этническое и эпическое в искусстве Казахстана.– Алматы, Жибек жолы, 2011 – 432 с. ISBN 978-601-294-064-0.. (русский)
- Ергалиева Р.А. Этнокультурные традиции в современном искусстве Казахстана. Алматы, Наука, 2002. С.183. (русский)
- Ергалиева Р.А. Культурная память в исторической живописи Казахстана. Культура,30 сентябрь, 20206 <https://mysl.kazgazeta.kz/news/15470> . (русский)
- Изобразительное искусство Казахстана в контексте мирового художественного процесса. Алматы: ИЛИ МОН РК, 2017. – 312 с. (русский)
- Культурная парадигма «Мәңгілік Ел» и глобализация искусства Казахстана. Алматы: Press CO, 2020. - С. 496. (русский)
- Оразкулова К.С. Архетипический образ и коллективная идея в творчестве казахских художников: культурно-философский анализ: Монография. – Алматы: Каратау КБ ЖШС, Дәстүр, 2014, 384 б. (казахский)
- Смайыл А. Лидер национальной идеи // Егемен Қазақстан. 25 қаңтар 2006 жыл. (казахский)
- Художественный музей и его роль в контексте современной культуры. Международная научная конференция. Сборник докладов. // - Алматы, 2003. – 100 с. (русский)
- Шарипова Д.С. «Heritage painting» в живописи Казахстана. Культурная память и смыслы истории». Керуен, Том 72, №3 (2021)7. (русский)
- Sharipova D.S., Kenjakulova A.B., Kobzhanova S.Z., Orazkulova K.S., Kenzhebayeva L.A. Revisiting the Kazakh Famine at the Beginning of the 1930s in Fine Art Forms from the Perspective of Cultural Memory // Rupkatha Journal on Interdisciplinary Studies in Humanities. –Vol.12. – № 1. CiteScore – 0.12. Percentile; Quartiles (Arts and Humanities/General Arts and Humanities) 49; Q4. 2020 | journal-article. DOI: 10.21659/rupkatha.v12n1.16. EID: 2-s2.0-85084047578. ISBN: 09752935. (английский)

**References:**

- Ergalieva R.A. Etnicheskoe i epicheskoe v iskusstve Kazahstana. [Ethnic and epic in the art of Kazakhstan]. –Almaty, Zhibek zholy, 2011 – 432 p. ISBN 978-601-294-064-0. (In Russ)
- Ergalieva R.A. Etnokul'turnye tradicii v sovremennom iskusstve Kazahstana. [Ethnocultural traditions in contemporary art of Kazakhstan]. Almaty, Gylym, 2002. p.183. (In Russ)
- Ergalieva R.A. Kul'turnaya pamyat' v istoricheskoy zhivopisi Kazahstana [Cultural memory in historical painting of Kazakhstan]. Culture,September 30, 20206 <https://mysl.kazgazeta.kz/news/15470> (In Russ)
- Izobrazitel'noe iskusstvo Kazahstana v kontekste mirovogo hudozhestvennogo processa. Kollektivnaya monografiya.
- Kul'turnaya paradigma «Mәngilik El» i globalizaciya iskusstva Kazahstana. [The cultural paradigm of «Mangilik El» and the globalization of art in Kazakhstan]. Almaty: Press CO, 2020. - p. 496. (In Russ)
- Orazkulova K.S. Arhetipicheskij obraz i kollektivnaya ideya v tvorchestve kazahskih hudozhnikov: kul'turno-filosofskij analiz:Monografiya. [Archetypal image and collective idea in the works of Kazakh artists: cultural and philosophical analysis:Monograph]. –Almaty: Karatau KB ZSHSHS, Dastur, 2014, 384 b. (In Kaz)
- Smajyl A. Lider nacional'noj idei [Leader of the national idea] // Egemem Kazakhstan. 25 kantar 2006 zhyl. (In Kaz)
- SHaripova D.S. «Heritage painting» v zhivopisi Kazahstana. Kul'turnaya pamyat' i smysly istorii». [«Heritage painting» in the painting of Kazakhstan. Cultural memory and the 7~meanings of history». Keruen, Tom 72, №3 (2021) (In Russ).
Спектакльдің басынан бастап режиссердің атқарған жұмысының үлкен екенін байқаймыз. Режиссердің бұл жердегі ең ұтымды тұсы – «Құлагер» поэмасы әдемі әрі ұйқасты, автордың ойын жоғалтпай қысқарғанында. Бұл жерде баяндаудан бастап, диалогтарды ұтымды, ретімен орналасатыра білген. Режиссер мағыналы, астарлы және терең диалогтар мен монологтардан тұратын сөздерді ерекшелеп, ықшамдап қана қолданған. Яғни спектакльде сөзден қарағанда әрекет көп болды десек те болады. Илияс Жансүгіровтің шығармасын режиссердің ұтымды сахналық шешімдерінің арқасында актерлер гүлдендіріп шегіне жеткізіп орындап, үлкен шеберліктің үлгісін көрсетті.

Екінші мазмұндағы рольді жоғары алып шыққан Ерлан Кәрібаевтың Көктұйғыны Құлагердің қарсыласы. Е. Кәрібаевқа қарап нағыз жылқыны көрсек болады. Тұрған тұрысы, дене бітімі, қимылы өте керемет деңгейде. Артқы мазмұндағы рольде жүрсе де, бұқаралық сахнада жүрсе де Е. Кәрібаевтың ойыны көрермен көзімен іздеп отыратындай ерекше шыққан. Көрермен өзі саналы түрде іздеп қарамаса да, актердің бейнесі міндетті түрде өзіне қаратады. Бұл актердің роліне деген махаббаты, жасаған бейнесіне деген көзқарасы, оған деген дайындығының жемісі болып табылады. Жалпы жылқы атауы қазақ халқы үшін аса жағымды, қасиетті жануарлардың бірі. Иесі қаншалықты нашар адам болғанымен, Құлагер қорада қамалып тұрған кезде де, басқалар қастандық жасамақ болған кезде де, өлген кезде де, Е. Кәрібаев – Көктұйғыннан Құлагерге деген аянышын байқаймыз. Қанша қарсыласы болса да, қанша жылқы болса да Құлагер өлген кезде орнында тұра алмай, кісінеп, ішіндегі өкінішін білдіруі соның дәлелі. Бұл да әрине әртстің шеберлігі. Актердің осы ролі М. Чеховтың: «Четыре качества присущи истинному произведению искусства: лёгкость, форма, целостность (завершенность) и красота. Артист как художник должен развить в себе способность проявлять их во всех своих движениях, словах и душевных переживаниях на сцене» (Чехов, 2015:56) – деген сөздерін еске түсіреді.

Ақан бейнесін бірінші құрамдағы Еділ Рамазанов пен екінші құрамдағы Әсет Иманғалиевтің ойындарында айырмашылық барын көруге болады. Бірі ән салу арқылы, екіншісі жан дүниесімен ақынның айтпақ ойын жеткізген:

Ақандай осы тауда сері жүрген,  
Су ішіп, тауда шие теріп жүрген.  
Қайындай мінсіз, таудай таза жігіт,  
Көң-қоқыр, былапыттан жеріп жүрген (Қорамсаұлы, 1963:67),

- көркі, мінезі мінсіз азаматтың тазалығын осы шумақтан көреміз. Ақан қандай деген көрерменнің сұрағына мына жолдар жауап бергендей болады.

Ол емес және өзінің малын баққан,  
Жалшы емес және байдың отын жаққан.

Кісіні ит етінен жек көретін  
Дау қуып, арыз айтып, биге шаққан.

Ал Батыраштың бейнесін Рахман Омар мен Руслан Ахметов ойнады. Бұл өлең жолдарынан Батыраштың мінезін көруге болады:

Есітіп, Батыраш боп бұлан-талқан,  
Көкжалды қысып кетті ашу, сайтан.

Тепсініп ақ отауға келді кіріп,  
Жиған жоқ аяғын да жатқан Ақан (Дәдебаев, 1964:16).

Мына тұстан сұм Батыраштың ашушандығын, қызуқандылығын байқаймыз. Бұлқан-талқан болған Батырашты көкжалға балап, оны ашудың қысқанын көрсетеді. Режиссер Ф. Молдағали осы кезде спектакльде айтыс ретінде Ақанның да мінезді екенін мына жолдарда көрсетеді. Ақанға батып кетіп шалдың сөзі:

Аңырып алғашқыда қалды да өзі;

У тілмен алды шалды шағып-шағып,

Шап берме, оның-дағы от мінезі, – деп оның да қатты мінезден құр еместігін айтады.

Құлагердің бейнесін сомдау бірінші құрамда Мақсат Сәбитовке, екінші құрамда Мақсат Рахметке бұйырған. Әр адамның ішінде өзінің Құлагері бар сияқты. Бұл екі актердің де Құлагері екі түрлі деп айтсақ қателеспейміз. М. Сәбитовтың Құлагері эмоциясы, қозғалысы арқылы халықтың көз айымы бола білді. Себебі ақынның суреттеуі бойынша «қақпан бел, қалбаңайлы, үңгір сағақ, шапса жел, мінсе жайсаң, тұрса селсоқ» деген қасиеттердің барлығын актердің Құлагерінен көруге болады. Құлагердің қойылымда сөзі жоқ болса да оның эмоциясынан қандай күй кешіп жатқандығын тілсіз көз жанарынан түсінуге болады.

Ал, М. Рахметтің Құлагері – иесінен басқасына көне қоймайтын, асау, асыл текті жануар екендігін көреміз. Әртіс Құлагерді көбінесе физикалық жағынан өте жақсы алып шықты. Өте намысшыл, асау етіп көрсеткен. Жалпы, М. Рахмет сомдаған рольге байланысты атап өтетін бір маңызды мәселелердің бірі ол театр өнерінің теориясында қалыптасқан үрдіспен тығыз байланысты. Мысалы театр өнерінде актер өзіне берілген рольді толыққанды алып шығуы үшін тек қана гриммнің көмегімен тек келбетін ғана ұқсату емес, керісінше актердің шеберлігі, дене тұрқы, іс-қимылы сынды маңызды қозғалыс бөліктері арқылы образды ашу болып табылады (Режиссер, 2016: 215). Міне осы тұрғысынан келген М. Рахмет сомдаған Құлагер образы толыққанды ашылған деп санаймыз.

Режиссердің «Құлагерді» көрерменге бере білуі, бұқараны ойнатып табиғатпен байланстыруы, баяндау тұстарын құстың, яғни қарға арқылы жеткізуі ерекше әрі



қызықты жеткізуі көрерменді таңғалдырды. Актерлер сахнада тұрған барлық сахна көрнекілігі, реквизит тіпті костюмдерді де ойната білді. Молдағалиевтің атты тұсаулы етіп беруі, Құлагердің үстіңдегі костюмы мен дене бітімі жылқының мінез құлқын аша алды. Тұлпарға арқан тағылып асау атты үйреткен сахна әдемі көрсетілді. Ақанның атқа шапанын жабуы оған деген ыстық сезімі мен қамқорлығы, тұлпардың ақынның өмірінде ерекше орын алтынын байқатты. Екі аттың бір бірімен алғашқы қақтығысын көрсету сәті де әсерлі болды. Актерлердің жылқының ептілігін, адамдарға, бір-біріне деген көзқарасын және кісінеуін өте әдемі меңгеріп, өздеріне сіңіре білген. Көпшілік сахнасындағы актерлер де зор белсенділігімен ерекшеленді. Спектакльдің басында жаңа оянған табиғатты, Құлагердің тыныш жан дүниесін көпшілік сахнаның нәзік қимылдарымен берді. Осы тұста артта отырған ансамбль мен актер ойындарының үйлесімділігі де жақсы сезімге бөледі.

Режиссердің аттар бәйгесі мен Құлагердің өлімін нәзік әрі әсерлі жеткізуінің өзі шеберліктің шыңы деуге тұрарлық. Мысалы М. Чехов өзінің еңбегінде белгілі рольді өз деңгейінде, яғни кәсібиліктің жоғары шыңында бере алу үшін ең алдымен образдың сыртқы пішініне ерекше мән беру керектігін атап өтеді. Тек сырты пішінді ұқсатқаннан кейін барып қана, толыққанды ішкі жан дүниесіне үңілуге болады деп есептеген (Чехов, 2011: 38). М. Чеховтың пікіріне сүйенсек, Ф. Молдағалиев жылқыларды бейнелеген актерлердің дене қимылдарына, физикалық мүмкіндіктеріне үлкен мән бергенін байқаймыз. Тұлпарлар сахнаның ортасында тұрып кәдімгі адамдардай дайындалып, би қимылдары арқылы жарыстың басталғанын бера алды. Сол сәтте төбеден тұскен тұяқтарды қолданып барлығы бірге, музыкамен ілесіп жерді ұрғылауы, халық кейіпіндегі бұқараның «шап» деген сыбдырлары бәйгенін әсерін екі есе етіп көрсетеді. Тұлпарлар қайта артқа шегініп, Құлагердің алға жүгіріп қайта тұяқты ұстап ұрғылауы оның топтан озғанын білдірсе, ол сәтті бос жібермей режиссер «Мен жастарға сенемін», «Күн болмағанда кім болам» деген сөздер арқылы көрерменге, оның ішінде жастарға үн тастағандай әсер береді. Артағы жылқылардың ауыр демдері, олардың әбден шаршағандығын көрсетеді. Осы тұста оқтың дауысы шығып, Құлагер қолындағы тұяқтарды тастап төбесінен тағалар жауып, сахнаны қызыл түсті жарық басады. Алдыңғы мазмұндағы сахналық көрініске қайта Қарға шығып өзінің зарлы дауысымен, барлық бұқараны оятуы, яғни табиғатты Құлагердің өлгенімен хабардар еткендей әсер қалдырады. Осы сәттен режиссер Құлагердің жылдам әрі батыл екенін және астарлы поэзия мен сөздерін бере отырып, тұлпардың өлімін жинақы, қысқа әрі артық сөзсіз ұтымды бере алды. Құлагердің өлген сахнасында көпшілік өздерінің жеңіске жеткен адамдарға мақтау әндерін айтып жатқанын көрсетсе, соған қарама-қарсы дәл сол сәтте Ақан жан айқайын шығарып, ішіндегі ауыртпашылығымен айқасып жатады. Осы жерде Ақаның қатты шыққан үні ғана көңілді әнді бәсендетуі арқылы режиссер екі көңіл күйді, контрастты, қарама қайшылықты көрерменге әдемі жеткізген. Бұл сахна, М. Чеховтың пікірімен дәлме-дәл келіп тұр. Яғни, қойылымның атмосферасы арқылы көрерменнің өзі актермен бірге ойнай бастайды, рампа арқылы оған жанашырлық, сенім және сүйіспеншілік толқындарын жібереді. Сахнадан атмосфера болмаса, көрермен мұны істей алмайды (Чехов, 2015:49).



«Құлагер» қойылымы қазіргі режиссердің шығарманы интерпретациялаудағы бүгінгі мүмкіндігі шексіз екенін дәлелдеді. Өйткені, театр режиссері бүгінде қоюшы режиссер емес, спектакльдің авторы. Режиссер І. Жансүгіровтың идеясын толық сақтай отырып, тарихи деректерге сүйене отырып, спектакльді толыққанды бүгінгі күнге жақындыра білді. Актерлердің барлық шығармашылық сұрақтарына дұрыс жауап табуға көмектесіп, оларды берілген спектакльдің идеялық міндеттерімен баурап, бүкіл ұжымның ойын, сезімін, шығармашылық ұмтылысын осы міндеттердің төңірегіне біріктіре отырып, нағыз режиссер сөзсіз оның идеялық тәрбиешісіне айналады. Әрбір репетицияның сипаты, оның бағыты мен сәтті өтуі көбінесе режиссерге байланысты. Режиссер актердің толыққанды, терең, дербес шығармашылыққа органикалық табиғатын ояту үшін барлық әдіс-тәсілдерді қолдануы керек.

Актер өзі жасаған образды өзінің жүріс-тұрысымен, сахнадағы іс-әрекетімен көрсетеді. Толық сахналық образ жасау үшін актердің адам мінез-құлқын (адамның іс-әрекетін) қайта жаңғыртуы сахналық ойынның мәнін құрайды. Адамның мінез-құлқының екі жағы бар: физикалық және психикалық. Оның үстіне бірін екіншісінен ажыратуға болмайды, бірін екіншісіне азайтуға болмайды. Мұны «Құлагер» спектакліндегі актерлік өнерден айқын байқадық. Актерлердің өзіне жүктелген рольді алып шығуы ең алдымен үлкен дайындықтың нәтижесі деп бағалауға болады. Ол турасында зерттеуші Захава бірқатар құнды пікірлер айтады. Мысалы оның тұжырымына сай актердің кәсіби шеберлігі толысқан жағдайда ғана образдың көңіл күйі мен оның психологиялық жағдайы, еркі мен ойын, қиялы мен дүниетанымын және сезімдерін толыққанды меңгермейінше нәтижелі болмайтындығын ерекше атап өтеді (Захова, 1073:73).

Бүгінгі күні заман ағымынан қалмай театрдың мәртебесін ұстап тұру маңызды мәселеге айналды. Мүмкіндігі мол заманымызда әлемдегі ең жаңа бағыттармен танысып олармен теңдей жүріп отыру міндетіміз. Қазақ театр сахнасына қойылымдар қойып қызығушылық танытып еліміздің талантты актерлерімен жұмыс жасағысы келетін әлемдік деңгейдегі режиссерлер де көбеюде. Маңызды кездесулер, театр байқаулары мен фестивальдар ондағы әлемдік деңгейдегі сыншылар драматург т.б мамандар бәрі тәжірибе алмасудың ең қолайлы ұтымды жолы. Бұл егемендігіміздің, еркіндігіміздің нәтижесі. Әр театр да, режиссер де, актерлер де өзіндік ерекше стиль қалыптастырып келе жатыр. Бірін-бірі қайталамайтын қолтанба бар. Театрлар арасындағы өзара өнер бәйгесі пайда болғанын көреміз. Қазақтың ұлттық классикалық драматургиясы, орыс, шетел классикасы бұрын сонды көп пайдаланылмаған жаңа жанрда, жаңаша стильдік үлгіде сахнадан сөйлеуде. Қазақ өнерінің саңлақтары шет елдерде де өнер көрсетіп жетістіктерге жетуде. Айтулы режиссерлер атап айтсақ К. Ашир, Б. Абдуразаков, С. Потапов, Е. Кузина т.б әлемнің талай театрларында спектакльдер қойып жүрген дарынды режиссерлер қазақ театр сахнасына да өз қол таңбаларын қалдыруда. Еліміздің мақтанышы болып жүрген талантты режиссерлері де баршылық. А. Маемиров, Г. Мирғалиева, Е. Нұрсұлтан, Ф. Молдағалиев, Ж. Жұман, Д. Жұмабаева және т.б жаңа толқын режиссерлер көркем туындылармен таң қалдыруда. Актермен жұмыс жасау, спектакльдің әр түрлі сәттерінде актерлер

мен сахналық жағдайды орналастыру (мизансцена), композициялық шығармалар, музыкалық сценарфиялық шешімдер табуда (Сығай, 2008:59).

Театрдың заңдылықтарын білмей, оны терең түсіну мүмкін емес. Шынайы эстетикалық құндылықтарды жалған құндылықтардан ажырата білу, сезімнің тонын түсіну, актердің құмарлықтарының кейіпкердің тәжірибиесінің табиғатымен сәйкестігін түсіну, режиссердің дизайнының, автордың идеялық құрылыстарымен арақатынасын анықтау өте маңызды. Театрдың сахналық шығармашылықтың әдеби жаңалығына драма шығармалары оң үлес қосқанын көре алуда көп мүмкіндіктер береді. Қазір заманның классикалық шығарма идеяларының шеңберіне қалай енгенін түсініп, спектакльдің поэтикалық тілінің ерекшелігін сезіну арқылы көрермен театр қойылымының кейіпкерлері мен идеялары әлемінің эстетикалық стилінің ерекше қуанышын сезетіндей жағдай жасауы керек. Бірақ бұл үшін ол пьесаның жанрлық аудармасының дұрыстығын мұқият түсініп, құндылық айырмашылығының мағынасын түсініп, іс әрекеттің ырғағын дәл сезіну керек. Мұның бәрі көрерменге іс-әрекеттің өмір сүру, идеялық мазмұнын тереңірек түсінуге, оның эстетикалық жетілуін бағалауға, оның өзіндік стилін толық қабылдауға мүмкіндік береді. Қазіргі көрермен «сахнада болып жатқан оқиғаны сырттай бақылаушы емес тікелей қатысушыға айналды. Сахнадағы өмір мен шынайы тіршілік өзара араласып жігі білінбей кетті» (Нұрпейіс, 2014:193). Стильдердің әртүрлілігі бұл біздің өнеріміздің ерекшелігі, өмірдің өз түрінде де, шартты әдістер арқылы да, сахнаның метафоралық тілі, шындықтың қисыны бейнеленген шындықтың сыртқы ақиқаты ғана емес, сонымен бірге өмірдің маңызды жақтарын бейнелеудің ақиқаты және адамның ішкі әлемін ашудың тереңдігі жатыр. Өнер туындысының көркемдік және идеологиялық қадір-қасиетін бағалаудағы шешуші сәт оның стилінің ерекшеліктері емес, сонымен бірге сіз идеологияның қаншалықты айқын және дәл заманның талабына қаншалықты жауап беретіндігіңізде болып тұр. Белгілі бір мағынада бұл классикалық және шетелдік драматургияға қатысты. Осындай пьесаларға тоқтала отырып, заманауи театрлар біздің көзқарастарымыз бен сенімдерімізге жақындау үшін жол ашады (Рахимов, 2015:79). Бірақ заманауи немесе классикалық репертуардағы драма идеясының әсер ету күші драма үшін оның сахналық формасы неғұрлым дәл, мәнерлі болады. Өйткені өнердің мазмұны оның формасына байланысты емес екендігі белгілі. Лирикалық жоспардың тақырыбы комедия жанрын қамтитынын түсіну оңай, терең психологиялық сюжет драма жанры арқылы ең жақсы нәтиже алады. Ал батырлық оқиғалардың бейнесі кең көлемді, эпикалық форманы қажет етеді. Теория мен практиканың үйлесім тапқан тұсында ғана музыкалық үннің әуезділігі мен драматургиялық шығарма сөзінің тілі тірілмек.

М. Жақсылықова өзінің еңбегінде ХХІ ғасырдағы заманауи театр алдына маңызды міндеттер тұрғандығын айта келе, қоғам ұсынған талаптардың актердің ойынынан да сипат алуы тиіс деген маңызды пікір білдіреді (Жақсылықова, 2014:183). Рас заманауи театр өнері көрерменнің талаптарын ескере отырып, өздерінің мақсаттары мен түпкі ойларын жеткізе білу арқылы үлкен табыстарға жетуі тиіс деп санаймыз.

**Қорытынды.** Театрларға жүйе керек деп жатамыз. Жүйені шығармашылық процестік алмастырушысы емес оның ішкі шығармашылыққа апаратын құралы

ретінде пайдалануымыз керек. Актерге берілген осы жұмыста сізге қажет жүйенің ережелері мен әдістерін ғана қолдану керек. Бұны Станиславский анықтаған. Жүйенің мәні – құқықтың өткір сезімінде реалистік өнердің органикалық үдерістерін түсінуде, әсіресе актердің шығармашылық табиғатын түсінуде болып табылады. Бұл жүйеге қарсы әрекеттің бірі жекелеген режиссерлер, белгілі бір рольді сомдауда актерлерге қандай жағдай қажет екенін түсінудің орнына, өзінің талабы мен тәртібіне сай образды сомдатады. Осылайша актер өнерін механикалық қозғалысқа ұқсатып жібереді. Жүйе бұл актерлік және режиссерлік жабдықтардың сахналық бейнесін жасаудың құралы. Сондықтан бұл салада өздігімен әрекет ететіндей еркіндік әрекеті болуы тиіс деп санаймыз. Режиссер де актер де ең алдымен қоғамдық көпшілікке арналған туынды жасап жатқандықтан, алдымен өз әлеміндегі «Мен» түсінігінен айырылуы тиіс. Егер де туынды «Мен» әлемінің жетегінде кетсе маңызды құнды ештеңе жұмыс шықпайды. Спектакльдің көркемдік тұтастығы Станиславскийдің шығармашылық әдісі негізінде режиссерлік жұмыс нәтижесінде пайда болды. Режиссердың актермен жұмысы қазіргі заманауи актер деген кім? Кейде бұл қарапайым актерге қойылатын негізгі талаптар туралы тиісті деректері бар, яғни ол заманауи рөлдерді ойнай алатын жан. Қазіргі заманға актер туралы түсініктер неғұрлым сыйымды ұғымды қамтиды. Бұл өз замандастарын ғана емес, сонымен қатар қазіргі заманғы тұрғыдан классиканы ойнай алатын актер. Әрине, біз көркемдік сенімі, дайындық қабілеті бар дарынды адамды айтамыз. Қазіргі заманғы актер кең шығармашылық жетістікпен өмір сүруі тиіс. Өткен күннің тәжірибесі мен бүгінгі заман талаптарын ұштастыра отырып, терең сезінуі тиіс. Заманауи актер өзі сомдайтын образ және оның тарихи ортасын, оның тарихы мен бүгінгі шындықты біліп, терең ұштастыра алу қасиетінен туындайды. Қазіргі актер – өзінің шығармашылығында шынайы тарихи суретші болып табылады. Сонымен қатар ол ертеңгі күні үнемі алда болу керектігін ойлай алуы тиіс. Үнемі қозғалысты сезініп белсенді болуы да шарт.

Заман қозғалысының бағытын дәл анықтап, лайықты түрде өте белсенді болуы арқылы өзі сомдайтын образы арқылы айтар ой мен жетекші идеяны шебер бере алуы да аса маңызды деп санаймыз. Заман талабына сай актер ертеңгі күнді яғни сахналық тұрғыда нақты болжай алатын адам. Актерлік сезімдердің ең күштісі де сол есте сақтау қабілетінің жоғарылығында. Әңгіме режиссердің төңірегінде болғандықтан театрды сүю аздық етеді. Туынды көрермен тарапынан жоғары бағалануы үшін театр саласының өзекті мәселелерін терең білуі керек. Осылайша осы саланың қыр-сырын түсініп, өзекті болған тақырыпты қоя білу көп артықшылықтар береді. Режиссер де актер де тарихтан хабары жеткілікті болуы қажет. өзі модайтын образ және сол дәуір ерекшелігі сынды тарихын ғана емес, сонымен қатар оның ішкі заңдылықтарын да білу қажет. Әр өнер үшін арнайы «стиль ережелері» бар, оларсыз эстетикалық қабылдаудың қажеті шамалы тіпті керегі жоқ. Музыканы тыңдасаңыз да, сіз суретке таңдана қарасаңызда және арнайы ережелерді білмей-ақ, шынайы эстетикалық қуанышқа бөлене аласыз. Адам баласы негізінен музыкалық және көркем композициялардың мөжорлық үндестігін сезіне алады. Барлық тебіреністерін сезініп ұғуға, білуге белгілі бір күш жұмсағаннан кейін ненің не екенін байқап-ажыратып жатады. Сахна өнерінде қоршаған орта сезімі мен толық көркемдік қабылдау

арасындағы алшақтық бар. Өмір картиналарын қайта жасайтын театр көрермендерге сахнада және нақты өмірде болып жатқан оқиғалардың ұқсастығына байланысты әрекет етеді, және бұл үшін арнайы білім қажет емес, сахна өнері түсінікті болуы үшін тек көрегенділік қажет. Қандай да бір мағынада, бұл сенім дұрыс, өйткені тікелей тәжірбие спектакльді көрнекті қабылдаудың міндетті негізін құрайды.

*Алимкулова Ж.К.<sup>1</sup>, \* Кубеков Т.Н.<sup>2</sup>*

<sup>1</sup> Докторант Казахской Национальной Академии искусств им. Т.К. Жургенова, Алматы, Казахстан

<sup>2</sup> Казахская Национальная Академия искусств им. Т.К. Жургенова, Алматы, Казахстан

\*E-mail: doktorant.zhansaya@mail.ru, talgat.nuskabek@mail.ru

ORCID: 0000-0002-2566-583X, 0000-0002-6322-7697

### **Способ работы актеров в постановке «Кулагер» и стиль исполнения персонажа**

**Аннотация.** В статье проведен подробный анализ методов работы актеров в спектакле, поставленном по мотивам произведения «Кулагер» на сцене театра для детей и юношества имени Габита Мусрепова.

Цель автора - раскрыть методику работы актеров с режиссером, теоретическую и практическую методику применения упражнений развивающих технику исполнения образа. Большое значение в повышении уровня роли актеров имеет методика М. Чехова. Поэтому автор анализирует сложный процесс перевоплощения актера в образ персонажа. На данном пути руководствовались соображениями основоположников актерского искусства, методами и приемами, применяемыми в научно-исследовательской работе данного направления.

В работе также дается обзор ролей актеров, которые за последнее десятилетие хотят создать новый стиль в Национальном сценическом искусстве, а также анализируются особенности их работ. На примерах было показано, что основной фундамент мастерства актера состоит из создания этюдов и тренингов.

Результаты и выводы важны с точки зрения описания тенденций в современном театральном искусстве, определения направлений деятельности актеров, стремящихся сформировать новый стиль на казахской сцене. При этом, характеризуя постановки на казахской сцене по мотивам произведения «Кулагер», автор проанализировал выступление актерского состава и дал оценку уровню новизны.

**Ключевые слова:** метод, исполнение роли, техника актера, современный актер, тренинги актерского мастерства, этюд.

*Alimkulova Zh.K.<sup>1</sup>, \* Kubekov T.N.<sup>2</sup>*

<sup>1</sup> Doctoral student of T.K. Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts, Almaty, Kazakhstan

<sup>2</sup> T.K. Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts, Almaty, Kazakhstan

\*E-mail: doktorant.zhansaya@mail.ru, talgat.nuskabek@mail.ru

ORCID: 0000-0002-2566-583X, 0000-0002-6322-7697

### **The way the actors work in the production of “Kulager” and the style of performance of the character**

**Abstract.** The article provides a detailed analysis of the working methods of the actors in the play, staged based on the work “Kulager” on the stage of the Gabit Musrepov Theater for children and youth.

The author’s goal is to reveal the methodology of the actors’ work with the director, the theoretical and practical methodology of using exercises that develop the technique of performing the image. The method of M. Chekhov is of great importance in raising the level of the role of actors. Therefore, the author analyzes the complex process of the actor’s transformation into the image of a character. On this path, they were guided by the considerations of the founders of the acting art, methods and techniques used in the research work of this direction.

The work also provides an overview of the roles of actors who over the past decade want to create a new style in the National Scenic Art, as well as analyzes the features of their work. Examples have shown that the main foundation of an actor’s skill consists of creating sketches and trainings.

The results and conclusions are important from the point of view of describing trends in modern theatrical art, determining the activities of actors seeking to form a new style on the Kazakh stage. At the same time, describing the performances on the Kazakh stage based on the work "Kulager", the author analyzed the performance of the cast and assessed the level of novelty.

**Keywords:** method, performance of the role, actor's technique, modern actor, acting training, etude.

### **Информация авторов:**

*Алимкулова Жансая Кайсарбековна, докторант 2 курса Казахской национальной академии искусств им.Т.Жургенова. Алматы, Казахстан. E-mail: doktorant.zhansaya@mail.ru ORCID: 0000-0002-2566-583X*

*Кубекоев Талгат Нускабекович, старший преподаватель, Казахской национальной академии искусств им.Т.Жургенова. Алматы, Казахстан. email: talgat.nuskabek@mail.ru ORCID: 0000-0002-6322-7697*

### **Әдебиеттер:**

- Дәдебаев Ж. Тұлпардың сыны мен бабы. – Алматы: Бастау, 1994 – 116 б. (қазақ тілінде)
- Демидов Н.В. Сахнада өмір сүру өнері. – Москва: Искусство, 1965 – 382 б. (орыс тілінде)
- Жақсылықова М. Қазақ кәсіби актерлік өнерінің даму ерекшеліктері: Зерттеулер, мақалалар. – Алматы: Дәстүр, 2014. – 330 б. (қазақ тілінде)
- Захава Б. Е. Актер мен режиссердің шеберлігі. – Москва, Просвещение, 1973 – 177 с. (орыс тілінде)
- Чехов М. Импровизация және ансамбль // импровизацияны зерттеу оқулығы. - Лондон, 2015-480 б. (ағылшын тілінде)
- Қалқабаева С.Ә. Көркем образ поэтикасы // әл-Фараби атындағы ҚазҰУ хабаршысы. – Филология сериясы №3(183) 2021. – 120 б. doi.org/10.26577/EJPh.2021.v183.i3.ph13 (қазақ тілінде)
- Қорамсаулы А. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1963 – 236 б. (қазақ тілінде)
- Нұрпейіс Б. Қазақ театр режиссурасының қалыптасуы мен даму кезеңдері (1915 – 2005). – Алматы: Дәстүр, 2014 – 503 б. (қазақ тілінде)
- Рахимов Ә.С. Режиссер шеберлігі. – Алматы: Тарих тағылымы, 2015. – 197 б. (қазақ тілінде)
- Режиссер шеберлігі. I-V курстар. – Москва: Российский институт театрального искусства ГИТИС, 2016 – 315 б. (орыс тілінде)
- Сығай Ә. Ой төрінде – Театр. – Алматы: ҚазАқпарат, 2008 – 392 б. (қазақ тілінде)
- Станиславский К.С. Актердің өзімен жұмысы. – Москва: Книга по требованию, 2016 – 732 б. (орыс тілінде)
- Чехов М.А. Актерлік техника туралы. – Москва: АСТ, 2018 – 288 б. (орыс тілінде)
- Чехов М. А. Кәсіби актердің сабақтары: жиналған және құрастырылған сабақтардың жазбалары негізінде. –Москва: ГИТИС, 2011 – 238 с. (орыс тілінде)

### **Литература:**

- Дадебаев Ж. Критика и состояние скакуна. – Алматы: Бастау, 1994 – 116 с. (на казахском языке)
- Демидов Н.В. Искусство жить на сцене. – Москва: Искусство, 1965 – 382 с. (на русском языке)
- Жақсылықова М. Особенности развития казахского профессионального актерского искусства: исследование, статьи. – Алматы: Дәстүр, 2014. – 330 с. (на казахском языке)
- Захава Б. Е. Мастерство актера и режиссера. – Москва, Просвещение, 1973 – 177 с. (на русском языке)
- Чехов М. Импровизация и ансамбль // Хрестоматия по изучению импровизации. – Лондон, 2015 – 480 с. (на английском языке)
- Қалқабаева С. А. Поэтика художественного образа // Вестник КазНУ им. аль-Фараби. - Серия филологическая. – №3 (183) 2021. - 120 с. doi.org/10.26577/EJPh.2021.v183.i3.ph13 (на казахском языке)
- Қорамсаулы А. Сочинении. – Алматы: Жазушы, 1963 – 236 с. (на казахском языке)

- Мастерство режиссера. I-V курсы. – Москва: Российский институт театрального искусства ГИТИС, 2016 – 315 с. (на русском языке)
- Нурпеис Б. Этапы становления и развития казахской театральной режиссуры (1915 – 2005). – Алматы: Дәстүр, 2014 – 503 с. (на казахском языке)
- Рахимов А.С. Мастерство режиссера. – Алматы: Тарих тағылымы, 2015. – 197 с. (на казахском языке)
- Сығай А. В мыслях – Театр. – Алматы: ҚазАқпарат, 2008 – 392 с. (на казахском языке)
- Станиславский К.С. Работа актера над собой. – Москва: Книга по требованию, 2016 – 732 с. (на русском языке)
- Чехов М.А. О технике актера. – Москва: АСТ, 2018 – 288 с. (на русском языке)
- Чехов М. А. Уроки профессионального актёра: На основе записей уроков, собранных и составленных. – Москва: ГИТИС, 2011 – 238 с. (на русском языке)

#### References:

- Dadebaev Zh. Tulpardyn syny men baby [Criticism and article of the silhouette]. Almaty: Bastau, 1994. – 116 p. (in Kazakh)
- Demidov N.V. Iskusstvo zhit' na scene [The Art of Living on stage]. Moskva: Iskusstvo, 1965. – 382 p. (in Russian)
- Zhaksilikova M. Kazak kasibi akterlik onerinin damu erekshelikteri: zertteuler, makalalar [Features of the development of Kazakh professional acting: Research, articles]. – Almaty: Dastur, 2014. – 330 p. (in Kazakh)
- Zahava B. E. Masterstvo aktera i rezhissera [The skill of an actor and director]. Moskva, «Prosveshhenie», 1973. – 177 p. (in Russian)
- Chekhov Michael. Improvisation and ensemble // Improvisation Studies Reader. London, 2015.– 480 p. (in English) DOI <https://doi.org/10.4324/9780203083741> (in England)
- Kalkabayeva S. A. Poetics of the artistic image [Poetics of the artistic image] // Bulletin of KazNU named after al-Farabi. - Philological series. – №3 (183) 2021. - 120 S. doi.org/10.26577/EJPh.2021.v183.i3.ph13 (in Kazakh)
- Koramsauly A. Shygarmalary [Works]. Almaty: Zhazushy, 1963. – 236 p (in Kazakh)
- Masterstvo rezhissera. I-V kursy. – Moskva: Rossijskij institut teatral'nogo iskusstva [The skill of the director. IV courses]. GITIS, 2016. – 315 p. (in Russian)
- Nurpeis B. Kazak teatr rezhissurasynyn kalyptasuy men damu kezenderi (1915 – 2005) [Stages of formation and development of Kazakh theater directing (1915-2005)]. Almaty: Dastur, 2014. – 503 с. (in Kazakh)
- Rahimov Ә. S. Rezhisser sheberligi [Director's skills]. – Almaty: Tarih tarylymy, 2015. – 197 p. (in Kazakh)
- Sygai A. Oi torinde – Teatr [In the center of thought]. Almaty: ҚазАқпарат, 2008. – 392 p. (in Kazakh)
- Stanislavskij K.S. Rabota aktera nad soboj [The actor's work on himself]. Moskva: Kniga po trebovaniju, 2016. – 732 p. (in Russian)
- Chehov M.A. O tehnike aktera [About the actor's technique]. Moskva: AST, 2018. – 288 p. (in Russian)
- Chehov M. A. Uroki professional'nogo aktjora: Na osnove zapisej urokov, sobrannyh i sostavlennyh [Lessons of a professional actor: Based on recordings of lessons collected and compiled]. Moskva: GITIS, 2011. – 238 p. (in Russian)



**Кенджакулова А.Б.<sup>1</sup>, Әлжанов Ғ.М.<sup>2</sup>**

*М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты*

*Алматы, Қазақстан*

*Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті*

*Атырау, Қазақстан*

*E-mail: ainura8883@mail.ru, alzhanov82@gmail.com*

*ORCID: 0000-0001-8559-6429, 0000-0001-9552-5181*

## **ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ СТАНОКТЫ ГРАФИКАСЫНДАҒЫ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ МОТИВТЕР**

**Аңдатпа.** Мақала Қазақстанның заманауи графикасының негізгі стратегияларының бірі, оның фольклорлық мотивтерге ұлттық тәжірибенің, рухани құндылықтардың, тарихи тағылымдардың квинтэссенциясы іспетті қаралуын паш етеді.

Бүгінде фольклор жаһандану дәуіріне тән мәдени ығыстырылу ағымына қарсы тұруға мүмкіндік беретін ұлттық теңдестірілудің қайта танылуы мен терең зерделенуіне үлкен мүмкіндік екені қозғалады.

Мақалада фольклор арнайы зерттеу нысанасына айналып, кең көлемде, тереңдей қарастырылады. Фольклор – әлемдегі барша халықтардың ұлттық мәдениетінің қайнар бұлағы, тарихи жадының, дәстүрлі дүниетанымының алтын қоры, рухани жан дүниесінің айнасы. Елдің ежелгі дүниетанымын саралауда, өмір салты мен рухани әлемін бағамдауда одан өткен кенен қазына, құнды да құнарлы дерек көзі жоқ. Осы орайда, графика өнеріндегі фольклор мотивтерін зерттеу ұлттық келбетті айқындау болып табылады. Фольклордың сөз өнерімен байланысы өте тығыз әрі өте маңызды. Бір жақты түсіну фольклордың эстетикалық-эмоциялық қасиетін төмендетіп, аясын тарылтады. Ұлттық қорымыздағы фольклорлық мол мұрамыздың графикадағы көрінісін зерттеу мәселесі де маңызды болып табылады. Сондықтан, халықтың дүниетанымы мен ұлттық болмысын өнертанудың жаңа талаптары тұрғысынан саралау – бүгінгі өнертану ғылымындағы өзекті әрі басты мәселелердің бірі екендігі сипатталады. Н. Бажировтың, Д. Қастеевтің, Ш. Тұрғановтың туындыларын зерттей келе, заманауи жағдайларда станокты графикада фольклоризмге саналы түрде ден қоя отырып, өткен заман туралы ой түйіп, оны болашақ ұрпаққа жеткізудің жаңа тәсілдерін байқалғандығы жазылған. Анағұрлым маңыздыларының қатарында қазақ жерінің бүтіндігін сақтау жолында ұлтымыздың мәдени мол мұрасын паш етіп, қазақ ұлтының Тәуелсіздігін қорғау жолында жанын құрбан етуге даяр батырларымыздың тұлғалары бейнеленген графикалық жұмыстарға сипаттама жазылды.

**Кілт сөздер:** фольклор, фольклорлық мотив, графика, заманауи графика, станокты графика, кітап графикасы, фольклоризм.

**Кіріспе.** Заманауи графикшілердің шығармашылығын зерттеуде олардың туындыларындағы ізденістердің фольклорлық дәстүрмен тығыз байланыста екендігін бағамдадық. Мұндай әдіс суретшілердің алға қойған басты мақсаттарын айқындап, шеберлердің көптеген мәтіндерінде айтпақ болған астыртын ойларын ұғынуға мүмкіндік береді.

Сыртқы әсерге байланысты туы – құлқына, темпераментіне, жаратылысынан берілген дарындылығына, бояу ерекшеліктерін тани білу қасиеттеріне байланысты да айырмашылық тереңдей түседі. Бейнелеу өнер шығармаларында жеке адамға тән өзіндік қолтаңбада көрініс табады. Мұндай өнерде қалыптасқан канондық заңдылық өнерге ғана тән өзіндік эмоционалды-мазмұндық мән мүмкіндіктерін шектей алмайды.

**Материалдар мен әдістер.** Нұрлан Бажиров – графика өнерінде ерекше экспрессиясымен танылған суретші. Негізгі тақырыбы – ат пен көшпенділер өмірі. «Суретші туындыларының кейіпкерлері – батырлары, шабандоздары – жанды, тынымсыз адамдар екенін полотноларына қарап отырып байқау қиын емес. Бажиров кейіпкерлеріне тып-тыныш, үнсіздікке отыру жат құбылыс, олар әрдайым қозғалыста, бұл да суретші шеберлігінің бір қыры деп танып білуге немесе өнер иесінің бойындағы энергиясының аласапыран күйде екендігі десек те болады» деген ойлар тақырыпты зерттеу кезінде келген-ді (Кенджакулова, 2020:298). Мысалы, бір туындыда көкпар ойынын көреміз. Көкпар ойыны ертеден келе жатқан ойындардың бірі. Бұл ойын көптеген жігіттердің қатысуымен өтетін аттылардың ойыны. Ойынға бауыздалған лақ пайдаланылады. Ойынға қатысушы аттылы жігіттер белгіленген сызықтың бойына қатарға тұрады. Жігіттер тұрған сызықтан 50-60 адымдай жерге көкпар тасталынады. Ойын жүргізушінің белгісімен салт аттылар тұра шабады, қайсысы бұрын жеткені жолында жатқан көкпарды іліп алып қашады. Оны артынан қуып жетіп, басып озған ойыншы тартып алады, осылайша ара қашықтығы 4-5 шақырымдай белгіленген көмбеге кім бұрын әкелсе, сол көкпарды алады. Көкпарды қызықтаушылар бірнеше рет тігеді. Көкпар қанша рет тігілсе, ойын сонша рет қайталаынады. Көркем туындыда ат үстіндегі екі жас жігіттің көкпарға таласып-тартысып жатқанын көреміз. Композициялық құрылымына тоқталсақ, туынды терең экспрессияға құрылған.

«Қансонарда бүркітші шығады аңға» деп ата-бабаларымыз айтып кеткендей, қандай уақыт болмасын бүркітші аңға шыққан. Енді бір туындыда ат үстіндегі екі адамның қыран құс бүркіттерімен аңға шығып бара жатқан бір сәті бейнеленген. Алып тұлғалы образда кейіпкердің бет-сүйегі шығыңқы көрсетілген. Ақ пен қара түс арасындағы үйлесімділік, түрлі бағыттағы штрих сызықтар образдарды құрайды. Бір-бірімен беттесе қарап әңгімелесіп бара жатқан екі аңшы кетіп барады. Сол қолдарында қонған бүркіттерін байқаймыз.

Жалпы бейнелеу өнері саласындағы суретшілердің ішінде сегіз қырлы, бір сырлы Е. Оспанов, Н. Бажировтар сынды танымал графикшілердің шығармашылығы өнертану саласында ғылыми тұрғыдан арнаулы зерттеу объектісіне айнала қойған жоқ. Мерзімді баспасөз беттерінде бірлі-жарлы ұжымдық жинақтарда жарық көрген мақалалар болмаса, жалпы өнертанушылар тарапынан толыққанды зерттеулер жоқтың қасы.

Н. Бажировтың шығармашылығы Қазақстанда ғана емес, шетелдерде де кең танымал. Оның жұмыстарының ауқымдылығы, стильдік бірлігі, композицияларының күрделілігі, номадтардың ар-ожданының кодексіне айналғандай. Автор туындыларындағы адалдық, батылдық оның шығармашылығын өзге шеберлердің еңбектерінен айрықшалап тұратыны хақ. Суретшінің өзі батырлар тақырыбын жаңаша сипаттайтынын айтады: «Мен алған биік – қазақ батырларын қалай бейнелеу керектігін көрсету. Оларды жақсы жағынан, тағдырмен арпалысып, тауы шағылмаған жасампаз тұлға ретінде суреттейтін біреу болуы тиіс. Бізде батырларды әдетте қалай суреттейді? Үйреншікті күйде – бүйірінен, не алдынан. Орыстар өздерінің атқа отырып алған батырларын қалай суреттейді, дәл солардың бейнелерін көшіріп алған дерсің. Ал мен асау айғырды, жүйрік тұлпарларды салатын суретшімін. Асау

тұлпарды кез-келген бейнеде сомдаймын. Менің жұмыстарымның барлығы жақсы. Бірде бір композициялар қайталанбаған, әртүрлі (Кенджакулова, 2019).

Шебердің жеке стилі бір мақсатқа – өлімге емес, өмірге деген қайтпас тартысқа құрылған. Бұл мақсаттың ашылуы графикшіні дене тұрысы лезде құбылып кететін, қызықты композициялық жүрісті, ракурстары күрделі қарқынды туындылардың сомдалуына алып келді. Алайда, егер Бажировтың жұмыстарының стиліне үңіліп қарасақ, бейнеленген оқиғалардың эпикалық ұғымына көптеген сілтемелерді табуға болады. Біріншіден, Н.Бажиров өмірді абстрактілі, жалпы сұлбада салуға тырысады. Әлемнің мұндай абстрактілі үлгісі қайшылықты күштерге, түрлі өмірлік міндеттердің қарама-қайшылығына: өмір мен өлімге, әлсіздік пен күшке, жеңіс пен жеңіліске, кейде тіпті тұлпарлардың бейнелерінің гротескіне қаланған. Мұндай қайшылық бей-берекеттік пен тәртіптің мәңгілік тайталасы іспетті аңыздық негізге ие. Жалпылауға, нақылға талпынатын эпос өнері, сөзсіз рух жағынан Бажировтық әлемге жақын.

**Талдау.** Графикшінің шығармашылығында кең тараған, жеңбей қоймайтын талас-тартыс мақсаты, аңыз, жыр-дастандық семантикаға қанық және Бажиров өзінің батырларын міндетті түрде сынақ үстінде бейнелейді, яғни оның графикаларындағы батырлар жыр-дастанның, ертегі-шежірелердің кейіпкерлері сияқты тағдыр тәлкегінен дараланып, жаңа мәртебеге ие болып тұрады.

Тіпті «Қыз қуу» ойынының бейнесі күнделікті тұрмыс-тіршілікпен бар байланысын үзгендей. Асау тұлпардың желден жүйрік екпінімен шауып келе жатып қалт бұрыла қалуы туындыға жаңа қаһармандық көрініс береді. Бұл жұмыста тұлпардың кенеттен кісінеп барып қалт секірісі – көкпаршының қайтпас қайсар жігерінің айғағы. Онда – ештеңеге қарамастан, жеңіске деген ұмтылыстың буырқанған күші. Оның табандылығы мен қайтпас жігеріне оның қарсыласы да дес берер емес. Қарапайым қыздан ол енді өжет жауынгерге, батыр-аруға айналады.

Н. Бажировтың жұмысындағы кеңістік нақтыланбаған. Графикші көбіне өте қызықты композициялық әдісті пайдаланады: оның сахнасында өрбитін бүкіл оқиғаның динамикасы мен экспрессиясы бір кішігірім алаңға сыйып кеткен, ал сол алаңның бұл телімі торшон-қағаздың фактуралық бетінің арқасында бос кеңістік бастапқы материя іспетті, кеңейіп, шексіз тарқатыла береді. Бұл ретте, кеңістік орталықтанбаған, ол кез келген шекарадан асып, шексіз күйге ене алады. Шын мәніндегі кеңістік мәңгілік кеңістікке жалғасады. Нәтижесінде, біздің алдымызда шынайы өмірге қатысы жоқ кеңістіктей сезім туады. Ол жыр-дастан немесе ертегілердің – шексіз, асқақ, абстрактілі кеңістігі секілді мінезделеді.

Графикші Н. Бажировтың номад кеңістігінің бұл сипаты И. Исабаевтың талас-тартыс сахнасына ұласады. Әсіресе, оның кейінгі жұмыстарындағы, мысалы «Қазақ эпосының мотивтері» деп аталатын (1986) офорттар сериясымен. Исабаевтың еркін кеңістігі жіңішке қара штрихтермен, олардың қоюлануы немесе керісінше тілінуі атбегілердің ауасы мен сәулесіне қаныққан кеңістік сыйлайды. Исабаев та, кейінірек Бажиров та даланың еркін, ашық, бейқам кеңістіктің локусы іспетті фольклорлық дәстүрге бойұсынған. Сонымен бірге, қазақ шеберлерінің семантикалық даласы айтарлықтай кеңейіп, түрлі ассоциативтік мәнін қамтып: дала – ең алдымен, рухтың еркіндігі мен адам болмысының асау табиғатын суреттейді.

Түрлі кеңістікті жазықтардың берілуі белгілі бір уақытпен үндеседі. Оның кейіпкерлері – өткеннің адамдары емес, тарихи кейіпкерлер емес. Олар біздің замандастарымыз, құрдастарымыз сынды.

Онымен қоса, Н.Бажировтың еңбектері – өздерін Табиғат Анамен етене тұтас сезінетін адамдар, оның бейнелеген асау арғымақтарынан басқа – гепардтар, тарлан қасқырлар, азулы иттер (Тазы, Арлан қасқыр), адамдар секілді текті, сұсты, саликалы.



Сурет 1 – Көкпар Н. Бажиров 2011 торшон аралас техника 170х90см.

Қай суретшіні алар болсақ та, өз туған елінің тарихына қалам тартпағаны жоқ. Сонымен қатар, тұяғы жерге тимей желдей ескен небір арғымақтардың ғажайып бейнелері де қазақ суретшілерінің ең жақсы, ең жақын тақырыбы. Туған жерге, туған елінің тарихына, салт-дәстүріне деген құрмет бұл суретшілердің осы тақырыптарды қолға алуына тікелей себеп екенін айтпаса да түсінікті. Тарихи тақырыптан алыс кетпеген, «өз елінің әрбір тасына да құрмет көрсете білген» суретшілеріміздің бірі – Нұрлан Бажиров. Ол өз шығармашылығы туралы осылай еске ала жазады. Шынында суретші-анималист Н. Бажировтың қай шығармасын алсақ та, оның өз еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін анық байқаймыз. Ол сәйгүліктердің әр шабысын, тарихи оқиғалардағы «Ер қанаты – ат» деген мақалдың сәйкестігін дәлелдейтін бірнеше туындыны дүниеге әкелді. Әсіресе, суретші шығармаларындағы арғымақтардың бейнесіне қарап, олардың сартылдаған тұяғының дыбысын естігендей әсер алатының да ғажап сезім!

Енді осындай әсерлі сезімге жетелер суретші қылқаламының сиқыры неде екенін тереңірек түсініп көрейік. Суретшінің бұл шығарманы жазудағы ерекшелігі – материалында. Ерекше таңдалған торшон (акварель қағазы) суретті беруде қаракүл терісін теріс айналдыра отырып, соның үстіне жазғандай керемет әсер беріп тұр. Бұл материалды алу арқылы өткен заманда нағыз көкпар тартыстың қандай болғанын жайлап көзге елестету немесе ескі кинолардан үзінді көріп отырғандай әсер беру үшін таңдалғандай. Жігіттің жігіттігін, батылдығы мен ептілігін сынаған көкпар ойыны қазір де сақталған, тіпті қазақтың спорттық ойыны ретінде арнайы жарыстар да ұйымдастырылады. Графикшілер әдет-ғұрып фольклорына аса мән бере отырып, ұлттық құндылықтарды сақтап қалуға және фольклордың мәдени маңыздылығын жандандыруға тырысты. Сондықтан олар қазақтың ұлттық ойындарын өткеннің қоғамдық-әлеуметтік тәжірибесі, халықтың мұрасы ретінде қарастырып, қазақ халқының рухани қарым-қатынасын қазіргі заманғы жалғасы ретінде бейнелеуге тырысқан. Й. Хейзинга ұлттық ойындарға «...маңызды әлеуметтік оқиғаны сипат-

тайды, моральдық-әлеуметтік идеяны жүзеге асырады» деп баға береді (Хейзинга, 1997).

Қазіргі кезде бұл ойын – командалық ойын. Ал, автор тандауындағы көкпар ойыны нағыз батырлардың мықтылығын сынап шағын топпен ейнелеген. Жігіттердің шарт қимылы, оқыс қозғалыстары, шеберлігі асқан көркем мазмұнда баяндалған. Қызуқанды жігіттердің әр қимылын қалт жібермей, солардың ыңғайымен арпалысқа түскен арғымақтары да ауыздығын қарш-қарш шайнап, езуінен аққан көбігін шашырата қарсыласына сес көрсетеді. Көкпарды шірене тартқанда аттың айылдары борт-борт үзілердей сықырласа да, иесінің икемімен тебіне түсіп, кісінейді. Көкпардың қызығына батқан дала серілері тобылғы сапты, қайыстан өрілген дойыр қамшыларының жерде қалғанын да керек қылар емес. Туындыны тамашалау кезінде көкпаршылардың шапшаң қимылын, екпіндете желуін, қарсыласына олжасын оңайлықпен бере салмай жанталасуын, сол әрекеттер кезіндегі ішкі сезімін де осылайша ойыңнан өткізе, сезіне аласың. Бұл автордың көрермен сезімін өз уысында ұстап, олардың шығарманы жан-дүниесімен сезініп, жүректерінен өткізгенін қалауы. Суреттің идеялық көркемдігі де осында. Автор өзінің графикалық туындыларын тек ақ-қара түспен ғана емес, айрықша қарындаштар мен графикалық жұмсақ пастелдерді араластыру арқылы орындайды. Суретшінің бұл тапқырлығы, оның шығармаларын көркемдей түспесе, мәнін жоғалтпақ емес.

Өз өмірін сурет өнерімен байланыстырған заманауи суретшінің қылқаламынан әлі де талай ғажап туындылары шығары сөзсіз. Әрине, олар да қазақ тарихын, мәдениеті мен дәстүрін бейнелері хақ.

Н.Бажировтың шығармашылығын талдай келе, біздер фольклор мотивіне тікелей емес, латентті (жасырын) фольклоризмге, әдебиеттанушылардың айтуынша, «фольклорлық шындыққа, көріністерге немесе бейнелерге емес, тұтас көркем жүйенің өміртанымдық деңгейіндегі фольклордан көрінетін ақиқатқа негізделген дүниені көреміз» (Налепин, 2009:225).

Кинематографияға жақындық Д. Қастеевтің графикалық нақыштау беттерін бірден айрықшалайды. Жас та болса, танымал шебердің шығармашылық ерекшелігі замандастарының еңбектерімен салыстырғанда оның статикалық еңбектерінен қатты байқалады. Туындыларында ұзынша, ақ парақ бетіндегі бейне бір шауып, самғап келе жатқандай әсер беретін батырдың сұлбасы кадрдың эпикалық шежіресінен бөліп алынғандай. Ракурстары күрделі, қарқынды, өмірдің қас-қағым бір мезеті бұл эпикалық шежіре шертілген бейнені көрерменнің өзі-ақ әрі қарай іліп әкететін күй сыйлайды. Автор өз шығармаларындағы жекелеген үзіндісіне ден қоюы эпостың ұзақ, әрекеттің кеңістікке жайылуына жол береді. Қастеев кинематографиялық оптиканың көмегімен эпос кейіпкерлерін кеңістіктің түрлі нүктелерінен лезде жылжытып, жеткізуге құмар.

Қастеев Дәурен Нұрхатұлы – Қазақстан Суретшілер Одағының мүшесі. 1997 жылы Республикалық көркемсурет колледжін «кескіндеме және графика» мамандығы бойынша бітірген.

2001 жылы Қазақ Мемлекеттік өнер академиясын бітірді. Д. Қастеев 2012 жылы «Қазақ халық эпосы» республикалық көрме-конкурсында және Қазақстан Республи-

касы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған «Бабалар аңсаған Тәуелсіздік – «ата-бабалар өсиеттеген Тәуелсіздік» республикалық көрме-конкурсанда 1 орын иеленді.

Оның кітаптарға жасаған безендіру графикалары өнер сүйер қауымнан жақсы баға алды. Ол графикалық жұмысын кейін де кескіндемелердің озық үлгісі ретінде көрсете алады.

Суретшілердің әдеби шығармаға жасаған иллюстрациялары кітап бетінде, оқырман назарында мәңгі қалатын туынды.

Жас болса да, атасының атын абыроймен алып жүрген Дәурен Қастеевтің есімі алыс-жақын шет елдерге танымал болып үлгерді. Ол өзінің «пейзаждың көркемдігінен гөрі, ұлттық бірегейлену, қазақтың өткен өмірі көп толғандыра бастаған кезде тарихи жанрға бет бұрғанын» айтады. Оның танымалдылығының құпиясы да осы тақырыпты тереңірек толғауында болса керек. Жас суретші Тәуелсіздіктің 25 жылдығына қарсы ұйымдастырылған «Бабалар аңсаған Тәуелсіздік» тақырыбындағы республикалық көрме-байқауында жүлделі бірінші орынды иеленді.



Сурет 2 – Құлагер Д. Қастеев 2017 қағаз қарындаш. 50x40.

Бұл байқауға ол «Ақтабан шұбырынды» атты триптихын қойған болатын. Осы жеңісі оған үлкен шабыт беріп, тақырыптың аясын кеңейте түсуге, өз бойындағы бар шеберлігін асқақтата көрсетуіне де жолбастар туынды болды. Д.Қастеевтің қай шығармасын алсақ та, өз елінің патриоты, өткен тарихқа деген мейірбандық пен жауапкершілікті тани аламыз. Суретші өзі айтқандай, тарихи жанр оның негізгі тақырыбы болса, сол тарихи оқиғаларды иллюстрациялауда да ерекше талантын таныта білді. «Әдебиет пен өнер егіз» ұғым екендігін М. Әуезовтен қалған сөз ретінде ғана қарамай, сол ұғымды нақты өз шығармаларында ұтымды ұғындыруда да суретші алдына жан салмай келеді.

Илияс Жансүгіровтің 125 жылдығына орай, оның «Құлагер» поэмасы алғаш ағылшын тіліне аударылды. Кітапты ағылшын тіліне аудару жұмысына он жылдай уақыт жұмсалған. Басылымның иллюстрациясын жасау құрметі белгілі суретші Д. Қастеевке бұйырды. Ол «Құлагердің» сұлбасын кітап туралы алғаш естіген бойда бірден қағаз бетіне түсірген. Бүгінде дәл сол картина кітап мұқабаасын әсемдеп тұр. Әдебиет пен өнердің үйлесім табуы деген осы. Бұл иллюстрациясымен Д.Қастеев Open Eurasia-2017 байқауына қатысып, «Иллюстрация» санаты бойынша жүлделі екінші орынды жеңіп алғаны да бар қазақтың мақтаныш сезімін оятады. Осы иллюстрация туралы әдебиеттанушылар не дейді екен, тыңдап көрейік: «Классикалық кітаптың бағын асыра түскен «Құлагер» поэмасына арнайы салынған сериялық су-



реттер. Иллюстрациялар авторы Дәурен Қастеевтің суреткерлік қолтаңбасы қазақ дүниесі мүлде бейтаныс батыс оқырманын ең әуелі сурет тілімен-ақ тартып, ерекше құнарымен баурап аларына дау жоқ.

«Жан күші, әсерлі үміт ішті керіп,  
Көзімнен тамшыланып, суық жасым.

Бір терең ойға қалдым ішім еріп».

Ағылшын тілді оқырман Илиястың туған жері Жетісудың сұлу табиғатын жаны тебірене суреттеген «Ішім еріп» атты өлеңіндегідей күйді ұғып, шығарманы іші еріп қабылдауы ғажап емес. Мен қазақтың ең алғашқы иллюстратор суретшісі Шоқан Уәлиханов деп санаймын. Үлкен прозаның элементтері тұнып тұратын географиялық жазбаларына Шоқан қарындашпен сұлбасын сызып сурет салған.

I. Жансүгіровтің «Құлагер» атты поэмасына салған иллюстрацияларында жас суретші Дәурен Қастеев шиыршық атқан эпикалық мезеттерді айқын бейнелей алған. Поэмадағы әр идея динамикалық жағынан дәл бедерленген. Суретші көшпелі өркениеттің күні батқанын сезінген, өлмес рухын өлең мен әнге аманаттаған Ақан серіден бастап, Құлагердей таңдаулыға артықтығы үшін шімірікпей айбалта сермеген Қаскөй наданның әбжылан болмысына дейін кескіндеме өнері арқылы беріпті. Айдалада адасқан қаздай шоқиған киіз үй, асқа бара жатқан салттылар, кең далаға біткен үйірлі жылқы, бәйге, күрес. Бұлар сана түкпірінде жадыдан өшпейтін этностық жаратылыс. Құлагердің графикалық кескінінде иісі қазаққа арман болған қас жүйріктің арқыраған жан дауысы, буырқанған қалыбы ақ қағазға құйылып түскен. Көшпелі қазақ өркениетінің дара таңбасын, ұлттық дүниетанымның стихиясын графикалық техникамен шебер берген Дәуреннің қылқаламынан туған Жиделібай – қазақтың классикалық әдебиеті екенін әбден тануға болады.

Қазақ әдебиеті үшін иллюстрация жанрына шындап мән беретін заман туды. Айгүл Кемелбаева өзінің «Ана тілі» газетінде жарық көрген «Біз Құлагерге орала береміз» атты мақаласында: «Бұл тамаша үрдіс қазақтың тұңғыш суретшісі Әбілхан Қастеевтің ұрпағы, асылдың сынығы Дәурен Қастеевтің шығармашылығынан бастау алып жатса ғажап болар еді!» - деген пікір айтады (Кемелбаева, 2019). Әдебиет пен өнердің бір арнаға тоғысуын нағыз көркем сипттау осылай шықса керек-ті...

Енді иллюстрацияға өнертанушы көзімен қарап көрейік. Арнасынан асып-тасып, бар күшін жинап, күнмен бірге күркіреп, жай оғындай жарқ ете түсіп, аяғы жерге тимей осқырына шауып келе жатыр! Бұл кітап мұқабасының бірінші беті. Аспанда түнерген бұлттар Құлагерге шабысынды бәсеңдет немесе жылдамдат деп бірдеңе айтқысы келгендей... Шашасына шаң жұқпаған Құлагер бар рахатты шабыстан алады емес пе, ендеше, ол бұл дыбыстарды қайдан естісін! Артындағы сәйгүліктер де қанша мықты болғанымен, Құлагердің бір сәттік рухын сезгендей, шабыстарын ба-яулата түсіп, енді не болар екен деген кейіпте бейнеленген. Оны біз автордың әлсіз қара түспен берілген қолтаңбасынан таныдық.

Графиканың басты құралы болған қара түстің әр қырынан берілуі – арғымақтың тағдырының трагедияға айналарын алдын ала сездіретіндей. Бұйралана желпілдеген жалы қап-қара бояудың күдіретімен Құлагердің шабысы мен көңіл күйін әсерлі жеткізіп тұр. Арғымақтың кеуде тұсындағы ақшыл түс оның барлық күшімен ақырғы

демі қалғанша өзінің қандай екендігін ащы дауысымен білдіріп, иесі мен оның да аты мәңгілік аталып жүретінін меңзегендей. Міне, ақ пен қараның, жақсы мен жаманның, күшті мен әлсіздің, махаббат пен сатқындықтың қай заманда да бірге жүретіні, тек жеңімпаздық қулықтың емес, адалдықтың иелігінде қалатынын автор қанық бояулармен түсіндіріп тұр. Құлагердің ашу-ызаға берілгенде кісінегендегі тамырының бүлкілдей түсуі, танауының желп-желп еткені болар-болмас ақшыл сызықпен елеусіз ғана көрініс ретінде берілсе де, сәйгүліктің сол мезеттегі нақты көңіл-күйін дөп басқан.

Қылқаламның сикырлы күші арқылы да көп нәрсені айтуға болатынын Д. Қастеевтің осы аттас кітапқа салған иллюстрацияларына қарай отырып көз жеткізуге болатынын түсіндік. Бұл жұмыс Open Eurasia-2017 байқауының қорытындысы бойынша (Швеция астанасы Стокгольмде) өткен ашық әдеби байқаудың «Иллюстрация», «Видеофильм», «Аударма» және «Әдеби шығарма» атты төрт санатында әлемнің 8 елінен барған 20 қатысушы жеңімпаз атанған тізімде екінші орын алуы – нағыз өнердің қашан да, қай жерде де өз жанкүйерлері болатынын, өнер тарихына қосылған өлмес мұра екенін мойындатып тұр (Open Eurasia, 2017).

I. Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасы қазақ халқының фольклорлық дәстүрінің ұлы үлгісі болып табылады. Қастеев, оның нақыштауларында өзі бейнелеп отырған әлемнің фольклорлық ұғымын сақтайды. Құлагер өзінің иесімен ажырамас байланыста. Түрік жырындағы сарбаздың арғымағы батырдың еншісінде, оның тағдырласы. Табиғи және адамзаттық шексіз бірлік, фольклорлық сананың рухани кентаврлығы адамның қадір-қасиетін арғымақтың қасиетімен ұштастырып, оның бар жақсылығын «еселендіре» түсетіндей.

Сондықтан да, поэманың қасіретті тұсында Д.Қастеев Ақан Серінің өзінің бейнесін арғымақ бейнесімен беріп, ұлы ақынның тілім-тілім болған жан дүниесін, оның қайғы жұтып, қан жылаған жүрегін, шарасыздықтан өзегі өртенген кейпін, бұл өмірдің ащы шындығына төтеп беріп, жалған өмірдің әділетсіздігін өзгертпек болған жан айқайын шебер суреттейді.

Д. Қастеевтің иллюстрациясындағы ең бір жарқын бейне, Н.Бажировтың бейнесіндей, сол бір арғымақтың кісінеп, жанұшыра шапқан шабысы. Ол ақынның өзінің шығармашылығының рәсіміне айналғандай. Ақын бұл өмірде ең қадірлі, ең қымбатынан айрылды, ол осы бір тулаған шабыспен айрылғанын қайтарып, жоғалтқанын таппақ болып жанұшырады. Оның тілім-тілім болған жаны залымдыққа, әділетсіздікке, Ақанды байлап-матап алған әлеуметтік шатысуға төтеп бермек болып шырылдайды. Бейне бір Құлагер графикалық беттен жұлқынып, тулап шығып, еркіндікке шауып бара жатқандай.

Фольклорлық мотивтің арқасында Д.Қастеев күрделі әдеби деректің түп-тереңіне бойлайды.

Фольклоризм мысалын біз жас, ізденімпаз, қызықты күйде еңбек ететін графикші Тұрғанов Шалқардан да аңғарамыз. Жас графикші тарихи реализмді қазіргі модернизмнің элементтерімен байытуға ұмтылатын сияқты болып көрінеді. Оның ізденістері жаңа өзіндік стилімен ерекшенленеді. Алғашқы шығармалырын көрмеге қойып, өнертанушылардан да жоғары баға алды.



Сурет – Көкбөрілер ұрпағы Ш.Тұрғанов 2020 комп. графика

Ешкімге ұқсамас стилі үшін «Графика әлеміне жасаған алғашқы жұмысында ешкімге ұқсамас даралық, жаңа леп бар», – деп өнертанушы Ж.Т. Берістен баға берген (Берістен, 2021:276). Ең басты ерекшелік оның жұмыс стилінің компьютерлік бағдарламада орындалуы. Компьютерлік бағдарламаға көшкен жастардың көбі Шалқар сияқты ұлттық фольклорға ден қоя бермейді. Оның әр шығармасында қазақ тарихына деген терең сезімді байқауға болады. Образ жасауға деген талпынысы да сәтті шыққан. Әр сызықты ою сияқты еркін меңгерсе, екінші бір жұмысында геометриялық формада істеген. Ізденіс ретінде ешкімді де бей-жай қалдырмайды.

Осылайша, шындықты суреттеуге және тарихи идеяларды модернизм өнерінің формаларымен және құралдарымен айқындау талпыныстары көрініп қалады. «Едіге батыр жырына иллюстрация» туындыларында ол кеңес дәуірінің батырлар бейнесін мүлдем өзге кейіпте сомдайды. Таза пішінді, геометризм мен ою-өрнекті пайымдайтын Ш. Тұрғановтың туындылары К. Баранов сынды ең алдымен өміршең пішінді, тұрмыстық нақтылыққа құрылып, бейненің материалдық «фактуралылығын» ұнататын шеберлердің нақты тарихи қағидаларын шеттетіп тастайды. Жас графикші от жалынның лапылдаған тіліндей үнсіз ою-өрнектері, ашық-жарқын жолақты, әуезді, жұпар иісі аңқыған күмгірлеген шексіз дала әлеміне жетелейді. Бұл әсерді шебер тау-тасты, қызыл-жасыл өсімдіктерді, табиғат бөктерлерін, жазық даланың шежіресін шерте отырып, көрермен көңіліне адаспай жеткізеді.

Ш. Тұрғанов даланың қысқа да нұсқа сөзін, көңіл толқынын, толғанған тебіренісін ұсақ-түйегіне дейін дәл жеткізетін ашық метафора шебері.

Оның кейіпкерлері эпостың кейіпкерлері іспетті жеке дара емес, оның бет-жүзі ою-өрнектердің күрделі жүйесінде ғайып болған. Бастысы оның типтелуі, батырға тән болмыстық қадір-қасиетінің: зеректігінің, алғырлығының, күш-қуаты мен қайратының көрінісі...

«Қасқыр ана» туындысында ол арлан қасқыр ананың шартты, абстракцияланған бейнесін сомдаған. Оның бауырында шынайы түрде суреттелген сүп-сүйкімді балақанның бейнесі арқылы Ашина хан тұқымының тегі туралы аңыздан алынған

түрік тотемін көрсетеді. Ш. Тұрғановтың мұнда тағы жануардың дәл бейнесі қиял ғажайып элементтермен бітісіп кеткен ежелгі дала өнеріне бағдар алған.



Сурет 3, 4 – Көкбөрілер ұрпағы Ш.Тұрғанов 2020 комп. графика

Туындының формалдық қалануын талдай келе, біз сондай-ақ, бейнеленіп отырған жан-жануарлардың сипатын сақтай отырып, олардың дене бітімдерінің өзгертілуімен немесе айналдыра бейнеленуімен экспрессивтік пішінге қол жеткізген сақ өнерімен байланысты көреміз. Ою-өрнекті, әсерлі сыр-сымбатты сомдау үшін, олар бір көзқараспен, дененің тегістікке түрленіп түсірілуін шебер іске асырған.

Шалқар Тұрғанов бір фасадтыққа, біртұтастыққа қол жекізу үшін жолақтардың үзіктігімен, сонымен қатар, графикалық бейнеге қарағанда түрлі күйді бейнелейтін әдістерді қолдануға талпынады. Жан-жануарлардың дене мүшелерін, омыртқасын, тырнақтарын, тістерін бейнелей отырып, оларды аңыздың ғұмыры іспетті шексіз қайталанатын ою-өрнекпен түрлендіріп тастайды.

Графиканың монолиттігі, оның ауқымынан бүтін бір әсерлі күйге түсу, таңтамаша ою-өрнектермен бітісуі оған ритуалдық, сакралдық, аңыз кейіпкерлеріне тән айрықша қабілет сыйлайды.

Ою-өрнектер бір уақытта оның геометриялық графикасына өмір толқынын тарту етіп, кейіпкерлердің арасындағы өзара қарым-қатынасты көрсетеді. Арлан қасқыр ананың денесімен берілген жартылай дөңгелек, оған пана болатын шатыр іспетті. Сол сиқырлы дөңгелекпен оны айнала қауіп-қатерден сақтап тұрғандай. Мүсінші үшін екі кейіпкердің қимыл-қозғалысын үнемі біріне-бірі «тұйықтап», олардың ажырамас біртұтастығын жеткізу аса маңызды.

Шынайылықтан осы жануар адамның дене бітімі, сырттай адуынды азулығы мен іштей салмақтығы арқылы эпикалық дәстүрге өту.

Жас шебер Е.Сидоркиннің әдіс-тәсілдері мен шеберлігін одан әрі шындай түседі. Д.С.Шарипова айтқандай «скиф-сібір өнерінің ою-өрнектілігі Сидоркин үшін эпосты реалистік нақыштаулармен ойдағыдай жеткізу үшін жаңа пішін құруға өту құралы секілді. Сақ стиліндегі жан-жануарлардың канондық бейнелері және кейіпкерлердің бейнелері түрлі нақыштауларда қайталануы эпикалық формулалар мен қайталауларға сәйкес келеді; күрделі композициялық жүрістері мен кескіндердің біртұтас тізбектілігі – метафоралар мен эпостың эпитетіне сай келеді» (Шарипова, 2017).

Алайда, компьютерлік графикамен жұмыс істейтін Ш. Тұрғанов аңызды түрлендіріп, заманауи сарын беріп, бүгінгі көрерменнің көңіліне құяды. Модернистік

абстрагирлеуге негізделген геометриялық пішіндерге жүгіне отырып, ол архаика мен технизмді біріктіріп, өткенді іш пыстырарлық, қызықсыз етіп көрсетпей, керісінше өзекті хай-тек, гаджеттерден қарағанда көз тартарлық, көңіл толарлық бейнелерге айналдырады.

Қазақстан суретшілерінің көптеген шығармаларында романтикалық символика мен сезімнің астары бейнеленген. Қазақ суретшілерінің жұмыстары жарқын және күрделі түспен, белсенді кеңістіктік ортамен, сұлулықпен және бейнелердің анықтығымен ерекшеленеді.

Қазақ бейнелеу өнері тәуелсіздік жылдары еуропалық үрдістердің жаңа сипатының әдіснамасын зерттеумен, әзірлеумен сипатталады. Міне осының барлығы Қазақстан тарихынан бастау алатын Т. Ордабеков шығармашылығының даму жолдарынан көрініс тапқан.

Т. Ордабековтің «Доспанбет жырау» өлеңдеріне арнап жасаған иллюстрациясында линогравюра техникасында орындалған шынайы адам бейнесі алып күшпен сомдалып, графикада тұлға монументті көрінеді. Қатаң көріністегі шығарма торлы қапастар бейнеленген батырдың оң қолында найза, сол қолында садақ суреттеледі. Сондай-ақ сюжетінде қазақтың жеті қазынасының бірі болып саналатын қару-жарақтары оң жақ төменгі бөлігінде құмай тазының силуэті көрініс табады. Шығармаға жарық сол жақтан түсірілген, суреттің артқы фонын қиял-ғажайып көріністерден тұратын бөліктер алып жатыр. Үлкен массалы пішінде алынған адам бейнесіне жарық бет әлпетіне түседі. Одан батырдың терең ой үстіндегі психологиялық мінезі анық көрінеді. Бұл авторлық әдіс «жыраулар поэзиясы» сериясында одан әрі ашыла түскендей. Сонымен қатар бұл жинақта иллюстрациялық сүйемелдеу, визуализациялау жиі орын алған. Сондықтан ежелгі әдеби ескерткіш жаңа уақытта заманауи сипатта берілген.

Суретші үшін бұл өте жауапты міндет болды. Әсіресе, ақ және қара түстердің қарама-қарсы тұруы ұтымды болған, бірақ бұл ретте композиция жалпы теңдестірілген және динамикалық сурет экспрессиясы есебінен өсе түседі, дақ пен штрихтің қарсы тұруы және өзіндік көркем жамылғы перделер, керегені бекітетін арқандар, ою-өрнек, кілемдерді жабатын, сюжетті ашуға көмектесетін екінші дәрежелі фигуралардың ракурстары және т. б. Барлығы бірігіп шартты түрде театр декорациясын құрайды, бірақ оның аясында композицияның басты кейіпкері көрінеді.

Жыраулардың бейнелерін шешу суретші үшін аса маңызды. Бұл шығармада Азов қаласының бұрынғы билеушісі Доспанбет жырау өзінің күш-қуаты мен және ақыл-ойы кемелденген жауынгер ретінде көрінеді. Топтамада Доспанбет жырау тақырыбына қатысты «ақынның өлімі» парағы ерекше орын алады. Бұл жерде адам бейнесіндегі құбыжық адамның арқасына өзінің өткір қылыштарын кіргізеді. Шайқас аяқталған соң, ұрыс даласында өз қамшысын іздеген Доспанбет жыраудың жауырынына белгісіз біреудің найза қадағаны белгілі. Суретші үшін бұл композиция терең бейнелі символға ие, өйткені ол әр уақытта өмір сүрген, бірақ уақыт пен халыққа бірдей берілген қазақтың ұлы ақыны – Доспанбет, Махамбет тағдырын біріктіреді.

Қазақ графикасын, өзіндік көркем графикасымен толықтырған суретші өскемендік Николай Аштема. Қаһармандық-ерлік тақырыбының ағымдары мен ерек-


шеліктері, қаһармандық бейнесі көп қырлы, алуан түрлі. Оның өнердегі бейнесінің құйылып, сомдалу жолдары да сондай санқилы. Қазақстанның бейнелеу өнеріндегі қаһармандық-ерлік тақырыбының ағымдары мен ерекшеліктерін, оның нақты жолдарын қарастыра келіп, ең алдымен, қаһармандық, ерлік қоғамдық құбылыс екенін сезіне білген. Қолына қару ұстап соғысқа тап болған адамды қаһармандық әрекетке, ерлікке жетелейтін объективті және субъективті факторлар ретінде қарастыру лазым екенін түсініп алған дұрыс.

Осы тақырыпқа бағышталған тағы бірнеше суреттермен танысып шығуға болады. Онда әрбір талантты суреткердің «Жеңіс» тақырыбына арнаған бейнені жаңа, беймәлім, тосын философиялық, бейнелік-эстетикалық қырларын ашқанына көз жеткіздік. Мысалы, Н. Аштеманың Қазақтардың Жоңғар шапқыншылығына салған сериялы суреттері бар. «Қабанбай батыр», «Қазақтардың батырларының жеңісі» т.б жұмыстарында ассоциативті тәсілдерді батыл қолдану арқылы (реалдық пен қиялдың ұштасуы) суретші өз қолтаңбасын қалдырады. Суретте батырдың жалғыз қалып кектеніп, еңсесін тік ұстап серт беріп отырған кескіні бейнеленеді. Суретші тарихи сәтті өзінің қиялынан алады.

Кеңес Одағы мен Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі Николай Аштемнің көрмесіне барғаннан соң, «өмірге құштар» суретшінің туған жердің әсем табиғаты мен тарихын бейнелеген картиналары қазақ мәдениетіне қосылған мұра екендігіне көз жеткізесіз.

Украинада туып-өсіп, қазақ жерінде көркемөнерден білім алған Н.Аштемнің туындылары бірнеше рет бүкілодақтық, республикалық көрмелерді аралап, өзінің көрермендерін таңқалдырудан жалыққан емес.

Суретші табиғаттың әсем бейнесін жеткізген пейзажды да, топтамалық кескіндемелерді де, көзқарас пен бейнеден адамның ішкі сырын танытатын тамаша портреттерін де өз қылқаламынан керемет туынды етіп шығара алған. Ол графиканы да сиқырлы тілмен сөйлете білді. Линография техникасы мен офортты, акварелді бояу мен тушьты ұтқыр пайдалануының арқасында шығармаларына жан бітірер сиқыршы сияқтанады.



Сурет 5 – Қабанбай батыр Н.Аштема 2003ж. пастель 60х45

Н. Аштемнің «Рүстем батыр» туындысы осы сипаттаулардың қай-қайсысына да дәлел бола алады. Елін, жерін, көшпенді халқын жаудан қорғаған, дос болғанға құшақ жаяр, қас болғанды қиып түсер қайсар мінезі мен табандылығын танытқан нағыз батырдың жинақы образын көреміз.



Батырдың басындағы дулығасына екі үкі тағылған, бұл жекпе-жекте жеңіске жеткенді білдіреді. Қорамсағы толы садақтың жебесі, найзасының ұшы, білектің күші, иесінің әмірін қалт жібермейтін тұлпары, ел шетіне жау жолатпас хас батырдың бір сәттік ойға шомған бейнесін толықтырып тұр. Сауыттың сыртынан киер жолбарыстың терісінен иленген жамылғысы күнмен шағылысып, қызыл түске айналып, «қас қылғанның қанын судай шашардай» сес танытады. Суретші қылқаламының шебер жүруі мен қанық қарақошқыл түс пен ақшыл көк түстердің біртіндеп сары түске ауысуы да суретші тәжірибесінің молдығы мен қиял шексіздігінің мүмкіндігін кеңінен пайдалануында екенін түсіндіреді.

Н. Аштема көрнекті туындыларының бірі – сангинамен салынған «Әлемді билеуші Шыңғыс ханның» портреті. Аталмыш жұмысын қызыл, қоңыр түсті араластырып, тік форматта үйлестіре отырып сомдаған. Сол өткен заманның тән тымақ кигізіп кеудеге дейін бейнелеген. Бұл негізде салынған портретте ел басшысының тұлғасынан батылдықты, сенімділікті сонымен қатар еліне деген үлкен қатыгездікті көре аламыз. Сондай-ақ ханның қатулы қабағынан, маңдайындағы әжімінен, бет пішінінен, келістіре отырып қойған сақалы мен қияқтай мұртынан, қатқыл тартқан суық өңінен қаталдық сезімін аңғарамыз. Оның қатқыл тартқан суық өңі фонның қоңыр түспен бейнеленген табиғатта анықталып, жарық пен көлеңкені ойнату арқылы мәнерленеді.

Н. Аштема жұмысы еліміздің тәуелсіздікке қол жеткізген уақытының алғашқы жылдары салынып, еліміздің рухын көтеруде маңызды рөл ойнады. Бұдан өзге Николай Аштема шығармашылығында батыр образын сомдауға негізделген тағы да бірнеше ізденістегі туындылары бар. Олар – «Қабанбай батыр», «Рүстем батыр» жұмыстары.

Сол сияқты тарихи тұлғаларға арналған суретшінің шығармаларының бірі – «Қабанбай батыр» портреті. Батырдың бет сүйектері барынша анық бейнеленген. Қатулы қабағы мен ойлана қараған мұңлы жанары арқылы халқының жай-күйі мен тыныштығына алаңдаған батырдың толғаныс сезімін көрсеткен. Батыр бабамыздың маңдайы мен екі қабағының арасындағы қатқыл әжімдерде талай халықтың тағдыры, ата-бабаның арман-мұраты, сандаған ғасырларда басынан өткерген қиыншылықтары жатқан сынайлы. Сонымен қоса қияқтай қасы мен кең маңдайынан үлкен бір жылылық, мейірбандылық, халыққа деген жанашырлық сияқты патриоттық сезім сыры байқалады. Қылқалам шебері батырдың алып тік біткен екі иығына құс мойнын, мойнына қойылған жылтыр басын, басындағы қыр мұрынын, мейірімді көздерін, қушиған бет сүйегін, шоқша сақалын жарасымды етіп үйлестіре орналастырып шыққан. Батыр басының жылтыраған төбесін, шығыңқы бас сүйегі мен бет ажарын қамти түскен жарық оның бойындағы, ішкі рухани жан дүниесіндегі жағдайды айқын көрсетуде.

Көне аңыздағы ерекше көзге түсетін Рүстем батырдың сұңғақ мойны мен тік біткен иығы оның тынымсыз тіршілігінен, қай кезде де туған елінің қамын ойлап, ел тыныштығын торуылдайтыны қайтпас-қайсар батыр екенінен хабар беретін сынайлы. Суретші «Рүстем батыр» портретінде жарық пен көлеңкеде, сарғыш түс пен қарама-қарсылық заңында және сәйкестікте ұтымды шешеді. Көлеңке тұстардағы қоңыр түс

суық ренді алып, портрет кейіпкерінің образын аша түседі. Жарық пен көлеңкенің контрасындағы батырдың бас сүйегінің анық әрі айқын силуэті алдыңғы шепке бөлініп шығып, кенепте графикалық нақышқа ие болды.

Қазақ хандығының қилы кезеңі, Жоңғар шапқыншылығы да Н. Аштема шығармаларынан терең орын алды. Жылы түсте шешім тапқан жұмыстың алдыңғы фонында кешқұрым уақытта қолына найза ұстап, дулыға-сауытын киінген хан образынан батырлық пен ел тыныштығын көкसेген лепті сеземіз. Монументалды жұмыста қазақ батырларының тұлғасы мен кереметтей келбетіне жараса біткен образын ашуға баса назар аударған.

Суретші батырлар портретінде қолға ұстаған найзасынан, терең ойлы келбетінен жан-жақтылықты яғни ел тыныштығы үшін аянбай еңбек еткен батыр бейнесі мен халық бірлігі үшін жанын құрбан еткен хан кейпін көрсете білген. Батырлар бейнесі ел сақшысы, ел қорғаушысы, елді біріктіруші ретінде көрінеді. Н. Аштема өз туындыларында сипатталған жаугершілік заманды, қазақтың ат үстіндегі тіршілігін бейнелеуі арқылы портретті батальдық жанрдың мазмұнымен біріктіреді. Туындыда кескінделген батырлар образы елдің бетке ұстар азаматы, сол елдің шаңырағын көтерген басшысы, елді тыныштығын қорып, бірлігінің ұйытқысын сақтаушысы.

Н. Аштема тек ел тыныштығын қорыған батыр бабаларымыз бен ел бірлігін ойлаған көсем хандарымызды ғана сомдап қоймай, өткен күннің тарихында үлкен ізі қалған тарихи оқиғаларды да кескіндеп шықты. Сондықтан да оның пішіндерінің құрылымдық ерекшеліктері, колорит, әуен ырғағы, әр шебердің өзіндік қолтаңбасы мазмұндық мән мен терең сезімді эмоционалды көңіл күймен байланысты айқындалады. «Адамның алдымен өнердің күшімен жинақталған сезімдік қасиеттері қалыптасады, одан кейін осы сезімдер жеке адамның бойында адамның болмысын анықтайтын материал ретінде қалыптасып, жинақтала береді, содан кейін ғана ол мәдени кеңістік пен уақытта жаңғырып, шағылыс береді», – дейді М. Мамардашвили (Мамардашвили, 2000:75-80).

**Қорытынды.** Жаңа дәуір өнерді бұрын-соңды болмаған жаңалықпен байытып, өң-түрін өзгертумен бірге мүлдем басқа талап қоюда, өресі биік, өрісі кең өнер өзгеріс үстінде. Рухани әлемі өзгерген бүгінгі адамның эстетикалық талабы да өзгереді. График суретшілер туындыларында өткен өмір белестерін ұтымды пайдалана білген. Суретші өз туындыларында тарихты, эстетиканы, этнографиялық аспектілерді, дүниетанымдық қасиеттерді, көркемдік құндылығын байланыстыра отырып, ондағы ой мен көзделген мақсатқа сүйенеді.

Қазақ графика өнері өміршеңдігімен, жыл артқан сайын үлкен серпіліспен толығып келеді. Суретшілер де кәсіби біліктері шыңдалып, өнерге жаңа қырынан келебастады. Өмірге тақырыптары да, көріністері де ерекше мәнге ие жаңа бетбұрыстағы ұлттық көзқарасты айшықтайтын шығармалар келді. Бейнелеу өнерінің қай саласында болмасын, суретшілер ұқыптылық пен зеректілікті байқататын өнер туындыларын ұсынып отырды.

Көркем шығармашылықтағы формада сезім арқылы танылып, тарихи–мәдени кезеңдегі мүмкіндіктерде орындалып, сол заманға қатысты көркем бейнелерді тілде қалыптастырады. Қазіргі кезге дейінгі тарихи–мәдени уақыттардың алмасуында бей-

нелеу өнерінің образдық бейнесі әртүрлі қырынан көрініс тауып, ертеде қалыптасқан ұлттық дүниетанымнан бастау алады.

Әрбір дәуірдің өз мәдениеті мен өнері бар. Осы мәдениеттің терең түбінен өрбіген өнер көркем танымға ие. Өнер қоғамның бір даму сатысынан екінші даму сатысына өткенде радикалды түрде өзгереді. Алғашқы қауымдық өнер ежелгі немесе орта ғасырлық өнермен: заманауи өнерді айтпағанда, орта ғасырлық өнерді Жаңа дәуір өнерімен қағидалық түрде шатастырып алу еш мүмкін емес. Өнер тарихы негізделген түрде кезеңдерге бөліп, жіктеуге мұқтаж. Мәдениет дамуының негізгі кезеңдері өнердің түрленуімен бірқатар жүретін және оның негізгі кезеңдері болып табылуы тиіс.

Тарихи дәуір – белгілі бір ішкі байланыс пен материалдық және рухани мәдениеттің даму деңгейі тек өзіне тән адамзат тарихының белгіленген кезеңі, тарихи уақыттың анағұрлым ауқымды бірлігі. Әрбір тарихи дәуір – оған тән құндылықтары бар күрделі жүйе.

Қазіргі заманғы қазақ графиктерінің туындылары бүгінде өзіне аса назар аудартып және терең қызығушылық тудыратыны кездейсоқ емес. Осындай қызығушылықтың маңыздылығы мен заңдылығын ұғынуға толық қосыла отырып, осы жерде біз бұл мәселені талдаудың өз аспектісін, кейбір бақылауларымызбен шешімдерімізді ұсынғымыз келеді.

Тәуелсіздікке қол жеткізген Қазақстанның алдында тұрған ең басты міндеттердің бірі – халықтық өнерді сақтап қалу. Дәл осы еліміз егемендігін алып, тәуелсіздікке қол жеткізген тұста сақталған өнерді кескіндемеші Николай Аштема өзінің кереметтей тарихи тұлғаларымен қайта жаңғыртты.

Жаңа кезеңнің басқа типтік ерекшелігі ретінде өткен кезеңге тән емес бейнелік талдау үшін, өмірлік әсерлердің жаңа тобын табуға деген оның талпынысы мен ептілігін айтуға болады. Және де бұл тұрғыда жаңа кезеңнің өнері алдыңғыға қарағанда анағұрлым қиындады. «Сөз өнеріндегі кейіпкерлер мен ғашықтардың әдемі, көркем сипаттамасы бейнелеу өнерінде, соның ішінде графикада, ең жоғары мәдени талаптарға сәйкес көрінетіндігі өнер тарихы саласындағы өнердің кең тұжырымдамасын көрсетеді», – деп ойлауымызға толық негіз бар (Sharipova, 2020). Қазіргі буын жаңа өмірлік мәселелерді қарастырады, өнер және әлем, адам және ғаламшар, адам және мәңгілік, өнер табиғатының мәңгілігі секілді терең философиялық деңгейлі өз орны бөлек болатын болмыс мәселелеріне өз талдауын жасайды. Міне, жаңа кезең өнеріндегі бейнелік-пластикалық баламаны ұғындыратын жаңа мәселелердің кейбірі осы жоғарыда айтылғандар болып есептеледі. Бұл жерде «бір сапта» әртүрлі суретшілер бар. Бұған көз жеткізу үшін «басқаларға мүлде ұқсамайтын» Тайнов Серіктің «Оспан батыр» еңбегіне жүгінуге болады.

Бүгінгі таңда фольклорлық тақырыпты осы заманғы кестелермен жемісті игеру қазақ халқының тәуелсіздік және өз аумақтарының тұтастығын қорғау үшін күрес тарихын ғана емес, сонымен қатар қазіргі Қазақстанның үнемі өзгеріп отыратын, жаңарып отыратын серпінді болмысын, патриоттық ұмтылыстарын, мемлекетіміздің ұлттық және әлеуметтік бірлігін сезінуін толық көлемде көрсету үшін қазақ өнерінің серпінді, белсенді, батыл бейнелерге бет бұрудың жалпы үрдісін көрсетеді.

«Қазақтардың рухани әлемі ғасырлар бойы әртүрлі мәдени әсерлерді бойына сіңіріп, оларды ежелгі дала түркі дәстүрлерінің ядросында ерітіп, игерді», - деп дамудың еш тоқтамайтынын, негізгі өзегін сақтайтынын атап көрсетеді (Matyghanov, 2019)

Кеңінен таралған қоғамдық қызығушылық - қазіргі заманғы график суретшілерінің осы тақырыпта көптеген жетістіктер мен танымалдылыққа ие болған еңбектерін жасаудағы ерлігі. Ол – бейнені экспрессивті қайрау, күрделі композиция, кеңістіктік шешімдер, үлкен сызықтық мәдениет, сол арқылы графикада ұлттық мәдениеттің күнделікті бірегейлігіне қол жеткізе білу. Егемендік алған осы жылдар ішінде қазақ графика өнері жаңа фольклорлық туындылармен толықты және еліміздің графика өнерінде көптеген жаңа есімдер пайда болды. Әр дәуірдің ұрпағы заманға сай мәдениетті жасайды. «Өнер» қай заман толқынысы болмасын өзінің ағынымен танылады. Сондықтан да өнер әрдайым ізденісті талап етеді. Өнер – ежелден қалыптасып, жалғасқан мәдениетіміздің танымдық үдерістеріне келешек ұрпақтардың ұлттық менталитеттік сана-сезіміне, дүниетанымына жол ашады. Сол себептен де өнер мәңгі.

*Мақала AP08855870 «Заманауи бейнелеу өнері мен сәулет өнеріндегі мәдени ескерткіштер «Мәңгілік ел» идеясының рухани ресурсы ретінде» атты жобасы аясында дайындалды.*

**Кенжақұлова А.Б.<sup>1</sup>, Альжанов Г.М.<sup>2</sup>**

*Институт литературы и искусства имени М.О. Ауэзова*

*Алматы, Казахстан*

*Атырауский университет имени Х. Досмухамедова*

*Атырау, Казахстан*

*Электронная почта: ainura8883@mail.ru, alzhanov82@gmail.com*

*ORCID: 0000-0001-8559-6429, 0000-0001-9552-5181*

### **Фольклорные мотивы в современной казахской станковой графике**

**Аннотация.** В статье раскрывается одна из основных стратегий современной графики Казахстана, ее трактовка фольклорных мотивов как квинтэссенции национального опыта, духовных ценностей и исторических учений.

Сегодня утверждается, что фольклор – это прекрасная возможность для переосмысления и глубокого изучения национальной идентичности, позволяющая противостоять течению культурного смещения, характерного для эпохи глобализации.

В статье фольклор становится объектом специального исследования и рассматривается широко и глубоко. Фольклор – источник национальной культуры всех народов мира, золотой фонд исторической памяти, традиционного мировоззрения, зеркало духовной души. В настоящее время отсутствуют ценные и благодатные источники информации для дифференциации древнего мировоззрения страны, оценки быта и духовного мира. В связи с этим изучение фольклорных мотивов в изобразительном искусстве является определяющим для национального образа. Связь между фольклором и искусством речи очень тесная и важная. Одностороннее понимание снижает эстетическое и эмоциональное качество фольклора, сужает его объем. Актуальна и проблема изучения графического выражения нашего богатого фольклорного наследия в нашем национальном фонде. Поэтому отмечается, что дифференциация мировоззрения и национального самосознания народа в условиях новых требований искусствоведения является одной из наиболее актуальных и важных проблем современной искусствоведческой науки. При изучении работ Н. Бажирова, Д. Кастеева, Ш. Турганова выявлено, что при сознательном обращении внимания на фольклоризм в станковой графике в современных условиях наблюдались новые способы осмысления прошлого и передачи его будущим поколениям. В числе важнейших из них представлены графические работы с изображением героев, готовых пожертвовать своей жизнью ради защиты независимости

**Ключевые слова:** фольклор, фольклорные мотивы, графика, современная графика, станковая графика, книж

**Kenjakulova A.B.<sup>1</sup>, Alzhanov G.M.<sup>2</sup>**

*M.O. Auezov Institute of Literature and Art*

*Almaty, Kazakhstan*

*Atyrau University named after Kh. Dosmukhamedov*

*Atyrau, Kazakhstan*

*Электронная почта: ainura8883@mail.ru, alzhanov82@gmail.com*

*ORCID: 0000-0001-8559-6429, 0000-0001-9552-5181*

### **Folklore motifs in modern Kazakh easel graphics**

**Abstract.** The article reveals one of the main strategies of modern graphics in Kazakhstan, its interpretation of folklore motifs as the quintessence of national experience, spiritual values and historical teachings.

Today it is argued that folklore is a great opportunity for rethinking and in-depth study of national identity, allowing you to resist the current of cultural shift, characteristic of the era of globalization.

In the article, folklore becomes the object of a special study and is considered widely and deeply. Folklore is the source of the national culture of all peoples of the world, the golden fund of historical memory, traditional worldview, a mirror of the spiritual soul. Currently, there are no valuable and fertile sources of information for differentiating the ancient worldview of the country, assessing the way of life and the spiritual world. In this regard, the study of folklore motifs in the visual arts is decisive for the national image. The connection between folklore and the art of speech is very close and important. One-sided understanding reduces the aesthetic and emotional quality of folklore and narrows its scope. The problem of studying the graphic expression of our rich folklore heritage in our national fund is also relevant. Therefore, it is noted that the differentiation of the worldview and national self-consciousness of the people under the new requirements of art history is one of the most urgent and important problems of modern art criticism. When studying the works of N. Bazhirov, D. Kasteev, Sh. Turganov, it was revealed that with a conscious attention to folklorism in easel graphics in modern conditions, new ways of understanding the past and passing it on to future generations were observed. Among the most important of them are graphic works depicting heroes who are ready to sacrifice their lives to defend independence.

**Keywords:** folklore, folklore motifs, graphics, modern graphics, easel graphics, book graphics.

#### **Информация об авторах:**

**Кенджакулова Айнура Бериковна**, старший научный сотрудник отдела изобразительного искусства Института литературы и искусства имени М.О.Ауэзова КН МНВО РК. искусствовед, Phd, *ainura8883@mail.ru*, Scopus ID: 57216617189, WoS ID: AAQ-7688-2020. ORCID: 0000-0001-8559-6429.

**Алжанов Гадилбек Муратович**, магистр искусствоведения, старший преподаватель, заведующий кафедрой «Изобразительное искусство и дизайн» Атырауского университета им. Х.Досмухамедова. *alzhanov82@gmail.com*, ORCID:0000-0001-9552-5181

#### **Әдебиеттер:**

Кенжакулова А. Заманауи қазақ графикасындағы дала фольклоры// Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің Хабаршысы № 2 (78), 2019. – 295-301 б.

Шарипова Д.С. Кенджакулова А.Б. Осмысление трагических моментов национальной истории в графике и монументальной скульптуре Казахстана//Вестник КазГосЖенПу. – № 1 (81). – 2020. Б. 315-320.

Хейзинга И. Homo ludens. Статьи по истории культуры. М.: Прогресс-Традиция, 1997. — 377 с

Налепин А.Л. Двойной век русского фольклора: сравнительная передача опыта и методов фольклористики России, Великобритании и США в XIX-XX вв. – М.: ИМЛИ РАН, 2009. – 504 с.

Кемелбаева А. Біз Құлагерге орала береміз // Ана тілі. – 11 Сәуір, 2019.

Open Eurasia-2017 өнер байқауында үш қазақстандық жұлдегер атанды// Сатиева К. 27 қараша 2017, 11:03 <https://kaz.365info.kz/open-eurasia-2017-oner-bajkhauynda-ysh-khazakhstan-dykh-zhyldeger-atandy-291443>

Берістен Ж.Т. Ұлық Ұлыс-Алтын Орда: Альбом-Монография, –Алматы:Қазақ университеті. 2021. – 282 б.

Шарипова Д.С. Орнаментальные течения книжной графики Казахстана XX-XXI веков.// Традиционные казахские орнаменты в современном изобразительном искусстве Казахстана. – Алматы:МОН РК, 2017. – 105 с.

Мамардашвили М. Эстетика мышления. - М.: Моск. шк. полит. Исслед, 2000. – 414 с.

Sharipova D.S., Kenjakulova A.B., Kobzhanova S.Z., Orazkulova K.S., Kenzhebayeva L.A. Revisiting the Kazakh Famine at the Beginning of the 1930s in Fine Art Forms from the Perspective of Cultural Memory // Rupkatha Journal on Interdisciplinary Studies in Humanities. –Vol.12. – № 1. CiteScore – 0.12. Percentile; Quartiles (Arts and Humanities/General Arts and Humanities) 49; Q4. 2020 | journal-article. DOI: 10.21659/rupkatha.v12n1.16. EID: 2-s2.0-85084047578. ISBN: 09752935.

Matyghanov K., Omarova A., Turmagambetova B., Kaztuganova A. The Kazakh Professional Song Traditions //International Journal of Innovation, Creativity and Change. www.ijcc.net Volume 8, Issue 11, 2019.

### Литература:

Кенджакулова А. Степной фольклор в современной казахской графике // Вестник Казахского государственного женского педагогического университета № 2 (78), 2019. - С. 295-301.

Шарипова Д.С. Кенджакулова А.Б. Осмысление трагических моментов отечественной истории в графике и монументальной скульптуре Казахстана//Вестник КазГосЖенПу. - № 1 (81). - 2020. Б. 315-320.

Хейзинга И. Homo Ludens. Статьи по истории культуры. М.: Прогресс-Традиция, 1997. — 377 с.

Налепин А.Л. Двойной век русского фольклора: сравнительный перенос опыта и фольклорных методов России, Великобритании и США в XIX-XX вв. - М.: ИМЛИ РАН, 2009. - 504 с.

Кемельбаева А. Мы снова и снова возвращаемся к Кулагеру // Ана тілі. - 11 апреля 2019 г.

Открытый арт-конкурс Евразия-2017 завоевал три казахстанские премии// Сатиева К. 27 ноября 2017 г., 11:03 <https://kaz.365info.kz/open-eurasia-2017-oner-bajkhauynda-ysh-khazakhstandykh-zhyldegeratandy-291443>

Берістен Дж.Т. Великий Улыс-Золотая Орда: Альбом-монография, Алматы: Казахский национальный университет. 2021. - 282 с.

Шарипова Д.С. Орнаментальные направления в книжной графике Казахстана XX-XXI вв.// Традиционные казахские орнаменты в современном изобразительном искусстве Казахстана. – Алматы: МОН РК, 2017. – 105 с.

Мамардашвили М. Эстетика мысли. - М.: Москва. шк. политический. Исслед, 2000. - 414 с.

Sharipova D.S., Kenjakulova A.B., Kobzhanova S.Z., Orazkulova K.S., Kenzhebayeva L.A. Revisiting the Kazakh Famine at the Beginning of the 1930s in Fine Art Forms from the Perspective of Cultural Memory // Rupkatha Journal on Interdisciplinary Studies in Humanities. –Vol.12. – № 1. CiteScore – 0.12. Percentile; Quartiles (Arts and Humanities/General Arts and Humanities) 49; Q4. 2020 | journal-article. DOI: 10.21659/rupkatha.v12n1.16. EID: 2-s2.0-85084047578. ISBN: 09752935.

Matyghanov K., Omarova A., Turmagambetova B., Kaztuganova A. The Kazakh Professional Song Traditions //International Journal of Innovation, Creativity and Change. www.ijcc.net Volume 8, Issue 11, 2019.

### References:

Kenjakulova A. (2019) Steppe folklore in modern Kazakh graphics // Bulletin of the Kazakh State Women's Pedagogical University No. 2 (78), 2019. - P. 295-301.

Sharipova D.S. Kenjakulova A.B. Comprehension of the tragic moments of national history in graphics and monumental sculpture of Kazakhstan // Bulletin of KazGosZhenPu. - No. 1 (81). - 2020. B. 315-320.

Huizinga I. Homo Ludens. Articles on the history of culture. M. : Progress-Tradition, 1997. - 377 p.

Nalepin A.L. The Double Age of Russian Folklore: Comparative Transfer of the Experience and Folklore Methods of Russia, Great Britain and the USA in the 19th-20th Centuries. - M.: IMLI RAN, 2009. - 504 p.



Kemelbaeva A. Again and again we return to Kulager // *Ana tili*. - April 11, 2019

Open art competition Eurasia-2017 won three Kazakhstani awards// Satieva K. November 27, 2017, 11:03  
<https://kaz.365info.kz/open-eurasia-2017-oner-bajkhauynda-ysh-khazakhstandykh-zhyldeger-atandy-291443>

Beristen J.T. Great Ulys-Golden Horde: Album-monograph, Almaty: Kazakh National University. 2021. - 282 p.

Sharipova D.S. Ornamental trends in the book graphics of Kazakhstan in the XX-XXI centuries.// *Traditional Kazakh ornaments in the modern fine arts of Kazakhstan*. - Almaty: MES RK, 2017. - 105 p.

Mamardashvili M. *Aesthetics of thought*. - M.: Moscow. school political. Research, 2000. - 414 p.

Sharipova D.S., Kenjakulova A.B., Kobzhanova S.Z., Orazkulova K.S., Kenzhebayeva L.A. Revisiting the Kazakh Famine at the Beginning of the 1930s in Fine Art Forms from the Perspective of Cultural Memory // *Rupkatha Journal on Interdisciplinary Studies in Humanities*. –Vol.12. - No. 1. CiteScore - 0.12. percentile; Quartiles (Arts and Humanities/General Arts and Humanities) 49; Q4. 2020 | journal-article. DOI: 10.21659/rupkatha.v12n1.16. EID: 2-s2.0-85084047578. ISBN: 09752935.

Matyzhanov K., Omarova A., Turmagambetova B., Kaztuganova A. The Kazakh Professional Song Traditions // *International Journal of Innovation, Creativity and Change*. [www.ijcc.net](http://www.ijcc.net) Volume 8, Issue 11, 2019.

**Аден Ж.Ш. <sup>1\*</sup>, Сансызбаева С.К. <sup>2</sup>**

*Казахский Национальный университет имени аль-Фараби  
Алматы, Казахстан*

*e-mail: iserv.iserv@mail.ru, sk\_sansyz@mail.ru*

*ORCID: 0000-0003-0289-6288, 0000-0003-3741-2589*

## **ДВУАЗЫЧИЕ КАК ФЕНОМЕН ТРАНСКУЛЬТУРНОЙ КОММУНИКАЦИИ**

**Аннотация.** В этом исследовании рассматриваются тенденции развития языкового образования в контексте глобализации и информатизации общества, а также лингвистическая интерпретация двуязычия в его широком и узком понимании, функциональные и речевые аспекты транскulturализма. Следует отметить, что в условиях институционально подчиненного многоязычия особенности обучения иностранному языку во многом обусловлено «динамичным» характером развития двуязычия. Целью данного исследования является выявление тенденций развития языкового образования в условиях глобализации и информатизации общества и лингвистической интерпретации двуязычия в его широком и узком понимании, функциональных и речевых аспектов транскulturализма.

При столкновении языков оба языка могут претерпеть определенные изменения на различных уровнях языковой структуры: фонетическом – изменение особенностей произношения, лексическом – заимствование и калькирование слов, грамматическом – заимствование и калькирование грамматических явлений. Примером тому может служить казахско-русский билингвизм.

Абсолютное владение несколькими языками – невозможно, так считают ученые. Абсолютный билингвизм это совершенно идентичное владение несколькими языками во всех ситуациях общения. Достичь такого очень сложно. Чаще всего человек использует разные языки в разных ситуациях. В ситуациях, связанных с обучением, особенно с техническими аспектами знаний, в обязательном порядке предпочтение будет отдаваться одному языку, а в ситуациях эмоциональных другому языку. Два языка обычно бывают сформированы у человека в разной степени, поскольку не бывает двух совершенно одинаковых социальных сфер действия языков и представленных ими культур.

Объектом данного исследования является взаимосвязь между двуязычием и транскulturализмом как ключевыми понятиями современной контактной лингвистики в овладении иностранным языком (Языковой контакт возникает, когда носители двух или более языков или разновидностей взаимодействуют и влияют друг на друга. Изучение языкового контакта называется контактной лингвистикой). Образный мир двуязычной речи, основанный на языковых ресурсах двух культур, дополняется специфическими дискурсами, присущими каждому из этих языков.

**Ключевые слова:** двуязычие; транскulturация; глобализация; языковые контакты; транскulturальная коммуникация; обучение иностранному языку; мультикультурализм.

**Введение.** Культурные и языковые обмены существовали во все времена, но в настоящее время они приобретают особое значение на фоне глобализации мирового общества. Различные языковые и культурные контакты стали явлением повседневной жизни. Интенсивно углубляются международные связи в политике, науке, промышленности, искусстве, культуре, туризме и других сферах общественной деятельности. Эти процессы привели к расширению границ языковых и культурных контактов. В то же время мобильность людей и их мотивация к обучению иностранных языков, установление и поддержание контактов внутри своей страны и за рубежом возросли. Действительно, в современном мире контакты между людьми разных культур ста-

новятся все более многосторонними, а не двусторонними (в политической, профессиональной, а также в частной сфере), но и культурные конфигурации для среднего человека становятся менее постоянными и более гибкими из-за увеличения в миграциях и других видах мобильности, обычно многократных в течение жизни человека.

XXI век, как век активного международного, межкультурного общения и обмена информацией, ставит новые задачи перед нациями и государствами, и в этом контексте преодоление языковых барьеров имеет первостепенное значение. Приоритет интеграции в новых условиях требует как минимум двуязычного общества, двуязычие становится одной из важнейших черт современного человека.

Будучи одним из народов Советского Союза, казахстанцы в силу различных политических, исторических, географических и других обстоятельств находились под влиянием факторов, способствующих распространению двуязычия. В многонациональных обществах использование двуязычных и многокультурных методов обучения рассматривается как эффективный механизм разрешения этнических конфликтов. В этом смысле, поскольку Казахстан в основном полиэтническая республика, использование подобных образовательных моделей в Казахстане на первый взгляд лишено логики, а в нашем случае обсуждать подобные вопросы просто абсурдно. Однако, в то же время Казахстан – многоязычное общество, поскольку большая часть населения говорит на двух языках. В дополнение к вышеупомянутому, представители различных в культурном отношении регионов составляют значительную часть населения, и культуры меньшинств признаны важным компонентом культурного разнообразия Казахстана. Задача сохранения и развития языкового и культурного разнообразия предопределяет приоритетное развитие языкового образования. Однако актуальность изучения различных иностранных языков в рамках языкового образования становится все более острой, поскольку в информационном пространстве идет борьба за владение информацией. Умение работать с информацией на родном и неродном языках дает человеку преимущество в любой сфере деятельности.

Преподавание любого иностранного языка в Казахстане – в иноязычной среде – имеет свои особенности, прежде всего, в связи с тем, что изучаемый язык оторван от среды его непосредственного функционирования. Ситуация изучения иностранного языка близка к абстрактному обучению, т.е. в отрыве от среды функционирования. В условиях современной жизни владение хотя бы одним иностранным языком международного общения по праву считается необходимым фактором культурного развития человека. Глобализация процесса и тенденции их дальнейшего развития, несомненно, способствуют росту двуязычия.

Целью данного исследования является выявление тенденций развития языкового образования в условиях глобализации и информатизации общества и лингвистической интерпретации двуязычия в его широком и узком понимании, функциональных и речевых аспектов транскультурализма.

Объектом исследования является взаимосвязь между двуязычием и транскультурализмом как ключевыми понятиями современной контактной лингвистики в овладении иностранным языком (Языковой контакт возникает, когда носители двух или более языков или разновидностей взаимодействуют и влияют друг на друга. Изучение

языкового контакта называется контактной лингвистикой). Образный мир двуязычной речи, основанный на языковых ресурсах двух культур, дополняется специфическими дискурсами, присущими каждому из этих языков. Под влиянием этнического мышления, накопленным за тысячелетия «родовой памяти» народа, при переходе на другой язык создаются ассоциативные образы, связанные с бинарным представлением восприятия действительности на разных языках. В этой ситуации происходит рецепция двойного языкового образа мира, что обусловлено разным кодированием двух семиотических структурных единиц.

Теоретико-методологическая основа исследования хорошо основана на работах Д.С. Лихачева, Г.Д. Гачева, М. Эпштейна, М.В. Глостановой, Б.А. Малиновского, В. Замеля и других. Они позволяют раскрыть многогранный и противоречивый феномен транскультурной коммуникации, ее структуру и механизмы функционирования. Вклад к пониманию основ человеческого общения в обществе была внесена теория социального действия Макса Вебера и Эмиля Дюркгейма. В понимании пяти сущностей феномена коммуникации теория социального взаимодействия Георга Зиммеля оказала заметное влияние. Этот автор ввел понятие взаимодействия философского дискурса как основы коммуникации, предполагающей взаимодействие и взаимовлияние двух или более субъектов. Однако проблема взаимосвязи транскультурной коммуникации и двуязычия в этих исследованиях разработана не до конца, особенно в рамках понимания двуязычия как аспекта транскультурализма. В данном исследовании авторы использовали следующие методы исследования: классические методы лингводидактики, педагогики и лингвистики, такие как аналогия, обобщение и сравнение; социокультурные, системные, структурные и функциональные методы; сравнительный анализ эмпирических и теоретических обобщений, а также методы нарративного анализа и описания.

**Материалы и методика.** Двуязычие, языковые контакты и языковое взаимодействие. Интерес к научным исследованиям двуязычия возник в конце XIX века. Основы научной разработки лингвистических проблем двуязычия были заложены в работах Ж. Бодуэна де Куртенэ, Л. Щербы, Ф. Фортунатова, А. Шахматова, Е. Верещагина, А. Мейе, У. Вайнрайх, Х. Шухардт, Э. Хауген, Л. Блумфилд и других. Термин «двуязычие» был впервые введен в 1938 году В. Аврориным, который определил двуязычие как «одинаковое владение двумя языками». Другими словами, двуязычие начинается тогда, когда степень владения языком второй язык приближается к степени владения первым.

